The aim - to teach students to relate their own interests and inclinations to the requirements put forward by profession; expand students' knowledge of the world of professions.

The content of the work: cycle of professional orientation lessons, trips in the educational institutions of primary and secondary vocational education; professional orientational games; conversations with parents at parent meetings, individual consultations.

Stage IV - developmental. Work with students of 10-11 grades.

The aim – to help students in self-knowledge and choice of profession in accordance with their abilities and personal qualities.

The content of the work: creative works, psychological games, exercises on the identification and development of personal qualities; individual consultations.

In the context of a 12-year school the most important mean of pedagogical support of self-determination of the senior teenagers is profiled orientation, designed to activate students' choice of 9th grades, the direction of further education. Profiled orientation helps them to determine the continuation of education and creates conditions for improving the readiness to the social, professional and cultural self-determination as a whole.

In the context of professional education, schooling in grades 9-12 corresponds to the main stage of professional orientation – pre-profiled organization and profiled schooling, in the process of which occurs a modeling of educational activities demanded in the profile school, and forms the ability of decision-making in a variety of educational situations.

The transition to 12-year education model has led to the introduction of the Day of professional orientation by the Ministry of Education and Science of Kazakhstan for students' 9 - 12 grades of secondary schools. Day of professional orientation is planned to be held every 2nd and 4th Saturday of the month within 2 academic hours [3]. School schedules will receive a unified standard by which universities will apply for meetings with the students in a particular school. Comprehensive schools will prepare quarterly a schedule of Day of professional orientation with stated universities.

If universities plan to conduct the testing of students, it is necessary to carry them out of school, either as a part of open days at colleges and universities.

Meetings within the framework of Day of professional orientation will create a comprehensive vocational guidance system that gives every university the right to carry out information work in schools. Students of graduating classes will receive information about current professions and training opportunities. Meetings on Saturday will help to create conditions for parents to explore with universities and colleges in collaboration with children.

In the professional orientational work of the teacher along with the traditional forms and methods (meetings, discussions, and etc.), should use interactive methods, trainings, professional orientational games. For example, master classes with the heads creative unions, where students actively try their forces. Using the plot - role-playing games professional orientation. Through games the students have the opportunity to "simulate", analyze and lose those life situations that may occur in real life. By participating in such games, the guys reveal their talents, learn to express their thoughts, develop oratory skills, and etc.

Thus, at the organization of the system of professional orientation work at school, we must consider the following:

- In any event of academic and educational nature professional orientational tasks should be reflected;
- All subjects of the educational process should be engaged in professional orientation work;
- Measures should be taken to improve the knowledge of all the professionals involved in carrying out the professional orientation work.

References:

- 1 [1. <http://proforientator.kz/index.php/metod-materialy/41-opyt-organizatsii-proforientatsionnoj-raboty-v-mire>](http://proforientator.kz/index.php/metod-materialy/41-opyt-organizatsii-proforientatsionnoj-raboty-v-mire)
- 2 Климов Е. Психолого-педагогические проблемы профессиональной консультации. – М.: Знание, 1983.— 96 с.— (Новое в жизни, науке, технике. Сер. “Педагогика и психология”; №
- 3 <http://newskaz.ru/politics/20160325/11436048.html#ixzz43t0uj2o4>Подробнее: <http://www.m-astana.kz>

ӘОЖ 37.0 (075.8)
МРНТИ 14.35.07

Бузаубақова К.Ж.¹ – п.ғ.д., профессор

¹Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының “Жалпы педагогика және психология”
кафедрасының меңгерушісі, Тараз қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ПЕДАГОГ КАДРЛАРДЫ ДАЙЫНДАУДА ДУАЛДЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЕНДІРУ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛГЕН ТӘЖІРИБЕЛІК ЖҰМЫСТАР

Аңдатпа

Мақалада Тараз мемлекеттік педагогикалық институтында «Жоғары педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: педагогикалық кадрларды дайындауда педагогикалық жоғары оқу орны мен Тараз қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің (НЗМ) инновациялық ынтымақтастығы негізінде дуалды оқытуды ендіру және жүзеге асыру» қанатқақты жобасы аясында Қазақстан Республикасында педагог кадрларды дайындауда дуалды білім беру жүйесін ендіру бойынша жүргізілген инновациялық бағыттағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың мазмұны ашылып, нәтижесі беріледі.

Сондай-ақ, мақалада қазіргі еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыратындай индустриялық-инновациялық даму, сапалы білім беруге қол жетімділікті қамтамасыз ететіндей адами капиталды дамыту мақсатында Қазақстан Республикасында педагогикалық кадрларды дайындауда дуалды білім беру жүйесін ендіру бойынша білім беру саласы қызметкерлерімен экспериментке дейінгі және экспериментке кейінгі жүргізілген сауалнаманың нәтижесіне салыстырмалы талдау жасалынып, сараланады.

Түйін сөздер: оқытудың дуалды жүйесі, Назарбаев Зияткерлік мектебі, инновациялық ынтымақтастық, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар, сауалнама.

Аннотация

ПРАКТИЧЕСКИЕ РАБОТЫ ПО ВНЕДРЕНИЮ ПОДГОТОВКИ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ ПО ДУАЛЬНОМУ ОБРАЗОВАНИЮ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Бузаубақова К.Ж.¹ – д.п.н., профессор

¹Таразский государственный педагогический институт, г. Тараз, Казахстан

В статье даны результаты опытно-экспериментальной работы по внедрению дуальной системы обучения при подготовке педагогических кадров в Республике Казахстан в ходе реализации пилотного проекта Таразского государственного педагогического института «Модернизация высшего педагогического образования: внедрение и реализация дуальной системы обучения при подготовке педагогических кадров на примере инновационного сотрудничества ТарГПИ и НИШ (г.Тараз)».

Также в статье раскрывается сравнительный анализ результатов опроса, проводимого до эксперимента и после эксперимента с сотрудниками в сфере образования по внедрению системы дуального образования в подготовке педагогических кадров в Республике Казахстан с целью развития человеческого капитала, обеспечивающего доступность к качественному образованию в индустриально-инновационном развитии, удовлетворяющего потребности на рынке труда.

Ключевые слова: система дуального обучения, Назарбаев интеллектуальная школа, инновационное сотрудничество, опытно-экспериментальная работа, анкетирования.

Abstract

Buzaubakova K.Zh.¹ – Doctor of pedagogical sciences, professor

¹Taraz state pedagogical Institute, Taraz, Kazakhstan

PRACTICAL WORKS ON INTRODUCTION OF TRAINING OF PEDAGOGIC PERSONNELS ON DUAL EDUCATION IN REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

In this article are given some results of the experimental works by realization of the dual system of teaching in preparation of teaching stuff in the Republic of Kazakhstan in a process realization of pilot project of Taraz state pedagogical institute titled as “Modernization of higher pedagogical education: realization of dual system of teaching in preparation of teaching stuff on a base of innovative cooperation of TarSPI and NIS (Taraz city)”.

Also in this article is considered the comparative analysis of results of interview leading before and after experiment with co-workers in a sphere of education by inculcation of a system of dual education in preparation of pedagogical staff in the Republic of Kazakhstan with the aim of development of human capital providing the availability to qualitative education in industrial- innovative development satisfying some necessities on labor market.

Key words: system of dual teaching, Nazarbaev intellectual school, innovative cooperation, experimental work, questionnaire.

Жаңа ғасырда бәсекеге қабілетті педагог кадрларды даярлау үшін педагогикалық жоғары оқу орындарында дуалды оқыту жүйесін енгізу қажеттілігі туындауда.

Осындай өзекті мәселені шешу үшін Тараз мемлекеттік педагогикалық институтында менің жетекшілігімен «Жоғары педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: педагогикалық кадрларды дайындауда педагогикалық жоғары оқу орны мен Тараз қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің (НЗМ) инновациялық ынтымақтастығы негізінде дуалды оқытуды ендіру және жүзеге асыру» қанатқақты жобасы қолға алынды.

Жоғары педагогикалық білім беруде оқытудың дуалды жүйесін ендіру жағдайында «Мектеп-ЖОО-Зияткерлік мектеп» интегративті байланысын орнату үшін НЗМ-де нәтижелі жұмыс жасап жатқан «Педагогикалық шеберлік» орталығы пайдалануда. «Жоғары оқу орнында дуалды білім беру жүйесі: 3+1» білім беру бағдарламасы жасалынды. Жоғары білім берудің бакалавр деңгейінің 1-3 курстары теориялық білім алуға, 4 курс толықтай практикаға арналады. Тұлғаны дамытуға бағытталатын оқытудың Кембридж әдісін үйренуге 1 семестр, ал тәжірибеден өткізуге 1 семестр арналады [1].

Зерттеу жұмысының ұлттық және халықаралық деңгейдегі маңыздылығы жоғары:

Біріншіден, ЖОО-ң студенттері НЗМ-де жұмыс жасап жатқан шет елдік ғалымдардың өзінен дәріс алады.

Екіншіден, болашақ педагогтар теорияда алған білімін НЗМ-нің базасында тәжірибеден өткізе алады.

Үшіншіден, осындай шетелдік ғалымдардың дәрістеріне ЖОО-ның мұғалімдері мен жалпы орта білім беретін мұғалімдері де қатыса алады.

Төртіншіден, он-лайн режимінде өзара әдістемелік көмек, ақпарат, тәжірибе алмасуға толықтай мүмкіндік туады.

Бесіншіден, болашақ мұғалімдер, ЖОО-ны оқытушылары шет елдік ғалымдармен бірлесе білім сапасын арттыруда инновациялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге жол ашылады [2].

2015-2016 оқу жылында Тараз мемлекеттік педагогикалық институтында дуалды оқыту жүйесіне эксперименттік режим тұрғысынан төмендегідей мамандықтар көшірілді: 5В010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу; 5В010500-Дефектология; 5В010800-Дене шынықтыру және спорт; 5В012000-Кәсіптік оқыту.

Болашақ педагогтарды кәсіби дайындаудың практикалық бөлігі «Тараз-Арена» жаңа спорт сарайында, «Аспара» колледжінде, «Асыл Дизайн» сән үйінде, балалардың шығармашылық даму орталығында және №33 «Айсәуле» балабақшасы, №35 «Ертөстік» инновациялық бала бақшаларында және Тараз қаласында Назарбаев Зияткерлік мектебінде өтуде.

Қазақстан Республикасында дуалды білім беру жүйесін ендіру бойынша жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарға Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының болашақ педагогтары және Тараз қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі және Тараз қаласындағы Абай атындағы №26 орта мектебінің мұғалімдері, мектеп басшылары және Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының кафедра меңгерушілері, факультет декандары, оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректоры қатыстырылды.

Экспериментке барлығы 360 респондент қатысты: 150-болашақ педагогтар; 150-педагогтар; 60-ы білім беру жүйесінің басшы қызметкерлері [3].

Қазақстан Республикасында дуалды білім беру жүйесін ендіру бойынша экспериментке қатысқан респонденттермен сауалнама жүргізілді.

1-кесте мен 1-суретте Қазақстан Республикасында дуалды білім беру жүйесін ендіру бойынша білім беру саласы қызметкерлерімен экспериментке дейінгі жүргізілген сауалнаманың нәтижесі берілді.

«Дуалды оқыту жүйесіне көзқарасыңыз қандай?» деген сұраққа экспериментке қатысқан болашақ педагогтардың 80%-ы келісемін деп жауап берсе, ал қалған 20%-ы келіспейтіндігін білдірді. Экспериментке қатысқан педагогтардың 56%-ы келісемін десе, ал 44%-ы келіспейтінін білдірді, білім беру жүйесінің басшы қызметкерлерінің 45%-ы келісетінін білдірсе, 55%-ы келіспейтінін екшеледі.


«Педагогикалық оқу орнына дуалды оқыту жүйесін енгізу тиімді ме?» деген сұраққа экспериментке қатысқан болашақ педагогтардың 84%-ы тиімді деп жауап берсе, ал қалған 16%-ы келіспейтіндігін білдірді. Экспериментке қатысқан педагогтардың 52%-ы «Педагогикалық оқу орнына дуалды оқыту жүйесін енгізу тиімді» десе, ал 48%-ы «Педагогикалық оқу орнына дуалды оқыту жүйесін енгізу тиімді емес» деген жауап берді.

Кесте-1. Қазақстан Республикасында дуалды білім беру жүйесін ендіру бойынша білім беру саласы қызметкерлерімен жүргізілген сауалнаманың нәтижесі (экспериментке дейінгі)

Сұрақ	Келісемін			Келіспеймін		
	болашақ педагог	педагог	басшылық	болашақ педагог	педагог	басшылық
Дуалды оқыту жүйесіне көзқарасыңыз қандай?	80	55	45	20	45	55
Педагогикалық оқу орнына дуалды оқыту жүйесін енгізу тиімді ме?	84	52	26	16	48	74
«Педагогикалық оқу орнына дуалды оқытуды енгізу мүмкіндігі бар» дегенге келісесіз бе?	65	48	34	35	52	66
Дуалды оқыту жүйесін педагогикалық ЖОО-ның барлық мамандықтарына енгізу тиімді ме?	177	58	48	13	42	52

Ал білім беру жүйесі басшы қызметкерлерінің 26%-ы педагогикалық оқу орнына дуалды оқыту жүйесін енгізу тиімді екендігін білдірсе, ал қалған 74%-ы педагогикалық оқу орнына дуалды оқыту жүйесін енгізу мүмкін емес екендігін білдірді.

«Педагогикалық оқу орнына дуалды оқытуды енгізу мүмкіндігі бар дегенге келісесіз бе?» деген сұраққа экспериментке қатысқан болашақ педагогтардың 65%-ы келісемін деп жауап берсе, ал қалған 35%-ы келіспейтінін білдірсе, ал педагогтардың 48%-ы «Педагогикалық оқу орнына дуалды оқытуды енгізу мүмкіндігі бар дегенге келісемін» десе, ал қалған 52%-ы педагогикалық оқу орнына дуалды оқытуды енгізу мүмкіндігі бар дегенге келіспейтінін баса айтты. Білім беру жүйесі басшы қызметкерлерінің 34%-ы педагогикалық оқу орнына дуалды оқытуды енгізу мүмкіндігі бар дегенге келісетінін білдірсе, қалған 66%-ы келіспейтіндіктерін білдірді.



Сурет-1. Қазақстан Республикасында дуалды білім беру жүйесін ендіру бойынша білім беру саласы қызметкерлерімен жүргізілген сауалнаманың нәтижесі (экспериментке дейінгі)

«Дуалды оқыту жүйесін педагогикалық ЖОО-ның барлық мамандықтарына енгізу тиімді ме?» деген сұраққа экспериментке қатысқан болашақ педагогтардың 77%-ы дуалды оқыту жүйесін педагогикалық ЖОО-ның барлық мамандықтарына енгізу тиімді деп жауап берсе, ал қалған 23%-ы дуалды оқыту жүйесін педагогикалық ЖОО-ның барлық мамандықтарына енгізу тиімді емес деп санайды. Экспериментке қатысқан педагогтардың 58%-ы дуалды оқыту жүйесін педагогикалық ЖОО-ның барлық мамандықтарына енгізу тиімді деп жауап берсе, ал қалған 42%-ы дуалды оқыту жүйесін педагогикалық ЖОО-ның барлық мамандықтарына енгізу тиімді емес деп санайды.

2-кестеде Қазақстан Республикасында дуалды білім беру жүйесін ендіру бойынша білім беру саласы қызметкерлерімен эксперименттен кейінгі жүргізілген сауалнаманың нәтижесі берілді.


Кесте-2. Қазақстан Республикасында дуалды білім беру жүйесін ендіру бойынша білім беру саласы қызметкерлерімен жүргізілген сауалнаманың нәтижесі (эксперименттен кейінгі)

Сұрақ	Келісемін			Келіспеймін		
	болашақ педагог	педагог	басшылық	болашақ педагог	педагог	басшылық
Дуалды оқыту жүйесіне көзқарасыңыз қандай?	100	76	60	0	24	40
Педагогикалық оқу орнына дуалды оқыту жүйесін енгізу тиімді ме?	100	62	36	0	38	64
«Педагогикалық оқу орнына дуалды оқытуды енгізу мүмкіндігі бар» дегенге келісесіз бе?	79,2	58	44	20,8	42	56
Дуалды оқыту жүйесін педагогикалық ЖОО-ның барлық мамандықтарына енгізу тиімді ме?	87,5	70	58	12,5	30	42

Ал білім беру жүйесі басшы қызметкерлерінің 48%-ы дуалды оқыту жүйесін педагогикалық ЖОО-ның барлық мамандықтарына енгізу тиімді деп санаса, ал қалған 52%-ы дуалды оқыту жүйесін педагогикалық ЖОО-ның барлық мамандықтарына енгізу мүмкін емес деп есептейді.

2-суретте Қазақстан Республикасында дуалды білім беру жүйесін ендіру бойынша білім беру саласы қызметкерлерімен эксперименттен кейінгі жүргізілген сауалнаманың нәтижесі берілді.

«Дуалды оқыту жүйесіне көзқарасыңыз қандай?» деген сұраққа экспериментке қатысқан болашақ педагогтардың 100%-ы түгелдей келісемін деп жауап берсе, ал педагогтардың 76%-ы келісемін десе, ал 24%-ы келіспейтінін айтса, білім беру жүйесінің басшы қызметкерлерінің 60%-ы келісетінін білдірсе, 40%-ы келіспейтінін білдірді.




Сурет-2. Қазақстан Республикасында дуалды білім беру жүйесін ендіру бойынша білім беру саласы қызметкерлерімен жүргізілген сауалнаманың нәтижесі (эксперименттен кейінгі)

«Педагогикалық оқу орнына дуалды оқыту жүйесін енгізу тиімді ме?» деген сұраққа экспериментке қатысқан болашақ педагогтардың 100%-ы түгелдей тиімді деп жауап берсе, ал педагогтардың 62%-ы «Педагогикалық оқу орнына дуалды оқыту жүйесін енгізу тиімді» десе, ал 38%-ы «Педагогикалық оқу орнына дуалды оқыту жүйесін енгізу қиынырақ» деген жауап айтса, білім беру жүйесінің басшы қызметкерлерінің 36%-ы педагогикалық оқу орнына дуалды оқыту жүйесін енгізу тиімді екендігін білдірсе, ал қалған 64%-ы педагогикалық оқу орнына дуалды оқыту жүйесін енгізу мүмкін емес екендігін екшеледі.

«Дуалды оқыту жүйесін педагогикалық ЖОО-ның барлық мамандықтарына енгізу тиімді ме?» деген сұраққа экспериментке қатысқан болашақ педагогтардың 87,5%-ы дуалды оқыту жүйесін педагогикалық ЖОО-ның барлық мамандықтарына енгізу тиімді деп жауап берсе, ал қалған 12,5%-ы дуалды оқыту жүйесін педагогикалық ЖОО-ның барлық мамандықтарына енгізу мүмкін емес деп санайды. Экспериментке қатысқан педагогтардың 70%-ы дуалды оқыту жүйесін педагогикалық ЖОО-ның барлық мамандықтарына енгізу тиімді деп жауап берсе, ал қалған 30%-ы дуалды оқыту жүйесін педагогикалық ЖОО-ның барлық мамандықтарына енгізу тиімді емес деп санайды.

3-суретте Қазақстан Республикасында дуалды білім беру жүйесін ендіру бойынша білім беру саласы қызметкерлерімен эксперименттен кейінгі жүргізілген сауалнаманың нәтижесі келіспейтін респонденттер үшін берілді.



Сурет-3. Қазақстан Республикасында дуалды білім беру жүйесін ендіру бойынша білім беру саласы қызметкерлерімен жүргізілген қызметкерлерімен жүргізілген сауалнаманың салыстырмалы нәтижесі

Ал білім беру жүйесінің басшы қызметкерлерінің 58%-ы дуалды оқыту жүйесін педагогикалық ЖОО-ның барлық мамандықтарына енгізу тиімді деп санаса, ал қалған 42%-ы дуалды оқыту жүйесін педагогикалық ЖОО-ның барлық мамандықтарына енгізу тиімді емес деп санайды.

Педагогикалық білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, еліміздің үздіксіз білім беру жүйесіндегі озық әлемдік тәжірибеге сай келетін жеке тұлғаның креативті сапалары, еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыратындай индустриялық-инновациялық даму, сапалы білім беруге қол жетімділікті қамтамасыз ететіндей адами капиталды дамыту мақсатында педагогикалық жоғары оқу орнындарында дуалды білім беру жүйесін ендіру қажеттілігі тиімді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Қазақстан Республикасының дуалды білім беру жүйесі Тұжырымдамасы. - Тараз: ТарМПИ, 2015.- 55 б. (Авторлары: Қожамжарова Д.П., Бұзаубақова К.Ж., Сарыбекова Ж.Т.).

2 Бұзаубақова К.Ж. Қазақстан Республикасында оқытудың дуалды жүйесін ендіру ерекшеліктері. Оқу-әдістемелік құрал. - Тараз, 2016. -77 б.

3 Бұзаубақова К.Ж. Жоғары оқу орындарындағы дуалды білім беру жүйесінің ерекшеліктері: Қазақстан және Германия, Ресей тәжірибелері. Монография. - Тараз: ИП «Бейсенбекова А», 2016. - 156 б.

ӘОЖ 37.0 (075.8)
МРНТИ 14.43.45

К.Ж. Бұзаубақова¹ – п.ғ.д., профессор

¹Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының “Жалпы педагогика және психология” кафедрасының меңгерушісі, Тараз, Қазақстан

ДУАЛДЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ: ГЕРМАНИЯ ТӘЖІРИБЕСІ

Аңдатпа

Мақалада дуалды оқыту жүйесі бойынша әлемде көш бастап тұрған бірден бір мемлекет Германияның дуалды білім беру жүйесі сараланады.

Германияның «триалды» кәсіби білім беру жүйесінің мәні ашылады: оқытудағы интеграция; кәсіби іс-әрекеттегі интеграция; практикадағы интеграция.

Өндіріс процесі барысындағы дуалды білім алудың артықшылықтары ашылады: өндіріс орны шынайы жұмыс жағдайыда оқытуды жүйелейді; жалпыға қолжетімді білім беруді үкімет қаржыландырады; практикаға, нақты оқу міндеттерін шешуге жақындастырылған оқыту; барлық мерзімінде шәкіртақы төленеді; оқыту өткізілген сол кәсіпорында жұмыс алу ықтималдылығы өте жоғары; еңбек нарығында дуалды кәсіби білім алғандар көбірек жұмыс таба алады және т.б.

Сондай-ақ, мақалада өндіріс процесі барысындағы дуалды білім берудің өзіне тән қиындықтары мен ерекшеліктері зерделенеді.

Түйін сөздер: дуалды оқыту жүйесі, «триалды» кәсіби білім беру жүйесі, оқытудағы интеграция, кәсіби іс-әрекеттегі интеграция, практикадағы интеграция.

Аннотация

СИСТЕМА ДУАЛЬНОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ОПЫТ ГЕРМАНИИ

Бузаубақова К.Ж.¹ – д.п.н., профессор

¹Таразский государственный педагогический институт, г. Тараз, Казахстан

В статье рассматривается система дуального обучения Германии, так как она является лидером по подготовке кадров по дуальной системе обучения в мировом образовательном пространстве.

Раскрывается суть «триальной» модели профессиональной системы образования Германии: интеграция обучения; интеграция практики; интеграция в профессиональной деятельности.

Раскрываются преимущества дуального обучения в производственном процессе: производство систематизирует обучение в объективных рабочих условиях; правительство финансирует общедоступное образование; обучение, направленное к решению конкретных практических задач; выплачивается стипендия за все годы обучения; наивысшая вероятность остаться на обучающем производстве, где проводилась практика; выпускники, получившие дуальное профессиональное образование смогут быстрее найти работу на рынке труда и т.д.

Ключевые слова: система дуального обучения, «триальная» модель профессиональной системы образования; интеграция обучения; интеграция профессиональной деятельности; интеграция практики

Abstract

SYSTEM OF DUAL EDUCATION : EXPERIENCE OF GERMANY

Buzaubakova K.Zh.¹ – Doctor of pedagogical sciences, professor

¹Taraz state pedagogical Institute, Taraz, Kazakhstan

In this article is considered a system of the dual teaching of Germany because it's a leader in preparation of teaching staff by the dual system of teaching in the world educational space.

In it is opened an essence of "trial" model of the professional system of education of Germany: integration of teaching: integration of practice: integration in the professional activity.

In this article are opened some advantages of dual teaching in the industrial process: industry systematize the teaching in objective conditions; government finance the public education; teaching which is directed on solving concrete practical tasks; it is paid the scholarship for all years of teaching; the highest probability to stay at teaching industry where the practice was conducted; graduates who get the dual professional education can find the work on labor market faster, etc.

Also in the article are opened some advantages and some peculiarities of a system of the dual teaching.

Key words: system of the dual teaching, "trial" model of the professional system of education, integration of teaching: integration of the professional activity: integration of practice.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Бізге техникалық кадрлар даярлау барынша қажет. Техникалық және кәсіби білім беру инвестициялық саясаттың негізгі бағыттарының бірі болуы тиіс. Бұл үшін Германия, Канада, Австралия және Сингапур сияқты мемлекеттермен бірге кадрлар дайындау орталықтарын бірлесіп құру керек. Олар бүкіл еліміз үшін техникалық және кәсіби білім беру жүйесінің моделі болады» – деп атап көрсеткендей, халықаралық техникалық және кәсіби білім беру орталықтарының тәжірибелерін қазақстандық нарыққа бейімдеу арқылы бәсекеге қабілетті креативті мамандар дайындай аламыз [1].

Білім беру жүйесінің шешетін басты міндеттерінің бірі теорияның өндіріспен тығыз интеграциялануында мамандарды кәсіби дайындаудың жаңа моделін қалыптастыру болып табылады. Осы міндеттерді шешуде Германиядағы кәсіби білім берудің дуалды формасын дамыту тәжірибелерінің маңызы зор.

Дуалды оқыту жүйесі бойынша әлемде Германия көш бастап келеді. Германияның оқыту жүйесі өмірлік тәжірибе арқылы дәлелденген және Еуропалық Одақта үлгі ретінде қабылданған. Дуалды оқыту жүйесін практикаға алғаш ендірген мемлекет ретінде танылған Германияда Еуроодаққа кіретін мемлекеттерге қарағанда жастардың ішінде жұмыссыздық деңгейі өте төмен және экономикасы жоғары дамыған

Еуропадағы басқа мемлекеттерге қарағанда Германияда кәсіби білім берудің дуалды жүйесі жастарды алғашқы еңбек нарығында интеграциялануға мүмкіндік береді.

Германияда «триалды» кәсіби білім беру жүйесі орныққан: оқытудағы интеграция; кәсіби іс-әрекеттегі интеграция; практикадағы интеграция (1-сурет).



Сурет-1. Германияның «триалды» кәсіби білім беру түрлері

Германияда кәсіби білім беру жүйесін «дуалды білім беру жүйесі» деп атайды, себебі қажетті кәсіби практикалық білімдер мен дағдыларды кәсіпорында алса, ал теориялық білімді жалпы білімді кәсіби мектептерде алады.

Германияда білім беру жүйесі 3 заңмен және бір қағидамен реттеледі: кәсіби оқыту жайлы заң (BBiG); кәсіби оқытуды көздейтін заң; кәсіби оқыту бойынша жастарға арналған заң (BerBiFG); еңбекті қорғау туралы заң (JArbSchG); мамандық жайлы қағида (HWO).

Ал жекелей басқа кәсіптер кәсіпке арналған арнайы дайындықты талап ететін оқу міндеттерімен реттеледі (Ausbildungsverordnungen).

Дуалды модель – бұл бизнес, болашақ маман, мемлекеттің талаптарын бір арнаға тоғыстыру. Бұл жүйе бойынша оқытудың 70-80% тікелей өндірісте, ал тек 20-30% колледжде өткізіледі.

Оқытудың дуалды жүйесінде оған қатысушылардың – өндірістік мекеме, жұмысшы, мемлекеттің қызығушылықтарын толықтай қанағаттандырады:

1) өндіріс үшін – бұл мамандарды іздеу мен таңдау және қайта дайындау мен бейімдеуде қаржыны үнемдей отырып, өзіне-өзі маман дайындау мүмкіндігі;

2) жастар үшін – үлкен өмірге бейімделудің алғашқы баспалдағы: оқу мерзімі кезеңінде өндірістегі өз еңбегіне шағын жалақы алады, оқуды бітірген соң бірден жұмысқа орналасады.

Оқытудың дуалды жүйесін ендіру нәтижесінде жастардың арасындағы жұмыссыздардың үлесі көп емес: 15-19 жас арасындағы жұмыссыздардың үлесі – 4,2%. Германияда жұмыссыздардың үлес салмағы – 7,8%. 25 жасқа дейінгілердің арасындағы жұмыссыздардың үлесі Германияда – 7%; Грецияда – 45%; Испанияда – 43%; Словакияда – 33%; Францияда – 30% [2].

Германияда жастардың 55,7% дуалды кәсіби білім беруді таңдайды: 44,2% дуалды кәсіби білім алады; 1,4 млн. оқушы 329 мамандықты таңдайды. Жұмыспен қамту деңгейі жоғары: колледж түлектерінің тек 5 % жұмыс іздейді; колледж түлектерінің 43,8% өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасады; кәсіби оқыту кезеңіндегі орташа еңбек жалақысы айына 795 € құрайды[3].

Неміс өндіріс мекемелерінің (негізінен шағын және орта кәсіпорындары) 21,3 % дуалды кәсіби білім беруге атсалысады: жыл сайын 500 000-ден астам білім алушылар оқытылады; оқуды бітірген түлектердің 66 % жұмысқа қабылданады; жылына әрбір білім алушыға орта есеппен 18 000 € қаржы бөлінеді (оның 62 %-ы еңбек жалақысына жұмсалады); білім алушылардың еңбек үлесіне сәйкес барлық қаржының 76 % өндірісті жабдықтауға жұмсалады. Мемлекет дуалды кәсіби білім беру жүйесінің нарықтағы шығынына қатысады. Дуалды кәсіби білім беруге мемлекеттің жұмсалатын шығыны 5,7 млрд. € құрайды: 3,1 млрд. € колледждерге жұмсалады; 2,6 млрд. € басқару, мониторинг, қолдауға жұмсалады; кәсіби білім беруге бизнес 7,7 млрд. € қаржы жұмсайды [4].


Германияда 340-қа жуық мамандықтар дуалды кәсіби оқыту негізінде жүзеге асырылады: өндіріс; сауда; ауыл шаруашылығы; қолөнер; кеңсе мамандары; денсаулық сақтау мамандары; басшы қызметкерлер және т.б.

Германияда кәсіби білім беруге жыл сайын 23 млрд.€ қаражат жұмсалады. Мемлекет кәсіби колледждерге жыл сайын 3 млрд.€ қаражат бөледі. Германияда 1 кәсіби білім алушыға жылына 15 300 € қаржы жұмсалады. Жыл сайын 500 000 мекеме дуалды білім алуға бос орындар ұсынады. Мәселен, 2014 жылы Германияда дуалды кәсіби білім беру жүйесімен 1,5 миллион оқушылар білім алды, ал бұл мектеп бітіруші түлектердің 60 %-н құрады. Сауда-өндірістік палаталар 336 000 кәсіптік оқыту нұсқаушылары мен 160 000 ерікті бақылаушыларын іске қосты. Оқу мерзімі кезеңіндегі 1 оқушыға төленетін шәкіртақы әртүрлі: шаштаразшы – 270 €; экономист – 830 € [5].

Германияның дуалды оқыту жүйесі негізінен өндірістік және технологиялық секторға бағытталған, ал гуманитарлық бағытта қарастырылмайды.

Германияда мектеп бітірген түлектердің жартысынан көбісі оқытудың дуалды жүйесі негізінде мемлекет тағайындаған 350 мамандықтың бірін алады. Мамандыққа оқытудың бұл түрі мектептік кәсіптік оқытудан бөлек: аптаның 3-4 күнінде өндірісте оқытудың практикалық бөлігі, ал 1-2 күн кәсіби мектепте оқыту теориясы беріледі. Оқу мерзімі – 2-2,5 жыл. Елдегі шағын және орта фирмалардың 80% оқушыға бос орын ұсынады.

Оқыту мерзімінің 2/3 бөлігі өндірістік (мектептік) практикаға, қалған 1/3 бөлігі кәсіптік-теориялық білім алуға жұмсалады. Оқытудың оқу бағдарламасы жұмыс берушінің сұранысы бойынша жасалынады, пән бойынша оқу материалының көлемін бір мамандық шеңберінде қарастыруға мүмкіндік бар. Оқытудың практикалық және теориялық бөлімдеріне бірдей уақыт бөлінеді (2-сурет).



Сурет-2. Өндіріс процесі барысындағы дуалды оқыту

Дуалды білім алудың артықшылықтары :

- практикаға, нақты оқу міндеттерін шешуге жақындастырылған оқыту;
 - оқытудың барлық мерзімінде шәкіртақы төленеді;
 - оқыту өткізілген сол кәсіпорында жұмыс алу ықтималдылығы өте жоғары (мәселен, 2010 жылы бітірушілердің 61% сол оқытқан кәсіпорындарда жұмысқа орналасқан);
 - еңбек нарығында дуалды кәсіби білім алғандар көбірек жұмыс таба алады;
 - кәсіби білім беру бойынша алынған неміс дипломы халықаралық деңгейде мойындалған.
- Зерттеулер көрсеткендей, дуалды білім беру процесі қоғамның білім саласындағы потенциалын сақтайды және білікті жұмыс орындарына деген білім алушылардың ынтасын жоғарылатады.

Алайда дуалды білім беру моделінің өзіне тән қиындықтары жеткілікті:

- дуалды білім беру жүйесінің позитивті имиджіне қарамастан кәсіпорындар оқыту үшін берілетін орындарды төмендетіп отыратыны байқалады;
- ұсынылған оқу орындары және оларға деген сұраныстардың құрылымдық сәйкессіздігі: ұсынылатын оқу орындары сол кәсіпорындар қай аймақта орналасуына байланысты және солардың қажеттіліктеріне қарай оқу орындарын ұсынуға тырысады.
- оқушылардың жеткіліксіз тұлғалық кемелденуі де мәселені ушықтырады: орта білімі бар аттестаты болса да, оқушылар дуалды білім беру жүйесі аясында қойылатын талаптарға әрдайым сәйкес келе бермейді.

Сауда-өндірістік палаталар «Кәсіби білім беру» Заңына сәйкес күзиретті орган болып табылады: кәсіби білім алушылар тізімін бекітеді; оқыту процесін жүргізетін өндіріс мекемелерінің жарамдылығын тексереді (қажетті кадрлармен қамтамасыз етілуі, техникалық жарақтандырылуы және т.б.); кәсіби оқытудың сапасын қамтамасыз етеді және ұдайы бақылау жүргізеді; тәуелсіз емтихан алуды ұйымдастырады және арнайы сертификат береді.

Бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету мен болашақта үздіксіз кәсіби білім беруді дамыту үшін ішкіөндірістік және ішкіфирмалық оқыту мен қайта дайындауды мақсат тұтатын әртүрлі орталықтар мен қысқамерзімді курстарды жүргізетін дамыған инфрақұрылым қажет. Бұндай курстардың бағдарламасы 72-700 сағат аралығында болады, бірақ 1000 сағаттан аспайды және өндірістің қажеттілігін қанағаттандырады. Дайындау (қайта дайындау) бағдарламасы емтихан тапсырумен аяқталады. Емтиханды өндіріс өкілі, білім беру саласының өкілі және тәуелсіз сарапшы қабылдайды. Емтиханды табысты аяқтаған түлекке куәлік (сертификат) табыс етіледі және өз мамандығы бойынша жұмыс істеуге құқық беріледі. Сертификатта кәсіби оқытудың типі, мерзімі және студент алған күзиреттілігі көрсетіледі.

Оқу бағдарламасы жұмыс берушілердің тапсырысымен және қатысуымен жасалады, бір мамандық шеңберінде оқылатын пәндері бойынша оқу материалының көлемін бөлуге мүмкіндігі бар. Теориялық және практикалық бөлімдерге шамамен бірдей сағат бөлінеді. Дуалды оқытудың германиялық бағдарламасына есептелген мерзім екі жылдан үш жарым жыл аралығында ауысып отырады.

Дуалды оқыту жүйесінде бір жағынан кәсіптік мектеп немесе жоғары оқу орны, екінші жағынан білім беретін мекеме, өндіріс орындары бірлесе жұмыс жасайды. Екі мекеме де бір-біріне тәуелсіз серіктес бола алады. Ең бастысы, дуалды оқыту жүйесінде білім алған студенттер өндірістік практикандан өткен мекемеде жұмысқа қалдырылады.

Кәсіби білім алу үшін білім алушылар орын іздестіреді: 2012 жылы кәсіби білім алуға орын ала алмағандар саны 15 600 болса, ал 2013 жылы бұл көрсеткіш 21 000 болды; кәсіби оқытатын өндірістік мекемелердің (әсіресе шағын және орта кәсіпорындар) санының қысқаруы (2009 жылы – 24 %; 2013 жылы – 21,3 %).

Соңғы кезеңде Германияда өндірістегі жұмыс орнына қойылатын талаптар жоғарылауда: шетел тілін білу; өмір бойы білім алу мүмкіндіктерін жақсарту; формалды емес жолмен қол жеткізген құзіреттіліктер негізінде дуалды кәсіби білім алуға және жұмысқа қолжетімділік.

Жұмыс берушілер білім алушыларды ұдайы іздестіреді. Кей жағдайларда жұмыс берушілер кәсіби білім беретін орындарды жаба алмайды. Мәселен, 2009 жылы жұмыс берушілер 17 300 орынды, ал 2013 жылы 33 500 орынды жаба алмады.

Жұмыс берушілер кәсіби оқытуға қажетті білімі, қабілеті бар құзыретті білім алушыларды іздестіреді. Мемлекет мамандар қажеттілігін анықтайды.

Дуалды білім берудің еуропалық тәжірибесін ғылыми зерттеуде тек еуропалық әріптестердің жеткен жетістіктерін ғана талдап қоймай, қазіргі жаңа уақытта өндіріс пен мектептерді интеграциялауда туындайтын мәселелер мен қиындықтарды жеңу тәсілдері мен тетіктерін зерттеу мүмкіндіктеріне қол жеткізу қажет.

XXI ғасырда қоғам мен экономиканың индустриялық-инновациялық даму сұраныстарына сәйкес жоғары білім беруді жаңғырту, әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануы негізінде білікті кадрларды дайындауда теорияны тәжірибемен ұштастыратын және құзіреттілік негізінде креативтік қабілетті қалыптастыру мен кәсіптік дайындығын арттыруға бағытталған Қазақстан Республикасында дуалды білім беру жүйесін ендіру бүгінгі таңда кезек күттірмейтін мәселе.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Назарбаев Н. «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауы. - Астана, 2013.

2 ГФР дуалды кәсіби білім беру жүйесінде білім алушы персоналды дайындау мен оқытудың педагогикалық ерекшеліктері. - Е.: Академия, 2001. -210 б.

3 Германиядағы оқытудың екі жақты жүйесі: /<http://www.faz.net>.

4 Германиядағы кәсіби білім берудің келешегі мен жағдайы /HTTP: vt_061205.

5 Бұзаубақова К.Ж. Жоғары оқу орындарындағы дуалды білім беру жүйесінің ерекшеліктері: Қазақстан және Германия, Ресей тәжірибелері. Монография. -Тараз: ИП «Бейсенбекова А», 2016.- 156 б.

ӘОЖ. 373.1.02:372.8
МРНТИ 14.25.09

Жубандыкова А.М.¹

¹*п.ғ.к, қауымдастырылған проф.м.а., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Алматы қ. Қазақстан*

БІЛІМ САПАСЫ МҰҒАЛІМ ІЗДЕНІСІНДЕ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі қоғамдағы білім сапасына енгізіліп жатқан өзгерістермен жаңалықтарға сәйкес мұғалімдерге қойылатын талаптың маңыздылығы көрсетілген. Білім сапасын арттыру мұғалімнің білімділігі, интеллектуалдық мүмкіндігі жоғары болған сайын оның шәкірттерінің білімге, ғылымға деген қызығушылығының артуына ықпалын күшейту, өз заманының ең білімді, мәдениетті адамы бола отырып, оқушыны оқи білуге, білім ала білуге үйретуді талап етеді. Мұғалімнің кәсіби дайындығы оның қоғамдық-саяси, арнаулы және психологиялық-педагогикалық терең жан-жақты білімі болуымен анықталады. Өз бетінше ойлай білу, қиын динамикалық жағдайларда жол таба білу – қазіргі заман мұғаліміне тән кәсіби бейне. Ойлау процесінің әрдайым педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталуы, білімдер комплексінің маңызды болуы, мұғалімнің кәсіби мінез-құлқы мен әрекетіне өзіндік сипат береді. Бүгінгі мұғалім - балаларға білім беруші ғана емес, сонымен бірге олардың жаңадан ғана қалыптасып келе жатқан сана-сезімін жоғары дәрежедегі рухани байлықтарымен байытушы, балаларда қоғамдық пайдалы еңбекке деген қажеттілікті оятушы, олардың өз бетінше жаңалық ашуға, жаңалық жасауға үйретуші әлеуметтік белсенділігі бар жеке адамды тәрбиелеуші. Сондықтан мұғалім оқушылардан осы қасиеттерді көру үшін, ең алдымен, осындай жақсы жақтарды өз бойында тәрбиелеуі тиіс.

Түйін сөздер: инновациялық білім беру, оқыту әдістері, шығармашылық ізденіс, констуктивтік ізденіс, өздігінен ізденіс.

Аннотация

КАЧЕСТВО ОБРАЗОВАНИЯ В ПОИСКАХ УЧИТЕЛЯ

Жубандыкова А.М.¹

¹*к.п.н., и.о. ассоц.профессор*

Казахский государственный педагогический университет, Алматы, Казахстан

Современное общество все больше выдвигает определенные требования к системе образования, к уровню его качества. В настоящий момент система образования претерпевает кардинальные изменения, но все еще испытывает определенные проблемы, которые тормозят взаимодействие образования с производством и наукой. В статье рассмотрены существующие проблемы образования, инновационные методы их решения, а также рассмотрены пути взаимодействия образовательного процесса с производством.

Качество образования, в первую очередь, определяется качественно подготовленными учителями. Педагог – главный субъект системы образования, поэтому успешное профессиональное становление и развитие личности педагога должно стать приоритетным направлением системы образования государства и образовательных учреждений. Качественным можно считать образование, если определенные достижения имеют не только учащиеся, но и преподаватели как участники образовательного процесса.

К учителю новой формации предъявляются определенные требования: в идеале учитель должен ясно понимать самоценность образования, быть «человеком в культуре», прекрасно знать собственный предмет, методику преподавания предмета, педагогику и психологию, использовать личностноориентированные педагогические методы и обладать мотивацией к дальнейшему росту и развитию своей личности.

Ключевые слова: инновационное образование, методы образования, творческий поиск, констуктивтний поиск, самостоятельный поиск.

Abstract

THE QUALITY OF EDUCATION IN SEARCH OF A TEACHER

Zhubandykova Akgul¹

¹*c.p.s., associate professor, Kazakh State Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

Modern society increasingly places demands on the education system, the level of quality. At present, the education system is undergoing dramatic changes, but still faces some problems that inhibit the interaction of education with production and science. The article discusses the existing problems of education, innovative methods for their solution, as well as the ways of interaction between the educational process and production.

The quality of education in the first place is determined by the quality trained teachers. The teacher - the main subject of the education system, therefore, successful professional development and personal development of the

teacher should be a priority of the state education system and educational institutions. Qualitative education can be considered if certain achievements have not only students, but teachers as participants in the educational process.

To the teacher of a new formation must meet certain requirements: Ideally, the teacher should clearly understand the intrinsic value of education, to be a "man of culture" perfectly know their own thing, the methodology of teaching the subject, pedagogy and psychology, use lichnostnoorientirovannye pedagogical methods and have the motivation to further growth and development of its personality.

Key words: innovative education, methods of education, creative research, konstruktivny search, an independent search.

Қазақстан Республикасында 2016-2019 ж.ж.білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарлама-сында «Әлем жаһандық сын-тегеуріндер кезеңінде өмір сүруде. Бұл жаңа технологиялық жетістіктер мен инновацияларды енгізу, IT-технологиялардың қарқынды дамуы және адам ресурстарының ұтқырлығы. Осы жағдайда білім және ғылым өзгерістердің алдыңғы қатарында тұруы тиіс. Әлемнің жетекші экономикалары жоғары деңгейдегі адам капиталы есебінен ғана гүлденуге қол жеткізуде. Оған жаңа білім беру стратегиялары мен саясаты ықпал етеді» деп көрсетілген [1].

Қазақстандық білім беру мен ғылым жүйесін жаңғыртудың қазіргі заманғы кезеңі әрбір адамның сапалы мектепке дейінгі тәрбие мен мектептегі білімге қолжетімділігін, колледж бен университетте жаңа кәсіби дағдыларды алу, зерттеу және шығармашылық құзыреттерін дамыту мүмкіндіктерін көздейді.

Бүгінгі күні Қазақстан, әлемдік қоғамдастыққа нарықтық экономикасы әлемдік цивилизацияға жаңа прогрессивтік технологияларымен енген мемлекет ретінде таңылып отыр.

Қоғамдағы өзгерістер білімге деген талаптарды өзгертіп, экономиканың даму қажеттілігіне сай болуын талап етеді. Қазіргі қоғамда жақсы өмір сүру, даму және ілгері өрлеу үшін әртүрлі әлеуметтік институттар жүйесі құрылған. Соның бірі – қоғамның болашағын, дамуын, прогресін қамтамасыз ететін - мектеп. Оның өмірі, қызметі, ертеңгі күні нақты күшке енетін заңдармен нормалар негізінде құрылуы тиіс. Сол мақсатпен өскелең ұрпақты терең білімді, мәдениетті, адамгершілігі зор, шығармашылық тұрғыдан белсенді, әлеуметтік тұрғыдан пісіп жетілген тұлға етіп мақсатты түрде тәрбиелеу қажет.

Қазіргі жағдайда қайта құру процесінің басты міндеттерінің бірі – білім сапасын арттыру алдындағы орынға қойылып отыр. Сондықтан мұғалімнің білімділігі, интеллектуалдық мүмкіндігі жоғары болған сайын оның шәкірттерінің білімге, ғылымға деген қызығушылығының артуына ықпалы күшейе түседі. Сөйтіп, мұғалім өз заманының ең білімді, мәдениетті адамы бола отырып, оқушыны сыни ойлауға, оқи білуге, білім ала білуге үйретеді. Мұғалімнің кәсіби дайындығы оның қоғамдық-саяси, арнаулы және психологиялық-педагогикалық терең жан-жақты білімі болуымен анықталады. Білімді үнемі толықтырып отыру күрделі ғылыми пәндерді терең әрі жан-жақта игеру қазіргі мұғалімге қойылатын басты және айқын талап. Бұл үшін білім дәрежесі ғана шешуші мәнге ие болмайды. Оған қоса білімнің дәлділігі, жүйелілігі және үнемі дамып отыратындығы қажет. Адамның педагогикалық қызметке жарамдылығы білімінің молдылығында ғана емес, сол білімнің үздіксіз дамып отыратындығында, меңгеруге ыңғайлығы мен жағдайына бейімділігінде. Бұл үшін мұғалім ертеңгі мектепке дайын болуы тиіс және күні бұрын нақтылы білім қорын жинауы керек. Мұғалімнің ғылыми білімдер жүйесін меңгеруі жоғары болуы мүмкін. Дегенмен, осындай жағдайда ол мұғалімнің кәсіптік дәрежесінің бір ғана көрсеткіші бола алады. Алған білімді педагогикалық қызметтің мақсатымен, әдіс-жағдайларымен байланыстары, ұштастыра білу шеберлігі шешуші көрсеткіш болып табылады.

Сыни тұрғыдан ойлай білу, қиын динамикалық жағдайларда жол таба білу – қазіргі заман мұғаліміне тән кәсіби бейне. Ойлау процесінің әрдайым педагогикалық міндеттерді шешуге бағытталуы, білімдер комплексінің маңызды болуы, мұғалімнің кәсіби мінез-құлқы мен әрекетіне өзіндік сипат береді. Бүгінгі мұғалім – балаларға білім беруші ғана емес, сонымен бірге олардың жаңадан ғана қалыптасып келе жатқан сана-сезімін жоғары дәрежедегі рухани байлықтарымен байытушы, балаларда қоғамдық пайдалы еңбекке деген қажеттілікті оятушы, олардың өз бетінше жаңалық ашуға, жаңалық жасауға үйретуші әлеуметтік белсенділігі бар жеке адамды тәрбиелеуші [2, 65-69 б.]. Сондықтан мұғалім оқушылардан осы қасиеттерді көру үшін, ең алдымен, осындай жақсы жақтарды өз бойында тәрбиелеуі тиіс. Мұғалім ешбір қажымайтын, өз ісін сүйетін, өзінің шығармашылық деңгейін әрдайым молайтып отыратын мамандық иесі.

Мұғалім – өз пәнін оқытудың әдістерін жете игерген, шығармашылық еңбек ететін, педагогикалық шеберлігін үнемі жетілдіретін маман. Педагогикалық шеберлік – идеялық-саяси бағыттың, жалпы

мәдениеттің кәсіптік білім, іскерлік дағдының, ұстаздық тәжірибенің жиынтығы. Мұғалім еңбегінің нәтижелі болуы оның табиғи дарындылығында деген пікірлер де бар. Сөз жоқ, дарындылық, аса қабілеттілік қай мамандықта болсын кездеседі. Бірақ адам мамандық ерекшелігімен дүниеге келмейтіні ақиқат. Педагогикалық шеберлік – кейбіреулерге ғана табиғиттың таңдап берген сыйы емес, ол үздіксіз ізденудің, өзін-өзі үнемі кәсіби жетілдірудің және өзінің қалаған мамандығына деген құмарлығынан туындайтын іс-әрекеттерінің жиынтығы [3, 10 б.].

Шығармашылық ізденіс еңбектің, мамандықтың барлық саласына да өте қажет, ал мұғалім үшін ол – ұстаздық дарындылыққа жетудің жолы, педагогикалық еңбекте шешуші орын алады. Себебі мұғалім еңбегінің объектісі – жансыз дүние емес, құрал-жабдық өндірісі де емес, өте күрделі, қарама-қайшылықты әрі нәзік тірі организм, жас ұрпақтық рухани дүниесі. Мұғалімде педагогикалық қабілет пен бейімділіктің болуы – оның еңбегінің нәтижелі болуының кепілі. Педагогикалық қабілет пен мінез-құлық қасиеттері мектептегі кезден-ақ біртіндеп көріне бастайды да, педагогикалық институттағы оқумен әрі қарай дамытып, жетіледі.

Мұғалім жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісінде кәсіптік деігейі және ұстаздық шеберлігі жоғары болуы үшін педагогикалық-психологиялық арнайы зерттеулер негізінде айқындалған педагог мамандығына тән іскерлік пен дағдыларды меңгеруі тиіс [4, 48-59 б.]. Өйткені педагогтік іс-әрекет өте динамикалық жүйе, оның өзіндік арнайы құрылымы бар. Олар бірнеше бөліктерден тұрады: танымдылық, құра білушілік, коммуникативтік (қарым-қатынас), ұйымдастырушылық, хабарлама және зерттеушілік іс-әрекеттер мен дағдылар.

Танымдылық іскерлік, ең алдымен, жеке бастың интеллектуалдық мүмкіндігі, мамандық еңбегінің негізі болып саналады. Танымдылық іскерлікті қалыптастыру үшін адамның қабылдау, зейін, ойлау, елес, ес, т.б. психикалық қасиеттерінің бірлікте дамуы қажет. Мысалы, адамның байқағыштығы, өзін-өзі бақылауы, шиеленіскен жағдайда дұрыс жол таба білуі, ойлау процесінің дамуы үшін талдау жасауы, салыстыру, сәйкестігін ажырату, нақтылай білу, жинақтау, қорытынды жасау сияқты джағдылардың болуы қажет. Бұл қасиет, сапалар үнемі жаттығу, адамның өзін-өзі тәрбиелеуі, оқу, білім алу, еңбек процесі барысында тұтас қалыптасатын іскерлік.

Құра білу (конструктивтік) іскерлігі - оқу-тәрбие жұмысын модельдеу, жоспарлау, композициялық материалдарды іріктеп алумен сипатталады. Оқушылардың жас дара ерекшеліктеріне сай, оқу-тәрбие процесінің материалдық базасына сәйкес жұмысты ретті ұйымдастыра білу. Бұл іскерлікті меңгеру үшін интеллектуалдық қасиет, қабілет қажет. Алдағы жұмысты жоспарлау, жобалау, алдымен ойлау, салыстыру, болжам жасау, технологиялық, логикалық ойлау қабілеттерімен тікелей байланысты. Сондықтан құра білу іскерлігі танымдылық іскерлікпен ұштасып жататын қасиет.

Қарым-қатынас іскерлігі – бұл мұғалімнің педагогикалық процестің басында адамдармен қарым-қатынас жасауға үйренуі. Қарым-қатынас тәсілдері ол алдымен, сөз сөйлеу техникасы, қимыл, бет құбылысын игере білуден басталады. Коммуникативтік іскерлікті тәрбиелеу үшін, адам ең алдымен, басқа адамды түсіне білуі, тани білуі және өзін де таныта, түсіндіре білуге үйренуі керек. Екіншіден, өзінің ой-пікірін, көңіл-күйін, көзқарасын, мақсатын сөйлескен, пікірлескен адамға, коллективке түсіндіре білуге және оларды да түсіне білуге үйренуі қажет. Үшіншіден, адамдармен қарым-қатынас барысында қажет болған жағдайда, бетбұрыс жасау сияқты мүмкіндіктерді басқара білу, оң шешім таба білу. Осылардың нәтижесінде мұғалімде қарым-қатынас жасауға бейімділігі және ептілігі бар, адамдармен оңай тіл табыса алатын, тез араласа алатын жеке бастың қасиеті қалыптасады.

Хабарлау іскерлігі – жеке педагогикалық іскерлік болып бөлінеді. Көбіне қатынас құралы ретінде қарастырылады. Себебі қарым-қатынас хабарлама материалысыз жүзеге асырылуы мүмкін емес. Информациялық іскерлік оқу-тәрбие процесінің оптималдығын арттыруда шешуші орын алады. Оқу-білім материалын терең жан-жақты білу, оқу әдістерін меңгеру, барлық хабарлама құралдарын пайдалану дағдысының болуын талап етеді. Бұл іскерлік мұғалімнен дауысты үйлестіре білуді, көңіл-күй сезімімен сөйлеуді, сөздің құдыретті күшін және дұрыс үнін бет қимылды меңгере білуді талап етеді. Сөйлеу, әңгімелесу, көрсете отырып түсіндіру, пікірлесу, тыңдау, сұрақ-жауап айту тәсілдерін қолдану арқылы тыңдаушының зейінін аудару – мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетіне қажет іскерлік.

Ұйымдастырушылық іскерлік – бұл мұғалім еңбегінің бөлінбейтін үнемі жүріп отыратын маңызды саласы. Педагогикалық процесті басқарудың негізгі шарты. Бұл бағыт педагогикалық іскерлікті бір-бірімен байланыстыратын іскерлік.

Ұйымдастырушылық іскерліктің өзіндік белгілері бар. Олар: жұмысты анықтау, мақсатын белгілеу, жұмысты талап ету, тапсырма беру, тапсырылған жұмысты бақылау, орындалуын ұйымдастыру, орындалған жұмысты қорытындылау, бағалау, есеп беру, нақтылы объектіге зейін қоя білу, кездестіріні кедергіні тез арада болдырмауға психологиялық ахуал туғыза білу, іске қызығушылықпен кірісу, басқаларға жағымды ықпал жасау іс-әрекеттерінен құралады.

Зерттеушілік іскерлік – әрбір педагогикалық құбылысқа ғылыми тұрғыдан қарауды, ғылыми болжам жасауды, жобалау және эксперимент жүргізуді жоспарлауды, сонымен қатар мұғалім озат тәжірибені де өзінің тәжірибесінде жинақтауды, оларға шығармашылық негізінде талдау жасауды және мектеп өміріне ендіруді қамтиды. Жоғарыдағы аталған мамандыққа қажетті педагогтық іскерліктер білім шеңберін жинақтап, мұғалімнің жеке басының қасиет-сапаларын ашып беруге мүмкіндік жасайды. Мұғалімнің жеке басын сипаттайтын қасиеттер: кәсіби бағыттылығы, ғылыми көзқарасы, идеялық сенімі, саяси-қоғамдық азаматтық белсенділігі, адамгершілік гуманистік қатынасы.

Педагогикалық кәсіптік қасиеттері – балаға деген ынта-ықылас махаббат, педагогикалық еңбекке қызығу, психологиялық-педагогикалық сезгіштік, байқағыштық, әділдік, талап қоя білушілік, табандылық, ұстамдылық, өзін-өзі басқара білу, қайырымдылық, кәсіби еңбекті сүйе білу.

Танымдылық қасиеттер ғылыми ой-өрісінің тереңдігі (білімдарлығы), рухани танымдық қызығушылығы және оны қажетсінуі, интеллектуалдық белсенділігі, жаңаны жақтаушылығы, өздігінен педагогикалық білім алуға ынталылығы, шығармашылық пен педагогикалық ынтымақтастықты қолдауы, жаңашыл педагогтарды дұрыс түсінуі, қабылдауы.

По-видимому, здесь уместно привести размышления Г. Стангвика из статьи «Политика интегрированного обучения в Норвегии». Он пишет: «Профессиональная компетенция прямо связана с ценностными установками. Интеграция базируется на определенном комплексе ценностей, позволяющих судить, что является важным, значимым, правильным и обоснованным в образовательном прогрессе. Поэтому любая попытка перенести знания и умения из одной системы в другую наталкивается на значительные трудности, если в основе этих систем лежат разные ценности. Для того, чтобы идея интеграции действительно «заработала», необходимо, чтобы она овладела умами учителей, стала составной частью их профессионального мышления. А это, в свою очередь, означает необходимость специальных усилий по изменению последнего» [6].

Процесс обучения детей с особыми образовательными потребностями в Болгарии, как и во всех государствах, имеющих членство в ООН, призван обеспечить становление личности каждого ребенка, целостное развитие его способностей, формирование у школьника умения и желание учиться. Поэтому необходимость всестороннего изучения готовности учителей к работе с детьми с особыми образовательными потребностями определяется требованиями социального развития образовательных институтов к обеспечению равных прав на образование детям с ограниченными возможностями развития и важным значением роли учителей в процессе включения их в общее образование.

Список использованной литературы:

- 1 Закон за народната просвета от 18.10.1991 г. <http://www.mon.bg/> (дата обращения: 10.09.2017).
- 2 Наредба № 1/ 23.01.2009 г. на МОН за обучение на деца и ученици със специални образователни потребности и/или с хронични заболявания. <http://www.mon.bg/> (дата обращения: 12.09.2017).
- 3 Наръчник за родители на дете с увреждания "Обучение на децата с тежки увреждания". Руководство для родителей детей с отклонениями. Издание Асоциация родителей детей с болезнями почек. январь 2011г. (дата обращения: 12.09.2017).
- 4 Национален доклад за предварителната подготовка на учителите по отношение на разнообразието. Република България, подготовлен профессором, д.п.н. Сийка Чавдарова-Костова <http://www.mon.bg/> (дата обращения: 12.09.2017).
- 5 Национален план за интегриране на деца и ученици със специални образователни потребности в системата на образованието. <http://www.mon.bg/> (дата обращения: 10.09.2017).
- 6 Стангвик, Г. Политика интегрированного обучения в Норвегии / хрестоматия по курсу / сост. : Шуламит Рамон, В. Шмидт.— М., 2003. (дата обращения: 14.09.2017).

ӘОЖ: 378(574):02:004
МРНТИ 13.31.23

Б.С. Асанова¹

¹т.ғ.к., Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, дүниежүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ КІТАПХАНАСЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ БЕРУДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапхана (РЖОЭК) жүйесіне енген кітапханалардың мүмкіндіктері қарастырылады. Жоғары оқу орындары кітапханаларының өз қызметіне жаңа ақпараттық технологияларды ендіру арқылы өзіндік электрондық ресурстарын толықтырып қана қоймай, басқа да отандық, әлемдік ақпараттар ресурстарына кірудің жолдарын реттейді.

Кітапхананың инновациялық қызметі – қазіргі жоғары оқу орындарында интерактивті ортада оқытудың табысты дамуының кепілі, өйткені кітапханалар қазіргі уақытта ақпаратқа жедел қол жеткізуді ұйымдастырып және өз бетінше жаңа білімді игеруге және алуына ықпал етеді.

Инновациялық қызметтің нәтижесі – пайдаланушыларға-жоғары оқу орындарының ғалымдары мен студенттеріне ұсынатын ақпараттық өнімдер мен қызметтердің сапасын жақсарту.

Түйін сөздер: инновация, электронды ресурс, электронды кітапхана, ақпараттық технология, электронды оқулық.

Аннотация

Б.С. Асанова¹

ВОЗМОЖНОСТИ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В НАУКЕ И ОБРАЗОВАНИИ В БИБЛИОТЕКАХ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ

*¹к.и.н., старший преподаватель кафедры всемирной истории, историографии и источниковедения Казахского национального университета им. аль-Фараби,
г. Алматы, Казахстан*

В статье рассматриваются новые возможности библиотек высших учебных заведений, вошедших в систему Республиканской межвузовской электронной библиотеки (РМЭБ). В связи с внедрением новых информационных технологий библиотеки получили возможность не только пополнить свои электронные ресурсы, но и наладить доступ к отечественным и всемирным информационным ресурсам.

Инновационная деятельность библиотеки – один из ключевых моментов успешного развития интерактивной среды обучения в современном вузе, поскольку библиотеки в настоящее время организуют оперативный доступ к информации и способствуют самостоятельному получению и усвоению новых знаний.

Результатом инновационной деятельности является качественное улучшение информационных продуктов и услуг, предоставляемых пользователям – студентам и ученым вуза.

Ключевые слова: инновация, электронные ресурсы, электронная библиотека, информационная технология, электронное обучение.

Abstract

POSSIBILITIES OF INFORMATION TECHNOLOGIES IN SCIENCE AND EDUCATION IN THE LIBRARIES OF HIGHER EDUCATIONAL ESTABLISHMENTS

Assanova B.S.¹

¹candidate of historical sciences, senior teacher of Department of world history, historiography and source study, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

In article the new possibilities of libraries of the higher educational institutions which were a part of the system of the Republican Interuniversity Electronic Library (RIEL) are considered. In connection with introduction of new information technologies of library received an opportunity not only to fill up the electronic resources, but also to adjust access to domestic and world information resources.

Innovative activity of library - one of the key moments of successful development of the interactive environment of training in modern higher education institution as libraries will organize quick access to information now and promote independent obtaining and assimilation of new knowledge.

High-quality improvement of information products and the services provided to users - to students and scientists of higher education institution is result of innovative activity.

Key words: innovation, electronic resources, electronic library, information technology, e-learning.

Бүгінгі заман талабына сай елімізде білімді, кәсіби мамандарды қамтамасыз етіп отырған жоғары оқу орындары заман талабына сай жастарға сапалы білім мен саналы тәрбиенің жоғары деңгейде берілуін талап етеді. Оқуға ұмтылған әрбір жас ұрпақтың санасын, дүние танымын ақпарат арқылы кеңейтіп, жан-жақты білім алуына және белгілі бір мамандық иесі болып шығуына көмектесетін бірден-бір орталығының қайнар көзі – кітапхана.

Жоғары оқу орындарының кітапханалары тек қана ақпараттық қызметті орындап қана қоймай, студенттердің тәрбиелік процесіне де белсенді қатысады. Жоғары оқу орындарының кітапханалары - бұл пайдаланушыларды локалдык жүйеде қызмет көрсететін ақпараттық автоматтандырылған орталық.

XXI ғасырдағы қоғамдық өзгерістер, ашық ақпараттық кеңістікке өту, қоғамның ақпараттануы, өркениеттік деңгейге көтерілуі – жоғары оқу орындары кітапханаларының жаңа бағытта жұмыс істеуін талап етеді. Әрбір оқырмандардың сұранысына орай жоғары оқу орындары кітапханасында ақпараттық білім беру кеңістігінің құрамдас бөлігі электрондық қорлар, электронды оқулықтар, көркем әдебиеттердің компьютерлік технология қызметі жүйесінде болуы – жаңа заманның бәсекеге қабілетті, мәдениетті, рухани жан дүниесі бай нағыз адамды тәрбиелеуде орасан маңызды рөл атқаратыны анық. Білім беруде жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану - оқыту процесін толық өзгертуге, оқытудың жеке тұлғаға бағытталған моделін жүзеге асыруға мүмкіндік береді және кітапханалардың стратегиялық дамуына жол ашады.

Соңғы 20 жыл көлемінде кітапханалар 200 жыл бойы еленбеген өзгерістерге тап болды. Бұған себеп - ақпараттық технологиялардың дамуы төмендегі басымдықтармен ерекшеленеді:

- Ақпарат іздеудің жоғары жылдамдығы мен халыққа жедел қызмет көрсету;
- Басқа кітапханалардың және Интернет ресурстарын пайдалану арқылы ақпарат кеңістігін кеңейту;
- Сұраныстарды барынша қанағаттандыру, сәйкесінше тапсырыстардың орындалмау деңгейін барынша төмендету;
- Құжаттарды аз шығынмен бірнеше мәрте пайдалану;
- Бір құжатты бірнеше пайдаланушылардың қатар пайдалана алуы;
- Ақпараттың жаңа түрлерін ұсыну (баспа түрімен қатар, бейне материалдар; мультимедиалық басылымдар, Интернет ресурстары);
- Сапалы замануи қызметтерді енгізу.

Осындай оң қасиеттерді қамтыған кітапханалар ақпарат пен білімінің нағыз орталығына айналды.

Соңғы 12 жылда көптеген маңызды жетістіктерге жеттік: техникалық парк іске асып, электрондық тасымалдауышта құжаттар алынып жатыр. Бүкіл жер шарын қамтитын компьютерлік жүйелердің дамуы (ИНТЕРНЕТ) пайдаланушыларға ақпараттық қызмет көрсетуде үлкен мүмкіндіктер ашты. Компьютер көптеген құжаттарды өңдеуге, жұмыстың сапасын жақсартуға, байыпты, ұғынықты түрде түсінуге көмектесті. Кітапхана ресурстарында Web жүйесінің құрылуы пайдаланушылардың ең жоғарғы деңгейдегі, өз уақтылы керекті ақпараттарды алуы, олардың мәдениет және білім деңгейін жоғарылатып, оқырмандарға қызмет көрсету деңгейі жақсарды.

Ақпаратты ресурстарының глобалдық жүйесі кітапхананың ішкі жұмыс процесстерін іске асырып, (кітапхана көрсеткіштерін дайындауда, әдебиеттерді іріктеуде және толықтыруда, оқырман сұранысын орындауға) кеңінен пайдалануға мүмкіндік береді.

Кітапханалар қоғам жағдайында болып жатқан жиі өзгерістерді тұтас қамтамасыз ететін негізгі фактор болып табылады. Бәріне белгілі, біздің мемлекетіміздің ең басты мақсаты бәсекелесуге қабілетті дамыған елдердің қатарына кіру. Бұнда қазіргі қоғамның әлеуметтік институты ретінде кітапханалар маңызды рөл атқарып келеді [1].

Бүгінгі таңда пайдаланушыларға заман ағымына сай қызмет көрсету, олардың ақпараттық мәдениетін дамыту республикамыздағы бірден бір білім ордасы – бүкіл кітапханаларға, кітапхана қызметін одан әрі дамыту, инновациялық қызмет ауқымын кеңейту міндеттерін жүктейді. Жалпы, инновация дегеніміз – кітапханаларда жүзеге асырылатын өнімдер мен қызметтердің қазіргі имиджін, қызмет көрсету сапасын, басқа кітапханалардың арасында бәсекелестік қабілеттілікті қолдау мен жетілдіруді қамтамасыз ететін технологияның басқарудың нысандары мен әдістерінің жаңартылуы.

Ғылым мен техниканың ерекше алға басқан қазіргі кезеңінде жоғары оқу орындары кітапханаларының қызмет көрсету ауқымы электронды ресурстармен толығыда. Кітапхана ісінде инновациялық технологияларды пайдалану 2005 жылдан бастап енгізілінуде. Бүгінгі күнде кітапханалар

Интернет желісіне қосылып, кітапхана ісін КАБИС, ИРБИС, РАБИС автоматтандырылған бағдарламалармен жүргізеді. Кітапхана қорлары электронды оқулықтар, мультимедиалық материалдармен толықтырылған.

Қазіргі кітапханаларды электрондық ресурстарынсыз елестету мүмкін емес. Кітапханалар заман талабына сай жаңа магистранттар мен докторлық диссертацияларды жазудағы ғылыми-іздеу жұмыстарының талаптарына сай электрондық мәліметтер базасына жазылуда. Мысалы, Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институтының кітапханасында осы бағытта сай 12 электрондық базалары (EBSCOHost, SSRN, ProQuest, JSTOR, Elibrary, Passport, GMID, Compustal Global, Emerald, Sage, LexisNexis, Юрист) қызмет көрсетіп келеді[2]. Ал, Назарбаев Университетінің кітапханасының қызметкерлері мен студенттерді әлемдік деңгейдегі электронды мәліметтер қорымен қамтамасыз етеді. Кітапхананың қазіргі таңдағы бар мәліметтер қоры туралы ақпаратты кітапхана сайтынан алуға толық мүмкіндік бар. Сонымен қатар, сайттың басты бетіндегі "E-resources" қосымша парағы арқылы әр қорды бөлек пайдаланумен қатар, бүкіл қорлардың ішінен бірден іздейтін құралды қолдануға болады. Мысалы:

Ovid Evidence Based Medicine Reviews – дәлелді медицина бойынша оптималды ақпараттық қоры. EBM тізіміндегі ең сенімді жеті дереккөздерін жинақтаған. Evidence Based Medicine Reviews жүйелі тақырыптық шолулар, клиникалық тәжірибелердің ең жақсы нәтижелері туралы мақалалардың шолуларын ұсынады.

Oxford Dictionaries Online - сөздіктер жинағы, мұнда сіз сөздердің мағынасын, синонимдері мен антонимдерін, сөздердің айтылуын, жазудың грамматикалық және стилистикасы туралы ақпарат ала аласыз.

Oxford Handbooks Online - академиялық зерттеулердің 14 тақырыптық бағыты бойынша үздік анықтамалардың жинағы. Бұл Oxford баспасының бірден бір абыройлы жобаларының бірі. Әрбір анықтамалықта тақырып бойынша кіріспе, ғылым саласының қазіргі таңдағы академиялық жағдайы туралы сыни шолу, концепция және жаңа зерттеулердің болашағы туралы ойлар көрсетілген.

Oxford Journals – Oxford баспасының мерзімді басылымдарының толықмәтінді мақалаларының мультисалалық жинағының қоры. Қолжетімді жинақтардың тақырыбы – биология, лингвистика, математика, физика, политика, әлеуметтану [3].

Осындай, әлемдік деңгейдегі электронды мәліметтер қорымен Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің кітапханасы өз оқырмандарын қамтамасыз етіп келеді. Кітапхананың мәліметтер қорында: EBSCOhost, IPRbooks, Polpred.com, Springer Link, HStalks, ProQest, Merck IndexOnline, Royal Society of Chemistry, Eastview, ChemSpider, Заң-закон электронды мәліметтер қорлары жұмыс істейді.

Соңғы жылдары Қазақстанның ғылыми кітапханалары ілгері дамып келе жатқан технологиялық өндірісті белсене енгізіп және ақпараттардың таралуына оны пайдаланушылардың талаптарына сай қамтамасыз етуге мүмкіндіктері молынан болып жатыр. Көптеген кітапханалар білім және ғылымның ақпараттық қолдау мақсатында құрамында мәліметтер базасы мемлекеттік, орыс, шет тілдеріндегі электронды қорлар ресурстарын өңдеді.

Жаңа технологиялық электрондық ресурстар кітапхананы қаржыландыру және техникалық жағынан қиындықтарға қарамастан дамуы тиіс. Қазіргі динамикалық жағдайдағы жоғарғы ақпараттық технологиялардың дамуында қызмет көрсету жүйесін мейлінше жетілдіру, жанарту қажет [4]. Осындай міндет жоғары оқу орындары кітапханаларының алдында да тұр. Қазіргі уақытта оқу орындарындағы кафедралар мен оқу-әдістемелік бөлімдерінің тығыз байланыста болуы үшін, бірыңғай автоматтандырылған жүйеге қосу маңызды болып отыр. Бұл өзгерістердің бәрі кітапхана қызметінің дамуына әсер етіп, бірақ оның басты мақсаты - пайдаланушыларды қажетті ақпараттармен қамтамасыз етуі өзгерген жоқ. Біздің елімізде Республикалық жоғарғы оқу орындары аралық электрондық кітапханалар құрылды. Бұл отандық университеттердің электрондық кітапханаларының виртуалдық бірлескен жүйесі. Жоғары оқу орындары кітапханалары Республикалық жоғарғы оқу орындары аралық электрондық кітапханалар базасында (РМЭБ) өздерінің жеке білім алатын ресурстарын бірыңғай технологиялар бойынша құруға, өз электрондық кітапханаларын оқулықтармен, оқу құралдарымен, монографиялармен, ғылыми мақалалармен толықтыруды қамтамасыз етуде. Бұл дегеніміз, әр оқытушы, студент тек қана өз университетінің ғана емес, басқа жоғары оқу орындарының электрондық кітапханасындағы мәліметтерді пайдалана алады дегенді білдіреді [5,6].

Кітапханалар өз алдарына пайдаланушыларға жоғарғы деңгейде қызмет көрсетуді міндет етіп қойды. Сыртқы факторлардың әсер етуіне қарамастан, (экономика және мәдениет жағдайы, оларға

бөлінген қаржы көлеміне) кітапханалар өз қызметінде негізгі принцип – пайдаланушыларға жаңа қызметтер мен инновацияларды ұсынып, дамуды басшылыққа алып отыр.

Ақпараттық кеңістікте болып жатқан өзгерістер тек қана оқыту процесінде ғана емес, әлеуметтік, ғылым саласында, сонымен қатар кітапхананың қызмет көрсету түрлеріне де өзгертулер алып келеді. Ақпараттар мен технологиялар арасындағы байланыстардың өсуі, соңғы жылдары көптеген кітапханалардың саясатында «Интернет» орталық орынды алды.

Ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялардың кітапханалық процесіне енуі, кітапханалардың алдына ұлттық және әлемдік кітапхана-ақпараттық ресурстарына қол жетерліктей жаңа үлкен мүмкіндіктер ашылды. Жеткіліксіз қаржыландыру жағдайында кітапханалар үшін бұл тиімді мүмкіндік. Бір жағынан кітапханалар өзінің негізгі міндеттерін орындай отырып және өзінің қызметін ақысыз, бір жағынан дамуын жалғастырып, жаңа қызметтер және инновацияларды ұсынуы керек.

Бүгінде жоғары оқу орындарының кітапханалары өз жұмысында дәстүрлі және электрондық көздерді және қызмет көрсету түрлерін үйлестіруде. Өздерінің дәстүрлі міндеттерін орындауды жалғастыра отырып, жоғары оқу орындарының кітапханалары - кітапхана қызметінің мазмұны мен түрін ауыстыруда. Бұл екі негізгі міндет: мәліметтерді жинау мен сақтауда және пайдаланушыларға қызмет көрсетуді жүзеге асыруда айқындалады.

Осыдан 30 жыл бұрын көптеген кітапханалар, солардың ішінде университет кітапханалары оқшаулау (жекеленген) мекемелер болған қызмет көрсету саласында өздерін ең төменгі сатыда деп есептеген. Маңызды өзгерістер ХХ ғасырда түбегейлі түбірімен өзгерді. Қазіргі жас пайдаланушылардың компьютерлік сауаттылық деңгейі жоғары. Пайдаланушылар көбіне өздерінің сауалдарын іздестіруді өздерінің компьютерде жұмыс істеген тәжірибелеріне сүйене отырып, өз алдына орындауға тырысады. Әрине, компьютерде жұмыс істеуді білуі, қазіргі күнде кез-келген адамның ақпаратты сауатты болуы қажет, бірақ ақпараттың қалай өңделіп, таралуын дәл мәнісіне түсінбей тұспалдауы ақпараттық сауаттылық болмайды. Пайдаланушының тәжірибесінің жеткіліксіздігі, ақпаратты дұрыс берілмеуіне әкелуі мүмкін [7]. Интернеттің ретсіз, стихиялық дамуы ақпараттың сапасына, пайдаланушылардың ақпаратты іріктеу және іздеу нәтижесіне де әсер етеді. Кітапханалар қоғамдағы әлемдік инфраструктураның элементі болып табылатындықтан, ақпараттық кеңістіктің қалыптасуына, олар іздеудің әдісін және тәсілін, іріктеуде сақтауда, аналитикалық өңдеуде, таратуда және пайдаланушыларға талап еткен түрінде, көлемінде ақпараттарын тауып беруге қатысады. Бұл факторлар қызмет көрсету модулдарын түзетуге, пайдаланушылардың ақпаратпен жұмыс істеу талабы мен білімінің қалыптасуына байланысты қызмет көлемін ұлғайту қажеттілігін тудырады [8]. Көптеген кітапханаға келушілер өз бетімен бірденені үйренуге, қосымша білім алуды мақсат етпейді. Олар ең алдымен өздеріне қажетті ғана ақпаратты тез арада алып кету үшін ғана келеді. Өздерінің уақыттарын жаңа білім алуға, өздігінен ақпараттарды және құжаттарды табуды және пайдалануды пайдаланушылар жоспарламайды. Ақпараттық ресурстардың кең көлемде өсуіне орай библиограф барлық пайдаланушыларға толық қызмет көрсете алмайды. Қызмет көрсетуде ақпарат қызметінің қызметкерлері біреулеріне берілген сауалдары бойынша ақпаратты берсе, енді біреулеріне ақпаратты іздеуді үйретеді [9]. Қазіргі күнде оқырмандар электронды каталогтар арқылы керекті ақпараттарды ала алады. Кітапханаларда ақпараттық қызметтерді автоматтандыру қазіргі ғылыми техникалық және әлеуметтік ілгері дамудың бірқатар элементтерінің дамуына көп көмегін тигізеді. Кітапханалық ақпараттық қызметті автоматтандыру, тек уақтылы ақпараттарды ғана қамтамасыз етпей, барлық қоғамдағы ақпараттарды алуға жағдай жасайды. Автоматтандырылған іздеудің ерекшелігі әр елдегі библиографиялық, фактографиялық, толық мәтіндегі мәліметтер базасын алуға мүмкіндіктері бар. Электрондық ақпараттық ресурстардың көмегімен библиографиялық анықтамалардың барлық түрін орындауға арналған ресурстық базалар ұлғаюда. Анықтама-библиографиялық аппарат виртуалдық көздерді қосу арқылы осы күнге дейін бұрын көрмеген ақпараттарды алуға [10]. Егер бұрын анықтамаларды орындауда тек қана карточкалық және баспа каталогтары, әр түрлі картотекалар және анықтама-библиографиялық қорлар болса, қазіргі күнде бір кітапхананың өзінен жылдам және сапалы іздеу жүйесінің әр түрлі мүмкіндіктері бірнеше есе көбеюде. Осындай қол жетерлік ақпаратқа негізделген қызмет көрсетудің басымдылығы артуға [11]. Кітапханалардың электронды каталогы бойынша ақпаратты іздеу, пайдаланушылар үшін кең тараған ақпараттық іздеудің түрі болып табылады. Электронды каталогтың функциялық жоспарда оның ең басты ерекше айырмашылығы, кез келген пайдаланушыға, Интернет торабына кіруге мүмкіндігі бар кез келген пайдаланушылар үшін оның жылдам, қозғалысты, интегралды қол жетімді болуы.

Елімізде соңғы жылдары электрондық кітапханаларды құру қызметінің кең қанат жайып келе жатқанына орай, жоғары оқу орындарының электрондық кітапханаларын қалыптастыруға байланысты бірқатар шешілуі тиіс мәселелер бар: көптеген кітапханалардың басшылары мен кітапханашылары электрондық кітапхананың не екені; электрондық кітапханаға электрондық құжаттың қай түрлері енгізілуі тиіс екені; дәстүрлі кітапхана технологияларының электронды құжаттың өзгешілігіне қай дәрежеде сәйкес келетіні; электрондық құжат кеңістігінің субъектілерінің қатынасы қалай құрылуы тиіс екені туралы анық түсінік кейде жетіспей жатады. Сондықтан, барлық кітапханалар жұмысының процесінде инновациялық технологияларды енгізу мақсатында шешілмеген бірқатар мәселелерді шешу керек:

1. Кітапхана веб-сайттарында виртуалдық қызмет көрсетудің кешенді жүйесінің дамуына, құжатқа электрондық тапсырыс қызметін, виртуалдық анықтама-библиографиялық қызметін, құжаттарды электрондық жеткізу қызметтері үшін, қазіргі технологиялық талаптарға сай келетін компьютерлік портал құру қажет;

2. Ақпараттарды сақтауға арналған сервер болуы тиіс;

3. Кітапханалық қызмет көрсетудің барлық пункттеріне штрихтік кодтау үшін мобилдік (тасымалды) принтерлер, штрих кодтың қол сканерлерін енгізу қажет.

Сонымен, кітапханалар қызметінің жандануына: біріншіден, тендерлер өткізу әдебиеттерді, соның ішінде электрондық басылымдарды алу кітапхананың шығынын азайтады, екіншіден, EBSCO, Elsevier және басқа да әлемдік ғылым басылымдарына қол жетерліктей болады. Коммерциялық on-line мәліметтер базасын тек өңдеушілерден ғана алуға болады, бірақ олардың бағасы өте жоғары. Әрине, бұндай жоғары бағамен мәліметтерді алуда кез келген кітапхананың мүмкіндігі шектеулі ғана, сол себепті де кітапханаларды пайдаланушыларының шет елдегі ғылыми басылымдарға шығып жатқан ақпараттарды алуға мүмкіншілігі бола бермейді. Осындай жағдайда бірнеше жолдарын қарастыруға болады:

1. Коммерциялық on-line мәліметтер базасына Қазақстанның барлық жоғары оқу орындарының қол жетерліктей болуын қарастыру;

2. Коммерциялық мәліметтер базасы бар кітапханалармен келісімге отыру;

3. Коммерциялық on-line мәліметтер базасына жасалған жеңілдіктер бойынша жасалған Қазақстан кітапханаларының консорциумына қосылу;

4. Барлық қызметтерді ұлттық валютада төлеу.

Қорыта айтқанда, электрондық ресурстарды қолдану – пайдаланушыларға жедел түрде қызмет көрсетіп, жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие және ғылыми процестерін құруда ақпараттардың көбеюіне мүмкіндік туғызып, дистанциондық оқу жүйесінің дамуына, студенттердің өздігінен білім алуына дағдылануға тәрбиелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Библиотекарь – профессия молоды // <http://kazlib.nabr.kz/indeh.php?page> (дата обращения: 19.04.2017).

2. Свободный микрофон / О.П. Зайцева // Кітапхана әлемі, 2015. № 3. – 25 с.

3. library.nu.edu.kz / Ағымдағы Жазылған Мәліметтер Қоры.

4. Тажбенова, Ж. Инновационное в работе отдела обслуживания, <http://kazlib.nabr.kz/indeh.php?page>. (дата обращения: 25.04.2017).

5. В Казахстане создается общая электронная библиотека отечественных вузов, национальное информационное агентство «КазИнформ»; <http://www.zakon.kz>. (дата обращения: 25.04.2017).

6. Ержанов, Н. Электронные библиотеки в Казахстане: перспективы развития, международ. конф. (Алматы; 2010). Международная конференция «Социальная экономика в условиях цивилизационных перемен в современном мире: парадигмы и векторы развития» [Текст]: [материалы]. - Т. 2. - Алматы: Экономика, 2010. – 665 с.

7. Шрайберг, Я.Л. Библиотеки в условиях правовой и технологической эволюции процессов общественного развития // Научные и технические библиотеки. 2016. - № 1. - С. 7-46.

8. Жабко, Е.Д. Информационное обслуживание пользователей в национальной библиотеке: современное состояние и перспективы развития // Информационно-библиографическое обслуживание: сб. статей. - Спб, 2016. - Вып. 2. - С. 12-23.

9. Жабко, Е.Д. Справочно-библиографическое обслуживание в электронной среде: теория и практика. - Спб: РНБ, 2008. - 388 с.

10. Степанов, В.К. Влияние интернет на информационно-библиографическую деятельность библиотеки // <http://libconfs.narod.ru/2003/s4/stepanov.htm>. (дата обращения: 26.04.2017).

11. Нецерет, М.Ю. *Справочно-библиографическое обслуживание: тенденции и перспективы и обучения.* – Спб, 2016. - С. 13-18.

ӘӨЖ: 374.2
МРНТИ: 14.37.09

Исмагулова Ж.С.¹

¹аға оқытушы, магистр, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал қ, Қазақстан

ЕРЕСЕК АДАМДАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ: ПЕДАГОГИКАЛЫҚ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІ

Аңдатпа

Мақалада ересектерді оқытудың ерекшелігі қарастырылды. Гуманистік психология позициясында ұйымдас-тырылған оқытуда оқу үрдісінің барлық параметрлерін (мақсаты, мотивтері, формалары және әдістері, бақылау т.б.) таңдауда жоғары деңгейдегі бостандықпен жүзеге асырылады. Бұл жерде білім алушы кеңесші, көмекші, жетекші рөлдерінде бола алады. Оқытудың андрогогикалық моделі оқыту үрдісін ұйымдастырудың жетекші рөлі білім алушының өзіне береді: ересек білім алушы – белсенді элемент, оқыту үрдісінің теңқұқылы субъектісі. Бұл үрдісте анықтаушы білім алушылардың өзара әректі мен өзара қарым-қатынасы. Андрогогикалық модель авторлары ересек білім алушының ерекшелігін (жасерекшелік, психологиялық, әлеуметтік т.б.) және оқыту кезіндегі қызметінің ерекшелігін ескереді, алайда басты мақсат ересек адамның сыни, шығармашылық ойлауын дамыту деп есептейді.

Түйін сөздер: гуманистік психология, андрогогикалық оқыту моделі, кәсіби білім беру, оқыту, әлеуметтік құзырлық.

Аннотация

ОСОБЕННОСТИ ОБУЧЕНИЯ ВЗРОСЛЫХ: ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ-ПСИХОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ

Ж.С. Исмагулова¹

¹ст.преподаватель, магистр, Западно-Казakhstanский государственный университет им. М.Утемисоваг.Уральск, Қазақстан

В статье рассматриваются особенности обучения взрослых. В обучении, организованном с позиции гуманистической психологии, реализуется высокая степень свободы и выбора всех параметров учебного процесса (цели, мотивы, формы и методы, контроль и т.д.). При этом обучающий выполняет роль наставника, консультанта, помогающего обучающемуся. В андрагогической модели обучения ведущая роль в организации процесса обучения на всех его этапах принадлежит самому обучающемуся: взрослый обучающийся – активный элемент, равноправный субъект процесса обучения. Эта посылка означает необходимость строить такую деятельность по обучению взрослых, главными характеристиками которой являются активная ведущая роль самого обучающегося в построении и осуществлении программы обучения и вместе с тем совместная деятельность обучающегося и обучающего в подготовке и реализации учебного процесса.

Ключевые слова: Гуманистическая психология, андрагогической модель обучения, профессиональный образование, обучение, социальная компетентность.

Abstract

ADULT TRAINING PECULIARITIES: PEDAGOGICAL-PSYCHOLOGICAL ASPECT

Ismagulova Z.S.¹

¹Senior Lecturer M.Utemisov West Kazakhstan State University, Uralsk, Kazakhstan

The article considers the features of teaching adults. In training, organized from the position of humanistic psychology, a high degree of freedom and choice of all parameters of the leaning process (goals, motives, forms and methods, control, etc) is realized. At the same time, the instructor serves as a mentor a consultant, helping the learner. In andragogical models of education, leading hole in the organization of the leaning process at all stages belongs to the learner: an adult learner is an active element, an equal subject of the learning process. This assumption means the need to build such activities for adult education, the main characteristics of which are the active leading role of the learner in

the construction and implementation of training program and with the joint activity of the learner and the instruction in the preparation and implementation of the educational process.

Key words: humanistic psychology, andragogical model of education, professional education, teaching, social competence.

Гуманистік психологияда адам мінез-құлқының орталық рөлін мотивке береді, ол ортаға бейім-делу емес, конформдық мінез-құлық емес, адамның «менін» конструктивті қырының өсуі, адамның өз ішкі әлемін ұйымдастыруға ұмтылу және тұлғаның біртұтастығына жетуге, өмір сүру мәнін түсінуге деген ұмтылысы. Оқу гуманист-психологтардың пікірінше тұлғалық жүзеге асыру мақсатында жекелік тәжірибені өзіндік құрылымдау.

Гуманистік психология позициясында ұйымдастырылған оқытуда оқу үрдісінің барлық параметрлерін (мақсаты, мотивтері, формалары және әдістері, бақылау т.б.) таңдауда жоғары деңгейдегі бостандықпен жүзеге асырылады. Бұл жерде білім алушы кеңесші, көмекші, жетекші рөлдерінде бола алады. Білім алушының білім алуда жетекші рөлде болуы ғалым-педагогтардың пікірінше ересектерді оқытудың ерекшелігіндегі негізгіге жатады. Ересек адамдарды оқыту теориясы мен әдістемесі үздіксіз білім беру жүйесінің контекстінде ғылыми-педагогикалық білімнің ерекше аймағын андрогогиканы (андрос – адам, агогейн – жетектеймін) қамтыйды [1].

Гуманистік психология адамды ерекше тұтас жүйе ретінде қарастырады және ол өзін-өзі белсендіруге қабілетті деп санайды. Бұл теорияның негізгілеріне:

- Адам біртұтастықта зерттелуі керек, әр адам ерекше.
- Адамның әлемді және өзін әлемде сезінуі оның тұлғалық тәжірибесін құрайды, бұл өзіндік құнды және жеткілікті болып табылады.
- Адамның өмірі – бұл оның қалыптасуы мен тұрмысының біртұтас үрдісі.
- Адам үздіксіз даму мен өзін-өзі жүзеге асыру потенциалына ие.
- Адам сыртқы жағдайлардан еркін болуы қажет, ол оның таңдауында өзіндік мәні мен құндылығын басшылыққа алуға мүмкіндік береді.
- Адам – белсенді, интенциональды, шығармашыл.

Үздіксіз білім беру тұжырымдамасы біріншіден адамның оқу және еңбек қызметінің бүкіл өмір барысында барынша рациональды бөлінуін, екіншіден оқуды алғашқы (базалық) және одан кейінгі (базалықтан кейінгі) білім алу деп бөледі, үшіншіден адамға қажеттілігіне байланысты керек білік, іскерлік, дағды, сапалар, тұлғалық бағдарды қамтыйды.

Білім алушы ересек адамға төмендегідей сипаттамалар тән: 1) ол өзін барынша өзбетті, өзін-өзі басқаратын тұлға ретінде түсінеді; 2) жинақталған өмірлік (тұрмыстық, кәсіби, әлеуметтік) тәжірибе өзінің және әріптестерінің оқуының маңызды көзі 3) оның оқуға даярлығы (мотивациясы) оқу қызметінің көмегі арқылы өзінің өмірлік маңызды мәселелеріне және нақты мақсаттарына жетуімен анықталады; 4) ол алынған білім, іскерлік, дағдысын сол сәтте жүзеге асыруға ұмтылады; 5) оның оқу қызметі уақыт кеңістігіне, кәсіби, тұрмыстық, әлеуметтік факторларға (жағдайларға) шартты байланысты.

Бұл спецификалық ерекшелік ересек білім алушыны ерекшелейді, ересектердің оқу үрдісін ұйымдастыруда басты негізі тұрғы. Әлеуметтік-экономикалық, ғылыми және андрогогикалық факторларға сәйені отырып, ересектердің білім алу ерекшеліктерін ескере отырып ғалымдар андрогогиканың негізін салды.

Оқытудың андрогогикалық моделі оқыту үрдісін ұйымдастырудың жетекші рөлі білім алушының өзіне береді: ересек білім алушы – белсенді элемент, оқыту үрдісінің теңқұқылы субъектісі. Бұл үрдісте анықтаушы білім алушылардың өзара әректі мен өзара қарым-қатынасы. Андрогогикалық модель авторлары ересек білім алушының ерекшелігін (жасерекшелік, психологиялық, әлеуметтік т.б.) және оқыту кезіндегі қызметінің ерекшелігін ескереді, алайда басты мақсат ересек адамның сыни, шығармашылық ойлауын дамыту деп есептейді.

Андрогогикалық оқыту моделінің аймағында топтың әр мүшесін тыңау, өзге адамдардың пікірін, сезімін сыйлауға, айтылған пікірлерге сыни тұрғыдан қарау, дұрыс сұрақтар қоя білу және өзге адамның пікірін бөлісуге ұмтылу. Диалог біріншіден оқу тобының арасындағы теңдікті, ашықтық, сенімділік, бір-біріне қамқорлық, екіншіден, өзара сыйластық, интеграцияланған ойлау және оқыту мұның барысында индивид өзінің ойлау мен оқуын бақылауда ұстайды. Бұл индивид ойлауы жай ғана авторитет немесе біреудің тәжірибесіне бейімделу жағдайынан өзгеше [2].

Андрогогикалық көзқарас бойынша білім алушы ересектер терең өзбетімен өзін-өзі басқару қажеттілігі бар. Сондықтан бұл оқыту үрдісінде жетекші анықтаушы рөлге ие. Оқытушының міндеті ересек адамның даму үрдісіндегі бағынудан гөрі өзін-өзі басқаруды қолдау. Оқыту үрдісінің негізгі сипаттамасы білім алушының өзбетті оқыту параметрлерін және өздеріне қажет сапалар мен білім, іскерлік, дағдыны іздеуі.

Бұл оқыту моделі тұрғысынан адам өзінің өсуі мен дамуы деңгейіне қарай өз тәжірибесін байытады, ол оқыту көзі ретінде қолданылуы мүмкін. Оқыту - білім беру үрдісіне қатысатын адамдардың өзара әсері, яғни ересек пен оқытушының, ересектердің өздерінің арасындағы өзара әсерлесуі. Интерактивті оқыту қазіргі кезде университеттік білім берудің стратегиясы ретінде алынуда және оның мақсаты ретінде дамыған әлеуметтік құзырлығы, ересектің интеллектуальдық даралығы көзделеді. Интеллектуальдық автономдылықты шетелдің көптеген қазіргі университеттері өз миссиясы сапасында ұсынады, ал әлеуметтік құзырлықпен байланысты мақсаттар қазіргі зерттеушілер тарапынан кең орын алып отыр. Шетелдік зерттеушілер тарапынан ересекте білімнің пайда болуы жөнінде екі түрлі көзқарас айтылады. Алғашқысы бойынша, білім сырттан келеді, оны оқытушы аудиторияға алып келіп бөлшектеп бірте-бірте береді деп есептеледі. Екінші көзқарас – білім адамдардың ақылында орын алады және оның жеке тәжірибесі негізінде қалыптасады, яғни, білімді өз бетімен құрылымдайды, жасайды және алады. Әрбір ересекте кез-келген аудиторияда талқыланатын пән жөнінде белгілі-бір дәрежеде түсінік, пікір болады, одан әрі осы түсінікпен белгілі бір жұмыс жасалады. Ересектердің өздерінің іс-әрекеттері негізінде білімді жасау немесе құрылымдаудағы белсенді рөлі туралы көптеген шетелдік тұжырымдамаларда толық және дәлелді түрде көрініс тапқан. Солардың бәріне ортақ жалпы принциптерді көрсетуге болады [3].

Білім алушылар пәнді өздерінің жеке ұғым-түсініктерін өз бетімен ұйымдастыра және дамыта отырып оқып-үйренеді деп есептеу. Құрылымдау жұмысы жеке тұлғалар өздерінің бұрынғы және жаңа білімдерін біріктіруді және білімді меңгергенін, терең түсінгенін дәлелдеу үшін кең түрде талқылауға қатысуды талап етеді. Білім адамдардың құндылығы, мәдениеті және бұрынғы тәжірибесінің әсерінен жасалғандығы, сондықтан әртүрлі ойлау әрекетін ынталандыруда негізгі рөл атқаратындығы дәлелденді. Білімді құрылымдаудың мұндай үрдісі біздің аудиторияларамызда да белгілі бір дәрежеде орын алады. Оқу үрдісінің міндеті, адамның тәжірибесінде қатысы бар бастапқы біліммен қандайда бір өзгеріс болуы керек. Ал, ненің және қалай жүзеге асатындығын американдық зерттеушілер Д.Джонсон және Р.Джонсон өз еңбектерінде барынша мұқият таратып береді және «білімнің өзара қарым-қатынасы құрылымдау қадамын» ұсынады. Олар негізгі бес кезенді бөліп көрсетеді:

- бұрыннан бар білімді бір позицияға ұйымдастыру;
- осы позицияны басқа позициялар алдында қорғау;
- өз позициясына қарсы шабуылға қарсылық көрсетуге тырысу;
- пәнді әртүрлі көзқарас тұрғысынан көру үшін позицияның реверсі;
- барлығы түсінетін синтезді жасау [4].

Бұларға қосымша тағы бір қадамды қарастыру тиімді деп саналады. Позицияның реверсі мен синтез жасау аралығында үзіліс болады, ол нақты жағдайда, қарым-қатынасқа қатысушылар басқа адамның позициясын түсінуге және қабылдауға даяр еместігінен байқалады. Бұл жағдайда бұл аудиторияда қатыспаған, қандай да болсын басқа біліммен әсерлесу қажеттілігі туындайды. Осылайша бұрын қалыптасқан мәдени тәжірибе мен аудиториялардағы тәжірибенің кездесуі жүзеге асырылады. Сонымен, ересектің интеллектуальдық даралығы дегеніміз алдымен, ересектің өз білімін бұрынғы өзіндік тәжірибесі мен осы білімді өсіру процесінде жүзеге асырылған қатыс негізінде құрылымдау икемдігі деп қорытынды жасауымызға болады.

Жоғары білім берудің жоғарыда көзделген мақсатының екінші жағы ересектің әлеуметтік құзырлығын дамытуға байланысты. Бүгінгі күні дүниежүзілік тәжірибеде белгілі болып отырған жағдай, кооперативті жұмыс істеу икемдігі жоғары қоғамдастық ұтып шығатындығын көрсетіп отыр. Тұлғаға тек интеллектуальдық даралығы ғана емес, өз бетімен ойлауы әрі адамдар арасында өмір сүріп, олармен жетістікті қарым-қатынаста болуы қажет. Бүгінгі күнге дейін жоғары білім беру жүйесінде ересектің әлеуметтік икемділіктері өзінен-өзі қалыптасады деп есептеліп келді. Ал, қазіргі кезде жоғарғы оқу орнындағы тәрбие жұмысының шеңберінде осы әлеуметтік құзырлықты, осы икемділікті қамтамасыз ететін қандай да бір қосымша мазмұн туралы айтылуда. Оның міндеті – университеттегі оқу процесі шеңберінде ересектердің әлеуметтік икемділіктерін де дамыту болып табылады. Яғни, қарым-қатынас және ынтымақтастықта болу қабілеті, жоспарлау және таңдау жасау қабілеті,

дау-дамайды реттеу қабілеттері және т.б. Жоғары оқу орнының түлегі қай жерге жұмысқа барса да, оның бойында осы дағдылар болуы керектігі айқын болып отыр. Ал егер осы міндет арнайы шешілмесе ол қалай пайда болуы мүмкін деген сұрақ туындайды.

Интерактивті оқыту дәстүрліден өзгеше, алдымен акценттің оқытушы әрекетінен ересек әрекетіне ауысуын көздейді. Қазіргі білім беру парадагмасында негізгі мақсат қайткенде де оқытушының қызметін жетілдіруге, жақсартуға, күшейтуге тырысады. Бұл жағдайда білімдік процесте ересектің немен шұғылданатындығы, шындығында аудиториядан қандай білімді алып шығатындығы сырт қалып қояды. Педагог аудиторияда өзі жұмыс істейді де, ал ересектің жұмысы өз белсенділігімен ерекшеленбейтіндігіне көз жеткізу қиын емес. Ал, білімнің құрылымдалуы және игерілу үрдісі, негізінен өз дәрежесінде ұйымдастырылуына тәуелді.

Қазіргі оқу үрдісін ұйымдастыру ақпаратты беру тәсілі ретінде бір жақты қатысым формасы, яғни ақпаратты оқытушының беруі және ақпаратты ересек одан әрі қайталауы қолданылады. Бұл жағдайда оқытудың негізгі көзі педагогтың тәжірибесі болып табылады да, ал ересек ақпаратты біржақты қабылдаушы ретінде ғана, белгілі бір білім аймағы бойынша оқиды, тыңдайды, айтады. Кейде біржақтылық бұзылуы мүмкін (мысалы: ересек бір нәрсені нақтылау үшін сұрақ қояды және бұл жағдайда екі жақты қатыс жүзеге асады. Тағы бір ерекшелік біржақтылық қатыс формасы тек дәріс сабағында ғана емес, семинар сабақтарында да жүзеге асырылады екен. Мұндағы айырмашылық енді ересек кейбір ақпаратты хабарлаушы ролін атқарады. Бұл - оқытушы тарапынан семинар алдындағы берген сұрақтарына жауаптары, рефераттар, лекция материалын қайталап айту. Ұзақ уақыт бойы осылайша өмір сүріп келген білім берудің бұл формасы бүгінгі күні көптеген себептерге байланысты пайдасыз деп табылып, оған көптеген сын айтылуда. Оқытудың осы формасының кейбір кемшіліктеріне тоқталайық:

1. Алдымен сабақ кезіндегі ересектің енжарлығы, оның қызметі – тыңдау, ал қазіргі шетелдік педагогикалық зерттеулер оқу процесіне енжар қатысудың көп кешікпей ізі де қалмайтындығын көрсетуде. Американдық зерттеушілер Р.Карникау мен Ф.Макэлроу анықтаған оқытудың төмендегідей белгілі бір заңдылығы бар: адам оқығанының 10%-ын, естігенінің - 20%-ын, көргенінің - 30%-ын, көріп-естігенінің - 50%-ын, көріп, естіп және өзі айтқанының 80%-ын, соны өз іс-әрекетінде жүзеге асырғанының 90%-ын есте сақтайды (Karnikau, Mceiroy, 1975).

2. Ал екінші қарапайым және дәлелді: бір жақты қатыс ақпарат жетіспеген жағдайда, яғни лектордың әңгімелеуінен басқа оны алу тәсілінің мүмкіндігі болмаған жағдайда тиімді. Бүгінгі жағдай басқаша, өйткені оқытушы көбіне түпнұсқалы емес, материалды пайдаланады. Оны құрылымдау тәсілі, баяндау логикасы мен мәнері ғана өзіндік болып шығады да оқытушының өзі үшін ғана пайдалы болып шығады, ол басқалар ашқан білімді ала отырып қызмет істейді. Бұл оқытушының деңгейі мен шеберлігін көтеру үшін сөз жоқ құнды, бірақ ересектің өз білімін құрылымдауы үшін пайдасы шамалы, өйткені басқаның білімді құрылымдауы оның өзінікі бола алмайды. Оған ризашылық білдіруге болады, бәрі бір өзінікін жасауға тура келеді. Ал білімдік процестегі көп жақты қатыс формасы тіршілік тұрғыдан мүлдем басқаша. Арнайы ұйымдастырылған көп жақты қатыс тәсілі білімдік процес субъектілерінің әрқайсысының белсенділігін, басқару мәні бақылауда оқытушы тарапынан басымдылық көрсетуінің болмауы ересектердің өздерінің де тең құқықта қатысуы көзделеді. Интерактивтік оқытудың формаларына келетін болсақ, қазіргі кезде кеңінен қолданылып жүрген топтық жұмыстың көптеген формалары бар. Бұл формалар әртүрлі педагогикалық мәселелерді шешуде өзінің жоғары тиімділігін көрсетті. Жалпы алғанда кредиттік оқыту жүйесі үшін оқытудың интерактивті формаларын қолдану білім сапасын арттыруда жоғары нәтижелерге жетуге мүмкіндік бере алады [5].

Ересектің білімі талқылау үрдісінде қалыптасатын көз жеткізуге, диалогқа, пікірталасқа және басқа да оқытудың интерактивті әдістеріне ауысқанда; талқылау және бақылау сұрақтары үшін сұрақтарды жасақтау арқылы, бұл тек қана игеруді емес, сонымен бірге оған қосымша, нақтылау, сын логикасында қатынасты қалыптастыру; білім берудің ойлау техникасын шешетін, коммуникативтік және рефлексивтік міндеттерін шешуге ойлау салмақтау қабілеттерін дамытуға белгілі бір тәсілмен жасауға бағдарланған жаттығуларын жасау.

Бүгінгі университет берген білім ертеңгі дамып кеткен қоғам қажеттілігін қанағаттандыра алмайды. Сондықтан алғашқы курстардан бастап өзбетінше білім алу біліктіліктері мен дағдысын қалыптастыру оқытушының ең басты міндеті болуға тиіс екеніне шүбә келтіруге болмайды. Ғылыми ұғымдар, анықтамалар сияқты техникалық білім негіздері, сол алғашқы курстарда басталады, ересектің өздігінен білім алу біліктіліктері мен дағдылары да негізінен осы тұста қалыптасады. Мектептегі

оқу тәсілі мен жоғары оқу орнындағы айырмашылық – әрқашан кедергі фактор болып табылады. Бұл қиындық өздігінен білім алуға материалды іздеу, табу, оқу, оны конспектілеу сияқты іс-әрекеттерге мектепте үйретілмегендіктен туындайды.

Оқыту ісі бір-бірімен үнемі байланыста болатын үш компоненттен тұратыны белгілі. Біріншісі – білімнің мазмұны, сабақ беру іс-әрекеті және ересектің оқу іс-әрекеті. Бұлар бірімен-бірі тығыз байланыста, өзара қарым-қатынаста болады. Бірінші компонент оқу материалы мен оқытушының арасындағы қатынасты көрсетеді. Екіншісі – оқу материалы мен ересектің арасындағы қатынас. Үшіншісі – оқытушылар мен ересектер арасындағы қатынас. Оқытуда алға қойған мәселеге орай, ересектің іс-әрекетін ұйымдастыру — оқытушының оқыту процесіндегі негізгі қызметі. Ересек алға қойған мақсатына жету үшін, белгілі бір мотивпен әрекет жасап, пәнді оқып үйреніп, білімін одан әрі тереңдетеді.

Оқыту кезінде ересектің іс-әрекетінің барысына ерекше көңіл аудару қажет, себебі оның астарында берілген білімді қабылдау, терең түсіну ересек іс-әрекетінің деңгейіне тікелей қатысты болады. Өзбетінше жұмыс істеуді аудиторияда және одан тыс жерлерде ұйымдастырудың әр қандай түрлері мен типтерін қолдана отырып ересектердің өздігінен ізденіп оқуына, білімін өсіруге ықпал етіп, оны ұйымдастыра білу өте қажет. Алдымен таным іс-әрекеті жүреді, бұдан соң ол творчестволық, іс-әрекетке ұласады. Бұл екі түрлі іс-әрекет диалектикалық, бірлікте творчестволық, іс-әрекетке көшеді. Осы жағдайға сай теориялық, механика бойынша өтілген практикалық, сабақ, үстінде дидактикалық, жаттығу - есеп түрінде әзірленген есеп шығару үлгісі беріліп, келесі жеңілдеу есепті ересек осы әдіс бойынша өз күшімен шығарады. Егер есеп күрделірек болса, білетін әдіске сүйене отырып өзбетімен ізденіп, творчестволық іс-әрекетке көшеді. Осылайша оның белсенділігі артып, өздігінен білім алуға практикалық жағынан қадам жасап, сенімі, ой-өрісі өсіп, білімі толығады.

Интерактивті оқытудың көзін психотерапиялық топтың (Т-топтар, гештальт- топтар, кездесу топтары, денелік терапия, арт-терапия, психодрамы, ТЦВ (темоцентрированного взаимодействия) т.б.) әдістері мен тәсілдерінен табуға болады. Бұл технологияның негізгі ерекшелігі оқыту үрдісі топтық бірлескен қызмет барысында жүзеге асады. А топ әрқайсысына деген қарым-қатынаста барлық сыртқы әлемді бейнелейтін микрокомос болып табылады. Топтық жұмыстың мәні - адам арнайы жасалған ортасында алынған тәжірибесін сыртқы әлемге ауыстырып және оны сәтті қолдана алуы. Алайда интерактивті оқыту технологиясын ұйымдастырушылары үшін таза оқу мақсатынан басқа, топта жүріп жатқан өзара әрекет үрдісінде өзге адамдардың құндылығы саналанып және олармен қатынасқа, олардың қолдауына деген қажеттілік қалыптасуы маңызды. Сондықтан да интерактивті оқыту тобында сәтті қызмет үшін қажетті екі негізгі функция жүзеге асуы қажет: бірлескен жұмыс барысында қойылған міндетті шешу (оқу, қылықтық т.б.), топ мүшелеріне қолдау көрсету [6].

Оқытудағы әрекеттесуде екі функцияда да бірін-бірі ығыстырмай, тең дәрежеде жүзеге асса ғана тиімді болады. Әдетте педагог негізінен оқу міндетін шешуді көздеп тұрады. Мұндай бағыттағы әрекеттесу дәстүрлі оқыту әдісінде өзін ақтады, өйткені бұл оқыту технологиясы әдістемелік жағынан төселген және педагогқа біршама дағдылы.

Практикалық түрде оқытушылардың интерактивті оқытудың тек сыртқы көріністерімен тоқталатын жағдайлар жиі кездеседі: ересектермен ашық қатынас, еркін пікір алмасу, жоғары бағлау және т.б. Бұл диалогтық таным әдісі идеясының өзін дискреминациялайды, оны жеңілдетілген оқыту нұсқасына ауыстырады (үрдіс жеңіл және еркін болғанда, нәтижесі қанағаттанарлық болмай қалады).

Интерактивтік тәртіптегі оқу үрдісін ұйымдастырудың кейбір аспектілерін нақтылайық. Алдымен оқу аудиториясының кеңістігіне назар аударайық. Диалог бетпе-бет қатынасты қарастырады. Сондықтан, өзінің алдындағы адамның желкесі мен тек жалғыз оқытушының бетін көріп отыратын дәстүрлі партаның орналасуы бұл жерде қолайсыз. Интерактивті оқытуда оқу орындарының орналасуын өзгертіп отыру қажет. Ол топтардың саны мен әр топтағы адамдар санына байланысты.

Үйренген оқу кеңістігінің өзгеруі, қойылған сұрақты келісе отырып шешу ересектерді дәстүрден тыс оқыту түріне даярлайды. Мұндай аудиторияға кіруде ересектерде стандарттан тыс оқу жағдайына түрткілік даярлық туындайды. Ересектердің іштей даярлығы әр келесі сабақтағы интерактивті оқыту формасы мен мазмұнына «енуге» қажетті уақытты азайтуға мүмкіндік береді.

Оқытушы оқу топтарының қалыптасу үрдісін ойластырғаны дұрыс. Оқу тобында ересектер тек оқу міндетін шешіп қана қоймауы қажет, сонымен қатар коммуникативті дағдыны көрсетіп және

бекітуі қажет. Ең бастапқы кезден бір-бірінің бастамаларын қолдау қалауы мен даярлығын бейнелейтін микротоптың эмоциональдық климатына қамқорлық таныту қажет.

Кейбір педагогтар ересектерге «қалау бойынша» бірігуді ұсынады. Мұндай тұрғының оң қыры ересектердің тұлғааралық симпатиясын ескеруден тұрады. Мұның теріс жағы да бар: бір-біріне тең дәрежеде емес топтар қалыптасады, сондықтан бірлескен іс-әрекеттің нәтижесі үлкен айырмашылықта болуы мүмкін. Сонымен қатар, топ ішінде достық, бірақ бос кету атмосфера, яғни қатынасқа деген қызығушылық оқу міндетін шешу үрдісін ығыстыруы қалыптасуы мүмкін. Сондықтан қалыптастырушылар ересектерді жеке қызығушылықтарынан басқа да критерийлермен біріктіруді ұсынады. Әлсіз адамға тек күшті ғана емес, шыдамды және қайырымды серік қажет. Бірбеткей қырсыққа өзі сияқты адаммен күш сынастырған пайдалы. Ең дамығандарды әлсіздермен қатар қоя беруде қажетсіз, оларға тең серік қажет.

Топты қалыптастыруда қойылған міндеттің мазмұнында ескеру қажет. Мәселен оқытушы әр топқа мәселе бойынша қарама-қарсы көзарастағы ересектерді талқылау қызықты және тартысты болу үшін қоюы мүмкін. Немесе керісінше, біртектес топтарды жасақтауға болады, олар бір саладағы қызығушылықтың бірлігімен сипатталуы мүмкін: музыкалық (классикалық музыканы, рок-фанаттары, отандық эстраданы ұнататындар), әдебиетке, спортқа қызығушылықтарымен т.б.

Шағын тотардағы тікелей жұмыс оқу міндетін игеруден басталады. Топқа арналған тапсырманың мазмұны дәстүрлі оқытуға қарағанда өзгеше сипатта болуы қажет. Мысал үшін, оқулықтағы мәтіннің конспектісін жасауды топқа ұсынуға бола ма, егер әрқайсысы оны өз бетімен жасай алатын болса? Жоқ, тек мәселені әдеттен тыс қою ересектердің бір-бірінен көмек алуына, пікір алмасуға, топтың ортақ пікірін сомдауға итермелейтінін практика көрсетіп отыр.

Мысалы, «Педагогика тарихы» пәнінде ересектерге ұсынылған 20-25 тұлға сапасының ішінен топың пікірі бойынша тарихи тұлғаға қажетті бестікті құрайтын маңыздыларын таңдап алу ұсынылады. Алынған салыстырмалы портрет біздің өміріміздегі мәңгі және ұрпақтан ұрпаққа берілетін құндылықтар туралы сөз етуге мүмкіндік береді.

Талқылауды ұйымдастыруда қатынас мен бірлесу дағдысының қалыптасуына көңіл бөлу қажет. Талқылау кезінде әртүрлі көзқарастардың түйісуі болады. Мұндағы ең қиын ереже топтық жұмыс кезіндегі әріптесінің өзінің тұлғасы мен оның осы жұмыс барысындағы рөлін ажырата білу. Мәселен инициатор кез-келген, ең фантастикалық ойларды ұсынуы мүмкін, ал қалған топ мүшелері оның ұсыныстарын шындықтан қаншалықты алшақ болса да мазаққа айналдырмау қажет. Тағы бір жағдай: бақылаушы рөлі заңды сынды ұсыну, бірақ сын негізді, конструктивті болуы қажет. Бұл жерде «сыншы» және оның оппоненті диалог шекарасын сезінуі қажет және дау жағдайды оқу міндеті шеңберінен тұлғааралық аймаққа ауыстырмауы қажет.

Педагог-практиктер оқудағы бірлесу формаларына ауысуға 3-4 сабақ ересектердің топтық мінез-құлықтың қалыптарымен танысу үшін қажет деп санайды. Өзара әрекеттесудің позитивті және негативті жақтарына көңіл бөлу ұсынылады. Біріншісінің рөлі қалыптасқан топтарды қолдау және әлі қалыптасудағы топтарға топтаралық өзара әрекеттің мүмкіндіктерін көрсету. Дау-жанжал жағдайларды талдау топқа өзара әрекетті өкпелеудің алдын алу құралы ретінде оның қалыптары мен ережелерін интиуитивті сезіну ғана емес, оны анықтауды, салмақтауға көмектеседі. Бұл интерактивті оқыту үрдісі барысында ересектердің өздері тиімді оқу бірлесуіне қажетті ережелер қалыптасуына қажетті. Шағын топтардағы жұмыстарға қорытынды жүргізу үрдісі олардың әрқайсысына екі қызметті: оқу міндетін шешу мен топтық бірігудің қаншалықты жүзеге асыру мүмкін болғанын көрсетеді. «Спикер» ортақ шешімді айтып тұрып, өзінің жеке пікірін білдіріп кететін жағдай кездеседі. Немесе, керісінше топтың кез-келген мүшесі шешімді түсіндіріп және дәлелдеп беретін жағдайда емес екені анықталуы мүмкін. Мұның бәрі топтық бірлесудің қызметі қажет деңгейде жүзеге асып отырмағанының куәсі бола алады. Сондықтан да оқу міндетін игеру кезінде топтың шешімі барлық мүшелерінің ортақ пікірін білдіруі қажет екенін ерекеше баса көрсету қажет. Әрине, талқылау үрдісінде бір-бірін тыңдауды, өзгенің көзқарасын қабылдауға, орын беру немесе керісінше өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеу, өзгелерді ренжітпей пікірін негіздеу т.б. үйрену қажет.

Білім берудегі инновациялық процестердің мәнін түсінудің негізінде педагогиканың аса маңызды екі проблемасы озат педагогикалық тәжірибені зерттеу, қорыту және тарату; психологиялық-педагогикалық ғылымының жетістіктерін өмірге енгізу проблемасы жатыр. Демек, үздіксіз білім берудің мазмұны мен тетіктері қазіргі кезге дейін әзірше бір бірінен бөлек қаралатын екі өзара байланысты

процесті біріктіру жазығында жатуға тиісті, яғни инновациялық процестердің нәтижесі теориялық та, практикалық та жаңалықтарды, теория мен практиканың ұштасуында пайда болатын жаңалықтарды да пайда болуға тиісті. Осының бәрі педагогикалық жаңалықтарды жасау, меңгеру және пайдалану жөніндегі қызметті басқарудың маңыздылығын көрсетеді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Педагогический энциклопедический словарь / Гл. ред. Б.М. Бим-Бад; Редкол.: М. М. Безруких, В. А. Болотов, Л. С. Глебова и др. – М.: Большая Российская энциклопедия, 2003. — 528 с. — ISBN 5-7107-7304-2. — 175 с.
- 2 Громкова М.Т. Андрагогика: теория и практика образования взрослых: Учеб. пособие для системы доп. проф. образования; уч. пособие для ересексов вузов. М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2005. – 45 с.
- 3 Змеев С.И. Технология обучения взрослых: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2002. - 116 с.
- 4 Кредиттік жүйе жағдайындағы оқитудың иновациялық технологиялары /ЖОО оқытушыларына арналған әдістемелік құрал. Ред.жет. Ә.М.Мұханбетжанова, С.М.Бахишева. – Орал, 2000. – 170 б.
- 5 Новые педагогические и информационные технологии в системе образования / Под ред. Е.С.Полат. – М., 2001. – 272 с.
- 6 Исмагулова Ж.С. Оқитудың инновациялық технологиялары. /оқу-әдістемелік құрал.- М.Өтемісов ат. БҚМУ БАҚ және БО, 2012. – 158 б.

УДК 376.2/4
МРНТИ 14.29.41

Ж.С. Бекжанова¹

¹аға оқытушы, магистр,

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік Университеті,
Атырау қ., Қазақстан*

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БЕЙІМДЕУ

Аңдатпа

Бұл мақала мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік-педагогикалық бейімдеу мәселесін қарастырады. Мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамның нақты өміріне енгізу әлемдегі өзекті мәселе болып табылады. Мүмкіндігі шектеулі балалар өзінің біртекті емес құрамы және сараланған жасы, жынысы мен әлеуметтік статусы, қоғамның әлеуметтік-демографиялық құрылымындағы алатын орны бойынша халықтың ерекше тобын құрайды, Бұл әлеуметтік топтың ерекшеліктері денсаулығын сақтау, реабилитация, еңбек және тәуелсіз өмірге қатысты өзінің құқықтарын дербес жүзеге асыруға қабілетсіздігі болып табылады. Әлеуметтік-педагогикалық бейімделу адамның еңбек ұйымының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін меңгеруін, ондағы өзара қарым-қатынас жүйесіне ұйым мүшелерімен жағымды өзара әрекеттестуін сипаттайды. Әлеуметтік-педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық бейімделу үрдістері адамзат іс-әрекеттерінің төрт бағыттары бойынша өтеді: танымдық, қайта өндіру, құндылық-бағдарлық және коммуникативтік. Бейімделудің осы бағыттарының қалыптатылуы тұтас динамикалық жүйені құрайды, онда әрқайсысы басқаларымен гармониялық үйлесімділікте болады.

Түйін сөздер: адаптация, дезадаптация, әлеуметтік-педагогикалық бейімдеу, мүмкіндігі шектеулі балалар.

Аннотация

СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ АДАПТАЦИЯ ДЕТЕЙ С ОГРАНИЧЕННЫМИ ВОЗМОЖНОСТЯМИ

Ж.С. Бекжанова¹

¹старший преподаватель, магистр Атырауский Государственный Университет
имени Х. Досмұхамедова, г. Атырау, Казахстан

Данная статья рассматривает проблему социально-психологической адаптации детей с ограниченными возможностями. Проблема включения детей с ограниченными возможностями в реальную жизнь общества является актуальной во всем мире. Дети с ограниченными возможностями составляют особую группу населения, неоднородную по своему составу и дифференцированную по возрасту, полу и социальному статусу, занимающую значительное место в социально-демографической структуре общества. Особенностью этой социальной группы является неспособность самостоятельно реализовать свои конституционные права на охрану здоровья, реабилитацию, труд и независимую жизнь. Социально-психологическая адаптация заключается в освоении человеком социально-психологических особенностей трудовой организации, вхождения в сложившуюся в ней систему взаимоотношений, позитивном взаимодействии с членами организации. Процесс социально-психологической адап-

тации протекает по всем четырем направлениям человеческой деятельности: познавательному, преобразовательному, ценностно-ориентированному и коммуникативному. В норме все эти направления адаптации образуют целостную динамическую систему, в которой каждое из них гармонично сочетается с остальными.

Ключевые слова: адаптация, дезадаптация, социально-педагогическая адаптация, дети с ограниченными возможностями.

Abstract

SOCIO-PEDAGOGICAL ADAPTATION OF CHILDREN WITH DISABILITIES

Bekzhanova Zh.S¹.

*¹senior teacher. Master Atyrau State University named after Kh.Dosmukhamedov
Atyrau, Kazakhstan*

This article considers the problem of socio-psychological adaptation of children with disabilities. The problem of inclusion of children with disabilities in the real life of society is an urgent worldwide. Children with disabilities constitute a special group of people, non-uniform in its composition and differentiated by age, gender and social status, which occupies an important place in the socio-demographic structure of society. A special feature of this social group is the inability to exercise their constitutional right to health care, rehabilitation, employment and independent living. Socio-psychological adaptation is the development of human social and psychological characteristics of the labor organization, joining the existing system of relations in it, positive interaction with the members of the organization. The process of social and psychological adaptation takes place in all four areas of human activity: cognitive, transformative, value-oriented and communicative. Normally, these areas form a coherent adaptation of a dynamic system, in which each of them in harmony with the others.

Key words: adaptation, maladjustment, socio-pedagogical adaptation, of children with disabilities.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты халқына Жолдауында білім беруді дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі дей отырып, адами капитал сапасын жақсарту қажет –деп тұжырымдайды [1].

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарына баршаның сапалы білім алуға құқытарының теңдігі, әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырылып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі жатады [2].

Инклюзивті білім берудің мақсаты – барлық оқушыларға барынша толыққанды әлеуметтік өмір, ұжымға, жергілікті қауымдастыққа белсене қатысуға мүмкіндік бере отырып, сол арқылы оларға бір-бірімен қауымдастық мүшелері ретінде толық өзара әрекеттестік пен қамқорлықты қамтамасыз ету. Бұл баршаның сапалы білімге қол жетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған білім беру жүйесін тарату үрдістерінің бірі болып табылады. Ол балалардың дене, психикалық, зияткерлік, мәдени-этникалық, тілдік және басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, сапалы білім беру ортасына айрықша білім алу қажеттіліктері бар балаларды қосуды, барлық кедергілерді жоюды, олардың сапалы білім алуы үшін және олардың әлеуметтік бейімделуін, социумға кірігуін көздейді. Кең мағынада инклюзивті білім беру кедергілерді жоюға және оқыту үрдісіне ерекше оқытуды қажет ететін барлық адамдарды қосу мен сапалы білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында оларды әлеуметтік бейімдеуге бағытталған білім беру үрдісі [3].

Даму мүмкіндігі шектеулі балалардың бірнеше типтері бар, олар: тірек-қимыл аппараттары бұзылған, ақыл-есі кем, психикалық дамуы шектелген, нашар көретін немесе нашар еститін, сөйлеу тілінің кемістігі сияқтылар. Сондықтан бүгінде инклюзивті білім алуға жатқызылатын санаттарды былай топтастырады: денсаулығында ақауы бар балалар (мүмкіндігі шектеулі балалар, мүгедек балалар); қоғамда әлеуметтік бейімделуі қиын балалар (әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық төменгі деңгейдегі отбасылардан шыққан девианттық мінез-құлықты балалар); мигранттардың, оралмандардың, босқындардың отбасыларынан шыққан балалар.

Баланың мінез-құлқының әлеуметтік нормаға сәйкес келмеуі оның денсаулығында мүкіс бар деп есептеледі. Баланың дамуының және әлеуметтенудің ауытқуы бірнеше факторға байланысты. Оларды үш негізгі топқа бөлуге болады: биогенді, әлеуметтік және психогенді. Адамның кез келген факторға байланысты мүмкіндіктерінің қоршаған ортамен байланысының бұзылуын, әлеуметтендірудің құлдырауына әкеліп соғады. Мәдени дамудың үлгісі үнемі белгілі бір топта белгіленген нормамен шектеледі. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекшелігі басқа балалардай емес, оқу бағдарламасын жәй қабылдайды. Олардың интеллектуалдық даму деңгейі, зейіні, есте сақтауы, ойлап қабілеттері төмен болады. Мүмкіндігі шектеулі балаларды инклюзивті және кіріктіріп оқытуды қажет ететін тұлғаларды жалпы білім беру үрдісіне қосу аясында оларды әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру қажет.

Түзету және инклюзивті білім беру бағдарламасының мақсаты - мектеп жасына дейінгі әртүрлі мұқтаждықтағы даму мүмкіндіктері шектеулі балалардың психикалық процестерін дамытуда, білім алуға кешенді психологиялық-педагогикалық көмек көрсету.

Қазіргі заманғы ғылым мен практикада балаларға көмектесу әдістерін дайындауда *адаптация негізгі ұстанымның бірі* болып табылады.

«Адаптация» термині (латын. *adaptatio*) – бейімделу сөзінен шыққан. Оны адам ағзасының, оның қызметтерінің, ағзалары мен жасушаларының белгілі ортаның жағдайына бейімделуі деп түсінуге болады. Адаптация индивид денесіндегі жүйелердің, ағзаларының және психикалық құрылымдарының өзгерген жағдайға бейімделуіне бағытталады [4].

Бейімделу үдеріс, көрініс және нәтиже түрінде қарастырылады. Бейімделу үдеріс ретінде адамның табиғи мүмкіндіктерінің белгілі бір өмірлік жағдайда (мысалы, бала бақшасында, сыныпта, топта, өндірісте, тынығуда т.б.) дамуын, өзінің табиғи мүмкіндіктерін жүзеге асыруымен әлеуметтенуін білдіреді.

Бейімделу көрініс ретінде типтік мінез-құлық, жүрі-тұрыс, яғни іс-қимылын, қарым-қатынасын, нақты орта жағдайындағы адам іс-әрекетінің нәтижесін, оның белгілі мерзімде нақты жағдайға бейімделуін (жағымды көңіл-күйін) сипаттайды. Бейімделу нәтиже ретінде баланың жас ерекшелігіне қарай өмірлік ортаға, белгілі жағдайға және оның іс-қимылы, қарым-қатынасы мен іс-әрекетінің сол әлеуметтік ортаға, әлеуметтік қалыптар мен ережелерге сәйкесуі, оның белгілі әлеуметтік ортаға қандай деңгейде бейімделгенін көрсетеді.

«Бейімделу» (адаптация) ұғымы индивид пен ортаның тепе-теңдік байланыстары туралы гештальтпсихология, ақыл-ойдың даму теориясы сияқты психологиялық концепцияларда маңызды орын алады.

Әлеуметтік бейімделу тек дені сау адамдардың ғана емес, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі балалардың да әлеуметтік ортаға қосылуы, қоғамда өмір сүруге бейімделуі. Мүгедек бала тіршілік-тынысының шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организм функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығы бұзылған он сегіз жасқа толмаған адам. Мүмкіндігі шектеулі балаларда бейімделу үдерісі үнемі сәтті, қиындықсыз бола бермейді. Кейде, адекватты емес мінез-құлық реакциялары, қиын психологиялық ситуациялар туындайды [5].

Дезадаптация (лат. қосымша *de...* немесе фран. *des...*) - жоғалу, құру, толықтай жоқ болу және өте сирек мағынада төмендеу, кішірею, бір сөзбен айтсақ, бейімделмеуді білдіреді. Кейбір ғылыми әдебиеттерде «дизадаптация» (лат. *dis* – бірінші мағынада – бүліну, кателесу, өзгеру, сирек мағынада жоғалуды білдіреді) [6].

Дезадаптация адамның психофизиологиялық және әлеуметтік-психологиялық статусының тіршілік жағдайының талаптарына сәйкес келмеуі, оның өз кезегінде тіршілік ортасына бейімделмеуіне әкеледі. Дезадаптация құбылысы жеке (типтік) немесе кез келген ортада орын алады. Мысалы, бала үйде өзін өте жақсы сезінеді және ешқандай дезадаптациялық құбылысты сезінбейді, ал бала бақшасында керісінше, өзін дискомфортты, яғни жақсы сезінбейді. Балалардағы дезадаптация күйі оңай пайда болғанмен, адаптация үдерістері ұзақ уақытқа созылады. Мүмкіндігі шектеулі балалардың бейімделу немесе адаптация қиындықтарын жеңілдету, психикалық дамуын қалыпты балалардың психикалық дамуы деңгейіне жақындату коррекция және компенсация жолдарымен жүзеге асады.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған білім беру қызметтерін Қазақстан Республикасының білім беру қызметтерінің ҚР білім беру туралы заңдарында белгіленген тәртіппен арнаулы ұйымдар: психологиялық-медициналық-педагогикалық түзету кабинеттері, оңалту орталықтары, логопедтік пункттер басқа да арнаулы түзету ұйымдары қызмет көрсетеді. Мүмкіндігі шектеулі адамдардың әлеуметтік байланыс, қарым-қатынас құқықтары халықаралық заңдылықтармен бекітілген. Балалар бірінші кезекте қамқорлық пен көмекке ие болуы тиіс. Адам құқығы Декларациясында былай дейді: «Барлық балалар нәсіліне, ақ-қаралығына, жынысына, тіліне, дініне, саяси және басқа да түсінігіне туған жері мен жағдайына қарамастан төмендегі аты аталған мүмкіндіктердің бәріне құқылы [7].

Бүгінде осы салаға байланысты арнайы сауықтыру орталықтары да жұмыс жасап келеді. Қазіргі уақытта республикалық арнайы түзету мекемелерінде мүмкіндігі шектеулі балалар мен жасөспірімдер тәрбиеленуде. Осы топқа жататын арнайы мектептерде сырқаттары және басқа себептерге байланысты оқуға мүмкіншіліктері жоқ оқушылардың жалпы орта мектептерде білім алуы қиыншылық туғызады. Осы себепті әлеуметтік тәрбиенің мәселелерін көре білу, сезіну және шешу жолдарын қарастыру,

мүмкіндігі шектеулі баланы әлеуметтендіруге қолайлы шарт жасау және қатарға қосу мен тәрбиелеуді жүзеге асыруды міндет етіп алға қою керек.

Адамның ең маңызды игілігі –жеке басының бостандығы мен құқықтары. Ата Заңымыз Конституцияның «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау» туралы Заңның 4- тарауында кемтар балалардың құқықтары бекітілген, нақты ата-аналарының және өзге де заңды өкілдерінің құқықтары мен міндеттері көрсетілген. 15-бап кемтар балалардың әлеуметтік және медициналық-психологиялық түзеу арқылы қолдауды кепіл түрде тегін алуға құқығын бекітті [8].

«Балалардың құқықтары туралы Конвенцияда» мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекше күтімге, білім алуы мен дайындығына, әлеуметтік ортада, қоғамда толық құқылы өмір сүруін қамтамасыздандыру мазмұны 23-баптарында нақты көрсетілген. Олардың мүмкіндіктері шектеулі болса да, мәртебесі сау адамдармен тең дәрежелі. Атап айтқанда мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың қалыпты дамыған адамдармен әлеуметтік жағынан да, саяси, азаматтық, экономикалық, мәдени жағынан тең құқылы екендігі айтылған [9].

Бейімделудің негізгі түрлеріне сенсорлық бейімделу мен әлеуметтік бейімделу жатады. Сенсорлық бейімделу түйсіктердің бейімделуі. Әлеуметтік бейімделу бейімделудің еңжоғары дәрежесі, бір жағынан, үнемі жүретін индивидтің әлеуметтік орта жағдайларына белсенді түрде бейімделу үрдісі, екінші жағынан, бұл үрдістің нәтижесі. Осы екі компоненттің өзара қатынасы индивидтің қажеттіліктеріне, оларды қанағаттандыру мүмкіндігіне тәуелді. Бейімделу үздіксіз жүретін үрдіс болса да, оны әдетте, адамның өмірінде негізгі әрекеттердің және әлеуметтік ортаның ауысуымен байланыстырады. Психологиялық бейімделудің негізгі көріністері адамның айналасындағы адамдармен белсенді қарым-қатынас жасауы. Психологиялық бейімделудің басты құралы тәрбие, білім, еңбек және кәсіби даярлық болып табылады. Психологиялық адаптация, адам өміріндегі кез келген өзгерістерде жүзеге асады. Мысалы, «үйкүшік» баланың балабақшаға келген соң, жаңа жағдайларға бейімделуіне тура келеді. Мектепке келу, жаңа талаптарды орындауға, жаңа жағдайларға бейімделуді қажет етеді. Еңбек жолын бастаған жастарда бейімделу кезеңін басынан кешіреді. Тіпті микросоциумдағы (отбасы) өзгерістер: ата-аналардың ажырасуы немесе жақын адамдардың қайтыс болуы т.б. жаңа жағдайлар туғызады.

Коррекция (лат. Correctio – түзету) балалардың психикалық және дене бітімдік дамуындағы кемшіліктерін психологиялық-педагогикалық және емдеу-сауықтыру шараларының жүйесі көмігімен түзету. Бұл жүйе баланың психикасының, дене бітімінің ауытқуларын жеңілдетуге және жоюға, түзетуге немесе азайтуға бағытталады. Коррекция түсінігіне жеке кемістіктерді түзетумен қатар (мысалы, көру және тіл мүкісін жөндеу) кемістігі бар баланы оқыту, тәрбиелеу, дамыту барысында қажетті нәтижеге жету мақсатындағы түпкілікті әсер ету де енеді. Баланың танымдық әрекетіндегі және денесіндегі даму кемшіліктерін жою мен түзету «коррекциялық тәрбиелеу жұмысы» ұғымымен белгіленеді.

Мүмкіндігі шектеулі балалар мәселесі қай заманда болмасын көпшілік бұқараны алаңдататын, мемлекет назарын үнемі өзіне аудартатын үлкен ауқымды мәселе екені анық. Дамудағы ауытқуды түзету немесе коррекция жасаудың тұтас тұжырымдамасын алғаш рет италия педагогы М.Монтессори жасады. Ол сезімдік тәжірибе мен моториканың дамуы автоматты түрде ойлауды дамытады, себебі олар ойлаудың алғышарттары деп есептейді. Ақыл-ой дамуы тежелген, артта қалған балаларға арналған ортофеникалық мектеп ашып, мұнда емдеуші педагогиканың негізі ретінде сенсомоторлық тәрбие жүйесін енгізді [10].

Қорыта келгенде, мүмкіндіктері шектеулі балалармен жұмыс жеке білім беру және түзету-дамыту бағдарламаларымен жүргізіледі. Әрбір жалпы мектептерде білімді, тәжірбиелі арнайы педагог балаларға арнайы көмек көрсету мен мұғалімдерге кеңес беру қызметін атқарады. Осы атқарылып жатқан игі істердің барлығы мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамда өз орнын табуға, дені сау балалар тәрізді білім алуына мүмкіндік жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар.
- 2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заң. - Астана: Ақорда, 2007. – №319-III ҚРЗ. www.edu.gov.kz.
- 3 Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. - 16б. (қазақ және орыс тілінде).

4 Социальная педагогика и социальная работа: Социально-юридический словарь./Под. Ред. Мухаметзяновой Г.В., М.: ИЧП Магистр, 1995. - 96 с.

5 Шеримова А.С. Қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік-психологиялық бейімдеудің маңызы//Молодой ученый. 2015. №8.1. - С. 41-44.

6 Блейхер В.М., И.В. Крук. Толковый словарь психиатрических терминов.

7 Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (III) қабылданғана dilet.zan.kz/kaz/docs/O480000001

8 Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы: Қазақстан. 1995. - 47 б.

9 Бала құқықтары туралы конвенция. 1989 жылғы 20 қарашада Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы

10 Монтессори М. Метод научной педагогики, применяемый к детскому воспитанию в домах ребенка. - М.: Тип. Гос.снаб., 1993. - 168с.

УДК 316.62

МРНТИ 15.41.59

Т.Ж. Бисембаева¹

¹аға оқытушы, магистр,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік Университеті, Атырау қ., Қазақстан

АУЫР ӨМІРЛІК ЖАҒДАЙЛАРҒА ТАП БОЛҒАН БАЛАЛАРДЫҢ ТИПТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада ауыр өмірлік жағдайларға тап болған балалардың типтері қарастырылады. Жаһандық өзгерістер қоғамдағы жаппай жұмыссыздық, ішімдік, ауру, өмірдің материалдық жағдайының төмендеуі, адамгершілік және отбасылық қағидалардың күшін жоғалтуы, тағы басқа бірқатар жағымсыз әлеуметтік мәселелерді тудыруда. Осындай келеңсіздіктер көптеген балалардың ауыр өмірлік жағдайларға тап болуына алып келеді. Ауыр өмірлік жағдай – бұл ішкі әсерлерден немесе сыртқы өзгерістерден адамның өмірге бейімделуінің бұзылуына, нәтижесінде алдағы өмірінде қалыптастырған мінез-құлық үлгісі мен тәсілі арқылыөзінің негізгі өмірлік қажеттіліктерінеқанағаттанбайтын күйде болуына алып келетін жағдайлар. Балалардың ауыр өмірлік жағдайларын пайда болу көздері, негіздері, өмір сүру қызметтері, салдары, отбасының қиын өмірлік жағдайларды жеңу қабілеттері бойынша жіктеуге болады. Жіктеме отбасына педагогикалық қолдау көрсету және балалармен жеке саралау жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: ауыр өмірлік жағдайлар, ауыр өмірлік жағдайларға тап болған балалар, балалардың типтері.

Аннотация

ТИПЫ ДЕТЕЙ, ОКАЗАВШИХСЯ В ТРУДНОЙ ЖИЗНЕННОЙ СИТУАЦИИ

Т.Ж. Бисембаева¹

¹старший преподаватель, магистр

Атырауский Государственный Университет имени Х.Досмұхамедова

г. Атырау, Казахстан

В данной статье рассматриваются типы детей, оказавшихся в трудной жизненной ситуации. Глобальные изменения в современном обществе вовлекли за собой ряд негативных социальных проблем как массовая безработица, алкоголизм, болезнь, снижение материального уровня жизни, утрата нравственных и семейных устоев и так далее. Это означает, что все больше число детей оказывается в трудной жизненной ситуации. Трудная жизненная ситуация – это такая ситуация, в которой «в результате внешних воздействий или внутренних изменений происходит нарушение адаптации человека к жизни, в результате чего он не в состоянии удовлетворять свои основные жизненные потребности посредством моделей и способов поведения, выработанных в предыдущие периоды жизни. Классифицировать трудную жизненную ситуацию школьника и его семьи можно по источнику возникновения, по основаниям, по охвату функций жизнедеятельности, по последствиям, по способности семьи к преодолению трудных жизненных ситуаций. Классификация позволяет осуществить адресность педагогической поддержки семьи, дифференцированно подойти к работе с отдельным ребенком.

Ключевые слова: трудная жизненная ситуация, дети оказавшиеся в трудной жизненной ситуации, типы детей

Abstract

ТИПЫ ДЕТЕЙ, ОКАЗАВШИХСЯ В ТРУДНОЙ ЖИЗНЕННОЙ СИТУАЦИИ

Bissembaeva T.Zh.¹¹senior teacher.master Atyrau State University named after Kh.Dosmukhamedov
Atyrau, Kazakhstan

This article discusses the types of children in difficult situations. Global changes in contemporary society have involved a number of negative social problems like mass unemployment, alcoholism, illness, reduced material standard of living, the loss of moral and family values, and so on. This means that more and more is the number of children in difficult situations. The difficult situation in life - this is a situation in which "as a result of external influences or internal changes occur violation of human adaptation to life, with the result that it is unable to meet their basic needs by means of models and ways of behavior, developed in earlier periods of life. Classify the difficult life of the schoolboy and his family situation may be at the source of origin, on the grounds to reach the functions of life, on the effects on the family's ability to overcome difficult life situations. The classification allows targeting of pedagogical support of a family, a differentiated approach to dealing with individual child.

Key words: difficult life situation, the children find themselves in difficult situations, types of children

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясының «Әлеуметтік саясаттың жаңа принциптері – әлеуметтік кепілдіктер мен жеке жауапкершілік» деп аталатын басымды бағытында: «Біздің елімізде толық емес отбасылар көп... Бейбіт өмірдің өзінде бізде мыңдаған жетімдер бар – балалар үйлері толы. Бұл, өкінішке қарай, жалпыәлемдік үрдіс және жаһандандудың сынағы. Бірақ біз бұл үрдіспен күресуіміз керек. Мемлекетіміз бен қоғамымыз жетімдерді асырап алуды және отбасы типіндегі балалар үйлері салынуын көтермелеуі қажет» - деп баланы қорғау мәселесіне аса назар аударды [1].

Сондықтан мемлекеттік әлеуметтік саясат шеңберінде қарастырылатын мәселелердің ішінде баланы қорғау өзекті әрі күрделі болып табылады.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана-сезімді қалыптастыру қағидаларының басымдығына сүйеніп, баланың Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілдік берілген негізгі құқықтары мен мүдделерін іске асыруға байланысты туындайтын қатынастарды реттейді. *Онда біріншіден*, баланың әлеуметтік бейімделуіне қолдау көрсету, яғни өмірде қиын ахуалға тап болған баланың қоғамдағы құндылықтарды, мінез-құлық қағидалары мен нормаларын игеру және қабылдау арқылы әлеуметтік ортаның жағдайларына белсенді түрде бейімделу үдерісі, сондай-ақ басынан кешірген психологиялық және моральдық зардаптарды еңсеру үрдісі; *екіншіден*, «өмірлік қиын жағдайда жүрген балалар» – қалыптасқан мән-жайлардың салдарынан тыныс-тіршілігі бұзылған және осы мән-жайларды өз бетінше немесе отбасының көмегімен еңсере алмайтын балалар; арнаулы білім беру ұйымдарындағы, ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарындағы балалар – деп анықталады [2, 3].

Жалпы адамдар ұшырасатын сан алуан өмірлік жағдайларға мыналар жатады: тәрбиелік жағдаяттар, тәрбиеленушінің тәрбиесіне ықпал ететін жағдайлардың жиынтығы; отбасындағы тәрбиелік жағдаяттар, отбасының құрылымы мен қрамына қарай өмір сүру салты, оның ересек мүшелерінің (әкесі, шешесі, атасы мен әжесі, т.б.) баланың тұлғасының қалыптасуына, оның мінез-құлық ерекшеліктеріне, дағдысы мен біліктілігіне әсері; проблемалық жағдаяттар, индивид немесе адамдар тобының іс-әрекетінде байқалатын жаңдайларға қатысты біржақты шешімі жоқ карама-қайшылықты мазмұнды жағдаяттар; өмірлік жағдаяттар, жеке адамның өмір сүру кезеңдерінде өмір сүру салтын құратын, құрылымы мен мазмұнына тән, үрдістерге қозғаушы болатын үрдістер.

Соның ішінде, ауыр өмірлік жағдайларды екіге бөліп көрсетуге болады: азаматтың өмірін объективті бұзатын жағдайлар (мүгедектік, өзіне-өзі қызмет көрсете алмау, бақылаусыздық, жұмыссыздық, белгілі бір тұрғылықты орынның болмауы, дау-дамай мен қатыгездік, жалғыздық, т.б.); жеке өзі шеше алмайтын жағдайлар.

Сонымен бірге ауыр өмірлік жағдайда бірнеше факторлар бірізгілікте әрекет ететіні де анықталған: мінез-құлықтық, сол жағдаятта қалыптасқан мінез-құлық моделдің болмауын көрсетеді; танымдық, қалыпты өмір сүру үшін білім, білік, дағдының жетіспеушілігін көрсетеді; виталды, сол жағдаятта субъективті болуды сезінудің мүмкін еместігін көрсетеді; экзистенциалды, құндылық бағдардың болмауы және «Мен» бейнесінің үзік болуы; болжамдық, минималды түрде өмірлік қиындықтарды бағалау.

Кез келген өмірлік ауыр жағдаят феномендік көрсеткіштермен сипатталады: субъектіге жаңа талаптар жүйесі пайда болуда, ресоциализация жағдайында бейімделу; дағдылы әлеуметтік мінез-құлық алгоритмі тітіркендіреді (неадекватты;) ағымдағы іс-әрекеті бұзылады (еңбек, оқу, т.б.); дағдылы қарым-қатынас шеңберінен ажырайды; тұтас психикасына стрестік әсер етеді. Осының барлығы адам тұлғасына ықпал етіп, қиын өмірлік жағдайға алып келеді.

Осыдан ауыр өмірлік жағдай әлеуметтік жұмыстың субъектісі мен объектісінің өмір қиындықтары, олардың салдарын жеңуге талпыну барысындағы өзара әрекеттері және жағдаятты бағалау аспектісі ретінде де анықталады.

Ғылыми әдебиеттерде ауыр өмірлік жағдайды дағдарысты, стрессогенді, өзгеріске толы, белгісіз, экстремалды әлеуметтік тұрақсыздық жағдаят ретінде де сипаттайды.

«Ауыр өмірлік жағдай – бұл адамның қоршаған ортамен әлеуметтік байланысын объективті бұзатын және өзінің мәселелерін шешу үшін әлеуметтік қызметке мұқтаж болуға алып келетін «күрделі, қиын» деп түсінілетін жағдайларды субъективті қабылдау [4].

Өмірлік жағдаяттар мәселесі барлық уақытта оған бейімделудің қажеттілігімен байланысты, кейде табысты не нәтижесіз жеңуге байланысты тұрақталады. Нәтижесінде адамның белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасады, әлеуметтік жауапкершілікке сәйкес немесе мазмұны жағынан пассивті ұстанымды иеленгенді.

А.И. Деминнің зерттеуінде өмірлік жағдаяттарды шешудің *конструктивті емес тәсілдері*: қорғаныстық, «қашып құтылу мінез-құлқы», онда адам өмірдің қиындығын байқамауға тырысады; хаотикалық іздену, онда мінез-құлық стратегиясын таңдау оның салдарын саналы түсінбестен жүзеге асырылады; шектелген ақпараттық жағдайда, онда мәселені шешудің жолдары туралы ақпарат көзіне қол жеткізу мүмкін емес; өнімді қолдауға тәуелділік жағдай, біреудің есебінен күн көру, индивид өзін қоршаған ортаның ресурстарын пайдаланады, бірақ оны өзінің іс-әрекетімен толықтырмайды [5].

Сонымен бірге конструктивті тәсілдері: тұлғаралық желінің ресурстарын мақсатты бағытта пайдалану, референтті қарым-қатынас шеңберін құру негізінде мінез-құлық стратегиясын таңдайды; «Мен» бейнесін нақтылау, индивид тұлғалық ресурстарды ары қарай пайдалануды саналы түсінуге тырысады; әлеуметтік салада мінез-құлық тәжірибесін жинақтау, тұлға өзінің іс-әрекетінің «абыройын, беделін» қалыптастырады; өмірдің қиын жағдайларына мүмкіндіктер, шанс жиынтығы ретінде қатынасы, оның баламасын айқындауға тырысады ашып көрсетіледі.

Өмірдің қиын жағдайына ұшыраған балаларға әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық көмек көрсету және қолдау отбасымен жүргізілетін жұмыспен бірге қарастырылады. Көптеген зерттеулер қазіргі баланың ата-анамен қарым-қатынасының қиыншылықтарын көрсетеді. Дағдарыстық жағдайға ұшыраған балалар арасында отбасы әртүрлі себептерге байланысты балаға көмектесе алмайды, оған сүйеу бола алмайды.

Ауыр өмірлік жағдайға ұшыраған балалар мен жеткіншектердің әлеуметтенуі микрофакторлар кешенінің (отбасы, қоғам, құрдастары) өзіндік ықпалымен өтетін үрдіс және баланың әлеуметтік статусына тәуелді (жетім, жедел әлеуметтік көмекке мұқтаж, ата-ананың қарауынсыз қалған, бақылаусыздық,) болады.

Ауыр өмірлік жағдайға тап болған балаларға әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету проблемалық жағдаятты шешу траекториясын құру үрдісінде баламен және отбасымен әлеуметтік педагог немесе әлеуметтік қызметкердің әрекетімен жүретін үрдіс.

Өзараәрекеттестік нәтижесі баланың нәтижелі әлеуметтенуі болып табылады. Яғни, сақтандыру-профилактикалық қызметі тек қана аз қамтылған және жеңілген адамдарға барлық мүмкін көмектер мен қорғауды көрсетіп қана қоймайды және сонымен қатар олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарына негативті әсер ететін жағдайлардан мүмкіндігінше алдын-ала сақтандырады.

Сонымен бірге әлеуметтік жұмысты индивидуалдық және отбасылық (индивидуалды психотерапия); топтық; қоғамдық (қоғаммен макродеңгейдегі жұмыс, әлеуметтік, әкімшілік және жоспарлау) деп бөлуге болады. Әлеуметтік жұмыс адам өмірінің сапасын жақсарту мақсатындағы кәсіби қызмет.

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет – көпқырлы, көпқұрылымдық және үздіксіз сипатты үрдіс. Жалпы адамзат баласы әлеуметтік жұмыс объектісі болып табылады. Бұл барлық халық топтарының өмір тіршілігінің белгілі бір шамада қоғамның даму деңгейі, әлеуметтік сала жағдайы, әлеуметтік саясат мазмұны және оның жүзеге асу мүмкіндігінің алдын ала анықталуымен түсіндіріледі.

Л.В. Мардахаев адамды әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың келесі деңгейлерін бөліп көрсетеді: өмірлік іс-әрекетін жалпы әлеуметтік-педагогикалық қолдау, нақты адам меноның қоршаған ортасымен жалпы ұйымдастырылатын әлеуметтік-педагогикалық әрекет, олардың қоғамдағы әлеуметтік рөлі

мен мәртебесін анықтайтын, сонымен бірге әлеуметтену қажеттілігін анықтайтындардың негізгі қызметтерін ынталандыру; бағытталған қолдау, белгілі кезеңде (мектепте, колледж немесе жоо білім алу және өзін сол салада көрсетуге бейімдеуде туындаған қиындықтарды шешу (медициналық, психологиялық, қаражаттық, әлеуметтік-педагогикалық, т.б.қолдаулар); нақты адамға әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету, өзі дербес шеше алмаған жағдайдағы қолдау [6].

Ауыр өмірлік жағдайға тап болған балаларға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету, көмектесу әлеуметтік педагог іс-әрекетінің маңызды саласы ретінде анықталған, ол әлеуметтендірудің негізгі кезеңдерінің ішінде, әлеуметтік мінез-құлықты реттеуші ретінде әлеуметтік нормалар мен құндылықтарды меңгеру негізінде тұлғаның жана әлеуметтік қасиеттерін меңгерту үрдісі адаптацияны қамтамасыз етеді.

Жеткіншектердің адаптация мәселесін ғалымдар Г.М. Андреева [7], А.Г. Асмолов [8], А.А. Реан [9], т.б.) қарастырған.

Ауыр өмірлік жағдайға тап болған балалар мен жеткіншектерге әлеуметтік - педагогикалық қолдау көрсетуді жүзеге асырудың негізгі құралдары мыналар болып табылады: ауыр өмірлік жағдайға тап болған жасөспірімге қолдау мазмұны мен формасын таңдау; оны әлеуметтендіру бойынша микроқоғам субъектілерінен әлеуметтік серіктестік ұйымдастыру; педагогикалық қолдаудың нәтижесін бағалау.

В.А. Петровскийдің пікірінше, жағдаят индивидке қатысты оның белсенділігін оятатын және тікелей әсер ететін сыртқы жүйе. Өмірлік жағдаят тұлғаның белсенділігін жүзеге асырудың қажетті шарты ретінде қарастырылады [10].

Тұлғаның өмір сүруі немесе тіршілік әрекеті ұғымын екі көзқарас тұрғысынан қарастыруға болады. Біріншіден, тіршілік әрекеті – тұлғаның белсенділігін жүзеге асыратын үздіксіз үрдіс, ол континуальды сипатқа ие. Екіншіден, нақты тұлғаның тіршілік әрекеті жеке өмірлік жағдайлармен өтеді, ол дискретті сипатта болады.

Қорыта келгенде, ауыр өмірлік жағдайларға тап болған балалардың типологиясын төмендегідей көрсетуге болады:

- мүгедектік, оған денсаулығының жарамсыздығына байланысты мүгедектер қатарына жататын мүгедек балалар жатады (психологиялық, медициналық-әлеуметтік көмекке мұқтаж). Олар арнайы (коррекциялық), коррекциялық-компенсаторлық дамытуды, оқытуды және тәрбиелеуді қажет етеді;

- психикалық және (немесе) дене дамуындағы ақаулықтарының болуы, мұндай балалар да арнайы (коррекциялық), коррекциялық-компенсаторлық қолдауды, оқытуды және тәрбиелеуді қажет етеді;

- қарулы және ұлтаралық жанжалдардың, экологиялық және техногендік апаттардың, апаттық зілзалалардың құрбаны болуы, осы жағдайда балаға кешенді медициналық, психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік шаралар бойынша көмек көрсету қажет етіледі;

- экстремальды жағдайларға тап болып мәжбүрлі көшіп келгендер және босқындар отбасының құрамындағы балалар;

- зорлық-зомбылықтың құрбаны болған балалар, мұндай құбылыстар ата-аналардың ата-аналық құқықтарын қиянатқа баруға жұмсайтын отбасыларында кездеседі. Оған ата-аналардың өз құқықтарын балаларының қызығушылығына зиянын келтіруге жұмсайтындар жатады (мысалы, баласының оқуына кедергі келтіретіндер, оларды сұрампаздыққа, ұрлыққа, жезөкшелікке, ішімдіктер ішуге және есірткі тартуға бейімдейтіндер және т.б.);

- бостандығынан айырылғандар тұрғысынан тәрбиелеу колонияларында жазасын өтеген балалар;

- арнайы оқу-тәрбие мекемелерінде білім алып жатқан балалар;

- жеке және соның ішінде отбасы арқылы игеруге келмейтін қалыптасқан жағдайлар нәтижесінде өмір сүруі объективті тұрғыдан бұзылған балалар.

- жетім балалар («әлеуметтік жетімдер»);

- ата-ананың қарауынсыз қалған балалар (педагогикалық тұрғыдан қиын балалар);

- панасыз, көше балалары. Ауыр өмірлік жағдайларға тап болған адам мемлекеттің, қоғамның, қоршаған ортасы мен айналасындағы адамдардың көмегіне мұқтаж болады. Себебі, балалар мұндай жағдайда өзін қорғансыз сезінеді, ерекше әлеуметтік-педагогикалық қолдауды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. //Ақиқат. №1, 2013. – Б. 5-27.

2 «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы.

- 3 Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы: Қазақстан. 1995. - 47 б.
- 4 Теория социальной работы/Под общ. ред. И.Г.Кузиной. – Владивосток: Изд-во ДВГТУ, 2006. - 232с.
- 5 Демин А.И. Способы адаптации безработных к трудной жизненной ситуации. Социологические исследования. 2000. №5. – С. 35-46.
- 6 Мардахаев Л.В. Социально-педагогическое сопровождение и поддержка человека в жизненной ситуации. //Педагогическое образование и наука. -2010. №6. – С. 4-11.
7. Андреева Г.М. Социальная психология. - М.: Аспект Пресс, 2001. - 384 с.
8. Асмолов А.Г. Стратегия социокультурной модернизации образования: на пути к преодолению кризиса идентичности и построению гражданского общества// Вопросы образования № 1, 2008. – С. 65-86.
9. Реан А.А. Агрессия и агрессивность личности // Психологический журнал. 1996. - № 5. - С. 3–16.
10. Петровский А.В. Личность в психологии: парадигма субъектности. Учебное пособие. – Ростов на Дону: Феникс, 1996. – 509 с.

УДК 159.922
МРНТИ 15.21.51

А.Е. Қаженбаева¹

¹аға оқытушы, доцент,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік Университеті,
Атырау қ., Қазақстан

КӘСІБИ СТРЕСС: ТҮРЛЕРІ МЕН БЕЛГІЛЕРІ, ФАКТОРЛАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада кәсіби іс-әрекеттегі белгілі стресстер қарастырылады. Соңғы жылдары кәсіби стресс саласын зерттеу үлкен қызығушылық тудырады. Жұмыс орнында стресстің дамуының жұмысқа қабілеттілікке, өнімділікке және жалпы денсаулық жағдайына әсері маңызды ғылыми мәселе ретінде айқындалуда. Кәсіби стресс адамның еңбек әрекетіндегі шиеленіскен жағдайларға физиологиялық және психологиялық реакцияларды көрсететін көпжақты феномен. Физиологиялық және психологиялық факторлар кәсіби стресстің себептері бола алады. Физиологиялық стрессорларға еңбек әрекетіне жағымсыз сыртқы ықпалдар, шамадан тыс физикалық жүктеме жатқызылса, ал жоғары жауапкершілік, ақпараттың жетімсіздігі немесе тым артықтығы, жағдаяттың анық еместігі, көтеріңкі мотивация, уақыттың тапшылығы, карьералық өсуге сенімсіздік, ұжымдағы жиі кикіл-жің және т.б. психологиялық стрессорлар болып табылады. Кәсіби стрессте кәсіби қиын жағдаяттағы стресстік жауап қайтарудың салыстырмалы тұрақты байқалу жиынтығы деп түсінілетін стресстік синдром бөліп көрсетіледі.

Түйін сөздер: стресс, кәсіби стресс, стресстің түрлері, стресстің белгілері, стресстің факторлары.

Аннотация

*А.Е. Қаженбаева*¹

ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЙ СТРЕСС: ВИДЫ И ПРИЗНАКИ, ФАКТОРЫ

¹старший преподаватель, доцент

Атырауский Государственный Университет имени Х.Досмұхамедова
г. Атырау, Казахстан

В данной статье рассматриваются наиболее известные стрессы в профессиональной деятельности. В течение последних лет отмечается повышенный интерес к исследованиям в области профессионального стресса. Развитие стресса на рабочем месте выделено как важная научная проблема в связи с его влиянием на работоспособность, производительность и общее состояние здоровья. Профессиональный стресс представляет собой многообразный феномен, выражающийся в физиологических и психологических реакциях на напряженные ситуации в трудовой деятельности человека. Причинами профессионального стресса могут являться как физические, так и психологические факторы. К физическим стрессорам относятся неблагоприятные внешние воздействия трудовой деятельности; повышенная физическая нагрузка и т.д.; а к психологическими стрессорами является повышенная ответственность, недостаток или переизбыток информации, неопределенность ситуации, повышенная мотивация, временной дефицит, неуверенность карьерным ростом, повышенная конфликтность в коллективе и т.д. В профессиональном стрессе выделяют стресс-синдромы, которыми понимают совокупность относительно устойчивых проявлений стрессового реагирования в профессионально трудных ситуациях.

Ключевые слова: стресс, профессиональный стресс, виды стресса, признаки стресса, факторы стресса.

Abstract

OCCUPATIONAL STRESS: TYPES AND CHARACTERISTICS, FACTORS

Kazhenbaeva A.E.¹

¹senior teacher, Atyrau State University named after Kh.Dosmukhamedov
Atyrau, Kazakhstan

In this article, the most famous rasmtrivaetsya stress in professional work. During the last years there has been an increased interest in research in the field of occupational stress. Development of stress in the workplace is allocated as an important scientific problem in relation to its impact on efficiency, performance and overall health. Occupational stress is a multifaceted phenomenon, expressing the physiological and psychological reactions to stressful situations in the work of man. The causes of occupational stress can be both physical and psychological factors. The physical stressors include adverse external effects of employment; fizicheskaya increased load, etc.; and to psychological stressors is the increased responsibility, a lack or overabundance of information, the uncertainty of the situation, increased motivation, a temporary deficit, lack of career growth, increased conflicts in the team, etc. The occupational stress release stress syndrome, which is a set of relatively stable understand the manifestations of stress response in difficult situations professionally.

Key words: stress, occupational stress, types of stress, symptoms of stress, stress factors

Қазіргі уақытта психологиялық әдебиеттерде еңбек стресі, жұмыс стресі, кәсіби стресс, ұйымдастырушылық стресс және т.б. түсініктер қалыптасқан. Жұмыс және еңбек стресстері түсініктері көп жағдайда нақты субъектілердің еңбек әрекетінің сипатымен байланысты, ал ұйымдастырушылық стресс түсінігі еңбек ұжымының толықтай ұйымның деңгейіндегі мінез-құлық ерекшеліктерімен байланысты.

«Кәсіби стресс» термині осы түсініктердің барлығына ортақ, туыстас түсінік ретінде қолданылады. Қазіргі кездегі зерттеушілердің (С.Г. Ахмерова [1], О.Г. Кондратьев [2], Л.М. Митина [3], Б.И. Яковлев [4]) көзқарасына сүйенсек, кәсіби стресс бұл жұмысшы адамның ішкі ресурстары мен нақты еңбек жағдайларының ерекшеліктеріне сай сыртқы ортаның талаптары арасындағы дисбаланстың қорытындысы деп қарастырылады.

Кәсіби стресстің бірінші концепциясын Г.Селье ұсынған, оның теориясы стресстік реакцияны анықтауға бағытталған [5].

Кәсіби стрессті түсіну және персоналдар әрекетінің тиімділігін көтеру адамның еңбекке, физикалық және психологиялық денсаулығына стресстің әсер ету себептерін айқындауды қажет етеді. Мұнда ең алдымен еңбек жағдайларының әрқилы сипаттамаларының әсер ету негізінде пайда болатын жағымсыз жағдайлар, еңбекке қабілеттіліктің, құштарлықтың төмендеуі, денсаулықтың нашарлауы, кәсіби деформация сынды мәселелер зерттеліне бастады. Осы секілді жағымсыз көріністер қазіргі кезде де еңбек жағдайы сипатының стрессогенділігін диагностикалаудың пәндік талдауына айналып отыр.

Ғалымдар кәсіби стресстің әртүрлі аспектілерін зерттеген. Мысалы, В.А. Бодров психологиялық және кәсіби стресске байланысты әртүрлі теориялар мен концепцияларды талдай отырып, стресстің мазмұндық сипатының процессуалдық және реттеуші, пәндік және корреляциялық жақтарын бөліп көрсетеді. Ол ақпараттық стрессті, оның табиғатын, себептерін, көріну ерекшеліктері мен реттеу механизмдерін, стресстің дамуының жеке тұлғалық ерекшеліктерінің рөлін, сонымен қатар зертханалық жағдайлардағы стрессті модельдеу әдістері мәселесін қарастырады [6].

Э.Ф. Зеер кәсіптік деструкцияның негізгі анықтаушыларының (детерминант) төрт тобын, сонымен қатар өзінің табиғаты бойынша психологиялық стресс фактор түрлерін ажырататын стресстік синдромның пайда болуына жанама әсер ететін бөліп көрсетеді:

- әлеуметтік – кәсіптік ортамен байланысты объективтік детерминанттар (әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, кәсіптің имиджі мен сипаты, кәсіби-кеңістік ортасы)- сыртқы стресс факторлар;
- тұлғаның ерекшелігімен және кәсіби өзара қарым-қатынас сипатымен дәлелденген субъективтік детерминанттар – ішкі стресс факторлар;
- объективтік-субъективтік детерминанттар, кәсіби үрдістің жүйесімен пайда болған және ұйымдастырылатын, басқару сапасына, ұйымдық стрессті кәсіби басқару;
- тұлғаның кәсіби деформациясын (кәсіптік жағымсыз сапалар) тұлғаның тұтастығын жоятын, бейімделуін, тұрақтылығын, іс-әрекет нәтижесіне кері әсер ететін факторлар.

Сонымен қатар еңбек әрекеті барысында пайда болатын стресстердің ішінен психологиялық табиғаты бар стресстерді бөліп көрсетуге болады, олар: ақпараттық стресс; эмоциялық стресс; коммуникативтік стресс [7].

А.Б. Леонова кәсіби стрессті анықтаудың үш бағытын бөліп көрсетеді:

Экологиялық бағытта кәсіби стресс индивидтің қоршаған ортамен өзара әрекетінің қорытындысы ретінде қарастырылады. Осы бағыт жүйесінде кәсіби стресс терминін түсінуде әртүрлі нұсқалар бар: стресс реакция ретінде; стресс стимул ретінде; стресс эпидемиологиялық құбылыс ретінде. Жалпы, кәсіби стрессті анықтау бағытының даму тенденциясы стресске көзқарастардың өзгермелі логикасына сәйкес келеді. Кәсіби стресс моделінде негізгі мәнді, көңілді стрессорларды (стресс себептері) зерттеп білуге көңіл бөлінеді, оның негізіне сыртқы ортаның (ұйымдастырушылық, кәсіпорындық) жағымсыз жағдайларын кірістіреді. Бұл бағыт зерттеушілерінің дамуы стрессті туындататын факторларды логикалық іздеумен негізделеді. Осы сынды концепциялар әсіресе эргономикалық зерттеулерде және инженерлік психологияда кең таралған.

Трансактты бағытта кәсіби стрессті еңбек жағдайларының күрделілігіне индивидуалдық үйренісу реакциясы ретінде түсіндіреді. Осы бағыттың принциптерін жүзеге асыратын зерттеушілерінің басты назары стресстік жағдайларды алдын алудың жеке тұлғалық тәжірибесі және индивидуалдық және психологиялық сипатының рөлін анықтауға бағытталады.

Реттеушілік бағытта психологиялық бейімделу механизмін зерттеуде нақты еңбек тапсырмаларын орындауда микроталдауға жүгінеді. Бұл бағыттың шеңберіндегі зерттеулердің негізгі пәні мыналар болып келеді: іс-әрекетті реттеу механизмі; олардың өзгеруіне әртүрлі факторлардың әсер етуі; әртүрлі механизмдерді қолданудағы субъекттердің жұмсаған күшінің бағалануы. Стрессогендік жағдайларда іс-әрекетті реттеу жүйесінің психологиялық және физиологиялық өзарабайланысының ерекше рөлін қарастырады. Мысалы: энергетикалық ресурстың жоғарғы деңгейі және жетістік мотивациясы орындап жатқан тапсырманың қиындық деңгейіне қарамастан сапасының өсуін қамтамасыз етуі мүмкін [8].

Сонымен қатар трансактты бағыттың пайда болу мүмкіндігі Р.Лазарустың ұсынған психологиялық стресс түсінігімен негізделеді. Ол алғаш рет стимул мен стресстік реакцияның арасына психологиялық табиғатқа ие аралық айнымалыларды кірістіруге болады деген идеяны ұсынды. Осындай айнымалылардың бірі болып жағдайдың мәнімен, өткен тәжірибесіне деген қатынасымен анықталатын қауіптілікті бағалау болып табылады. Сонымен тек негативті әсерлер ғана емес, одан қабылданған қауіп-қатердің болуы ықтимал қауіпті әсерлерді төмендетуге бағытталған қорғаныс әрекетін тудыртады [9].

Кәсіби стресстің пайда болу көздері мен туындайтын факторларын ескере отырып, Н.В. Самоукина кәсіби стресстің негізгі түрлерін бөліп көрсетеді:

1. *Ақпараттық стресс* уақыттың қатаң қадағалану және жоғары деңгейлі жауапкершілікті тапсырманың жүктелуімен байланысты. Көбінесе ақпараттық стресс жағдайдың анықсыздығынан (жағдай туралы ақпараттың аздығынан) және ақпарат параметрлерінің тез ауысуынан туындайды;

2. *Эмоционалдық стресс* шынайы немесе болжамалы қауіпсіздіктен туындайды (орындалмаған жұмыс үшін, әріптестерімен қатынасы үшін кінәлілік сезімі, т.б.). Көбінесе мамандығына байланысты жұмысшының құндылықтары мен ойлары бұзылады;

3. *Коммуникативті стресс* іскерлік қарым-қатынастың шынайы мәселелерімен байланысты. Ол конфликтілік дәрежесінің жоғарылығынан, өзін-өзі басқара алмау қабілетсіздігінен, қандай да бір жағдайға келіспеуін әдепті білдіре алмауынан, манипулятивті әсерлерден қорғана алмауынан туындайды. Оны негізгі көріністері: *іскерлік қарым-қатынастағы күйгелектік* – себептері: жоғары екпінмен қатынас жасау дағдысы; өзіне деген сенімсіздік («ит қорыққанынан қатты үреді» дегендей); өзінің жұмысымен қанағаттанбауы, қорқуы; *коммуникативтік агрессия* (негізгі себебі – бақталасын кеміту мақсатында айқайлау), *вербальды (сөздік), жанана (көмектесуден бас тарту, жалған сөйлеу, қорқыту, ұрыну, сездіру, т.б.); жағдайлық* (кенеттен қаһарлану); басқаға бағытталған (басқаға жала жабу) немесе өзіне бағытталған (өзін кінәлау).

4. *Жетістікке жету стресі* кәсіби стресстің арасындағы ең қызығушылық танытатын түрі. Оның басты мәселесі – адамның шынайы мүмкіндіктерінің оның күтетін үмітімен сәйкес келмеуі;

5. *Қателік жасаудан қорқудан туындайтын стресс*. Ол мынадай екі тенденциямен тығыз байланысты: іштей тек жетістікке бағытталуы; қателік жасауға тыйым салыну не жазалау санкциялары. Қателіктерден қорқу адамның шығармашылық қабілетінің ашылуына мүмкіндік бермейді, содан келіп ол барлық жаңадан және тәуекелділіктен бас тарта бастайды, сайып келгенде адам тіпті «өмір сүруден» қорқа бастайды;

6. *Кәсіби стрестің ең көп таралған түрі - кәсіби бәсекелестік стресс.* Мұнда адам айналасындағылардың бәрін, әріптестерін «бәсекелес» деп санайды, «бәсекелестік майданда өмір сүретін адамдар» ретінде танылады; жұмысын престижділігіне қарай таңдайды, ортасын тек «қажетті» адамдармен толтырады, нағыз достары жоқ, жанында да сүйетін әйелі емес, еуропалық стандарттағы «топ-модель» жүреді, мұндай адамдардың басты мәселесі – алға тек мансапты қояды, алға жылжу, арпалысу-жеңуді көздейді.

7. *Ақша табу мәселесіне байланысты стресс:* Қомақты ақшаға үйренген адам ақшаны көп тапқан сайын сыйлай түседі, көбіне сыйақы, ұтыс деп өмірін сарп етеді және барлығын «сатылады, сатып алынады» деп есептейді, бірақ бұл – жеке тұлғалық деградациялық негіз [10].

Сондықтан кәсіби стрессті туындататын кейбір фактілер стрессорларды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді:

1. *Еңбек әрекетінің мазмұны мен ұйымдастырылуы:* еңбек жағдайы; шамадан тыс жүктеме, қысымды психикалық әрекет немесе жүктеменің аздығы; орындалатын жұмыстың біртектілігі; еңбек жағдайының ұзақтығының өзгеруі; жұмыс уақытының қолайсыздығы; физикалық орта факторының жағымсыз әсері (температура, шу, вибрация, дымқылдық, ауа жетіспеушілігі, қарынның ашуы, шөлдеу, шамадан тыс жүктелудің әсері); зейіннің жүйелі немесе кенеттен толқуы; орындайтын әрекеттің қиындығы, ақпараттың жетіспеуі немесе толық болмауы, уақыттың жетіспеуі, әрекеттің жылдамдығы мен қателіксіз орындалуына талап қою; ауысымдық жұмыс; құралдардың сапасы; өмір және денсаулық үшін қауіптілігі, тәуекелдік; жаңалық, ұйымдық өзгерістер; жоғары жауапкершілік; қателік жасау қорқынышы; әрекеттерді орындау процесінде ағзаның жағымсыз функционалдық жағдайы; биологиялық ритмнің бұзылысы (ұйқы, тамақтану); шамадан тыс көп шешім қабылдау қажеттілігі.

2. *Кәсіби мансап:* статус мәселесі; қызмет бабымен көтерілу перспективасына қанағаттанбауы; қызметке сай міндеттер мен құқықтардың анықсыздығы; қызметтік міндеттердің өзгеруі; мансаптық өсудің тоқталуына байланысты фрустрация; кәсіби «қақпан»; қажетті кәсіби білім мен іскерліктің жетіспеуі; орындалмаған үміттер; басқа жұмысқа ауысу.

3. *Еңбекке төленетін ақы:* еңбекақының анықсыздығы; жасалған жұмыс көлеміне кеткен күш пен еңбекақының, арасындағы байланысқа келіспеу; еңбекақының бәріне бірдей төленбеуі.

4. *Жұмыстағы өзарақатынастар:* басшымен дау-жанжал; тиімсіз басқару; әріптестермен өзара қатынас; мінез-құлық бостандығына шектеу; топтан бөлектену.

Сонымен бірге стресстік факторлар бөліп көрсетіледі: *Жұмысшының ұйымдағы рөліне байланысты стресстік факторы:* рөлдік белгісіздік, мысалы: кәсіби міндеттері жөнінде ақпараттың аздығы және соған сай әріптестері мен басшылықтан не күтерін білмеуі. Жұмысшылар басшылықтың артқан үміті туралы ойын нақты білуі қажет, яғни не істеуге тиісті, қалай істеуі қажет және ол жұмыс қалай бағаланады; рөлдік конфликт, субъектінің өзінің жасағысы келмейтін немесе жасауға тиісті емес әрекетпен айналысқанда туындайды. Рөлдер конфликтісі, сонымен қатар, бірлік принципінің бұзылуына байланысты да болады, ол иерархиядағы екі басшының жұмысшыға қарама-қарсы бұйрық беруінен туындайды; басқа адамдар үшін немесе қандай да бір зат үшін (өнеркәсіп құралдары, бюджет, т.с.с.) жауапкершілік. Адамдар үшін жауапкершіліктің болуы стрессогенді екенін ескертіп кетуге болады; өте төмен жауапкершілік, жұмысқа немқұрайлықпен қарау; ұйымдағы шешім қабылдауға аз мөлшерде қатыстылығы.

Жұмыстағы өзарақатынастармен байланысты стресстік фактор: басшымен, бағынушылармен, әріптестерімен өзарақатынастан туындайды. Мұнда адамдармен байланысқа бағытталған басшыларға қарағанда ғылыми және техникалық бағыттағы басшылардың басқа адамдармен қарым-қатынасы төменірек болатынын ескеру керек; осы факторға өкілеттілікті бөліп беру қиындығы да жатады, мәселен: бағынушының басшының бұйрығын орындауға қарсы келуі.

Іскерлік мансапқа байланысты стресстік факторлар: екі негізгі стрессогенді факторлармен – кәсіби «сәтсіздік» және соған байланысты ерте жұмыстан босатылудан қорқу; «Сәйкессіздік» статусы, өте тез немесе жай қозғалу, өз мансабының шегіне жету себебінен фрустрациялану; кепілді жұмысының болмауы (әрқашан қандай да бір өзгерісті күту, тұрақсыздық); өзіндік ұмтылыс деңгейінің жеткен кәсіби статусымен, дәрежесімен сәйкес келмеуі.

Ұйымның құрылымдық және психологиялық жағдайымен байланысты стресстік факторлар: тиімсіз кеңес беру (маңызды сұрақтар бойынша өз уақытында мамандандырылған көмекті алу мүмкінсіздігі); мінез-құлықтың еркіндігіне шек қойылу, т.б.

Қорыта келгенде, жоғарыдағы ғалымдар зерттеулеріне жасалған талдаулар мен тұжырымдар стресстік жағдай тікелей дистреске айналмаса, ол өмірге ұмтылыс беретін, тез ойланып, қимылдауға көмектесетін үрдіс деп бағалауға мүмкіндік береді. Бүгінде психология ғылымында стресспен тиімді күресуге көмектесетін арттерапияның әдістері бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ахмерова С.Г. *Профессиональная деятельность и здоровье педагога.* – М.: Арсенал образования, 2010. – 160 с.
- 2 Кондратьев О.Г. *Профессиональный стресс у педагогов: причины, диагностика и профилактика.* – Уфа, 2005. – 33 с.
- 3 Митина Л.М. *Профессиональная деятельность и здоровье педагога.* – М.: Академик, 2005. – 368 с.
- 4 Яковлев Б.И. *Психическая нагрузка, деятельность и здоровье человека//Педагогическое образование и наука.* – 2003. №3. – С. 52-60.
- 5 Селье Г. *Стресс без дистресса.* – М.: Прогресс, 1982.
- 6 Бодров В.А. *Психологический стресс: развитие и преодоление.* – М. 2006. – 528 с.
- 7 Зеер Э.Ф. *Психология профессий. Учебное пособие для студентов вузов.* –М.: Академический проект, Фонд Мир, 2005. –336 с.
- 8 Леонова А.Б., Чернышева О.Н. *Психология труда и организационная психология: «Современное состояние и перспективы»:* Хрестоматия. – М.: Просвещение, 1995.
- 9 Лазарус Р. *Теория стресса и психофизиологические исследования // Эмоциональный стресс.* - Л., 1985.
- 10 Самоукина Н.В. *Психология и педагогика профессиональной деятельности.* – М., 2000.

УДК 37:36
МРНТИ 14.43.43

А.К. Умирзахова-Ахмет¹

¹ага оқытушы, магистр,

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік Университеті,
Атырау қ., Қазақстан*

ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МӘНІ

Аңдатпа

Мақалада әлеуметтік-педагогикалық технологиялары ауыр өмірлік жағдайларға тап болған субъектілердің (балалар, жастар, ересектер, т.б.) өмір сүру үрдісі мен әлеуметтік қарым-қатынастарын қайтадан құрудың, реттеудің тиімді тәсілдерінің жүйесі ретінде қарастырылады. Әлеуметтік жұмыстар технологияларын жаңалық дәрежесі бойынша инновациялық (новаторлық), ретро (жоспарлы) және дәстүрлі деп жіктеуге болады. Қоғамдық мәселелер көлемі бойынша субъектілермен (балалар, жастар, ересектер, т.б.) жүргізілетін әлеуметтік жұмыстар технологияларының екі тобын бөліп көрсету қабылданған: жалпы және жеке. Әлеуметтік жұмыстардың жалпы технологиялары субъектілерге (балалар, жастар, ересектер, т.б.) әлеуметтік көмек көрсету мен қолдауды ұсынуы бойынша мекемелердің практикалық тәжірибесі, сонымен қатар әлеуметтік ғылымдар ашқан теориялық-әдіснамалық заңдылықтар негізінде дайындалады. Әлеуметтік жұмыстардың жеке технологиялары ауыр өмірлік жағдайларға тап болған субъектілерді (балалар, жастар, ересектер, т.б.) қорғауға, қолдауға, көмек көрсетуіне бағытталған мемлекеттік және қоғамдық ұйымдар ықпалының тәсілдерінің, формаларының жиынтығын ұсынады.

Түйін сөздер: технология, әлеуметтік жұмыс, әлеуметтік технология.

Аннотация

СУЩНОСТЬ СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ТЕХНОЛОГИИ

А.К. Умирзахова-Ахмет¹

¹ старший преподаватель, магистр

Атырауский Государственный Университет имени Х.Досмұхамедова

г. Атырау, Казахстан

В статье технологии социально-педагогической работы рассматривается как систему оптимальных способов преобразования, регулирования социальных отношений и процессов жизнедеятельности субъектов (дети, молодежь, взрослые, т.д.), имеющей трудную жизненную ситуацию. Технологии социальной работы можно классифицировать и по степени новизны на инновационные (новаторские); ретро (рутинные) и традиционные. По масштабу общественной проблемы принято выделять два класса технологий социальной работы субъектов

(дети, молодежь, взрослые, т.д.): общие и частные. Общие технологии социальной работы разрабатываются на основании практического опыта учреждений по предоставлению социальной помощи и поддержке субъектов (дети, молодежь, взрослые, т.д.), а также на принципах и теоретико-методологических закономерностях, открытых социальными науками. Частные технологии социальной работы представляют собой совокупность приемов, форм воздействий государственных и общественных организаций, направленных на оказание помощи, поддержки, защиты субъектов (дети, молодежь, взрослые, т.д.), имеющей трудную жизненную ситуацию.

Ключевые слова: технология, социальная работа, социально-педагогическая работа, социальная технология.

Abstract

THE ESSENCE OF SOCIAL AND PEDAGOGICAL TECHNOLOGY

Umirzakhova –AkhmetA.K.¹

¹ senior teacher.master, Atyrau State University named after Kh.Dosmukhamedov

Atyrau, Kazakhstan

The article examines the technology of social and pedagogical work as a system of optimal methods of conversion, regulation of social relations and subjects of vital processes (children, youth, adults, etc.), having a difficult life situation. Technologies of social work can be classified according to the degree of novelty and on innovative (innovative); Retro (routine) and traditional. On the scale of social problems it is customary to distinguish two classes of subjects of social work techniques (children, youth, adults, etc.): public and private. General social work technology developed on the basis of practical experience of institutions for the provision of social assistance and support of the subjects (children, youth, adults, etc.), as well as on the principles and laws of theoretical and methodological, open the social sciences. Private technology of social work is a set of methods, forms of actions of state and public organizations to provide assistance, support and protection of subjects (children, youth, adults, etc.), having a difficult life situation.

Keywords: technology, social work, social and pedagogical work, social technology.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп одан әрі дамыту міндеттерін көздейді [1].

Осы аталған міндеттерді шешу үшін, мектеп ұжымдарының, әрбір ұстаздың жан-жақты ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге апаратын батыл жол ашатындай жаңа тәжірибеге, жаңа қарым-қатынасқа, жаңа технологияға көшу қажеттілігі туындайды.

Қазіргі таңда ғылым саласында *технология* ұғымының мазмұндық негізін анықтауға зерттеушілер өз үлестерін қосуда, мысалы, білім беру саласында В.П. Беспалько [2], Г.К. Селевко [3], М.М. Жанпейісова [4] және т.б.), тәрбие саласында Н.Е. Шуркова [5] және т.б.; әлеуметтік жұмыс саласында П.Д. Павленок [6], Е.И. Холостова [7], М.В. Фирсов [8], т.б.

Бүгінде әлеуметтік әлем мен әлеуметтік өмірдің көптүрлілігімен дәлелденген әлеуметтік технологиялар баршылық. Әлеуметтік технологиялар әртүрлі тұрғыдан жүзеге асырылатын түрі, деңгейі, қолдану саласы бойынша жіктелінеді. Олар қолданылатын білім, тәсіл, әдістердің және объектілердің (құбылыстар, үрдістер, адамдар топтары, олардың қауымдастығы, т.б.) дифференциациясына негізделеді. Себебі әрқайсысының тиімді қызмет атқаруы, оларды дамыту және жетілдіру мақсатында әсер ететін белгілі тәсілдері бар.

Әлеуметтік бейімдеу бір жағынан, жаңа оқу кезеңінде оқу дағдыларын қалыптастыруға, екінші жағынан, ауыспалы жастық кезеңде тұлғалық өзін-өзі анықтауына көмек көрсетуді ұсынады. Бейімделу технологиясы жоғары сынып оқушыларында олардың өздері шешетін білім беру міндеттерінің ерекшеліктерін ескеруді талап етеді, бұл алдымен кәсіптік бағдар, сонымен бірге өмірдің мақсаты мен жоспарын таңдау міндеттері. Бүгінде бұл міндеттер қосымша білім берудің көмегімен шешіледі. Қазақстанда және ресейде қосымша білім беру саласы әлеуметтік білім беру мекемелерінің вариативті білімді дамытудың жақын болашағын айқындайтын инновация ретінде қарастырылады [9].

Әлеуметтік коррекция клубтық жастар жұмысымен тікелей байланысты. Бұл мектепте немесе тұратын жерде құрылған болуы мүмкін, ол жағымды құндылықтарға бағдарланған спорттық-сауықтыру, туристік, әскерии-патриоттық, тарихи-патриоттық, қарым-қатынас, өзара қолдау көрсету, психологиялық дамыту клубтары, т.б. білім берудің инфрақұрылымының негізін құрайтын бұл ұйымдардың негізгі міндеттері қолайлы әлеуметтік ортада жеткіншек тұлғасын қалыптастыру. Осы инфрақұрылымда әрекет ететін әлеуметтік тәрбие технологияларын екі топқа бөліп көрсетуге болады әлеуметтендіру (нақты қоғамда қабылданған нормаларда құрылған тұлғаның мінез-құлық моделін дайындау, және тұлғалық (өзгермелі әлемде өзін-өзі өзектендіруге және өзін іс жүзінде көрсетуге жететін балалар мен жастардың тұлғалық өзін-өзі анықтауына бағдарланған. Бұл ұйымдар техноло-

гияның әртүрін қолданады: ұжымдық шығармашылық істерді ұйымдастыру (ұжымның туған күні, көзқарастар, ниеттер мен ұсыныстар анкеталары, жұмысты ұжымдық жоспарлау, т.б.; ұжымдық шығармашылық еңбек істері («Болашақ қала», «Көңілді шеберлер қаласы», «Таза әлем», «Тірі табиғат», «Ардагерлерге көмек», «Басқаға көмектес», т.б.). Бұл технологиялар қабілетті жан-жақты дамытуға бағытталған және танымдық дербестігін нығайту, өмірге және айналадағы адамдарға эгоистік қатынасты жеңу [10].

Әлеуметтік технологияларды тұтас қоғамда, қоғамның әртүрлі саласында, атап айтқанда, әлеуметтік құрылымында, әлеуметтік институттарда, үрдістер мен құбылыстарда қолдану және жаһандық сипатына қарай ажыртуға болады. Әлеуметтік технологиялар мазмұны бойынша ажыратылады. Сондықтан әлеуметтік жұмыстарда ерекше маңызды кейбір технологияларға қысқаша сипаттама беріледі.

Жаһандық әлеуметтік технологиялар жалпыадамзаттық мәселелермен байланысты. Мұнда ішкі ғана емес, әлемдік даму тенденциясын, қоғам мен табиғаттың байланысын түсіндіруге мүмкіндік беретін білім, әдістер мен тәсілдер қолданылады. Жаһандық технологиялар адамдардың тұрмыс-тіршілігіне және олардың әлеуметтік қорғалуына тікелей және жанама әсеріне қатысты ендірілген.

Инновациялық әлеуметтік технологиялар қоғамдағы жаңашылдықты іске асыруға, қоғамдағы материалдық және басқа да ресурстарды ұтымды пайдалануға алып келетін әр түрлі әлеуметтік өмір саласындағы сапалық өзгерістерді қажет ететін талап-тілектерді жүзеге асыруға бағытталған. Мысалы, жұмыссыз азаматтарды кәсіби оқытуда жаңа сапалы білім алу, оқытудың жаңа сипатқа ие болуы мақсатында ғылым жетістіктері белсенді қолданылады. Әлеуметтік үрдістерге әсер ету әдістерінің инновациялық технологиялардан айырмашылығы олар әлеуметтік объект, әлеуметтік жүйелерді өзгерістерге ынталандыра алмайды.

Аймақтық әлеуметтік технологиялар әлеуметтік өмірді территориялық ұйымдастырудың және оның жоспарлы өзгерістерінің заңдылықтарын зерттеуге бағытталады.

Әмбебап технологиялардың саналуан түрлерінің бірі жаһандық моделдеу технологиясы (әлемді, табиғатты сақтау, Жер бетіндегі тұрғындарды азық-түлікпен, энергиямен, материалдық құралдармен қамтамасыз ету мәселелерін зерттеу және шешу) болып табылады.

Ақпараттық әлеуметтік технологиялардың мазмұнынақпараттық үрдістерді, оны өндіру мен қызметін атқаруды тиімділендіру тәсілдері мен амалдары құрайды.

Интеллектуалды әлеуметтік технологиялар адамдардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Тарихи технологиялар тарихи тәжірибелерді әлеуметтік технологияландыруға заңы бойынша, яғни саяси, экономикалық, рухани және әлеуметтік диагностикалаудың шарты ретінде тарихи білімдерді технологияландыруға болып табылады.

Демографиялық технологиялар халықтың санының өсіру және оның құрамын, орналасуын, т.б. өзгерту тәсілдерін дайындау механизмдерін зерттеуге бағытталады.

Әлеуметтік келісім технологиясы қоғамдық өмір, оның өзара әрекеттестігі мәселелерін шешуде халықтың кеілісіміне қол жеткізу әдістерін, жолдарын ұсынады. Бұл технология типінде әлеуметтік технология көбінесе, әлеуметтік-этникалық дау-дамай шиеленістерін шешуге мән береді.

Саяси технологиялар саясатты жасау, оны саяси іс-әрекетте жүзеге асыру, саяси мәселелерді шешу әдістерін ұсынады. *Басқару технологияларының ішінде әкімшілік-басқару технологиялары* басқарылатын объектке тікелей әрекетті әсер ету тәсілі ретінде маңызды болып саналады.

Психологиялық технологиялар психологиялық үрдіске, қасиетке, құбылыстар мен қатынастарға, тұлғаның ұстанымына, мінез-құлқына, ерік-жігеріне, тұлғааралық өзара әрекетіне ықпал ету тәсілдері. Бұл технологиялардың әлеуметтік жұмыстар міндеттерін жүзеге асырумен тікелей байланысты.

Психофизиологиялық технологиялар адам ағзасындағы, параметрлер үрдісіндегі өзгерістерге бағытталған. Бұл технология халыққа дәрігерлік-әлеуметтік қызмет көрсетуде қолданылады.

Қоғамдық өмірдің осы саласындағы әлеуметтік технологиялар әлеуметтік жұмыстың нақты тәжірибесіне, әлеуметтану, әлеуметтік педагогика, т.б. ғылымдарының теориялық-әдіснамалық заңдылықтарына, қағидаларына, әлеуметтік жұмыс теориясына, әлеуметтік инженерия, басқару теориясына негізделеді. Осындай тұрғыдан әлеуметтік жұмыста қолданылатын технологияларды нақтылауға болады. Әлеуметтік жұмысты үш аспектіде сипаттай отырып, онда технология білім ретінде – ғылым, білім мен білік ретінде – оқыту, білім, білік, тәжірибе және практика ретінде іс-әрекет формасында жүзеге асырылатына назар аудару керек.

Жалпы алғанда әлеуметтік жұмыстағы практикалық іс-әрекет түрі ретінде технологияны жіктеу сан алуан негіз бойынша жүзеге асырылады. Себебі әлеуметтік жұмыс объект, субъект, мазмұн, құрал, басқару, қызмет, мақсат секілді компоненттерден тұрады. Мұнда әлеуметтік жұмыстың объектісі мен түрін, олардың өзара байланысын ескеру маңызды. Әлеуметтік жұмыстың объектісі алуан түрлі екендігі белгілі, олар: қарттар мен пенсионерлер, мүгедектер мен балалар, девиантты мінез-құлықты жеткіншектер, баспанасыздар, мигранттар, толық емес және көпбалалы отбасылар, т.б. Адамзат баласы әлеуметтік жұмыс объектісі болып табылады. Бұл барлық халық топтарының өмір тіршілігінің белгілі бір шамада қоғамның даму деңгейі, әлеуметтік сала жағдайы, әлеуметтік саясат мазмұны және оның жүзеге асу мүмкіндігінің алдын ала анықталуымен түсіндіріледі. Адам, кез келген уақытта, өзінің өмір сүру кезеңінде өзінің қажеттіліктері мен мүдделерінің толықтай қанағаттануын қажет етеді. Сонымен қоса әрбір тіршілік саласында олар теңдей қанағаттанбауы мүмкін: бай Адам стрестік жағдайымен байланыссыз тыныш ахуалда, денсаулығын сақтауды және нығайтуды қажет етеді; ал дені сау Адам өзінің түрлі идеяларын іске асыруға мүмкіндігі жоқ кедей болуы мүмкін; кез келген жанұяда ата-аналар арасында немесе бала мен ата-ана арасында келіспеушіліктер болады (бұндай әрекет әсіресе қоғамның дағдарыстық жағдайында байқалады), - яғни, әрбір Адам қандай жағдай болмасын қолдауды, көмекті, қорғауды қажет етеді. Халық әртүрлі негізде құрылған, өздерінің әлеуметтік және басқада мәселелерінің кейбіреулерін ғана шеше алатын немесе мүлдем шеше алмайтын қиын өмір жағдайындағы адамдар топтары да кездеседі.

Бұл технологиялардың жалпылығына қарамастан, әлеуметтік жұмыстың объектісінің ерекшелігін ескере отырып, олар ажыратылады. Мысалы, девиантты мінез-құлықты балаларды, қылмыскерді әлеуметтік бақылау, кәмелетке толмаған балалар мен қарттарға қамқорлық, т.б. сондықтан әлеуметтік іс-әрекет объектілердің мен әлеуметтік жұмыс түрлерінің өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, ықпалдастыру аса маңызды. Демек әлеуметтік жұмыстың интегративті, әмбебаптық сипаттарын ескере отырып, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік-медициналық, т.б. технологиялар деп бөліп көрсетуге де болады.

Әлеуметтік жұмыста қолданылатын технологияларды деңгейі бойынша да топтастыруға болады. қарапайым, маман еместерге қол жетімді, күрделі, маманданған бір маманды талап етеді, күрделі, әр түрлі саладағы мамандарды талап етеді. Әлеуметтік жұмыстың субъектісі бойынша, көбінесе, әр түрлі деңгейдегі және бағыттағы әлеуметтік қызметке байланысты әлеуметтік технологияларды ажыратуға болады. Әлеуметтік технологияларды басқа өлшемдер (мемлекеттік, қоғамдық мекемелердің қатыстырылуы, т.б.) бойынша жіктеуге болады.

Білім беру саласындағы әлеуметтік жұмыс технологияларын жіктелесіне келетін болсақ, әлеуметтік технологияларды жіктеу әлеуметтік жұмыс үшін маңызды. Технологияны жалпы жіктеу объектінің масштабына, қолдану саласына, қойылған мақсат пен шешілетін міндеттерге байланысты.

Сондықтан практикалық *әлеуметтік жұмыстың әдістемесі* бойынша да жіктелінеді: әлеуметтік диагностика мен профилактика, әлеуметтік адаптация, әлеуметтік реабилитация, әлеуметтік коррекция мен емдеу, әлеуметтік кеңес, әлеуметтік қамтамасыздандыру мен әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік делдалдық, әлеуметтік бағу мен қамқорлық. Сонымен ұзақ мерзімге созылған күрделі бағдарламалар үшін әлеуметтік жобалау, болжау, экспертиза технологиялары қолданылады. Бұл технологиялардың барлығы мектептегі әлеуметтік жұмыстар үшін маңызды. Соған қарамастан білім беру саласындағы әлеуметтік жұмыс технологияларын жіктеу қажет.

Алдымен жас ерекшелігі мен психологиясы, қоғамдағы орны, өмірдегі әлеуметтік рөлі мен міндеті бойынша ажыратылатын әлеуметтік топтармен жұмыс төмендегі бағыттарға бөлінеді: мектепке дейінгі балалар мен кіші мектеп жасындағы оқушылармен әлеуметтік жұмыс технологиясы; жеткіншектермен және жоғары сынып оқушыларымен жүргізілетін әлеуметтік жұмыс технологиясы; оқушы жастар мен студенттермен әлеуметтік жұмыс технологиялары; білім беру саласындағы девиантты мінез-құлықтың алдын алу технологиясы; мамандандырылған оқу мекемелері мен балалар үйінде жүргізілетін әлеуметтік жұмыстар технологиясы; оқушылардың отбасымен жүргізілетін әлеуметтік жұмыстар технологиясы; мұғалімдермен, ЖОО-ны оқытушыларымен жүргізілетін әлеуметтік жұмыстар технологиясы.

Қорыта келгенде, ұжымдық жұмыста әлеуметтік технологияларды толықтыру, ынталандыру және түзеу жеңіл және тиімді әрекет етеді. Бұл технологиялар жеткіншектердің әрқайсысының ерекшеліктерін ескеруге немесе жеке жастарға бағдарланған. Мұнда жеткіншектердің құндылықтар жүйесіне, мінез-құлықтың жағымды үлгілерін бекітуге, жағымсыз тұлғалармен немесе теріс мінез-құлықтармен

(наша, ішімдік, темекі, қылмыстық немесе бұзақылық әрекеттер) кездескенде мотивациялық тұрғыдан бас тарту дағдыларын қалыптастыру. Коррекцияны қажет ететін балалар мен жастарға әсер ететін әлеуметтік, әлеуметтік-психологиялық, психологиялық технологиялар жүйесі дайындалуда.

Әлеуметтік жұмыста қолданылатын технологияларды талдау барысында әлеуметтік жұмыстың өзара байланысты элементтердің тұтас бірлігі ретінде дербес жүйе екендігін, адамдар мен олардың арасындағы қатынастардан тұратын сана алуан әлеуметтік жүйе екендігін ескеру маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заң. - Астана: Ақорда, 2007. – №319-III ҚРЗ. www.edu.gov.kz.
- 2 Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. - М.: Педагогика, 1989. – 192 с.
- 3 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 1998. -256 с.
- 4 Жанпейсова М.М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде. – Алматы, 2002. - 180 б.
- 5 Щуркова Н.Е. Педагогическая технология. - М.: Педагогическое общество России, 2002. - 224 с.
- 6 Павленок П.Д. Теория, история и методика социальной работы. Учебное пособие. – М., 2004. – 476 с.
- 7 Технологии социальной работы: Учебник/Под ред. Е.И.Холостовой. – М.: ИНФРА-М., 2001. – 400 с.
- 8 Фирсов М.В. Технологии социальной работы: учеб. пособие для вузов. – М.: Академический проект, 2007. – 432 с.
- 9 Горский В.А. Система дополнительного образования// Дополнительное образование. 2001. №1.
- 10 Гончарова Н.В. Современная модель сопровождения ребенка (социологический аспект). – М., 2005.

УДК 316.62
МРНТИ 15.41.59

Н.Б. Қарабаева¹

¹аға оқытушы, магистр,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік Университеті,
Атырау қ., Қазақстан

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫСТАР БАҒЫТТАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада ауыр өмірлік жағдайларға тап болған балалармен жүргізілетін әлеуметтік жұмыстардың бағыттарының ерекшеліктері қарастырылады. Ауыр өмірлік жағдайларға тап болған балалармен жұмыс істейтін арнайы әлеуметтік-педагогикалық мекеменің жұмыстарын ұйымдастыру ең маңызды мәселе болып табылады. Осы жұмыстарды ұйымдастырушыларға кездесетін қиындықтардың бірі балаларды осыған алып келетін жағдайлардың сан алуан түрлілігі мен динамикалығы. Соның ішінен бірнеше топтарын бөліп көрсетуге болады: ауыр өмірлік жағдайлар (ауру, мүгедектік және өлім қорқынышы); қандай да бір міндетті орындаумен байланысты қиын жағдайлар (қиыншылықтар, қарсы әрекет, қателік, сәтсіздік); әлеуметтік өзара әрекеттестікте кездесетін қиын жағдайлар («көпшілік алдындағы мінез-құлық, тәртіп», бағалау мен сын, кикілжің, қысым және т.б.). Балаларға қатысты диагностикалық зерттеулер жүргізу мазмұнын мен уақыты бойынша сынып жетекшілерінен, әлеуметтік педагог пен психологтан, медициналық қызметкерлерден кешенділікті талап етеді. Диагностика процедурасы төрт бағыттағы жұмыстарды ұсынады: балалардың тұлғалық ерекшеліктерінің диагностикасы; мектептегі диагностика; отбасындағы диагностика; жақын ортасындағы диагностика.

Түйін сөздер: ауыр өмірлік жағдай, әлеуметтік жұмыс, әлеуметтік жұмыстардың бағыттары, әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет.

Аннотация

ОСОБЕННОСТИ НАПРАВЛЕНИЙ СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЫ

Н.Б. Карабаева¹

¹старший преподаватель, магистр

Атырауский Государственный Университет имени Х.Досмұхамедова
г. Атырау, Казахстан

В данной статье рассматриваются особенности направлений социальной работы с детьми оказавшимися в трудной жизненной ситуации. Одной из важных проблем является организация работы специальных социально-педагогических учреждений, работающих с детьми оказавшимися в трудной жизненной ситуации. Одна из трудностей, с которой сталкиваются организаторы такой работы, динамизм и разнообразие условий, ведущих к попаданию детей в такую ситуацию. Среди них можно выделить несколько групп: трудные жизненные ситуации (болезнь, опасность инвалидности и смерти); трудные ситуации, связанные с выполнением какой-либо задач (затруднения, противодействия, помехи, неудачи); трудные ситуации, связанные с социальным взаимодействием

(ситуации «публичного поведения», оценки и критики, конфликты, давление и т.п.). Диагностическое обследование в отношении детей требует комплекс по содержанию и по времени следующими специалистами: классным руководителем, социальным педагогом и психологом, медицинским работником. Процедура диагностики предполагает работу по четырём направлениям: диагностика личностных особенностей детей; диагностика в школе; диагностика в семье; диагностика ближайшего окружения.

Ключевые слова: трудная жизненная ситуация, социальная работа, направления социальной работы, социально-педагогическая деятельность.

Abstract

FEATURES OF DIRECTIONS OF SOCIAL WORK

Karabaeva N.B.¹

*¹senior teacher.master, Atyrau State University named after Kh.Dosmukhamedov
Atyrau, Kazakhstan*

This article discusses the features of areas of work with children in difficult life situation. One of the main problems is the organization of the special social and educational institutions working with children in difficult life situation. One of the difficulties faced by the organizers of such work, the dynamism and diversity of the conditions that lead to the ingress of children in this situation. several groups can be distinguished among them: the difficult life situations (illness, the risk of disability and death); difficult situations related to the implementation of any problems (difficulties, opposition, interference, failure); difficult situations of social interaction (situations of "public behavior", evaluation and criticism, conflicts, pressure, etc.). Diagnostic evaluation of children requires a range of content and time the following experts: class teacher, a social worker and a psychologist, a medical worker. The test procedure involves the work in four areas: diagnosis of personality characteristics of children; diagnosis in the school; diagnosis in the family; diagnosis entourage.

Keywords: difficult life situation, social work, social work areas, socially-pedagogical activity.

Қазіргі жаһандану заманында қоғамдық қарым-қатынастар жүйесінің өзгеруі, педагогикалық ойлаудың негіздерін, сонымен қатар әлеуметтік тәжірибеде педагогикалық орындалуы тұрғысынан алғанда тұлғалық - қоғамдық мәселелерде нақты, тиімді шешімдер қабылдай білу қабілеті мен дағдыларын игеруді қажет етеді. Елімізде соңғы кездері әлеуметтік – педагогикалық іс-әрекет мәселелері басты назарға алынып отыр.

Әлеуметтік жұмыс бойынша мамандарды мақсатты дайындау мәселесін отандық және шетелдік ғалымдар (И.А. Зимняя [1], М.В. Фирсов [2], т.б.) зерттеген. Әлеуметтік педагогтарды кәсіби даярлау және әлеуметтік педагогтардың қызметінің бағыттарын зерттеуге: Г.Ж. Меңлібекова [3], Ш.Ж. Колумбаева [4], М.Т. Баймұқанова [5], Р.И. Бурганова [6], т.б. қазақстандық ғалымдар өз еңбектерін арнады.

Сондықтан әлеуметтік әрекетті түсіндіру үшін ең алдымен әрекеттерінің өз ісіне берген мағынасын анықтау қажет, екіншіден әлеуметтік әрекеттің себептік мотивтерін анықтау қажет. Әлеуметтік әрекеттер үлкен әлеуметтік өзгерістерге әкеледі. Сондай-ақ, әлеуметтік әрекеттер институттар мен топтардың іс-әрекет сипатына әлеуметтік ықпал етеді.

«Әлеуметтік жұмыс» және «әлеуметтік – педагогикалық іс-әрекет» ұғымдарының мәніне талдау жасау оның таным объектісі ретіндегі орнын белгілеуге мүмкіндік берді.

А.В. Мудриктің пікірінше, әлеуметтік іс-әрекет тұлғаның, азаматтың, жалпы қауымның әлеуметтік қызмет мүмкіндіктерін нығайту және қалпына келтіру мақсатында жүргізілетін кәсіби қызмет болып табылады [7].

Белгілі педагогтар (В.А. Слостенин, Л.В. Мардахаев) пікірлерінше, әлеуметтік жұмыс – бұл тұлғаның үйлесімді дамуын шешу мақсатымен тәрбие беру ортасын ұйымдастыру және тәрбиенушілердің әртүрлі қызметін басқару жұмысы, сонымен бірге оқытушы мен оқушы арасындағы өзара ісқимыл сапасы арқылы анықталатын, негізгі фактор педагогикалық мақсат болып табылатын динамикалық жүйе [8].

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңындағы мынадай мәселелерге назар аударылған: бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар – бұл балаларды әлеуметтік қолдауды, әлеуметтік-тұрмыстық, медициналық-әлеуметтік, әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық, құқықтық қызметтер көрсету мен материалдық көмек көрсетуді, өмірде қиын ахуалға тап болған балаларды әлеуметтік оңалтуды, мұндай балалар еңбекке қабілетті жасқа жеткенде олардың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуді жүзеге асыратын ұйымдар; баланы әлеуметтік оңалту – бала жоғалтқан әлеуметтік байланыстар мен функцияларды қалпына келтіру, тұрмыс-тіршілікті қамтамасыз ету ортасын толықтыру, оған қамқорлық жасауды күшейту жөніндегі іс-шаралар; баланың заңды өкілдері – ата-ана, бала асырап алушылар, қорғаншы, қамқоршы, патронат тәрбиелеуші,

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес балаға қамқорлық жасауды, білім, тәрбие беруді, оның құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын олардың орнындағы басқа да адамдар; баланы экономикалық жағынан қанау бұл бала еңбегінің ең нашар нысандары, оның ішінде кәмелетке толмағандармен сауда жасау, оларды қылмыстық әрекетке немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға, жезөкшелікпен айналысуға, порнографиялық суреттер шығаруға немесе кәмелетке толмағандарды порнографиялық сипаттағы ойын-сауық іс-шараларына қатысуға тарту, сондай-ақ жұмысқа қабылдау үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген ең төменгі жастан кіші балалардың еңбегі; жетім бала – ата-анасының екеуі де немесе жалғыз басты ата-анасы қайтыс болған бала; қамқоршылық – он төрт жастан он сегіз жасқа дейінгі балалардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғаудың құқықтық нысаны; қорғаншылық – он төрт жасқа толмаған балалардың құқығы мен заңды мүдделерін қорғаудың құқықтық нысаны; мүгедек бала – тіршілік етуінің шектелуіне және оны әлеуметтік қорғау қажеттігіне әкеп соқтыратын аурулардан, жарақаттардан, олардың салдарынан, кемістіктерден организмінің функциялары тұрақты бұзылып, денсаулығына зақым келген он сегіз жасқа дейінгі адам; патронат – ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы уәкілетті мемлекеттік орган мен баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдірген адам (патронат тәрбиелеуші) жасасатын шарт бойынша азаматтардың отбасына тәрбиелеуге берген кездегі тәрбиенің нысаны; өмірде қиын ахуалға тап болған балалар – қалыптасқан мән-жайлардың салдарынан тіршілік етуі бұзылған және бұл мән-жайларды өз бетімен немесе отбасының көмегімен еңсере алмайтын балалар [9].

Жоғарыдағы санамалап көрсетілгендердің ішінде, ауыр өмірлік жағдайларға тап болған балалар мәселесінің күрделілігі олармен жүргізілетін жұмыстардың бағыттарын қарастыруды қажет етеді. Себебі, ауыр өмірлік жағдайлар субъективті түрде Адам үшін қиын қабылданатын және оның қалыпты өмір тіршілігін объективті түрде бұзатын жағдай (мүгедектік, жасы келуіне, ауруына, жетімділігіне байланысты өз-өзіне қызмет көрсете алмау, бақылаусыздық, аз қамсыздану, жұмыссыздық, отбасындағы қатаң қатынастар және келіспеушіліктер, жалғыздық және т.б.). Ауыр өмірлік жағдайға тап болғанда әлеуметтік педагог пен психологтың іс-әрекетінің және ораның орны ерекше.

Осы орайда алдымен осы тақырып аясындағы базалық ұғымдарға мән беріледі:

- *әлеуметтік жұмыс* – мәдени, әлеуметтік және материалдық жағынан өмір деңгейін жақсарту, адамға, отбасына немесе топ мүшесіне индивидуалды көмек көрсету, мақсатында азаматтарға мемлекеттік және мемлекеттік емес жәрдемдесетін кәсіби қызметтің арнайы түрі;

- *әлеуметтік қызмет* – әлеуметтік қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік, муниципалдық, жеке меншік және басқада органдардың, мекемелердің, кәсіпорындар мен ұйымдар жүйесі;

- *әлеуметтік қызмет көрсету* – әлеуметтік қызметкерлер және жеке мамандардың әлеуметтік қолдау көрсету, әлеуметтік тұрмыстық, әлеуметтік-медициналық, психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік құқықтық қызмет, қиын өмір жағдайдағы азаматтардың әлеуметтік бейімделуімен оңалтуларын жүзеге асыру қызметі;

- *әлеуметтік қызметкер* – бұл әлеуметтік жұмыс саласының маманы; әлеуметтік жұмыс саласындағы мамандықтар жиынтығы болып табылады;

- *әлеуметтік қамсыздандыру* – заңды негіздерге байланысты қартайғандығына, мүгедектігіне, ауруына, асыраушысынан айрылуына байланысты азаматтарға материалдық қызмет көрсету бойынша мемлекеттік және қоғамдық іс-шаралар жүйесі;

- *әлеуметтік сақтандыру* – жеке әлеуметтік қатерлер түрлерін компенсациялау және минимизациялау бойынша мемлекетпен бекітілген құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шаралар жүйесі.

Әлеуметтік жұмыстың мәні социointеграциялық, аксиологиялық, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтендіру, мәдени-ұйымдастыру, идентификациялық функциялармен сипатталады. Бұл функциялардың өзіндік ерекшелігі қоғамның бейімделген және бейімделмеген топтарының арасындағы қарым-қатынас айырмашылықтарының үйлесімділігін, қоғамның әлеуметтік-мәдени нормаларын, құндылықтарын, дәстүрлерін бекітуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік жұмыстың кәсіптік іс-әрекет ретіндегі басты құндылығы ізгі мақсатқа жетуде әлеуметтік қызметкердің кәсіптік-тұлғалық белсенділігіне бағдарланған қоршаған ортадағы адамдарға қызметкөрсетудің құндылығы болып табылатын кәсіптік іс-әрекет. Практикада әлеуметтік жұмыстың құндылықтарының әртүрлі деңгейлері арасында қарама-қайшылық туындайды. Әлеуметтік жұмыстың негізіне жататын құндылықтар жүйесі әлеуметтік қызметкердің кәсіптік құндылықтарымен (әрбір жеке жағдайда адамды әлеуметтендіру, әлеуметтік ортаға коррекциялау арқылы ендіру, өзінің кәсіптік міндетін ұғынуы,) дәлелденеді. Кәсіптік білім алу кезеңінде әлеуметтік қызметкердің кәсіби құндылықтарының қалыптасуының маңызы ерекше. Ол кәсіптік

даярлау барысында әлеуметтік қызметкердің өзара байланысты құндылықтар топтарын бірізділікпен меңгереді: іс-әрекеттің альтруистік сипатын бейнелейтін құндылықтар – көмекке, қолдауға мұқтаж, қоғамның аз қорғалатын адамына көмектесу, т.б.; маман алдындағы этикалық жауапкершілік құндылықтары – мамандықтың беделін қорғау, этикалық нормалар мен білімнің және әлеуметтік жұмыстың міндетті ісін дамыту; кәсібилікке қол жеткізуде әлеуметтік қызметкердің тұлғасын жетілдіру, өзін іс жүзінде көрсету, өзін таныту қажеттіліктерімен байланысты іс-әрекет.

Болашақ әлеуметтік педагог балалармен тәрбие жұмысын қалай ұйымдастыруды, ол үшін ол балаларды психологиялық тұрғыда танып-білуді, балалардың психологиялық жас ерекшеліктерін, психологиялық-педагогикалық оқып-білу әдістерін білуі тиіс. Әлеуметтік жұмыстағы мақсатты топтар және олардың проблемалық жағдайлары төтенше алуан түрлі болғандықтан, әлеуметтік топтық жұмыстың ортақ әдістемесі мен дидактикасының болуы мүмкін емес. Сонымен әлеуметтік топтық жұмыс әлеуметтік іс-әрекеттің түрі немесе тәсілі ретінде адамға көмектесу мақсатымен топтық тәжірибені беру арқылы, оның физикалық және рухани күштерін дамыту, әлеуметтік мінез-құлқын қалыптастыру үшін кең түрде қолданылады. Мұнымен қоса бұл әдісті жетік пайдалану үшін әлеуметтік педагогтың ерекше, кәсіби дайындығының болуы талап етілетіндігі мойындалады, оның табысты түрдегі іс-әрекетін анықтайтын сан алуан кәсіби қызметтердің ішінде коммуникативтік, психологиялық, ұйымдастырушылық және педагогикалық қызметтер анық ерекшеленеді.

Л.Т. Қожамқұлованың пікірінше, әлеуметтік қызметкер төмендегідей алуан түрлі міндеттердің біртұтас кешенін шешуді мақсат етеді: клиенттердің өз проблемаларын шешу үшін белсенді өмірлік бағыттарын қалыптастыруы; әлсіз әлеуметтік топтардың өкілдерінің өздерін танытуы үшін жағдайдың жасалуы; әлеуметтік және дербес проблемалардың диагностикасы; әлеуметтік профилактика; мұқтаж адамдарға әлеуметтік көмек беру мен оларды әлеуметтік қамтамасыз ету; кеңес беру; әлеуметтік реабилитация және терапия; әлеуметтік қадағалау мен қамқорлық; әлеуметтік жобалау; клиенттер мен түрлі ұйымдар арасындағы делдалдық; әлеуметтік жұмыс саласындағы инновациялық іс-әрекет және т.б. [10].

Ауыр өмірлік жағдайға тап болған балалармен жүргізілетін жұмыстарды бірнеше бағыттарға бөліп көрсетуге болады:

Аналитикалық бағыт, жағдайды зерттеу, ортаны, себептерін талдау. Сондықтан алдымен, ауыр жағдайға тап болған балаларды ерте айқындауды және есепке қоюды қамтамасыз ету керек. Ол үшін бақылау, әңгімелесу, тестілеу, сауалнама, іскерлік ойындар, балалар әңгімелерін талдау, отбасы және олардың қауіп-қатерін талдау жасау әдістері қолданылады.

Әлеуметтік педагогтың қажетті ақпараттарды алуы үшін диагностиканың алуан түрлерін өзінің мақсаттары мен міндеттерін ескере отырып, бейімдеудің негізінде қолдануға тура келеді. Диагностиканың көмегімен оқушыларды әлеуметтік тәрбиелеуде мәнге ие ортаның бөліктері, оның ресми және ресми емес құрылымдары зерттеледі:

Медициналық диагностика: әлеуметтік педагог диагноз қоймайды (мысалы, нашақорлық, шизофрения, маскүнемдік), алайда медициналық қорытындыны біліп, ауру әкеліп соғатын әлеуметтік-педагогикалық салдарларға болжам жасайды.

Психологиялық диагностика: әлеуметтік педагог психологиялық диагноз қоймайды, алайда кіші мектеп жасында, жас өспірімдік және жас жігіттік кезеңде болатын (психиканың жас ерекшеліктерімен байланысты танымдық белсенділік, мінез-құлықтық реакциялар, девиантты мінез-құлыққа бейімділік және т.б.) қауіп-қатер факторларын ескереді.

Әлеуметтік диагностика – бұл қоғамдағы өзара қарым-қатынасты айқындау мен оқып-тану. Оның мақсаты болып әлеуметтік диагнозды қою, баланың, отбасының әлеуметтік денсаулығының жағдайы туралы қорытынды жасау табылады. Әлеуметтік педагог үшін баланың өмірлік жағдайына, оның отбасына деген қарым-қатынасына араласу мен оны қоршаған ортаны анықтау маңызды.

Педагогикалық диагностика – бұл педагогикалық процесте көрініс беретін баланың тұлғасын оқып-тану. Әлеуметтік педагогтың іс-қимылы тұлғаның күш-қуатын, оның ашылмаған мүмкіндіктерін іздеуге бағытталған.

Әлеуметтік-педагогикалық диагностика. Бұл арада әлеуметтік педагог үшін баланың әлеуметтік микроортамен өзара іс-әрекетін, оның тұлғаны қалыптастырудағы ықпалын айқындаудың маңызы зор.

Ақпараттық-алдын алу бағыты, сынып жетекшісінің қиын өмірлік жағдайға тап болған балалар туралы әлеуметтік педагогты, психологты, медициналық қызметкерлерді (мектеп дәрігері), пән мұғалімдерін, мектеп әкімшілігін хабардар ету. Ақпарат көзі баланың әлеуметтік паспорты, ол баланың материалдық-тұрмыстық жағдайы және ауыр өмірлік жағдай белгілері туралы мәліметтер ғана беріп

қоймайды, сонымен бірге жеке алдын алу жұмыстарының ведомость аралық жоспарын дайындауға негіз болады. Бұл категориядағы балалармен жұмыстың бір формасы оларды бос уақыттың әр түріне қатыстыру және белгілі бір нәрсемен айналыстыру, арнайы акциялар өткізу болып табылады.

Әлеуметтік жұмыс тек қана әлеуметтік «әлсіз» топтарға әлеуметтік қолдау шараларын жүргізу ғана емес, сонымен қатар, барлық халықпен әлеуметтік қорғау шараларын жүргізуге бағытталған. Бұл кең мағынада әлеуметтік жұмыс бүкіл халықтың әрбір азаматына тиісті. Әлеуметтік жұмыс спектрі және халыққа әлеуметтік көмек көрсету, өте алуан түрлі. Мысалы, қарт адамдарға және мүгедектерге азық-түлік тағамдарын үйлеріне жеткізу, іс-шаралар ұйымдастыру, әр түрлі бағыттағы күндізгі орталықтар ашу (сауықтыру, спорттық, ойын түріндегі, ақыл-есі кем адамдарға, маскүнемдерге, нашакорларға арналған және т.б.). Халықты әлеуметтік қолдау, әлеуметтік қорғау, жалпы әлеуметтік жұмыс, қоғамның әлеуметтік дамуын, әлеуметтік және басқада топтар қарым-қатынасын және де олардың тұрмыс жағдайын жөндеу мен қажеттіліктерін қанағаттандыру сонымен қатар белсенді ету белгілі бір бағыттағы мемлекеттің *әлеуметтік саясатымен* анықталады.

Психологиялық-педагогикалық қолдау бағыттары атап көрсетіледі:

Әлеуметтік қорғауды қоғам мен және оның түрлі құрылымдарымен жүзеге асатын шаралар жүйесіне, минималды өмір сүру жағдайының кепілдігіне және адамның өмірін қамтамасыз етуге қолдау көрсету деп түсінуге болады.

Әлеуметтік қолдауды тұрмыс қызметінде мұқтаж тұлғалар, жеке отбасылар және әлсіз әлеуметтік топтар жағдайын қолдауға бағытталған арнайы шаралар деп түсіндіруге болады.

Әлеуметтік көмек – бұл жеке тұлғаларға немесе халық топтарына өмір қиындықтарын жеңуге немесе жеңілдетуге, олардың қоғамдағы әлеуметтік статусын (беделін) табуына, қоғамға бейімделуіне көмектесетін жәрдем, қызмет және қолдау түріндегі әлеуметтік шаралар жүйесі.

Әлеуметтік жұмысты қоғам өмірінің барлық саласындағы адамдардың субъективті рөлінің жүзеге асуын тиімдету, өмір сүруді қамсыздандыру үрдісін және тұлғаның, отбасының, әлеуметтік және басқада топтардың, қоғам мүшелерінің іскерлік қабілеттерін дамыту мақсатындағы, адам қызметінің өзге түрі ретінде қарастыруға болады. Бұл бағыттағы жұмыстарда жеке кеңес беру, психологиялық-коррекциялық жұмыстар ерекше орын алады.

Балаларға алуан түрлі кедергілерді жоюға көмектесу үш деңгейде жүргізіледі: баланың ең жақындары (ата-анасы, туыскандары және достары) тарапынан көмек, сыныпта көмектесу (сыныптастары, мұғалімдер, сынып жтекшісі); психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету орталығы (мектептегі педагог-психологтар, медициналық қызметкерлер); басқа ұйымдар мамандары және қалаға қызмет көрсету мамандары. Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуде арнайы ұйымдастырылған топтық жұмыс және тренинг маңызды болып табылады.

Қорыта келгенде, қазіргі уақытта қоғамның дамуына байланысты ауыр өмірлік жағдайға тап болған балалар типіне қарай жүргізілетін жұмыстардың басты міндеттің бірі: орта мектеп оқушыларын өмірдің кез келген қиын жағдайларында туындаған мәселені шешуде позитивті белсенділігін қалыптастыру; өзінің өмірлік тәжірибесін іс жүзіне асыра білуі, білімін қолдана алуы; әлемдік құрылым қалыптасуының негізгі ғылыми ұстанымдарын, ойлаудың әдіс-тәсілдерін, сүйіспеншілік, патриотизм, танымның заңдылықтарын игерту; т.б.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Зимняя И.А. Педагогическая психология: Учебник для вузов – МОРФ, 2-е изд. – М.: Логос, 2002.
- 2 Фирсов М.В. Психология социальной работы: содержание и методы психосоциальной практики. Уч. пособие. 3-е изд. – М.: Академия, 2007. – 192с.
- 3 Менлибекова Г.Ж. Система подготовки будущих учителей к социально-педагогической работе. Диссертация на соискание ученой степени доктора пед. наук. - Алматы, 2002. – 277 с. – 241 с.
- 4 Колумбаева Ш.Ж. Особенности подготовки социального педагога к работе с трудными подростками. дисс. На соискание канд. пед. наук, -Алматы, 2000, – 158 с.
- 5 Баймуканова М.Т. Научные основы подготовки будущих социальных педагогов к работе со студентами по формированию семьи. 13.00.08. Диссертация на соискание ученой степени канд. Педук. Алматы, 2001. 162 с.
- 6 Бурганова Р.И.. Научные основы подготовки социальных педагогов к работе со студенческой молодежью в сфере культурного досуга. Диссертация на соискание ученой степени канд. пед. наук. Алматы, 2001. – 156 с.
- 7 Мудрик А.В. Социальная педагогика: Учеб. для студ. пед. вузов / Под ред. В. Л. Сластенина. - М., Академия, 2005. – 200 с.
- 8 Мардахаев Л.В. История и теория социальной педагогики. – М.: Союз, 1998. - 72 с.

9 «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы.

10 Кожамкулова Л.Т. Социальная работа как социальный институт: мировой опыт и Казахстан. Автореф.дисс. д. социол. н. - Алматы, 2003. – 52 с.

ЖОҒАРЫ МЕКТЕП **ВЫСШАЯ ШКОЛА**

УДК 371.31.
МРНТИ 14.35.07

А.Е. Берикханова¹

¹к.п.н., профессор КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

СОЗДАНИЕ КОЛЛАБОРАТИВНОЙ УЧЕБНОЙ СРЕДЫ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ УСПЕШНОСТИ ЛИЧНОСТИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ

Аннотация

В нынешних условиях обновления содержания образования возрастают требования компетентности будущих учителей. Реформы в среднем образовании требуют изменений и в профессиональном образовании будущих учителей. Актуальность совершенствования профессиональных компетенций будущих учителей обусловлена также интеграцией отечественного образования в мировое образовательное пространство.

В данной статье рассмотрены сущность такой дефиниции как «коллаборация», некоторые особенности организации коллаборативной учебной среды в целостном педагогическом процессе вуза. Раскрывается эффективность создания коллаборативной учебной среды для раскрытия потенциальных возможностей и профессиональных компетенций будущих учителей. Основной акцент сделан на важность фасилитаторской позиции преподавателя в организации коллаборативной деятельности студентов. Обосновано влияние коллаборативной среды на успешность деятельности будущих учителей.

Ключевые слова: коллаборация, коллаборативная учебная среда, успешность, профессиональная успешность, социальная успешность, фасилитатор.

Аңдатпа

КОЛЛАБОРАТИВТІ ОҚУ ОРТАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМ ТҮЛҒАСЫНЫҢ ТАБЫСТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

А.Е. Берикханова¹

¹п.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің профессоры, Алматы қ., Қазақстан

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнын жанарту жағдайында болашақ мұғалімдердің құзіреттілігіне деген талаптар күшейе түсті. Орта білім беру саласындағы реформалар болашақ мұғалімдерге кәсіби білім беру саласында да өзгерістер енгізуді талап етуде. Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктерін жетілдіру өзектілігі отандық білім берудің әлемдік білім беру кеңістігіне енуімен тығыз байланысты.

Бұл мақалада «коллаборация» ұғымының мәні, жоғары оқу орнының тұтас педагогикалық үрдісінде коллаборативті оқу ортасын қалыптастыру ерекшеліктері қарастырылады. Коллаборативті оқу ортасының болашақ мұғалімдердің әлеуеттік мүмкіндіктері мен кәсіби құзіреттерін дамытудағы тиімділігі ашылып көрсетіледі. Басты назар студенттердің коллаборативті іс-әрекеттерін ұйымдастырудағы оқытушының фасилитаторлық позициясының маңыздылығына аударылады. Коллаборативті ортаның болашақ мұғалімдердің іс-әрекет табыстылығына ықпалы негізделеді.

Түйін сөздер: коллаборация, коллаборативті оқу ортасы, табыстылық, кәсіби табыстылық, әлеуметтік табыстылық, фасилитатор.

Abstract

CREATION OF COLLABORATIVE EDUCATION ENVIRONMENT AS A TOOL OF FORMATION THE SUCCESS OF THE FUTURE TEACHER'S PERSON

А.Е. Berikkhanova¹

¹k.p.s., professor of Kazakh national Pedagogical University named Abay,

Almaty, Kazakhstan

In the current conditions of updating the content of education, increases the requirements for the competence of future teachers. Reforms in secondary education require changes in the professional education of future teachers. The urgency of professional competence improvement of future teachers is also conditioned by integration of national education in the world educational space.

In this article, we consider the essence of such a definition as "collaboration" and certain features of the organization of the collaborative learning environment in a holistic pedagogical process of the university. Revealed the effectiveness of creating a collaborative educational environment for the disclosure of potential opportunities and professional competencies of future teachers. The main emphasis is on the importance of the facilitation position of the teacher in the organization of collaborative activities of students.

Justified the influences of the collaborative environment on the success of the future teachers.

Key words: collaboration, collaborative learning environment, success, professional success, social success, facilitator.

Подлинно самостоятельная учебная деятельность возникает на основе «информационного вакуума», когда у студентов формируется потребность узнать, освоить что-то новое, неизвестное, нужное, важное для них, а средств удовлетворения такой потребности в учебном процессе нет. Это предполагает необходимость работы преподавателя, направленной на создание предпосылок возникновения у студентов такой потребности.

Таким образом, обучая самостоятельности и предоставляя её, преподаватель помогает студенту стать субъектом самостоятельной учебной деятельности, осознать её и управлять ей, что является залогом формирования у него самообразовательной компетенции.

В свете современного компетентностного подхода к профессиональному образованию необходимо учитывать и то, что и после окончания курса обучения в вузе специалист должен быть готов к последующему самообразованию на протяжении всей жизни. Качество сформированности профессиональной компетенции зависит от уровня развития самообразовательной компетенции, которую можно рассматривать как фактор социальной конкурентоспособности выпускника, позволяющий получить качественное высшее образование, овладеть профессией, достичь необходимой квалификации, а при необходимости в будущем сменить специальность. Следовательно, при развитии межкультурной компетенции в ходе межкультурного обучения необходимо учитывать и самообразовательный компонент. Самообразовательная компетенция в целом считается одной из ключевых компетенций и является необходимой основой успешного развития личности и профессиональной деятельности человека.

Список использованной литературы:

- 1 «Концепция развития иноязычного образования РК». - Алматы: Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, 2006 г.
- 2 Безукладников К.Э., Крузе Б.А. Самореализация будущего учителя иностранного языка в логике лингвоинформационного подхода к высшему иноязычному образованию // Педагогическое образование и наука. - 2011. - № 6. - С. 71-75.
- 3 Кашикова Е. Ю. Условия организации речевой самообразовательной деятельности студентов // Вестн. Томского гос. пед. ун-та (Tomsk State Pedagogical University Bulletin). 2011. Вып. 4. – С. 35-39.
- 4 Коряковцева Н. Ф. Автономия учащихся в учебной деятельности по овладению иностранным языком как образовательная цель // Иностр. яз. в школе. 2011. № 1. – С. 9-14.

ӘОЖ 372.8:57:004
МРНТИ 14.07.09.

Ж.М. Ералиева¹

¹*БД011300-Биология мамандығының докторанты, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан*

СМАРТ ИНТЕРАКТИВТІ ТАҚТАНЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ БИОЛОГИЯ МАМАНДЫҒЫ БІЛІМгерлерінің ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ

Аңдатпа

Мақалада жоғары педагогикалық оқу орындарында биология мамандығы білімгерлерінің білім сапасын арттыру мақсатында, смарт құрылғы интерактивті тақтаны, ақпараттық технологияларды дәріс сабақтарында тиімді қолдану барысы келтірілген. «Тамшылатып суару технологиясы» атты дәріс сабағында, білімгерлердің технология жайлы түсініктерін қалыптастыруда ақпараттар берілген. Қазіргі ауыл шаруашылықта жүйенің ендіруі мен оның маңыздылығы және тамшылатып суару технологиясының қысқаша пайда болу тарихымен студенттерді таныстыру дәріс сабағының негізгі смарт мақсаты болып табылады. Тамшылатып суару технологиясында қолданылатын құрылғылардың қысқаша техникалық сипаттамалары және жұмыс істеу принциптері берілген. Қазақстанда озық технологияның ауыл шаруашылықта қолданылуы келтіріледі. Қазіргі кездегі су тапшылығын шешу жолы – суресурстарын ысырапсыз тиімді пайдалану. Су тапшылығын болдырмауда тамшылатып суару технологиясының ауыл шаруашылықта алатын орны ерекше. Дәрісті жүргізу барысында смарт интерактивті тақтаны, ақпараттық технологияларды қолдану арқылы, тақырыптың мазмұнын кеңінен ашуына көмектесіп, оқытушы мен білімгерлер арасындағы өзара қатынасын тиімді іске асыруға мүмкіндік алды. Смарт технологияны оқыту үдерісінде жүйелі түрде тиімді пайдалану, білім сапасын, білімгерлердің шығармашылығын арттыруға негізделген.

Түйін сөздер: смарт технология, интерактивті тақта, ақпараттық технологиялар, тамшылатып суару технологиясы, құрылғылар, құбырлар, өсімдік, өнімділік.

Аннотация

Ж.М.Ералиева¹

ЭФФЕКТИВНОЕ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СМАРТ ПРИБОРА ИНТЕРАКТИВНОЙ ДОСКИ ДЛЯ ПОВЫШЕНИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ СТУДЕНТОВ СПЕЦИАЛЬНОСТИ БИОЛОГИЯ

¹*докторант специальности БД011300-Биология,*

Казахский государственный женский педагогический университет, г.Алматы, Казахстан

В статье приводится пример эффективного использования смарт прибора интерактивной доски, информационных технологий в лекционных занятиях с целью улучшения качества знаний студентов высших педагогических учебных заведений, обучающихся по специальности биология. Вниманию студентов представлен лекционный урок на тему «Технология капельного орошения», в котором даётся представление о технологии капельного орошения. Смарт целью лекционного занятия является познакомить студентов с краткой историей возникновения технологии капельного орошения и её значением в системе ведения современного сельского хозяйства. Дано краткое техническое описание устройств, применяемых в технологии капельного орошения, и представлен принцип их работы. Приводится применение этой передовой технологии в сельском хозяйстве Казахстана. На сегодняшний день решением проблемы дефицита воды является рациональное использование водных ресурсов без их потери. Этой задаче отвечает использование в сельском хозяйстве технологии капельного орошения, занимающей особое место в предотвращении дефицита воды. В проведении урока использование смарт интерактивной доски и современных информационных технологий помогает полнее раскрыть содержание темы, эффективнее использовать взаимодействие преподавателя и обучающихся. Системное использование смарт технологий в учебном процессе направлено на повышение качества знаний и развитие творческого потенциала студентов.

Ключевые слова: смарт технология, интерактивная доска, информационные технологии, технология капельного орошения, устройства, трубопроводы, растение, продуктивность.

Abstract

EFFECTIVE USE OF SMART DEVICE OF THE INTERACTIVE BOARD FOR INCREASE OF COGNITIVE ACTIVITY OF STUDENTS OF BIOLOGY SPECIALTY

Yeraliyeva Zh.M.¹

¹*doctoral student of the specialty 6D011300-Biology, Kazakh state women's teacher training university, Almaty, Kazakhstan*

In this article the example of effective use of smart device of the interactive board and informational technologies in lecture lessons with the purpose of improvement of quality of knowledge of students of the highest pedagogical educational institutions studying in "Biology" specialty is described. The lecture lesson "Technology of Drip Irrigation" where one can find the idea of drip irrigation technology is presented to the attention of students. The smart purpose of the lecture lesson is to acquaint the students with short history of emergence of the drip irrigation technology and its value in the system of keeping the modern agriculture. The short technical specification of the devices used in the drip irrigation technology was given and the principle of their work was described. Resulting from the use of this advanced technology in agriculture of Kazakhstan. Today the solution of the problem of water deficiency is rational use of water resources without their loss. This task is able to be decided by use in agriculture of the drip irrigation technology taking up the specific place in prevention of water deficiency. When carrying out the lesson use of the smart interactive board and the modern informational technologies helps to open more perfectly the maintenance of the subject, to use the interaction among teacher and students more effectively. Systemic use the smart technologies during the educational process is directed to upgrading the knowledge and development of creative potential of students.

Key words: smart technology, interactive board, informational technologies, drip irrigation technology, devices, pipelines, plant, productivity.

Kіpіcne

Қоғамдағы қазіргі кездегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі олардың білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды-машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі әлемде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

XXI ғасырда қоғам мен мемлекет дамуының ең басты тетігі білім болып табылатыны мойындалды, оған ғасырлар тоғысында білімді халықаралық деңгейде дамытудың бағыттарына арналған реформалардың, соның ішінде Болон үдерісінің қарқынды дамуы дәлел. Қазақстанның білім беру саласындағы жүйелі өзгерістер әлемдік деңгейдегі болып жатқан жаңашыл басталармен үндесіп отыр.

2014 жылғы 17 қаңтардағы ҚР Президентінің «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты жолдауында: «Қазақстанның әлемдегі ең дамыған 30 елдің қатарына кіру тұжырымдамасында басты басымдылық ретінде ұлттық білім берудің барлық буынының сапасын жақсарту, оқыту нәтижесі оқушылардың сындарлы ойлау, өзіндік ізденіс пен ақпаратты терең талдау машығын игеру болуға тиіс» деп белгілеген болатын [1].

Негізгі бөлім

Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Мемлекеттік білім беру саласы қызметкерлерінің алдында қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру.

Адамзат өркениетінің дамуының шиеленісті тұсында әлемнің көптеген елдері өздерінің қоғамдық-әлемдік, саяси-экономикалық саясатының басты және өзекті тұғыры есебінде «Тұрақты даму стратегиясын» қабылдап отыр. Тұрақты даму мәселесіне Қазақстанға да тиісті көңіл бөлініп, 2000 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі БҰҰ ДБ-мен бірлесе отырып, тұрақты дамудың құрылымдық шарттарын нығайту бағытындағы арнаулы бағдарлама қабылданды.

Тұрақты даму тұжырымдамасы – жеке адам, табиғат және қоғам арасындағы, бүгінгі адамзат тіршілігі мен келешек ұрпақтардың мүдделері арасындағы ірі қарама-қайшылықтарды азайтып,

қоғамдық қарым-қатынастар мен материалдық және рухани-интеллектуалдық жағдайларды кешенді түрде қарастырып, адамзат тіршілігінің сапасын өсіріп, табиғи ортаның тепе-теңдік қалпын сақтау және жетілдіруді көздейтін төмендегідей түбегейлі мәселелерді қамтитын іргелі тұжырымдама:

1. Әлемдік макроэкономикалық тұрақтықты қамтамасыз ету.

2. Мемлекеттердің басқару саясын адам және адамзат қажеттіліктері мен құндылықтарына бағдарлау, білім, мәдениет және салауатты өмір салтын дамытуға басымдылық беру арқылы адам әлеуетінің сапалық жаңа деңгейге көтерілуін қамтамасыз ету.

3. Техникалық және технологиялық құралдарды ретсіз қолдану, биоресурстарды шексіз пайдаланудың зардаптарын азайту арқылы қоршаған ортаны, табиғатты сақтаудың кешенді, пәрменді шараларын жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында “Жоғары білім беруді дамытудың негізгі үрдісі мамандар дайындау сапасын арттыру, қарқынды ғылыми-зерттеу қызметімен ықпалдастырылған инновациялық білімді дамыту, жоғары оқу орындары зерттеулерінің әлеуметтік сала мен экономиканың қажеттіліктерімен тығыз байланысты, білім беру және ақпараттық технологияларды жетілдіру болып табылады” деп атап көрсеткендей-ақ, білікті мамандарды дайындау - өзекті мәселелердің бірі [2].

Ақпараттық қоғамның сөздік қорында тағы да бір жаңа ұғымдар – Smart, Smart education ұғымдары белсенді түрде еніп келеді. Smart education ұғымы тіпті көптеген елдерде іс жүзінде жиі қолдануда. Smart education ұғымының негізгі мәні неде? Сөздің түбіріне келетін болсақ, «**smart**» сөзі ағылшын тілінен аударғанда «зерек», «ақылды» дегенді білдіреді. Смарт – бұл неологизм, сын есім ретіндегі негізгі мағынасы – парасатты, тапқыр, ақылды, ал зат есім ретінде – ақыл, алғырлық, зеректілік деген мағынаны білдіреді. Нақ осы оқыту жүйесі қазіргі әлемнің мүмкіндіктері мен міндеттеріне сәйкес максималды білімнің жоғарғы деңгейін қамтамасыз етіп, жастардың тез өзгергіш қоғам жағдайына бейімделуіне, оқулықтан нақты белсенді әрекетке негізделген білім алуға мүмкіндік береді.

SMART оқыту мақсаты мен міндеттерін анықтауда қолданылатын, 1981 жылы Джордж Доран енгізген ұғым. Автордың айтуынша, SMART аббревиатурасының құрамында оқыту мақсаты мен міндеттерін сипаттауға тиіс сын есімдер қамтылған. «Smart» сөзін ағылшын тілінен қазақшалағанда ақылды, тіпті қу немесе тапқыр, епті деген мағынаны білдіреді [3, б.18-19].

Алайда, SMART ол сөз емес. Ол 1954 жылы Питер Друкер айналымға енгізген аббревиатура.

Міндеттер мен мақсаттарды орындау үшін құрылатын технология SMART. Ол мақсаттарды нақты бақылау үшін қолданылады.

S (specific) – Пәнді оқыту барысында мақсат дәл және дәйекті нәтижеге қол жеткізу;

M (measurable) – Мақсат белгілі бір бағанамен өлшену және өлшеу стандартынан өту қажет;

A (assignable) – Мақсат ойдан алынбау керек. Нақты, мойындалған мекеме немесе адамға керек болуы шарт;

R (realistic) – Мақсат қолжетімді болуы керек;

T (time related) – Мақсат уақытпен анықталуы тиіс.

Smart технологияның мақсаты: Бұл технология әр түрлі ғылым саласында өз мақсаттары үшін қолданылып келеді.

Оқытушы интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін пайдаланып, материалды әр түрде классификациялауына; объектілерді жылжытуға, түстермен жұмыс жасауға болады. Кейде өздерінің пікірлерін білдірулері және жұмысты ары қарай жалғастыруға бағыт беру үшін студенттердің назарын тақтаға қайта аударуға болады. Жалпы студенттер мен оқытушылардың пікірінше, материалды қарапайым аудиториядан гөрі интерактивті тақтамен бірге жүргізілген сабақты ұғыну әлдеқайда қызықты, әрі ұтымды.

Интерактивті тақтада компьютерде жасайтын жұмыстарды да жасай аласыз: мәтінді теріп және сақтай аласыз, фильмдер мен слайдтар көрсете аласыз, интернет желісінен қажетті ақпараттар іздестіре аласыз. Оқытушының берген сабағын студенттер тақтадан анық көре алады, олардың назары тақтада болады. SMART тақтаны интерактивтік Symposium планшетімен толықтыруға болады, тыңдаушы кіші топтарды игергендей үлкен аудиторияларды да игеруге болады. Оқытушы, кішігірім экранда жазу жазып, орнынан қозғалмай студенттерге қарап тұрып, компьютерлік қосымшаларды, сонымен бірге студенттердің үлкен экранда және интерактивті тақтада берілген сол көріністі көретінін бақылай алады.

Мектептерде «SMART ART» интерактивті өнердегі студиялар ашылып жатыр, онда цифрлік картина жасау үшін SMART интерактивті құрылғысы қолданылады. Бұл студияда әлемдік көркем өнер мен

көркем мәдениет негізіндегі сабақтар өтеді. Сурет салу бойынша арнайы жасалған бағдарлама көмегімен («SMART Notebook», «2 Paint a Picture», «Touch Me Tender», «Adobe PhotoShop» және т.б.) оқушылар көркем шығарманың айырмашылықтарын көріп қана қоймай өздері де графикалық инсталляцияны жасай алады.

SMART құрылғыларының ең танымалы 1991 жылы қолданысқа енген интерактивті тақталарды ерекше атап өтуге болады. SMART құрылғылары білім беру жүйесінде де, жоғары білім беру жүйесінде де, бизнес саласында да, әкімшілік пен қарулы күштер саласында да сұранысқа ие. SMART өнімдерін әлемнің 175 елі кең қолдануда. SMART құрылғыларының ең танымалы интерактивті тақталардан басқа, қазіргі кезде интерактивті панельдер, интерактивті орталықтар, үстелдер, интерактивті экрандар, оқушылар үшін жауаптар жүйесі, сымсыз "грифельді" тақталар, күшейткіш аудиожүйелер, документ-камера секілді т.б. бағдарламалық қамтамасыз етуге арналған құрылғыларды ұсынып келеді [4, б.25-30].

Зерттеу объектілерімен әдістері

Пән атауы «Қолданбалы биология және топырақтану негіздері».

Дәріс сабағының тақырыбы: «Тамшылатып суару технологиясы»

Оқыту әдісі: Дәріс

1. SMART мақсат
2. SMART құрылғы интерактивті тақта
3. Ассоциограмма
4. Ақпараттық технологиялар

SMART мақсат:

2 дәріс сабақ көлемінде білімгерлерге тақырыптың мәні мен мазмұнын ашу.

- Кіріспе
- Тамшылатып суару технологиясының маңыздылығы мен қысқаша тарихы;
- Тамшылатып суару технологиясының жалпы құрылымы;
- Құрылғылардың қысқаша техникалық сипаттамаларымен жұмыс принциптері;
- Қазақстанда озық технологияның ауыл шаруашылықта қолданылуы

Дәрісті жүргізу барысында SMART құрылғы интерактивті тақта, ақпараттық технология жағдайында интернет желісі, компьютер жұмыс құралы, презентациялық слайдтар, түрлі суреттер, бейнероликтер қолданылады.

Ауыл шаруашылығында кез-келген өнімге қол жеткізу судың әсерінсіз жүзеге аспайды. Сондықтан ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыз етуге – ауданның географиялық орны, топырағы, климаттық жағдайлары және өзендердің көлеміне баса назар аударылады. Жауын шашынның мол түсуіне байланысты еліміздің солтүстік аудандары қолдан суарылмайды, ал оңтүстікте құрғақ күні ыстық аудандарда егіншілікпен шұғылдану үшін егістікті қолдан суаруға тура келеді.

Оңтүстік Қазақстан облысының егістікті аудандарда егін шаруашылығы қолдан суаруға байланысты қалыптасты. Қазан төңкерісіне дейін күрделі ирригациялық-инженерлік құрылыстар салу қажеттілігіне байланысты онша дамымады. Кеңес Одағы орнағаннан кейін ғана бұл мәселеге көңіл бөліне бастады.

Экономикамыздың дамуына орай, су тапшылығы мәселесі, трансшекаралық өзендер алабындағы су тұтыну көлемінің ұлғаюында болып отыр. Соңғы жылдары Қазақстанда су ағынының көлемі 89,5 шақырымға қысқарған. Оның бір себебі – Өзбекстанмен Қырғызстаннан ағып келетін Сырдария суының 19,5 мың шақырымнан 9,8 мың шақырымға қысқаруы, жер беті су ресурстарының қысқаруына алып келді [5].

Аталған себептермен қатар жаһандық жылынумен байланысты экологиялық мәселелердің (ауа температурасының күрт континентальдылығының артуы, жауын-шашын мен су қорларының кемуі және т.б.) туындауы ауыл шаруашылығында, оның ішінде өсімдік шаруашылығында да жаңа көз-

қарастардың қалыптасуына және еліміздің агроөнеркәсіптік кешені үшін жаңа, ресурсүнемдегіш технологиялардың енгізілуіне әкелді.

Әдебиеттерде жер бетімен суару кезінде бұрыннан суғарылатын жерлерде гектарынан 50 т-дан астам, ал жаңадан суғарылатын жерлерде бұл көрсеткіштен 2-3 есе мол топырақтың шайылып кететіндігі туралы мәліметтер бар. Топырақ эрозия нәтижесінде оған берілген қоректік заттардың тиімділігі нашарлап, қарашірік мөлшері күрт төмендейді. Қазіргі таңда еліміздің агроөнеркәсіптік кешенінің алдында топырақ құнарлылығын арттыра отырып, ресурсүнемдегіш технологияларды пайдаланып, өнімділік пен саланың табыстылығын арттыру міндеті тұр. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша агроөнеркәсіптік кешеніне өсімдік шаруашылығындағы егістіктердің 15%-ына дейін суарудың заманауи түрлерін енгізу міндеті жүктелген.

Қазіргі егіншілікте қолданыстағы суару жүйелері: қажетті өсімдік өнімін өндіру; топырақ құнарлылығын сақтау мен жоғарылату; суармалы жерлердегі ауыл шауарышылығы өндірісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету сияқты үш бірдей міндетті шешуді қамтамасыз етуге бағытталған [6].

Суарудың негізгі түрлері:

а) топырақ бетімен жайып суару;

ә) жұмсақ және қатты құбырлар немесе таспалар арқылы суару;

б) жаңбырлатып суару;

в) топырақшінен суару;

г) тамшылатып суару.

Қазіргі кездегі су тапшылығын шешу жолы – суресурстарын ысырапсыз тиімді пайдалану. Су тапшылығын болдырмауда тамшылатып суару технологиясының ауыл шаруашылықта алатын орны ерекше. Қазіргі кезде осы технологияны пайдалану арқылы Израйль, Қытай елдері жоғары нәтижеге жеткен. Көптеген елдердің ғылыми тәжірибелері өндірісте осы технологияны пайдалану керектігін растап отыр. Көршілес Өзбекстанда жүргізілген тәжірибеге мысал келтірсек, 2004 жылы Ташкент облысы, Шыназ ауданындағы «Прогресс» атты шаруа қожалығында 30 гектар жерге жүргізілді. Рельефі онша жетілмеген тегістелмеген, климаты шұғыл континентті (орт. тем. шілде) +26,8, қаңтар - 2,3 градус), топырағы лесс тәрізді және саздақты жерде тәжірибе жүргізілді. Тамшылатып суару жүйек арқылы суаруға қарағанда суды 1555 м³/га немесе 55,5 % -ға үнемдеген. Технологиялық өнімділік 31,2 ц/га немесе биологиялық өнімділікке қарағанда 55,9 % -ға өскен [7].

Тамшылатып суару – өсімдіктің тамырына қарай немесе жердің үстіңгі бөлігіне немесе тікелей тамырлық зонасына қақпақшалардың торы, құбырлар, түтіктер, таспалар, эмиттер арқылы суды баяу тамшылатып суару кезінде су және тыңайтқыштарды үнемдейтін суару түрі.

Тамшылатып суару жүйесі суды, минералды тыңайтқыштарды және жұмыс күшін үнемдеуге алып келеді. Тамшылатып суару тиімді болып табылатын өйткені, өзіндік құны төмендеп, пайда мен өнімділік 80% артады. Тамшылатып суару әдісін қолдану, бидай шикізатын егу, одан азық-түлік өнімін алу, тыңайту және жинау бойынша жұмыстарды толығымен механикаландыруға мүмкіндік береді. Бұл жұмыстың арзандауына, уақытты үнемдеуге, өнімнен жоғары табыс алуға мүмкіндік береді.

Тамшылатып суару техникасын Ресей, Қытай, Израйль, Түркия т.б. елдерде шығарады. Техниканы әрбір ел табиғат жағдайына бейімдеп жасайды. Израйльдік техниканың бағасы 4-5 мың доллар болса, Қытайдікі 1,5-2 мың доллар шамасында. Сондықтан, осы техниканы Қытай фирмаларынан сатып алған тиімді өйткені табиғат жағдайларында ұқсастықтар және бағасы да арзан.

Тамшылатып суарғанда топырақ ылғалдылығы еш уақытта төмендеп кетпейді. Құмдақ жерді күнде немесе күнара суғарып тұру тиімді болса, ауыр топыраққа аптасына екі рет суғарған тиімді болады [8]. Тамшылатып суарудың артықшылығы мен кемшілігі ассоциогарамма түрінде 1-ші суретте келтірілген.



1-сурет. Тамшылатып суарудың артықшылығы мен кемшілігі

Көкөністерді өсіріп-өндіру кезінде суарудың экологиялық қауіпсіз және экономикалық тиімді технологияларының қатарына жататын тамшылатып суаруды пайдалануды меңгеру мақсатқа сай болады. Тамшылатып суарудың негізгі жетістігі суарудан түскен қосымша өнім бірлігіне шаққандағы су шығының үнемді пайдаланылуы. Судың аз шығындалуы: судың тікелей өсімдік өсетін аймаққа оның қажеттілігіне сәйкес өте аз мөлшерде (тамшылармен немесе сыздықтап) берілуі тамшылатып суарудың қағидасына қалыптасқан. Судың бұлай берілуі арнайы құрылғы – дозатор-тамшылатқыш көмегімен жүзеге асады [9-12].

Тамшылатып суару жүйесін барынша кеңінен қолдану Израильде (ауыз суы жетіспеушілігінің қатаңдығына байланысты) орын алды және сонда құрғақ топырақ жағдайында тамшылатып суаруды пайдалану бойынша зерттеулер алғаш (өткен ғасырдың 50-ші жылдары) жүргізілді. Арада 10 жылдың шамасында алғашқы тамшылатып суару жүйесіне патент алынды, Симха Бласспен тамшылатып суару жүйесінің 10000 тамшылатқышын шығаруға қол қойылғаннан кейін «Нетафим» фирмасы 1965 жылы жаппай өнеркәсіптік өндірісін бастады. 1968 жылы тамшылатып суарылатын аудан 800 га астам жерге, 1972 жылы 5000 га дейін жерге жетті. Қазіргі уақытта суарудың тамшылату әдісі Израиль территориясында ең кең таралған тәсіл болып саналады және 100 мың га жерден аса аумақта пайдаланылады [13-15].

Тамшылатып суаруда пластикалық эмиттер Израильдегі Симха Бласс пен оның баласы Йешаягумен жасалды [16]. Суды кішкене бөлшектермен жеңіл қоршалатын ұсақ тесіктерден шығарудың орнына, пластикалық эмиттерден (су шашқыш) су құйынын бәсеңдету үшін жылдамдықпен кең, әрі ұзын өткелден шығарылды. Алғашқы мұндай типтегі эксперименталды жүйені 1959 жылы Симха Бласс құрды, кейіннен ол серігі Кибуц Хацериммен бірге Нетафим компаниясын құрды. Екеуі практикалық жағынан бірінші жердің бетін тамшылатып суару құралын жасап, патенттеді.

1963 жылы Израильде қазіргі үлгідегі ойлап шығарылған тамшылатып суару жүйесіне алғашқы патент берілген, 1964 жылы осыған ұқсас суару жүйесі АҚШ-да шығарылды.

Тамшылатып суарудағы суару жүйесінің негізгі элементтері: суды қысыммен беретін насос; су көзі; фильтр; су шығынын және қысымын өлшеуіш құрылғы; инжектор немесе тыңайтқыш салатын бак; су таратқыш полиэтиленді құбырлар; тамшылатқыштар. Тамшылатып суару жүйесінің жұмыс принципі 2-ші суретте келтірілген.



2-сурет – Тамшылатып суару жүйесінің жұмыс принципі

Тамшылатып суару технологиясында қолданылатын құрылғылардың қысқаша техникалық сипаттамалары.

1. Суды қысыммен беретін *насос*. Насос *үлкен су жинағыш бакқа* қосылады.
2. *Фильтр* ластанған суды тазарту үшін, тамшылатқыш түтікше (лента) бітелмеуіне керек. Фильтр бір жағынан магистральді құбырға, ал екінші жағынан су көзіне қосылады.
3. *Инжектор*. Суаруда инжектордың рөлі, бұл жүйеге тыңайтқыштардың ендірілуі.
4. *Таймер* – құрылғы, алдын ала орнатылған уақыт аралығынан кейін сигнал жібереді. Оны тағы да суару контроллері деп атайды. Бүгінгі күні суару таймердің бірнеше түрлері бар: автоматты суару контроллері, механикалық суару таймер, суару электрондық контроллері, сондай-ақ сандық бағдарламаланатын суару таймер.
5. *Фитинг* – құбырларды өзара жалғастыратын құрылғының бір түрі.
6. *Тамшылатқыш* (капельница) өсімдіктің түбіне тікелей тамшылап тұрады.

Магистральды құбыр – басты құбыр, жүйектердің бойына төсейді. Жұмыс барысында магистральды құбырға тамшылатқыш түтікшелерді жалғайды.

Тамшылатқыш лента құрылғысы – су шығартқыш тамшылатқыштардың (эмиттер) диаметрі кішкентай, іші қуыс жұқа қабатты құрылғы болып табылады, тамшылатқыштар арқылы өсімдіктің тамыр жүйесіне ылғал беріліп тұрады. Тамшылатқыштардың үлгілеріне байланысты ленталардың түрлері осылай ажыратылады:

- тесікшелі – лентаның ұзына бойы лабиринтті канал кірістіріледі, суару үшін бірдей арақашықтықта жіңішке саңылаулар тесіледі. Суды бірдей көлемде жібереді және бұндай құрылғылардың орнатылуы механикаландырылған, ал жаңа өнімдерде өздігінен тазалау механизмі қарастырылған;
- эмиттерлі – ішкі лентаға бір бірлерінен бөлек арасына белгіленген қатты тегіс лабиринттік тамшылатқыштар кірістіріледі. Суару кезінде мұндай құрылғылар өздігінен тазаланады олардағы құрылған турбулентті ағындар есебінен, бірақ ластанудан қорғау дәрежесі әртүрлі өндірушілерде ерекшеленуі мүмкін.

Тамшылатқыш түтікше – бұл түтікше тамшылатқыштармен (тесіктермен), тікелей өсімдіктің тамыр жүйесіне суды аз мөлшерде жеткізіп тұру үшін арналған. Майысқыш пластикалық тамшылатқыш түтікшелерді жүйектердің ортасында немесе жүйектердің ұзына бойына, топырақтың бетінде бір бірінен бірдей арақашықтықта орналастырылады. Түтікшелердің ұзындықтары 80-150 метрді құрайды.

Су таратушы магистральдық және полиэтилен тамшылатқыш құбырларын орналастыру бір мезгілде орындалады. Тамшылату құбырларын орналастыру жұмыстары механикаландырылған әдістермен, қайта жабдықтандырылған культиватор, жер жырту немесе көкөніс себукұралдарының көмегімен жүргізіледі. Шағын алаңдарда тамшыларды орналастыру колмен жүргізіледі.

Тамшылатып суару жүйесін енгізу оның жоғарғы тиімділігін көрсетуде. Суару нормасы төмендейді, ал өнімділік айтарлықтай артады. Тамшылатып суару жүйесін шаруашылықтарға кеңінен

енгізу қажет. Түрлі тамшылатып суару жүйелерін бағалап, барынша тиімді және салыстырмалы түрде арзанын өндіріске енгізу қажеттілігін анықтайды [17].

Қазақстан аумағының 29%-ы далалық, 44%-ы шөлді аумақ. Яғни жердің жартысына жуығы шөлді және шөлейтті. Бүгінде жер игеруде ең күрделі мәселенің бірі осы шөлейтті жерлерді пайдалану. Шетелдік тәжірибе көрсеткендей бұл жерлерді өңдеп, кәсіп көзіне айналдыруға мүмкіндік мол. Қазақстан Республикасы Статистика комитетінің мәліметінше, елімізде ауыл шаруашылығы дақылдары 21022,9 мың гектар егістікке егіледі.

Қазақстанда әлемдік озық тәжірибелерді ауыл шаруашылығына енгізу жұмыстары жасалып жатыр. 2005 жылы республика бойынша 160 га жерге тамшылатып суару әдісі қолданылса, 2009 жылы – 4,2 мың гектар, 2011 жылы – 18,3 гектарға өссе, 2015 жылы 50 мың гектарға жеткен. Он жыл ішінде 300 есеге өскен [18].

Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Бауыржан Асанов агроөнеркәсіптік кешенді 2014 жылға қаржыландыру мәселесі бойынша баяндама жасады. Басқарма басшысы тамшылатып суару технологиясына тоқталды.

– Тамшылатып суару әдісі арықпен суару және жаңбырлатып суару әдістеріне қарағанда тиімді. Бұл жаңа технологияның агрономдық, агротехникалық, сонымен қатар, экономикалық тұрғыдан артықшылығы жоғары. Арықпен суару өнімділігі 20-35 пайыз, жаңбырлатып суару 50-75 пайыз, ал, тамшылатып суару 85-98 пайызға дейін өнім бере алады. Кәсібімде қолданамын деген шаруашылықтар мемлекеттік субсидия арқылы қол жеткізе алады, – деді Б.Асанов. Озық технологияны облыстың барлық аймағында белсенді түрде қолданылуын тапсырды аймақ басшысы.

Тамшылатып суару технологиясы 2015 жылы 230 гектар алқапқа қолданылса, 2016 жылы бұл көрсеткішті 1000 гектарға жеткізу жоспарланып отыр.

Миға шабуыл

Сұрақтар:

1. Ауыл шаруашылығында кез-келген өнімге қол жеткізу қандай табиғи ресурстың әсерінсіз жүзеге аспайды? Жауын-шашынның мол түсуіне байланысты еліміздің қай аудандары қолдан суарылмайды? Егіншілікпен шұғылдану үшін егістікті қолдан суаруға тура келетін құрғақ күнді ыстық аудандар?

2. Ирригация дегеніміз не? Ирригациялық-инженерлік құрылыстар салу, қандай кезең орнағаннан кейін ғана бұл мәселеге көңіл бөліне бастады?

3. Су тапшылығы мәселесінің туындауының себептері?

4. Қазіргі таңда еліміздің агроөнеркәсіптік кешенінің алдында қандай міндеттер тұр?

5. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша агроөнеркәсіптік кешеніне өсімдік шаруашылығындағы егістіктеріне қандай міндеттер жүктелген?

6. Қазіргі кездегі ауыл шаруашылығында су тапшылығын шешу жолы, су ресурстарын ысырапсыз тиімді пайдаланудың агротехнологиясы?

7. Тамшылатып суару технологиясын өсімдік шаруашылығында қолдана отырып, қандай жақсы нәтижелерге қол жеткізуге болады?

8. Тамшылатып суару техникасын көбінесе қандай елдерде жасалып шығарады?

9. Қандай елдің өндірген тамшылатып суару техникасын сатып алған бізге тиімді?

10. Тамшылатып суару технологиясының артықшылықтары?

11. Тамшылатып суару технологиясының кемшіліктері?

12. Тамшылатып суарудың негізгі жетістіктері?

13. Тамшылатып суарудың тікелей өсімдік өсетін аймаққа оның қажеттілігіне сәйкес өте аз мөлшерде (тамшылармен немесе сыздықтап) берілуі, қандай арнайы құрылғы көмегімен жүзеге асады?

14. Қандай елде ауыз суы жетіспеушілігіне байланысты, тамшылатып суару жүйесін барынша кеңінен қолданады және ол елде тамшылатып суаруды пайдалану бойынша алғашқы зерттеулер нешінші жылдары жүргізілді?

15. Алғашқы тамшылатып суару құралын ойлап шығарған израильдік агроном-новатор кім?

16. Нешінші жылдары және қай елде қазіргі үлгідегі тамшылатып суару жүйесіне алғашқы патент берілген?

17. Қандай бастапқы фирма, қай жылы тамшылатып суару жүйесін шығаруға жаппай өнеркәсіптік өндірісін бастады?

18. Тамшылатып суару жүйесі қандай арнайы құрылғылар көмегімен жүзеге асады?

19. Мемлекет тарапынан шаруа қожалықтарына тамшылатып суару технологиясын қолдануға қандай көмек көрсетіліп жатыр?

БАҒАЛАУ						
№	Студенттің аты-жөні	Сабаққа қатысуы 15%	Теориялық дәріс 25%	СӨЖ тапсырмасы 50%	Белсенділігі 10%	Барлығы 100%
1						
2						
3						
4						

Қорытынды

Тамшылатып суару жүйесін орнатып, іске қосуға қомақты қаражат қажет. Дегенмен, есептеулер көрсеткендей, бірнеше жыл ішінде жұмсалған шығын толығымен өтеліп, кейінгі жылдарда өнімнің өзіндік құны анағұрлым төмендейді. Жұмсалатын су шығыны үш есе аз болатыны өз алдына, бұл технология тыңайтқыштарды да екі есе үнемдеуге жол береді. Сондай-ақ жұмысшы күшке деген қажеттілік төмендейді. Ең бастысы өнімнің өнімділігі анағұрлым арта түседі.

XXI ғасыр – ғылым мен техниканың жедел дамыған, мәліметтер ағыны толастаған ақпараттар ғасыры. Үшінші мыңжылдықта дыбыстық графикалық, видео, мультимедиалық, интерактивті тақта, гипермәтіндік элементтермен оқытатын қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалану мүмкіндігі туды. Ақпараттық ғасырда интеллектуалды қызметтің дамуы компьютер мен қазіргі коммуникация құралдарымен тығыз байланысты. Бұл ақпараттық технологияландыру адамның іскер белсенділігіне, білімділігіне, мәдениетіне, ал жалпы айтқанда, ғылым мен көзқарасқа түбегейлі әсер етеді. Ақпараттық технология білімді өңдеумен анықталып, қоғамның материалдық және рухани жағдайын өзгертеді.

Интерактивті тақтаның жетістігін пайдалана отырып, «Тамшылатып суару технологиясының» жалпы құрылымы, құрылғылардың түрлі суреттері, жалпы тақырыптың мәні мен мазмұнын ашуда презентациялар, бейнероликтер білімгерлерге көрсетілді. Смарт құрылғыинтерактивті тақтаны оқыту үдерісінде қолдану білімгерлердің танымдық белсенділігін, шығармашылығын ашып арттыруға, өзінің жеке тұлға болып қалыптасуына өз үлесін тигізеді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан халқына Жолдауы» 2014 жылғы 17 қаңтар.
- 2 Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы// Қазақстан мектебі. –2004. -№2. - Б. 3-15.
- 3 Жақсылықова К.З. «Тренингтік ойындар мен жаттығулар». Алматы, 2014. - Б.18-19.
- 4 Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (орта) деңгей. Екінші басылым. Астана. «Назарбаев Зияткерлік мектебі». 2013 жыл. - Б.25-30.
- 5 Мылқайдаров Ә.Т. Траншекаралық өзен суларының азаюына байланысты туындайтын экономикалық-географиялық себеп-салдар// ҚазҰУ хабаршысы. География сериясы. –Алматы, 2009. - №1 (28). - Б. 133-136.
- 6 Дубенок Н.Н. Экологические аспекты создания мелиоративной системы нового поколения// Проблемы научного обеспечения экономической эффективности орошаемого земледелия в рыночных условиях: сборник докладов международной научно-практической конференции.– Волгоград, 2001. – С. 96-97.
- 7 Новикова А.В., Цой З.И. Капельное орошение хлопчатника [Электрон.ресурс]. – 2005. – URL:http://www.cawater-info.net/library/rus/saniiri80_9.pdf(қараған күні: 30.04.2017).
- 8 Зубаиров О., Тілеуқұлов А. Суғару мелиорациясы. - Алматы, 2010. - 248 бет.
- 9 Ионова З.М., Бойко С.И. Основные достижения в применении капельного орошения. - Москва, 1985. - С. 7-8.
- 10 Bowen J. Drip irrigation may bring considerable benefits by the grower. - Agribusiness worldwide, 1986. – Т. 8, № 5. - P. 28-29.
- 11 Ayars J.E. et al. Subsurface drip irrigation of row crops: a review of 15 years of research at the Water Management Research Laboratory //Agricultural water management. – 1999. – Т. 42. – № 1. -P. 1-27.

12 Bresler E. Trickle-drip irrigation: Principles and application to soil-water management//Adv. Agron. – 1977. – Т. 29. – P. 343-393.

13 Бальбеков Р.А., Бородычев В.В., Салдаев А.М., Дементьев А.В., Кузнецов Ю.В. Новая система капельного орошения // Мелиорация и водное хозяйство. – 2003. - № 4. - С. 6-9.

14 Andreas Chr. Trofьbewasserung in Unterglasgemusebau. – GartenbaulicheVersuchsberichte der Versuchsanstalten, Jg. - 1984. – Т. 23. - P. 271-282.

15 Will H., Hahndel R. Landzeitdunger bei Tropfdewasserung. - Gemuse, 1986. – Т. 22. - № 9. - P. 365-367.

16 The History of Drip Irrigation [Электрон.ресурс]. URL:<http://www.gardenguides.com/79735-history-drip-irrigation.html>(қараған күні: 30.04.2017).

17 Лаптаев В.Н. Водосбережение при орошении – важнейший путь повышения эффективности овощеводства// Овощеводство и тепличное хозяйство. – 2006. - №8. - С. 3-5.

18 Телман Қ. Тамшылатып суару әдісі өнімділікті арттырады [Электрон.ресурс]. – 2016. – URL:http://farmers.kz/kz/news/portal_tsak/tamshylatyp-suaru-edisi-onimdilikti-arttyrady(қараған күні: 30.04.2017).

УДК 373-056.26

МРНТИ 14.35.01

Б.М. Мажинов¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
дефектология мамандығының 3-курс докторанты, Алматы, Қазақстан

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ ЖАҒДАЙЫНДА МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ СТУДЕНТТЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БЕЙІМДЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мүмкіндігі шектеулі жастардың жоғары оқу орнында оқуы, олардың әлеуметтік ортаға бейімделуінің маңызды кезеңі болып табылады. Бейімделу – бұл жеке тұлғаның әлеуметтік құрылымдарға енуі. Бұл мақалада автор жоғары оқу орындарының жүйесіне мүмкіндігі шектеулі студенттерді әлеуметтік бейімдеу процесін қарастыруға негізгі үш компоненттен тұратын: 1) кедергісіз аймақ компоненті (кеңістікте жүріп-тұруға бейімделу); 2) қолжетімді білім компоненті (білім алу процесіне бейімделу); 3) бірге оқитын студенттер мен оқытушылар құрамының ортасына бейімделу компоненті (әлеуметтік-психологиялық көмек) бейімдеу моделін ұсынады. Сонымен бірге, сауаланама арқылы алынған деректерді саралау барысында, ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер үшін, денсаулықтарын қорғауға байланысты, уақтылы әлеуметтік-медициналық сараптама-лардан өтуге, жеке оқу бағдарламаларының, өмір сүруге лайықты тұрмыс жағдайларының болуы, кедергісіз инфроқұрылымдардың және қолжетімді білім алу, ақпараттық және әлеуметтік-мәдени кеңістіктің оқу орнында болуы анықталып, мүгедек студенттердің жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу шарттары көрсетілді.

Түйін сөздер: бейімделу, компонент, консультациялық-практикалық орталық, ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер, кедергісіз аймақ, қолжетімділік, қолжетімді жоғары білім, мүмкіндігі шектеулі студенттер, модель.

Аннотация

СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ АДАПТАЦИЯ СТУДЕНТОВ-ИНВАЛИДОВ К УСЛОВИЯМ ВЫСШИХ УЧЕБНЫХ ЗАВЕДЕНИЙ

Б.М. Мажинов¹

¹Докторант 3-го курса по специальности «Дефектология»
КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

Адаптация студентов с особыми образовательными потребностями к новым социальным условиям, которые представляют для них высокую личностную значимость, является одной из сложных психолого-педагогических проблем высшего образования. В процессе изучения указанной проблемы автором было организовано анкетирование студентов, по результатам которого было установлено, что вузовская среда должна обеспечивать студентам-инвалидам охрану здоровья и своевременную медико-социальную поддержку, реализовать индивидуальную образовательную программу, особые жилищно-бытовые условия проживания, функционирование инфраструктуры безбарьерной коммуникации, доступность образовательного, информационного и социокультурного пространства высшего учебного заведения. С учетом данного обстоятельства автором разработана комплексная модель адаптации студентов с особыми образовательными потребностями к условиям вуза, в которой выделены три основных компонента: 1) освоение физического пространства высшего учебного заведения

(пространственный компонент); 2) вовлечение в образовательный процесс вуза (образовательный компонент); 3) социально-психологическая адаптация к среде однокурсников, преподавательского состава высшего учебного заведения (социально-психологический компонент).

Ключевые слова: адаптация, компонент, консультативно-практический центр, безбарьерная среда, студенты с особыми образовательными потребностями, доступность, доступное высшее образование, модель.

Abstract

SOCIO-PEDAGOGICAL ADAPTATION OF STUDENTS WITH DISABILITIES TO THE CONDITIONS OF HIGHER EDUCATIONAL INSTITUTIONS

B.M. Mazhinov¹

*¹Doctorate PhD of the 3rd course on the specialty "Defectology",
Kazakh National Pedagogical University named after Abai*

Adapting students with special educational needs to new social conditions that are of high personal importance for them is one of the complex psychological and pedagogical problems of higher education. In the process of studying this problem, the author organized a questionnaire of students, according to which it was found that the university environment should provide students with disabilities with health protection and timely medical and social support, implement an individual educational program, special housing and living conditions, the functioning of the infrastructure for barrier-free communication, accessibility of the educational, information and socio-cultural space of the higher educational institution. In view of this circumstance, the author developed a comprehensive model for the adaptation of students with special educational needs to the conditions of the university, in which three main components are identified: 1) mastering the physical space of a higher educational institution (spatial component); 2) involvement in the educational process of the university (educational component); 3) socio-psychological adaptation to the environment of classmates, the teaching staff of a higher educational institution (socio-psychological component).

Key words: adaptation, component, consulting and practical center, barrier-free environment, students with special educational needs, accessibility, affordable higher education, model.

Қарқынды өзгерістерге толы қазіргі қоғамда әлеуметтік топтарды, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі студенттерді әлеуметтік бейімдеу өзекті мәселеге айналып отыр. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Білім беру қажеттіліктері ерекше студенттерді оқыту үшін тең жағдайлар мен кедергісіз қолжетімділік жасаған ЖОО-дың үлесі» [1] жүйелі түрде дамуына баса назар аударылып, мүмкіндігі шектеулі студенттердің сапалы жоғары білім алуларына кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз ету жолдары міндеттелген. Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптері: бәрінің сапалы білім алуға тең құқылығы, білім беру жүйесін дамытудың басымдығы және әр тұлғаның зияткерлік дамуын, психофизиологиялық және жеке ерекшеліктерін ескере келе, халыққа арналған білім берудің барлық деңгейлерінің қол жетімділігі болып табылады. Мемлекет даму мүмкіндігі шектеулі азаматтардың білім алуына, дамуында ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасауды қамтамасыз етеді. Мүгедектігі бар жастарға жоғары білім беру үдерісі еліміздің білім беру саясатының жетекші бағыты болып табылады және жоғары оқу орындарында қарапайым құрдастарымен бірге осындай жастарды оқыту процесі табысты өтіп жатқанын байқауға болады. Л.С.Выготский: «бала бойындағы кемістікті әлеуметтік жолмен толықтыруға болады, ол үшін кемтар балаға үнемі қамқорлық көрсетіп, оқыту мен тәрбиелеу істерін жүйелі түрде жүргізіп отыру керек» - деп атап көрсетеді. [2.С.438-452] Мүмкіндігі шектеулі жастардың жоғарғы оқу орнында оқуы, олардың әлеуметтік ортаға бейімделуінің маңызды кезеңі болып табылады. Бейімделу – бұл жеке тұлғаның әлеуметтік құрылымдарға енуі. Әлеуметтену процесі екі жақты, яғни, бейімделу процесінде интеграцияның объектісі ғана емес, сонымен қатар субъектісі болу керек. Өйткені, мүмкіндігі шектеулі тұлғаны қоғамға енгізудің қиындығы, бір жағынан денсаулығындағы ауытқулар болса, екінші жағынан әлеуметтік жүйенің дұрыс қалыптаспағандығы, оның қалыпты өмір сүруіне кедергі келтіреді. Жалпы мүгедек жандарды оңалту мен қоғамға әлеуметтік бейімдеу процесін - оларды еңбек етуге, білім алуға, демалысын дұрыс ұйымдастыруға, тиімді іс-әрекеттермен шұғылдануға, өзіне, отбасында және ұжымында өзара қызмет жасауға қалыптастыру деп түсінеміз. Жоғары оқу орны жағдайына мүмкіндігі шектеулі студенттерді әлеуметтік бейімдеу мәселесін көптеген ресейлік зерттеушілер қарастырған. Л.Е.Елгина оқу процесінің негізгі құрамдас бөлігі ретінде кәсіби бейімделуді және бірге оқитын студенттермен қарым-қатынас жасаудағы, мүмкіндігі шектеулі студент өміріндегі әлеуметтік-психологиялық бейімделуді көрсетеді [3]. Е.Р.Ярская-Смирнова мен П.В. Романов мүгедек-талапкерлер ортаға қалыптаса алмау «мейнстрим» қобалжу күйін бастарынан кешетінін, олардың жоғары білім алуға деген құштарлық мотивациясының төмен болатынына көңіл

аударған [4.С.88-99]. А.П.Парахонский бұл мәселені, әлеуметтік-психологиялық, педагогикалық-психологиялық, психо-физиологиялық, мотивациялық компоненттерге бөледі [5].

ЖОО жүйесіне мүмкіндігі шектеулі студенттерді әлеуметтік бейімдеу процесін кең ауқымды біртұтас қарастыру қажеттілігі бола тұра, негізгі үш компоненттен тұратын бейімдеу моделін ұсынуға болады:

- кедергісіз аймақ компоненті (кеңістікте жүріп-тұруға бейімделу);

- қолжетімді білім компоненті (білім алу процесіне бейімделу);

-бірге оқитын студенттер мен оқытушылар құрамының ортасына бейімделу компоненті (әлеуметтік-психологиялық көмек) [6.С.81-89].

Осы компоненттер бір-бірімен тығыз байланыста болғанымен де, соңғы үшінші компоненттің мүгедектігі бар студенттің жоғары оқу орны жүйесінде толыққанды өмір сүріп, лайықты бейімделуіне көмектесетін ерекше маңызы бар екені байқалады.

Қазіргі таңда өркениетті елдердің жоғары оқу орындарында мүмкіндігі шектеулі студенттерді оқыту мен әлеуметтік қолдау төрт бағытта жүзеге асырылады:

Мүгедектерге арналған арнайы жоғары оқу орындары;

Жоғары оқу орындарындағы арнайы бөлімдер;

Мүмкіндігі шектеулі талапкерлерді дайындау орталықтары;

ЖОО оқитын мүмкіндігі шектеулі студенттерге психологиялық-педагогикалық, тәжірибелік-кеңес беру орталықтары.

Абай атындағы ҚазҰПУ, педагогика және психология институтының жанынан Республика бойынша ең алғаш құрылған «ЖОО мүмкіндігі шектеулі студенттерді қолдаудың консультациялық-практикалық» орталығы мүмкіндігі шектеулі студенттерге арнайы жағдайлар жасауды, техникалық құралдармен, сондай-ақ, әлеуметтік қызмет көрсетулерді, оның ішінде педагогикалық-психологиялық, мәдени, тұрмыстық, спорт және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шаралары арқылы бейімделуге көмек көрсетуді қамтамасыз ету мақсатында құрылған болатын. Университет бойынша көп уақыттан бері әрбір оқу жылында оқуға түсуші және бітіруші мүмкіндігі шектеулі студенттер контингенті 40 студенттен кем болған емес. Орталықта атқарылатын жұмыстарды тиімді жүргізу және қойылған міндеттердің шешуші жолдарын айқындау мақсатында осы респондент-студенттерден сауалнама алынып, оның көрсеткіші төмендегідей анықталды: [7]

1-сұрақ: «Сізге белгілі бір ауыру сырқатына байланысты мүгедектігіңіз барма?» -деген сұраққа: 32 студент III топтағы, 11 студент II топтағы, 3 студент I топтағы мүгедектігі барын көрсетті.

2-сұрақ: «Егер, сіз мүмкіндігі шектеулі азамат ретінде болсаңыз, ол немен байланысты?»:18 студентте тірек-қозғалыс аппараты зақымдалған, 9 студенттің көру қабілеті төмен, 3 студенттің есту қабілеті төмен, 16 студенттің мүгедектігі жалпы созылмалы аурулармен байланысты.

3-сұрақ. «Сіздің ЖОО білім алуудағы мақсат-мүдденіз?»: жоғарғы білім туралы диплом алу – 18 студент, жоғарғы білім алу маған болашақта жұмысқа орналасуыма үлкен мүмкіндік береді – 11 студент, жоғары айлық алу –5 студент, жоғары білікті маман болу – 12 студент.

4-сұрақ. «Өзіңіз оқып жатқан университет және мамандық туралы мәліметті қайдан алдыңыз?, неге осы ЖОО орнын таңдадыңыз?»: ата-анам мен таныстарым кеңес берді – 10 студент, мұғалімдер кеңес берді – 8 студент, университет үйіме жақын орналасқан – 3 студент, кәсіби бағыт бағдар берушілер ұсыныс білдірді – 4 студент, мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың көбі осында оқиды – 6 студент, жұмысқа тұруға жеңіл болады – 1 студент, мені мамандығым қызықтырды – 9 студент, интернеттен – 5 студент.


5-сұрақ. «Бұл мамандыққа қандай негізде түстіңіз?»:мүгедектерге арналған квота негізінде -32 студент, ақылы негізде – 6 студент, жалпы конкурс негізінде - 5 студент, мақсатты тапсырыс негізінде – 0 студент, жетімдерге арналған квота негізінде – 0 студент, ауылдық квота негізінде – 3 студент, жеңілдік шарттар қарастырылған негізінде – 0 студент.

6-сұрақ: «ЖОО түсуге, қабылдауға байланысты сіздің ұсыныс-тілектеріңіз?»:оқуға түсу пәндері бойынша емтихан тапсыру механизмдерін жеңілдету – 20 студент (51%), диагнозға байланысты көптеген оқу орындарына қабылдауға қарсылық білдірмеу – 5 студент (9%), ақылы негізде оқитын мүмкіндігі шектеулі студенттерге төлемдік жеңілдік беру-8 студент (19%), басқа -9.

7-сұрақ: «Сіздің пікіріңізше, мүмкіндігі шектеулі студенттермен ЖОО қандай мамандар жұмыс жасаулары керек?»: педагог-психолог (арнай психолог) – 9 студент, тифлопедагог – 3 студент, сурдопедагог – 2 студент, сурдо-аудармашы – 2 студент, педагог – тьютер – 16 студент, әлеуметтік педагог – 2 студент, арнайы техникалық және бағдарламалар бойынша маман – 4 студент, даму мүмкіндігі


шектеулі студенттерге оқу барысында қажетті техникалық көмек көрсететін ассистент-көмекші – 4 студент. Әрбір студент өзі қажетсінетін мамандарды таңдаған. Мысалы есту қабілеті төмен студенттер көбінесе, сурдо-аудармашыны немесе сурдопедагогты таңдады.

8-сұрақ: «Сіз оқып жатқан ЖОО басшылары мен оқытушылары мүмкіндігі шектеулі студенттерге қалай қарайды?»: салқын – 2 студент (5%), бәріне бірдей қарағандай – 15 студент (35%), ерекше ықыласпен – 23 студент (60%). Оқытушылардың салқын көңілмен қарайтынын 5 пайыз студенттер көрсетті. Бұл мүмкіндігі шектеуліліктің кесірінен болмауы да мүмкін.



1 диаграмма. «Сіз оқып жатқан ЖОО басшылары мен оқытушылары мүмкіндігі шектеулі студенттерге қалай қарайды?» сұрағына жауабының пайыздық көрсеткіші.

9-сұрақ: «Сіздің ойыңызша сіз оқып жатқан ЖОО бірге оқитын студенттер мүмкіндігі шектеулі студенттерге қалай қарайды? Олармен қарым-қатынаста қандай қиындықтар сезінесіз?»: игілікпен – 5 студент (12%), достық ниетпен – 10 студент (23%), оқуда көмектеседі – 9 студент (21%), Олар мені түсінбейді – 3 студент (7%), ешқандай қарым-қатынаста емес – 2 студент (5%), жек көреді – 1 студент (2%), түсіністікпен – 13 (30%)



2 диаграмма. «Сіздің ойыңызша сіз оқып жатқан ЖОО бірге оқитын студенттер мүмкіндігі шектеулі студенттерге қалай қарайды? Олармен қарым-қатынаста қандай қиындықтар сезінесіз?» сұрағына жауабының пайыздық көрсеткіші.

«Жек көретін студенттерді» белгілеген 1 ғана студент, «олар мені түсінбейді» жауап белгісін ұсынған 3 студент. Бұл адамның өзінің тіл табысу қабілеттілігінен немесе мүгедектіктің ауырлық дәрежесінен болуы мүмкін. Себебі жек көреді деген жауапты III топтағы мүгедек белгілеген.

Алынған бақылау жұмыстарының нәтижесі студенттердің жоғарғы деңгей тапсырмасын орындауға көбірек ұмтылатынын көрсетеді.

Қорыта келгенде, кредиттік оқыту технологиясы жағдайында студенттің оқытушы қатысында өтетін өзіндік жұмысы мен өзіндік жұмысының ақтық нәтижелері оқытушының тікелей бақылауы арқылы шығарылады.

Оқытушы студенттердің қалауы бойынша жоғарыда келтірілген соңғы нәтижені бақылау әдістерінің кез келгенін қолдана алады [7].

Білім беру саласындағы жүргізілген зерттеулер, сараптаулар мен тәжірибелерге сүйене отырып, келешекте оқу жүйесін дамытудың мынадай үдерістерін атап өтуге болады:

- оқу саласын демократияландыру;
- гуманитарландыру;
- жоғары білім, ғылым және өндіріс салаларын бірлесе жұмылдыру;
- халықаралық ізденіс пен тәжірибелерді есепке алу;
- оқу үдерісін ғылым мен техника жетістіктері негізінде жүргізу;
- мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және ұлттық психологиялық ерекшеліктерін есепке алу;
- жоғары оқу орындары мен болашақ мамандардың өмірге көзқарасы араларындағы байланысқа зер салу, т.б.

Сонымен, біз кредиттік оқыту технологиясыда программалау тілінен СӨЖ және СОӨЖ-ын іске асыру моделін құрып, оны сипаттадық.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Смирнова И.Э. Модели обучения в системе высшего образования // *Инновации в образовании*, 2006. – №1. – 5 с.
- 2 Шкутина Л.А., Плотников В.М., Егоров В.В. *Основы исследовательской работы в профессиональной педагогике*. – Алматы: Ғылым, 2000. – 192 с.
- 3 Штофф В.А. *Проблемы методологии научного познания*. – М.: Высшая школа, 1978. – 271 с.
- 4 *Моделирование в управлении вузом / Под ред. В.Р. Огорокова*. – Изд-во ДГУ, 1985. – 79 с.
- 5 Мақанов У.М., Сорокин В.В. *Самостоятельная работа по общей химии в вузе*. – Алма-Ата: Ана тілі, 1991. – 144 с.
- 6 *Общая и профессиональная педагогика: Учебное пособие для студентов педагогических вузов / Под ред. В.Д. Симоненко*. – М.: Изд. Центр «Вентана-Граф», 2005.
- 7 Жаманбалин. О., Беймембаев. *Студенттердің білімін бағалау үшін рейтинг жүйесін қолдану // ВШК*, 1999. – №2. – Б. 94-96.

ӘӨЖ 373.1.013:37.033/.035

МРНТИ 14. 37.013

Ш.Ш. Карбаева¹

¹п. э.к., доцент, Абай атындағы ҚазҰПУ, Жаратылыстану және география институтының доценті, Алматы қ., Қазақстан

ҚҰЗЫРЕТТІЛІККЕ-БАҒДАРЛАНҒАН ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Аңдатпа

Білім берудің жаңа парадигмасына сәйкес оқыту әдістемесінде негізгі басымдылық «іс-әрекет арқылы оқытуға» беріліп отыр, яғни, оқыту білім алушылардың практикалық іс-әрекетін ұйымдастыруға бағытталған. Осыған орай мақалада құзыреттілікке-бағдарланған тапсырмалардың мазмұны мен құрылымы осы тапсырмаларды жүзеге асырудағы оқытудың инновациялық әдістерінің компоненттері қарастырылады.

Түйін сөздер: білім беру парадигмасы, оқыту әдістемесі, іс-әрекет арқылы оқыту, білім алушылардың практикалық іс-әрекет, құзыреттілікке-бағдарланған тапсырмалар, оқытудың мазмұны мен құрылымы, оқытудың инновациялық әдістері

Аннотация

Ш.Ш. Карбаева¹

СОДЕРЖАНИЕ И СТРУКТУРА КОМПЕТЕНТНО-ОРИЕНТИРОВАННЫХ ЗАДАНИЙ

*¹к.п.н., доцент, Институт естествознания и географии,
Казахский национальный университет им.Абая, г. Алматы, Казахстан*

В соответствии с новой парадигмой образования в методике обучения основной приоритет ставится на "обучение через действие", значит, обучение направлено на организацию практической деятельности обучающихся. В этой связи в статье рассматриваются содержание и структура компетентно-ориентированных заданий и компоненты инновационных методов обучения для осуществления этих заданий.

Ключевые слова: парадигма образования, методика обучения, обучение через действие, практическая деятельность обучающихся, содержание и структура компетентно-ориентированных заданий, инновационные методы обучения.

Abstract

CONTENTS AND STRUCTURE OF THE COMPETENT FOCUSED TASKS

Sh.Karbayeva¹

*¹Cand. Sc., Assistant professor Institute of Natural Sciences and Geography,
Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan*

In compliance with a new paradigm of education the main priority in training technique is given to "training through action", so the technique is directed to the organization of practical activities of students. In this regard, contents and structure of the competent focused tasks and components of innovative methods of training for realization of such tasks are considered in this article.

Key words: paradigm of education, training technique, training through action, practical activities of students, contents and structure of the competent focused tasks, innovative methods.

Қазіргі таңда дүниежүзілік қауымдастықта білім сапасын көтеру өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Бұл мәселелердің шешімі білім мазмұнын жаңартумен, білім беру үдересін ұйымдастыру технологиялары мен тәсілдерін оңтайландырумен, сондай-ақ білім берудің мақсаты мен нәтижелерін қайта ойластырумен байланысты. Білім берудің бұл тұжырымдары бүгінгі таңда «құзырет», «құзыреттілік» «құзыреттілік тәсіл», ұғымдары арқылы жүзеге асырылып келеді.

Білім берудің мақсаты мен мазмұнын анықтауда құзыреттілік тәсіл жаңа ұғым емес. Кеңестік мектептерде педагог-психолог ғалымдар оқушылардың біліктілікті игеруі мен іс-әрекет дағдыларына бағдарлануын жан-жақты зерделеген, соның негізінде жеке оқу технологиялары мен оқу материалдарын игерудің жаңа әдіс-тәсілдері жасалып, тәжірибеге енгізіле бастады. М.Н. Скаткин-И.Я. Лернер-В.В. Краевскийдің дидактикалық мектептері білім берудегі құзыреттілікке жақын идеяларды, оқушылардың шығармашылық іс-әрекеттері және эмоционалдық-құндылық қатынастарын ұсынған. Бұл идея бүгінгі күнгі нәтижеге бағдарланған білім немесе білім берудегі құзыреттілік тәсілге негіз болып отыр.

Білім берудегі құзыреттілік тәсіл – білім беру мақсатын анықтаудағы, білім мазмұнын іріктеудегі, білім беру үрдісін ұйымдастырудағы және де алынған нәтижелерді бағалаудағы жалпы ұстанымдар жиынтығынан тұрады. Білім берудегі құзыреттілік тәсілді жүзеге асыруда білім алушылардың практикалық іс-әрекеті дидактикалық әдістердің негізгі компоненттерін құраушылардың бірі болып саналады [1]. Сонымен қазіргі кездегі білім берудің жетекші идеясы білім берудің нәтижелік құраушысын тұлғаның дамуының жоспарланатын нәтижесімен үйлестіру болып табылады. Осылайша, нақты тәжірибеде құзыреттілік тәсіл өзекті мәнге ие болуда.

Құзыреттілік тәсіл – іс-әрекет үлгілерінің жүйесі арқылы білім беру мазмұнын жобалап қана қоймай, оның сапасына бақылау жасауға мүмкіндік жасайтын оқытудан күтілетін нәтижелерді тексеру тапсырмаларын қамтиды. Өйткені қай пән болмасын онда берілетін білім мазмұнының сапасына бақылау жасау құзыреттілікке-бағытталған тапсырмалар арқылы жүзеге асырылады. Құзыреттердің білім, білік дағдылардан айырықша ерекшелігі олар білім берудің нәтижесі ретінде іс-әрекетте қалыптасып, жүзеге асады. Білім алушылардың стандартта белгіленген құзыреттердің қайсысын қандай деңгейде меңгергендігін анықтау үшін білім алушыларға нақтылы бір іс-әрекет арқылы көрінетін тапсырмалар беру қажет. Сондықтан құзыреттілікке-бағдаланған тапсырмалар құзыреттілікті қалыптастырудың негізгі құралы болып табылады [2].

Құзыреттілікке-бағдарланған тапсырмалар (ҚБТ) – білім мазмұны мен оқыту технологиясының кіріктірілген дидактикалық бірлігі және білім алушылардың дайындық сапасына мониторинг жүргізуші ретінде анықталып отыр. Осылайша ҚБТ-ның құрамына білім мазмұны және оқыту технологиясы, білім алушылардың пәндік құзыреттерін қалыптастырудың тиімділігін қамтамасыз ететін оқыту мен білім алушылардың оқу үдерісіндегі дайындық сапаларын бағалау кіреді. Құзыреттілікке-бағдарланған тапсырмалар білім алушылардың оқу-танымдық, зерттеушілік, жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастырады және оны бірнеше типке бөліп қарастыруға болады.

1. Пәндік ҚБТ – оқу материалдарының әртүрлі тарауларын зерделеуде оның мазмұнының байланыстарын сипаттау; түрлі формада берілген ақпараттарды түсіну; оны шешу тәсілдерін құрылымдау тапсырмаларынан тұрады. Алынған нәтиже танымдық мәнге ие бола отырып, басқа да тапсырмалардың шешімін табуда қолданылады.

2. Пәнаралық ҚБТ – білім салалары арасындағы, мысалы, жаратылыстану білім саласына кіретін пәндер мазмұнының байланыстарын сипаттау тапсырмаларын қамтиды.

3. Практикалық ҚБТ – теориялық білімді практикада, күнделікті өмірде қолдана алуды сипаттайтын тапсырмалар жүйесін қамтамасыз етеді.

Аталған құзыреттілікке-бағдарланған тапсырмалар типтері түсіндіру (интерпретация), салыстыру, ұқсастығын белгілеу, модельдеу, ізденіс, құрылымдау, т.б. тапсырмалардан тұрады:

- түсіндіру (интерпретация) тапсырмалары (мәтіндік, графиктік, символдық ақпараттар) зерделеу нысанының мәнін ашуға немесе оны әртүрлі түсінік тұрғысынан қарауға бағдарланған;

- салыстыру тапсырмалары (сапалық және сандық) салыстыру тәсілдерін қолдану арқылы зерделеу нысанының сапалық және сандық жағынан ұқсастығы мен айырмашылығын анықтайды;

- модельдеу тапсырмалары (белгі-символикалық, бейнелеу) зерделеу нысандары туралы көбірек ақпарат алу үшін қолданылады. Модельдеудің белгі-символдық тапсырмаларына ақпараттарды белгілердің, мысалы, шартты белгілердің көмегімен қайта жаңғырту сипаты тән. Бейнелеу тапсырмаларында зерттеу нысандары, олардың өзара қатынасы мен талаптары сызба, сурет, сызба-кестелердің көмегімен орындалады;

- ізденіс тапсырмалары шынайы нысандар немесе құбылыстарды сипаттау үшін нақтылы білім көздеріне сүйенуді білдіреді;

- құрылымдау тапсырмалары (тізбектік, иерархиялық, кесте) жаңа ақпарат алуға бағдарланған. Тізбектік құрылымдау тапсырмалары ақпараттарды горизонтал бағытта реттеуден және кейбір заңдылықтарды ашудан тұрады. Иерархиялық құрылымдау тапсырмалары құрылымдық элементтер арасындағы қатынастардың бір-біріне бағыныштылығын белгілейді. Мұндай тапсырмалар көбінесе нысандарды белгілі/белгісіз топтау, сандық/сапалық негізде жіктелу, т.б. құрайды. Кестелік құрылымдау тапсырмалары кестенің ішін толтыру немесе қарастырылып отырған нысанның кестесін құрастыру тапсырмаларынан тұрады.

Құзыреттілікке-бағдарланған тапсырмалардың мазмұны: 1) ҚБТ немесе оның нәтижелері білім алушыларды берілген тапсырмаларды орындауға ынталандыру; 2) білім алушылардың берілген тапсырмаларды орындау әрекеттері танымдық және жалпы мәдениетін қалыптастыру; 3) білім алушылардың тапсырмаларды толық орындап шығу үшін ақпараттық ізденіс әрекеттерін қамту; 4) білім алушылардың тапсырмаларды орындаудағы іс-әрекеттерінің реттілігі; 5) оқытудан күтілетін нәтижелерді бағалау құралдарының болуы сияқты талаптарға жауап бере алатындай болуы тиіс.

Құзыреттілікке-бағдарланған тапсырмалар оқытудан күтілетін нәтижелерді бағалау құралдарын (талдау шкалалары, модельдік жауап, жауап кілті және бақылау қағаздары) қамтиды.

Талдау шкалалары – ашық типтегі жауапты тапсырмалардың орындалу нәтижелерін өлшеуіш тәсілдері. Ол білім алушылардың ашық типтегі ауызша және жазбаша жауаптарын бағалау үшін қолданылады. Модельдік жауапта берілген жауаптың сенімді және жартылай сенімді жауаптарының тізімі, жауап кілтінде білім алушылардың жабық типтегі тапсырмаларды орындау нәтижелері, сонымен қатар бақылау қағазында тапсырмаларды орындаудағы білім алушылардың іс-әрекетін бағалау өлшеуіштері беріледі [3].

Құзыреттілікке-бағдарланған тапсырмалардың әрбір құраушылары білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастыруды қамтитын белгілі-бір талаптарға бағынады.

Оқу үдерісіндегі құзыреттілікке-бағдарланған тапсырмаларды қолдану:

– оқу материалдарына қосымша мүмкіндікті пайдалану;

– бағдарлама материалдарын оқып-үйренуді ұйымдастыру тәсілдеріне бара-бар іс-әрекетті меңгеру мен жүзеге асыру негізінде білім беру жағдаяттарын модельдеуді білдіреді.

Оқу үдерісінде құзыреттілікке-бағдарланған тапсырмаларды пайдалануда:

– оқу материалдары құбылыстар мен жағдаяттарға баға беру, түрлі тұжырымдар мен себеп-салдарлы мазмұнды; оқу материалдарының құрамында қоғамда кең ауқымда талқыланатын мәселелер (мысала, экологиялық, ұлтаралық қатынас және т.б.);

– оқу бағдарламаларының мазмұны білім алушылардың бойында оқу біліктері мен дағдыларын қалыптастыратын (табиғат, адам және қоғам туралы білімдерін практикалық іс-әрекетте жүзеге асырудан, адамгершілік нормаларын ескере отырып, табиғат, адам және қоғам туралы алған білімдерінің негізінде жағдаяттарды шешу жолдарын анықтау біліктері);

– оқу материалдарының мазмұны тәрбиелік, ұйымдастырушылық және т.б. іс-әрекетті қамтитын оқу материалдарының қосымша мүмкіндіктері пайдаланылуы тиіс.

Оқу материалдарының қосымша мүмкіндіктерін пайдалану үшін, соған сәйкес тақырып мазмұнын игеру қажет. Құзыреттілікке-бағытталған тапсырмаларды тиімді пайдалануға мүмкіндік беретін бағдарламада берілген оқу материалдарын оқып-үйренуді ұйымдастыру тәсілдері ретінде:

– мұғалімнің алдын-ала түсіндіруінсіз жаңа бағдарламалық материалдарды оқып-үйренуді ұйымдастыру;

– берілген тақырып мазмұнының негізін (оқу материалдарының түсініктемелік аппараты, заңдылықтары, себеп-салдарлы құрылымы, қалыптастырылатын жалпылама түсініктер) оқып-үйренуді қамтамасыз ететін оқу материалдарының дидактикалық бірліктерін ірілендіру, оны түсіндіруді шоғырландыру алынады.

Оқу үдерісінде құзыреттілікке бағытталған тапсырмаларды орындау білім алушылардың өзіндік-танымдық қызығушылығын арттыруға деген мотивін дамытуға; іс-әрекеттік тұрғыда жеке-тұлғалық мәнді мәселелерді шешуге; білім алушылар мен оқытушы арасында серіктестік қарым-қатынастың орнауына жағдай жасайды. Оқу пәндері бойынша құзыреттілікке-бағдарланған тапсырмаларды оқытудың инновациялық әдістері (проблемалық оқыту, жобалау, контекстік оқыту, кейс-стади, компьютерлік, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, модульдік оқыту технологиялары, т.б.) арқылы жүзеге асыру ұсынылады.

Құзыреттілікке-бағдарланған тапсырмаларды оқытудың инновациялық әдістері арқылы жүзеге асыру келесідей компоненттерден тұрады.

1. Ынталандыру (стимул) – функциясы: тапсырманың мән-мағынасын түсіну және оны орындауға назар салу; өмірлік және оқу практикалық жағдаятты модельдеу.

2. Тапсырманы тұжырымдау – функциясы: тапсырманы орындау іс-әрекетінің нақтылығы.

3. Ақпарат көзі – функциясы: тапсырманы орындау үшін ақпараттардың толықтығы, ақпарат алу үшін түрлі ресурстарды пайдалану.

4. Тапсырманы орындау қағазы – әртүрлі болады, функциясы: орындалған тапсырмаларды сәйкесінше толтыру.

Оқытушы құзыреттілікке – бағдарланған тапсырмалардың сипаты мен тапсырмаларды тексеру құралдарын белгілеп алады. Тапсырма сипаты – берілетін тапсырманың мақсатын, міндеттерін, күтілетін нәтижелерді және тапсырманың ерекшелігін қамтиды [4].

Құзыреттілікке-бағдарланған тапсырмаларды құрастырушылар көбінесе екі немесе бірнеше негізді ақпаратты іріктеуге және жүйелеуге бағытталған, қарама-қайшылықтарды тауып, оларды реттеуге, мақсатты өздігінше түсіне отырып, негізін өз бетінше таңдау және бірнеше қасиеттері бойынша ақпаратты жүйелеу және іріктеуге бағытталған ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған тапсырмаларды ұсынады. Құзыреттілікке-бағдарланған жағдаяттық тапсырмаларды орындау көбінесе қоғамдағы нақты өмір жағдайындағы өзгерістерді талдауға тікелей байланысты.

Құзыреттілік-бағдарланған тапсырмалар пәнаралық, кіріктіріле отырып, іс-әрекеттік және практикаға бағытталу тұрғысынан білім алушылардың пәндік білімдерін жүйелеуге мүмкіндік жасайды. Бұл жағдайда білім алушылар әмбебап іс-әрекет түрлерін игере отырып, пәндік білімдері арқылы жеке маңызды проблемаларды шеше алатын болады.

Құзыреттілікке-бағдарланған тапсырмаларды құрылымдау жаңа әрі қызғылықты дидактикалық жауапкершілік. Осы уақытқа дейін оқу пәндері бойынша әртүрлі деңгейде тапсырмалар беріліп келеді, дегенмен оның көбісінің өмірмен байланысы аз. Сондықтан Қазақстанның индустриалды-инновациялық даму кезеңінде білім беру жүйесінде құзыреттілік, құзыреттілікке-бағдарланған тапсырмалардың мәні зор.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

1 Шәкілікова С.Е., Карбаева Ш.Ш. және т.б. Білім берудегі компетенттік тәсіл. //Қазақстан мектебі, №4, 2004. – Б. 14-17.

2 Структурные и содержательные аспекты организации компетентностного образования РК. Доклад М.Ж. Жадриной на ЮНИСЕФ. Румыния, 18-19 ноябрь, 2005.

3 Компетентностно-ориентированные задания в системе высшего образования /Шехонин А.А., Тарлыков В.А. и др. – СПб: НИУ ИТМО, 2014. – 98 с.

4 Карбаева Ш.Ш. Жалпы орта білім беретін мектептегі «География» пәні бойынша құзыреттілікке-бағдарланған тапсырмалар. Әдістемелік құрал. – Алматы: Дарын РҒПО, 2016. – 52 б.

УДК 378.02:37.016

МРНТИ 14.35.09

А.С. Сманова¹

¹п.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Өнер, мәдениет және спорт институты,
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ, Қазақстан

ДИАЛОГТІК ОҚЫТУ МОДУЛІН БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ ПӘНДЕРІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Аңдатпа

Мақалада жалпы орта білім беру бағдарламалар мазмұнының жаңартылуы мен мектептегі «бейнелеу өнері» және «технология» пәндерінің кіріктірілуі жайлы айтылып, болашақ маман даярлаудағы жаңаша бағыттар қарастырылған. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы бойынша «Диалогтік оқыту» модулін сабақта пайдалану әдістерінен түсініктер мен мысалдар ұсынылған. Сонымен қатар, Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі «Өнер» пәні мен биылғы оқу жылында бастауыш сыныптарға ендіріліп жатқан «Көркем еңбек» пәні бойынша маман даярлау мәселелері жайлы пікірлер мен көзқарастар талданған. Сондықтан да әзірге ендіріліп жатқан, жаңаша бағыттар бойынша болашақ мұғалімдердің әдістемелік даярлығына, кәсіби біліктіліктеріне талаптар да әмбебап, жаңаша қаралуда. «Диалогтік оқыту» модулінің бейнелеу өнерінен білім берудегі пәндердегі тиімділігі баяндалған.

Түйін сөздер: бейнелеу өнері, технология, көркем еңбек, өнер, диалогтік оқыту, әдіс, әдістеме, көркемдік білім беру, кувертка.

Аннотация

ЭФФЕКТИВНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ МОДУЛЯ «ДИАЛОГИЧЕСКОЕ ОБУЧЕНИЕ» НА ПРЕДМЕТАХ ИЗОБРАЗИТЕЛЬНОГО ИСКУССТВА

А.С. Сманова¹

¹к.п.н., ассоц. профессор, Институт Искусств, культуры и спорта при КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

В данной статье рассматриваются новые приоритеты интеграции предметов «Изобразительное искусство» и «Технология» в содержании обновленных образовательных программ в подготовке будущих специалистов для общеобразовательных школ. На основе программ дополнительного профессионального образования высших педагогических кадров для студентов выпускных курсов, разработанная на основе уровневых программ повышения квалификации педагогических работников Республики Казахстан, в целях применения их на уроках приводятся примеры, методы и понятие модуля «Диалогическое обучение». Вместе с тем, в работе поднимаются

некоторые вопросы по проблеме подготовки будущих специалистов, связанные с внедрением в начальных классах с нового учебного года по обновленной программе предмета «Художественный труд» и предмета «Искусство» при Назарбаев интеллектуальных школах. Поэтому внедрение в методическую подготовку будущих учителей новых и инновационных подходов рассматриваются в русле повышения квалификации как приоритетные. Модуль «Диалогическое обучение» указывается как один из эффективных методов обучения предметов изобразительного искусства.

Ключевые слова: изобразительное искусство, технология, художественный труд, искусство, диалогическое обучение, метод, методика, художественное образование, кувертка.

Abstract

EFFICIENCY OF USE DIALOGICAL TRAINING MODULE ON OBJECTS OF THE FINE ARTS

Smanova A.S.¹

¹ candidate of pedagogical sciences, the associate professor, Institute of Arts, culture and sport at, Kazakhstan at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

This article considers new priorities for the integration of the subjects "Fine Arts" and "Technology" in the content of updated educational programs in the preparation of future specialists for general education schools. Based on the programs of additional professional education of higher pedagogical staff for graduate students, developed on the basis of the level-based programs for improving the qualifications of pedagogical workers in the Republic of Kazakhstan, examples, methods and the concept of the "Dialogical Training" module are given for use in classrooms. At the same time, the paper raises some questions on the problem of training future specialists in connection with the introduction of the subject "Art work" and the subject "Art" under the Nazarbayev intellectual schools in the primary classes from the new school year. Therefore, the introduction of new and innovative approaches into the methodical preparation of future teachers is considered in the mainstream of continuing education as a priority. The module "Dialogical training" is indicated as one of the effective methods of teaching fine arts subjects.

Key words: fine arts, technology, art work, art, dialogical training, method, technique, art education, kuvertka.

Қазақстан Республикасы Елбасының жаһанданудағы басты баспалдақтар Білім және ғылымның дамуына, жаңа бағыттармен ендіріліп жатқан жалпы орта білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту аясында, мұғалімдер мен болашақ мамандардың кәсіби біліктілігін қайта жетілдіру жұмысы атқарылуда. Осы бағытта Педагогикалық шеберлік орталықтарында әрбір оқу жылында жалғасын тауып жатқан ДББҰ «Назарбаев интеллектуалды мектептері» бөлімінде «Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасының негізінде әзірленген педагогикалық жоғары оқу орны бітіруші курс студенттеріне арналған қосымша кәсіби білім беру бағдарламасы» бойынша оқытылып жатқан жеті модуль бойынша әдістемелік даярлықтың оқу үдерісінде тиімділігі жоғары.

Бұл аталған модульдер бойынша білімдер мен түсініктер оқытуды ұйымдастыруда, әдістер ресурстары әмбебаптығы мен жаңаша бағытылығымен ерекшеленеді. Мұғалім білімді жаңаша түсіндіріп, тартымды сабақтарды ұйымдастыру үшін шебер әдіскер болуына аталған модульдердің ықпалы орасан екені құптарлық.

Мақаламызда сол жеті модульдің бірі «Диалогтік оқыту» модульін бейнелеу өнері және сызу мамандығында арнайы пәндер негізінде қарастырамыз. Қандай да білім беруде, немесе өнерге үйретуде өзіндік әдістер немесе бағыттар бары белгілі.

Тиімді деңгей бағдарламасында айтылған «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» диалогтік оқытуды түсіну, білу, меңгеру арқылы енгізудің ықпалы білімді толыққанды беруде көптеген мүмкіндіктерге жеткізеді. Балалар өзіндік зерттеулері мен әлеуметтік өзара байланыстың негізінде өз түсініктерін құратын белсенді білім алушылар болып табылады. «Диалог негізінде оқыту және оқу» (Mercer, 1995; Alexander, 2008) [1], метасана немесе «Қалай оқу керектігін үйрену» (Flavell, 1976; Vygotsky, 1978) [2] деген атаулармен танымал педагогикалық тәсілдер әлеуметтік-сындарлылық идеяларының қазіргі заманғы маңызды түсіндірмелері ретінде қолданылады. Жеті модульдің барлығында қарастырылатын идеяларды оқыту мен оқудың жаңа тәсілдері деп санауға болатынына қарамастан, біз жаңа әдістер ретінде «Диалог арқылы оқыту» мен «Қалай оқу керектігін үйренуді» ғана қарастырамыз, себебі олар әлеуметтік-сындарлылық көзқарасымен тығыз байланысты. Диалог негізінде оқыту мен оқу оқушылардың өзара сұхбаттасуы және мұғалім мен оқушы арасындағы диалогтің шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамытуына көмектесетін амал екенін көрсетеді. «Қалай оқу керектігін үйрену» немесе метасана оқушыларға оқуды өз бетінше жалғастыра алатын білім жинау жауапкершілігін түсінуге және оны өз мойнына алуға қалай көмектесуге болатынын көрсетеді [3, 9-б.].

Диалогтік оқыту екі студент арасында немесе оқытушы мен студент арасындағы білім алу үдерісі деп түсінік беруге болады. Диалогтік оқыту топтық жұмыста да жүзеге асырылады. Топтық жұмысты оқытуды ұйымдастыру, топқа біріктіруден бастау алады. Топқа біріктірудің мақсаты студенттерді білім алуға түгелдей зерттеу іс-әрекеті барысында қол жеткізу, белсенділікті арттыру, өзара ынтымақтастық пен сыйластық көзқарасты қалыптастыру, топта жұмыс жасату әдістерін пайдалану арқылы жаппай топ мүшелерін түгел білім алып, өзара талдап, нәтижелерін ұсыну болып анықталады. Жалпы топтық жұмыс оқыту үдерісінде тиімді.

Бірінші бетпе-бетте түсіндірілген, меңгерілген білімдер нәтижесінде, жоғары оқу орнында тәжірибеден өткізуде бейнелеу өнері және сызу мамандығы магистранттарында «Жарнама психологиясы» пәнінде, «Жарнама психологиясының теориялық мәселелері» тақырыбында өткен дәрісте топтық жұмыс жасату тәжірибеден қолданылды. Ең алдымен магистранттарға топтық жұмыс ережелері мен сабаққа қойылатын критерийлер түсіндірілді. Топқа біріктіруде «Мозайка» әдісі қолданылды. Конверттен магистранттар түрлі формада қиылған суреттерді алып, өздерінің картиналарын құрастырып, өз топтарын тауып, бірігіп отырды.

«Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» пәнінде мәтіндік тапсырмалар берілгенде топтың ішінде диалогтік оқыту жүзеге асырылды. Диалогтік оқыту топтар арасында, өзара, оқытушы мен білім алушы арасында орындалды. Ауызша, жазбаша да жүргізілді. Мамандық ерекшелігіне байланысты «Бейнелеу өнері және сызу» пәнінде студент санының топтарда 3-4 студенттерден болуына сәйкес, диалогтік оқыту сабақ барысында күнделікті жүзеге асырылады. Диалогтік оқытуды пайдалануда сабақта «әңгімелесу», «бэкроним», «сұраққа жетіп ал», «қар кесегі», «дауыстап ойлау», «кувёртка» және т.б. әдістері қолданылады [4].

Диалогтік оқытуда тиімді оқытудың ең бір маңызды бөлігі, диалогтік оқыту топтық жұмыста да, топқа біріктірмей де жүзеге асады. Диалогтік оқытуды пайдалануда студенттің жеке даралық қасиеттері ерекше байқалады. Мұнда әрбір студент жеке қарымқатынасқа түсетін болғандықтан ең алдымен жауапкершілік, білімге деген ізденісі, қабылдау қабілеттері, жеке даралығы айқын көрінеді. Диалог кезкелген сәтте, іс-әрекетте сабақтан тыс та болады. Сабақта диалогтық оқытуды пайдалану өте тиімді. Себебі, мұғалім үшінде, білім алушы арасындағы өзара байланыс білімді қолжетімді, нақты түсінуге, сұрап, пысықтауға диалогтық оқыту модулі жетекші құрал ретінде қажеттілігі орасан. Бұл диалогтық оқыту модуліндегі жоғарыда аталып өткен әдістер ресурстары жүйелі, сабақты ұйымдастыруда көмекші құрал.

Жоғары оқу орнында тәжірибеден өткен сабақтар да диалогтік оқыту модулі күнделікті сабақ беруде бар екені белгілі, бірақ жүйелі осы модуль ресурстарымен жоспарланып өтпеген болатынбыз, оқытудағы диалогтік модуль арқылы сабақ жүргізу маңызды теориялық және практикалық сәттердегі білімдер, дағдыларды жетілдіріп, айқын көрініс беретіні байқалды. Диалогтік оқытуды пайдаланғанымызда жүзеге асырылған сабақтарға тоқталсақ:

- 1 курс магистранттарында «Көркемдік білім беру тарихы» пәнінде тікелей екі магистрант арасында орындалды. Мұнда магистранттарға екі түрлі мәтін берілді. Олар мәтінді оқып, не білдім? білемін, сұрағым бар деген ұстанымда өз түсінгендерін бір-біріне түсіндірді. «Кувёртка» әдісі арқылы жүзеге асырылды. Магистранттар өз білгендерін А4 қағазды екі бүктеп, өз түсінгендерін 4-5 сөйлемдер, кілтті сөздер, анықтамалар арқылы білгендерін кезектесіп жазып, ауызша түсіндіріп отырды. Мұнда өз білгенін бөлісіп, түсіндіру арқылы магистранттар дәлдірек ақпараттармен алмасты. Оқытушы мен мұғалім арасында да диалогтік оқытуды ұйымдастыру мақсатымен, берілген, өзара түсіндірілген материал бойынша магистранттарға сұрақ қою тәсілін меңгерту жоспарымен, сұрақ-жауап тәсілін пайдаланылды. Магистранттарға сұрақ қоюдың техникасын түсіндіріп, ең алдымен қойылған сұрақ тікелей тақырыпқа қатысты болуы керектігі және түрткі сұрақ, ол сұрақтың сынақтан өтілуі, басқаға бағытталуы жайында айтылып, оқытушы өзінің берілген мәтіні бойынша түрткі сұрақты қойды. «Көркемдік білім берудің даму кезеңдерін атап беріңіз?!», магистрант көркемдік білім беру кезеңі негізінен орта ғасырдан бастау алып, кеңестік үкіметте өзінің шарықтау кезеңіне жетті, 1969 жылы сурет пәніне, «Бейнелеу өнері» атауы беріліп, енгізілді. Еліміздегі тарихи-әлеуметтік жағдайлар да әсерін тигізді. Жалпы өз оқып түсінгенімше көркемдік білім беруді кеңес үкіметі кезеңі, тәуелсіз Қазақстанда көркемдік білім беру деп айтар едім деп түсінгенін жеткізді.

Диалогтік оқытуда сұрақ қою маңызды роль атқарады. Диалогтік оқыту оқыту-дың жаңа әдіс-тәсілі. «Балаға күштеп білім беруден, баланың білімге құштарлығын ояту ең маңызды мақсат», деп К.Д. Ушинский айтқандай бұл бағыт мұғалімнің жұмысын түбегейлі өзгертеді. Жаңа білім алу үрдісі оқытушы мен білім алушыға шығармашылықпен жұмыс жасауға итермелейді, себебі білім алушы

білімді өздігінен іздену арқылы алу керек болса, оқытушы студенттің білім алуына себептер, жағдайлар тудыру керек. Ол үшін мұғалімнің сабаққа жан-жақты дайындалуы қажет, сабақ үстінде қандай болмасын студент тарапынан әртүрлі сұрақтар туындауы мүмкін сол жерде оқытушы қажетті бағдар беріп жіберуіне тура келеді. Оқытушы білім беруде жетекші болуы үшін мұғалімге әдістемелік шеберлігін жаңа әдіс-тәсілдер арқылы жетілдіруіне алып келеді.

Диалогтік оқытуда басшылыққа студенттер диалог әдісін қолдана отырып, талқылау; білімді бірлесіп құру; түсіну; дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алады. Әрбір сабақта сұрақ қою арқылы тақырып бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік берілуі; өзара талқылау арқылы түрлі ойлардың болатындығын, бір-бірінің түсінуіне көмектесетінін көрсетті. Әңгімелесу нәтижесінде өз ойларын дәлелдеуге тырысты. Студенттердің қандай деңгейде екенін түсінуге көмектеседі. Диалогтік модуль студенттердің ашылуына, ойын жеткізуіне, сөздік қорының молаюына көмектесетіні байқалды.

Бранс пен Мерсер зерттеушілік әңгіме сұрақ қою тәсілін меңгеру жайында

- бірден көп сұрақ қоймау;
- студенттерге ойлауға уақыт беру;
- орынсыз сұрақ қоймау;
- ойлауды дамыту үшін мәселелік сұрақтар пайдалану;
- студенттердің жауап беру ниетін басатын сұрақтарды қоймау;
- студенттердің алдыңғы жауабы сұрақтарына байланысты сұрақтарды құрастыру;
- сұрақтарды қоя білу техникасын меңгеру [5].

Осы жасалынған жіктеме бойынша магистранттарға «Эйлер шеңбері» әдісі ұсынылды. Осы кезеңдерде не? Қалай дамыды? Неге? Нәтижелері көрсетілуі түсіндірілді. Магистранттар екеуара «Эйлер» шеңберін сызып А 4 қағазда түсінгендерін түсіріп, нәтижелерін көрсетті.

Магистранттарға бұл диалогтік оқыту әдістері ұнады. Сабақта қолданғанда тиімділігі магистранттар белсенділігінен, материалдарды жетік түсініп, қолжетімді көбірек тақырыптар бойынша білімдер туралы сұрақ жауаптар да байқалды.

3-курс студенттері «Бейнелеу өнерін оқыту әдістемесі» пәнінде «Орта ғасыр өнерін оқушыларға таныстыру» тақырыбында диалогтік оқыту модуліндегі әдістер арқылы өткізілді. 1-курс студенттерінде «Артбілім» пәні бойынша диалогтік оқытудың әдістері қолданылды.

Жалпы ұсыныстар мен диалогтік оқыту модуліне сипаттама берер болсақ, өткен, қазіргі, келешек бойынша айтуға болады екен. Бұрынғы, қазір де сабақ барысында қатар жүріп отырған оқыту үдерісі, бірақ осы тиімді оқыту бағдарламасындағыдай жүйелі, арнайы ұсынылмаған. Ал, аталған тиімді оқыту бағдарламасында бұл модуль ыңғайлы, ресурстарымен сабақта қалай қолданысқа енгізу мүмкіндіктерімен бізге жетік меңгерілгендіктен, білім алушыларға алдын ала түсінік беріліп, модуль туралы, өткізілетін сабақта осы модульмен жүргізілгендіктен, олардың да тарапынан қызығушылық танылып, дәріс сабақтың жаңаша бір өткізілген түрі болды. Белсенділік артты, білім туралы ақпараттар алмасты, пысықтады. Қорытынды нәтижелерін берді. Осы диалогтік оқытуды сабақта пайдаланып, тәжірибеден өткізуде сабаққа қатысқан әріптестердің де пікірі оң болды.

Жалпы орта білім беру мазмұнының жаңартылуы аясында оқытуда болып жатқан жаңаша бетбұрыстар Қазақстан Республикасының білім мен ғылым саласында қайта қаралып жатқан өзгерістерге алып келуде. Жалпы орта білім беру бағдарламаларында пәндердің кіріктіріліп, білім беру бағдарламаларының мазмұны қайта дайындалып, орта білім беру мектептерінде бастауыш сыныптарда ендірілді. Осыған орай, мектептегі мұғалімдердің де кәсіби біліктіліктерін қайта жетілдіру мәселелері туындап, іс-шаралар мемлекет тарапынан ұйымдастырылуда. Яғни, мұғалімдер біліктілігін көтеру курстарында өз білімдерін, әдістемелік даярлықтарын жаңаша мазмұндағы білім беруге жетілдіруде.

Қазақстан Республикасының педагогикалық шеберлік орталықтарында жүзеге асырылып жатқан жеті модуль бойынша оқыту бағдарламасы курсы да дер кезінде, мектеп мұғалімдері мен жоғары, арнайы білім беру мекемелерінің мамандарының әдістемелік даярлықтарының дәстүрлі сабақ беру тәсілінен, инновациялық әдістер ресурстарын пайдалану арқылы жаңаша сабақ беру әдістемесін жетілдірілуіне мүмкіндіктер береді.

- Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер: «диалогтік оқыту» және «қалай оқу керектігін үйрету»; сын тұрғысынан ойлау; оқу үшін бағалау және оқуды бағалау; оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану; талантты және дарынды балаларды оқыту; оқушыларды жас ерекшелігіне сәйкес оқыту және оқу; оқытуды басқару және көшбасшылық.

Аталған жеті модульде мұғалімнің сабақты жүргізудегі әдістемелік шеберлігі, бағыттылығы, сабақ барысында оқушымен жұмыс жасауда жеке, топтық, зерттеу іс-әрекеттері белсенді жүзеге асады. Бұл модульдердің ерекшеліктері барлық білім алушылар түгел зерттеу іс-әрекетімен айналысады. Сабақ беру үдерісінде еркіндік, жағымды ахуал, белсенділіктер тиімді көрініс береді. Жеке тұлға дамуында өзіндік ізденістің қалыптасуына әсер етеді. Бұл жеті модуль бойынша біздерге ұсынылған әдістер де өте ыңғайлы. Осы әдістерді сабақта қолдану да негізгі төрт дағдылар (оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылым) толықтай үздіксіз атқарылады. Жеті модульдің мақсат, міндеттерін біліп, түсініп өз тәжірибемізде қолданып, дәріс, семинар-практикалық сабақтарды ұйымдастыру жаңаша сабақ үлгісін көрсетеді.

Бүгінгі білім берудегі қарқынды даму үдерісі үшін әрбір болашақ кәсіби білікті маман иесіне қажетті әдістеме деп айтуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Alexander, R.J., (2008). *Towards Dialogic Teaching. Rethinking classroom talk. [Диалогтік оқыту жолында: сыныпта талқылаудағы жаңа тәсілдер]. 4th edition, York, Dialogos.*
- 2 Flavell, J.H., (1976). *Metacognitive aspects of problem solving. [Проблемаларды шешудің*
- 3 *метакогнитивтік аспектілері]. in Resnick, L.B. (Ed). The Nature of Intelligence (Hillsdale, NJ, Erlbaum).*
- 4 *Студентке арналған нұсқаулық.//Педагогикалық шеберлік орталығы. ЖМ типографиясы. - Астана, 2015.*
- 5 *Сманова А.С. 2017 жылғы 16 қаңтар 03 наурыз аралығында оқыған курс тыңдаушыларының эссе жинағы; //Педагогикалық шеберлік орталығы. ЖМ типографиясы. - Астана, 2015.*
- 6 Mercer, N., (1995). *The guided construction of knowledge: talk amongst teachers and learners.*
- 7 *[Жетекшілікпен білім алу: мұғалімдер мен оқушылар арасындағы әңгіме]. Clevedon:*
- 8 *Multilingual Matters.*

УДК 378.02:37.016

МРНТИ 14.35.09

Л.Ш. Какимова¹

¹к.п.н., доцент, Институт Искусств, культуры и спорта при КазНПУ им. Абая,
г. Алматы, Казахстан

ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ В ПРАКТИКЕ ПРЕПОДАВАНИЯ МУЗЫКАЛЬНЫХ ДИСЦИПЛИН

Аннотация

В статье автором поднимается проблема формирования профессиональной компетентности в подготовке будущих специалистов в области педагогики музыкального образования. Применение инновационных технологий и интерактивных методов обучения рассматриваются как способ и форма организации качественного образовательного процесса. Это позволит повысить эффективность как самого учебного процесса в вузе, так и поднимет на более высокий уровень систему подготовки педагогических кадров. Автор указывает именно на те интерактивные методы обучения, которые приемлемы, как для использования будущими специалистами в практике будущих уроков музыки в школе, так и в самом процессе вузовского преподавания.

Убеждены, что избранная тема статьи, указанные в ней формы и методы ее исследования, станут основой творческого подхода в практической работе специалистов, в осмыслении непростых проблем становления отечественной системы обучения и профессионального образования. Внедрение их в методику преподавания музыкальных дисциплин должным образом отразится и в практике их преподавания и в подготовке компетентностного специалиста.

Ключевые слова: педагогические инновации, система обучения, кредитная технология, интерактивные методы, урок музыки, индивидуальные занятия, компетентность.

Аңдатпа

МУЗЫКАЛЫҚ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ

*Л.Ш. Какимова*¹

¹ п.ғ.к., доцент, Абай атындағы Қаз ҰПУ, Өнер, мәдениет және спорт институты,
Алматы қ., Қазақстан

Мақалада автор педагогика саласындағы болашақ музыкалық білім мамандарын дайындаудағы кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі қарастырған. Инновациялық технологиялар мен оқытудың интербелсенді әдістерін қолдану арқылы оқу үдерісін ұйымдастыру сапалы білім беру жүйесін қалыптастыру формасы болып

табылады. Бұл жоғары оқу орны білім беру жүйесінің тиімділігін арттырып, педагог кадрлар даярлаудың жоғары деңгейін көрсеткішін бере алады. Автор оқытудың интерактивті әдістерін мектепте және университет қабырғасында болашақ мамандардың музыка сабағында оқыту үрдісінде пайдалану мүмкіндіктері қарастырылған.

Біз ұсынып отырған, мақаланың тақырыбы, білім беру және кәсіптік оқыту жүйесін қалыптастыруда мамандарды даярлау нысандары мен күрделі проблемаларды түсіну, олардың оқытушының практикалық жұмысында зерттеу әдістері шығармашылық негізі болатына сенімдіміз. Құзыретті маман дайындауда музыкалық пәндерді оқыту әдістемесінде, жаңаша әдістеме оқытушыларды оқытуда тиімді.

Түйін сөздер: педагогикалық инновациялар, білім беру жүйесі, кредиттік технология, интербелсенді әдістер, музыка сабағы, жеке сабақтар, құзыреттілік.

Abstract

INNOVATIVE METHODS OF TRAINING IN PRACTICE OF TEACHING MUSIC DISCIPLINES

Kakimova L.Sh.¹

¹ candidate of pedagogical sciences, the associate professor, Institute of Arts, culture and sport at, Kazakhstan at Abai KazNPU, Almaty, Kazakhstan

In the article the author raises the problem of forming professional competence in the training of future specialists in the field of the pedagogy of music education. The use of innovative technologies and interactive teaching methods are considered as a way and form of organization of a quality educational process. This will improve the effectiveness of both the educational process in the university and raise the system of training of pedagogical personnel to a higher level. The author points out precisely those interactive methods of teaching that are acceptable, both for use by future specialists in the practice of future music lessons in school, and in the process of university teaching itself.

We are convinced that the selected topic of the article, the forms and methods of its research indicated in it, will become the basis for a creative approach in the practical work of specialists, in understanding the difficult problems of the formation of the national system of education and professional education. We believe that their use in the methodology of teaching music disciplines will properly reflect in the effectiveness of their teaching and in the training of a competent specialist.

Key words: pedagogical innovations, training system, credit technology, interactive methods, music lesson, individual lessons, competence.

На сегодняшний день использование интерактивных форм и методов обучения является содержанием обучения нового направления, вектор которого ориентирует будущего специалиста на саморазвитие, самосовершенствование и самореализацию своих знаний и навыков. Качество подготовки будущих учителей музыки напрямую зависит от использования инновационных технологий, позволяющих активизировать учебный процесс и познавательную деятельность студента.

Ранее мы уже отмечали, что в условиях современной системы обучения подготовка компетентного специалиста является приоритетным фактором в стратегии модернизации высшего казахстанского образования. Сделанный нами анализ исследовательских работ по данной проблеме показывает, что «компетентность» понимается как «способ владения механизмами управления»; «освоенные знания, навыки, умения и их применение в деятельности», «передача информации к размышлению» [1, с.105-106]. Инновационные и интерактивные методы обучения позволяют формировать личностные, предметные и профессиональные компетенции для решения теоретических и практических задач и в системе педагогики музыкального образования. В связи с чем, востребованность учителей музыки, владеющих новыми музыкально-цифровыми технологиями, интерактивными методами обучения, находит широкую поддержку в социальной сфере и рекомендуется в применении в его педагогической деятельности. В этой связи, проектный метод, метод case-study (кейс-стади) и другие служат новыми инструментами педагогических технологий в обучении [2-4].

Так, метод case-study, как наиболее распространенная форма реализации компетентного подхода, вслед за зарубежными научными школами, широко стала внедряться в систему высшей школы в курсе модернизации казахстанского образования. Об этом свидетельствуют материалы исследований, в которых отмечается, что данная форма деятельности позволяет обсуждать, исследовать конкретные учебные (деловые, профессиональные) ситуации с целью разбора фактического материала на учебных занятиях. Данный метод состоит из ряда основных ее составляющих:

- имеет право выбора неоднозначного и неокончательного ответа в проблемном поиске, личностную позицию;

- на основе анализа, синтеза, сравнений, сопоставлений «создает новые знания» в процессе обсуждения проблемы и в сотрудничестве с аудиторией, педагогом;

- используются не только знания, но и навыки профессиональной деятельности, тем самым направляют обучение на «развитие системы ценностей, профессиональных позиций, жизненных установок, своеобразного профессионального мироощущения и миропреобразования», – указывают ученые [5, с.114-117].

При этом, при использовании интерактивных методов обучения, ученые рекомендуют придерживаться определенных действий, которые включают следующее: преподавателю следует продумать возможные варианты развития событий, подготовить дополнительный материал; с учетом возрастных особенностей студенческой аудитории определиться с темой, типом и ходом занятий, соответствующие поставленным целям и задачам, на котором будет выполняться определенное задание. Рекомендуется завершать занятия в форме рефлексии, для того, чтобы студенты смогли осознать полученную информацию, полностью освоить ее, и узнать каким новым навыкам и умениям они овладели [6; 7]. Данные методы, как утверждают они, должны внедряться с учетом ряда принципов:

- занятие должно являться общей работой (т.е. коллективной: в аудитории, в группе, подгруппах);
- порядок и дисциплина, соперничество и творческая активность в процессе дискуссий, объяснений, рассуждений, высказываний;
- обеспечение равных возможностей для участия (т.е. все участники должны быть равны между собой вне зависимости от социального статуса, возраста, положения и опыта);
- у преподавателя и у студентов должно быть право на высказывание собственного мнения по любому вопросу (т.е. плюрализм мнений);
- на занятии не переходить на личностную критику, комментируется только идея (т.е. всегда должно приветствоваться толерантность);
- все, что было пройдено на занятии студентом «не должно быть рекомендацией к действию, а должно являться передачей информации к размышлению» и другое [6].

Придерживаясь выводов ученых по поводу того, насколько существенно влияет эффективность использования интерактивных методов обучения в вузовском процессе на качество обучения, мы солидарны в том, что они решают следующие проблемы: формируют у обучающихся интерес к дисциплине, мотивируя по поисковую, познавательную, когнитивную деятельности; создают оптимальные условия для освоения учебного и музыкального материала, активизируя познавательную функцию учебного процесса; развивают интеллектуальную самостоятельность в поиске вариантов решения проблем; учат толерантности к чужому мнению; формируют у студентов собственную позицию, отношения, профессиональные и жизненные навыки, расширяя тем самым круг познания, мировоззрение, прививая художественный и эстетический вкус.

Мы считаем, что методы интерактивного обучения, целью которой является формирование у студентов наличия навыков саморазвития, самосовершенствования и самореализации, в связи с содержанием задания могут быть применены в практической ситуации на индивидуальных и практических занятиях по теории и методике обучения музыке.

К примеру, кейс-стади на тему **«Музыкальное искусство в системе художественного и эстетического воспитания»** из теоретического курса предназначен для обеспечения успешного процесса обсуждения во время занятий следующий круг вопросов: *«Музыкальное искусство как социальное явление. Место в музыке в системе искусств. Функции музыкального искусства в обществе. Музыкальное искусство, его образовательные, воспитательные и развивающие возможности. Музыкальное образование в формировании духовной культуры личности, его нравственных, общечеловеческих и художественных ценностей»* [8, с. 74-80]. Сфокусированные вокруг одной темы вопросы должны отвечать определенным, ясным высказываниям и комментариям студентов. Задавать уточняющие вопросы относительно прочитанного материала или высказывания также уместно и приветствуется в ходе дискуссионных занятий. Важно, чтобы такого рода участия ознаменовалось тем, что «интерактивность» была «ориентирована на студента» и он играл активную роль в собственном образовании, а не был пассивным слушателем. Использование при этом литературные тексты, отрывки и высказывания музыкантов, педагогов по музыке из книг, статей и любых других источников, учит навыкам аналитического чтения текстов. Способность восприятия значения и способность применения информации (схватывания главного в тексте) оперирует вопросами *«О чем может рассказать заголовок текста? Что вы можете сказать о содержании текста? Знаете ли вы уже что-либо из исторической литературы по предмету обсуждения? Знакомы ли вы с другими*

работами автора? О чем данный текст? Насколько содержание текста соответствует его названию? В чем заключается суть текста? В каком тезисе это содержится? Что является доказательством этого тезиса? Что нового вы узнали? Какое это имеет отношение к тому, что вы уже знали?» и т.д.

Также важно использовать такие методы, как концептуальная карта, диаграмма Венна, двухчастный дневник, таксономию Блума и другие. Когда, к примеру, обсуждаются вопросы социального явления и сущности музыкального искусства, ценности музыки как вида искусства, роль и место музыки в системе различных ее видов, жанров во взаимосвязи с жизнью и реальностью, ее функционированием и бытованием в общественной среде, самооценности искусства, его преобразований для личности, влияние на музыкальное образование и перспективы развития мирового музыкального образования, следует использовать метод концептуальной карты. Группа студентов выполняет следующее действие: 1) получает задание – составить концептуальную карту на определенный текст; 2) разбирает текст на части; 3) собирает информацию: ключевые слова, идею текста, подтверждение тезисом и т.п.; 4) обменивается информацией в группе; 5) выделяет общее или запоминающее, основную идею; 6) заполняет карту (на листах ватмана, используя стикеры, фломастеры, маркеры и прочее); 7) приводит словесное доказательство; 8) презентуют готовый материал аудитории слушателей, другим участникам групп. Такого рода интерактивный метод обучения, представленный символическими или графическими представлениями в виде матрицы, устными аргументами, позволяет обучающимся овладеть техникой концептуального понимания и активного обсуждения. К примеру хронологические даты, события по тексту или материалу, по диаграмме Венны позволяет связывать одну информацию с другой, вести их в последовательность до бесконечности, проводить параллели, ассоциации, и в итоге привести к общему знаменателю, основному выводу и подвести итоги. На семинаре по вышеуказанной теме обсуждается круг вопросов: «Считаете ли вы преподавание музыки и педагогией, и искусством? Охарактеризуйте понятия «история», «теория», «музыкальное образование»? Какова роль окружающей среды в формировании музыкальной культуры учащихся? Составьте собственную модель музыкальной культуры выпускника – будущего учителя музыки? В чем вы видите перспективы развития мирового музыкального образования? Какие изменения произошли в репертуаре произведений школьных программ по музыке? Почему в последние годы наблюдается в музыкальном искусстве повышенный интерес к фольклору, духовной музыке?» предлагается задание – написать эссе [9]. Это помимо того, что развивает письменные навыки студента, также развивает критическое мышление. Выполнение этого рода задания решает задачи критического мышления основанного на самостоятельном его выполнении, оно должно быть обобщенным видом задания, иметь проблемно-оценочную характеристику, аргументированным и иметь социальное значение по прилагаемой ниже таблице 1.

Таблица 1. – Эссе на тему «Музыкальное искусство, его образовательные, воспитательные и развивающие возможности. Музыкальное образование в формировании духовной культуры личности, его нравственных, общечеловеческих и художественных ценностей».

Тезисное утверждение:		
Доказательство:	Доказательства:	Взаимосвязь:
Контраргументы:	Связь с доказательством:	
Анализ:		
Заключение:		

Worauf muss sich die Aufmerksamkeit der Lehrperson bei der Vermittlung der Synonyme konzentrieren? Es muss den Studierenden erklärt werden, dass die synonymischen Beziehungen streng genommen nicht zwischen Wörtern, sondern zwischen den Sememen, d.h. zwischen den Bedeutungskomponenten, Bedeutungsvarianten bestehen. Man kann beispielsweise die Wörter „Zimmer“ oder „Stube“ als Synonyme von „Raum“ betrachten. Man muss berücksichtigen, dass

das Wort „Raum“ mindestens drei Sememe mit jeweils verschiedenen Synonymen hat:

zu Semem -1: „Zimmer“, „Kammer“, „Stube“;

zu Semem -2: „Gegend“, „Umgebung“;

zu Semem -3: „Kosmos“, „All“, „Weltall“.

Noch ein anderes Beispiel soll veranschaulichen, worum es geht: Das Verb „sausen“ hat zwei Sememe mit unterschiedlichen Synonymen: zu Semem – 1: einen rauschenden Ton ergeben = brausen, rauschen, tosen, dröhnen, erbrausen; zu Semem – 2: sich schnell fortbewegen = laufen, hasten, rennen, rasen, preschen, spurten, sprinten, wetzen, pesen, wieseln, flitzen, spritzen, socken usw.

Der Unterrichtende muss erklären, dass jedes von diesen Synonymen eine etwas andere Bedeutung hat. Deswegen muss man beim Gebrauch der Synonyme vorsichtig sein und ihrer Semantik eine Aufmerksamkeit schenken. Wenn man die Synonyme richtig verwendet, schreibt man genau und eindringlich. Mit Hilfe von Synonymen wird wortwörtliche Wiederholung beseitigt und infolge dessen wird die Rede beschönigt (U. Aslanova, 12).

Stilistische Funktionen der Synonyme

Um eine Sprache zu beherrschen und richtig zu verwenden, muss man die stilistischen Funktionen von Synonymen beachten. Nach T. Schippan gibt es folgende stilistische Funktionen von Synonymen:

1) die Synonyme dienen zur Ausdrucksvariation in der Sprache, z.B.: Mein Nachbar ist gestern gestorben / *verschieden / abgekratzt. Qonşum dünən ölmüşdür / rəhmətə getmişdir / gəbərmişdir.*

2) Eine typische stilistische Funktion der Synonyme ist der Gebrauch als verhüllender Ausdruck (Euphemismus). Man meint „dick“, meidet aber das Wort und sagt: *korpulent, mollig, vollschlank, knusprig* mit gleichem Denotatsbezug: Sie ist *korpulent / mollig / knusprig / vollschlank. O, kökdür / dolu bədənlidir / iri gövdəlidir / yoğundur / canlıdır.*

3) Die Synonyme dienen zur Ausdrucksverstärkung, zur expressiven, affektbetonten sprachlichen

Formulierung. Beispiele sind interessant: *Er jubelte und jauchzte. Er hat mich belogen und betrogen. In den folgenden Jahrhunderten verlor Erfurt an Macht und Einfluss und wurde von verschiedenen Herrschern erobert und besetzt. Natürlich, selbstverständlich hast du Recht. Die Misshandlung der irakischen Gefangenen von britisch- amerikanischen Truppen ist Schande und Schmach. Gott hat unser Leben im Griff. Er führt und leitet uns.* Vgl. die Beispiele

im Aserbaidshaischen:

*Ələsgər sərrafsan, gövrhəri tanı,
Dosta qurban olsun düşmənin canı.
Comərdin kisəsi, mərdlərin nani
İnşallah, ölüncə az olmaz – olmaz.*

*Dava idi, dərman idi,
Təbib idi, loğman idi.
Sanardım ki, əbədidə,
Tükənməzdi cavanlığım.*

4) Die Synonyme ermöglichen die Variierung der Gesichtspunkte, unter denen ein Gegenstand, eine Erscheinung vom Sprecher oder Schreiber betrachtet und dem Kommunikationspartner vorgestellt wird, z.B.: *Ariel ist nicht nur sauber, sondern rein!*

Ayrılıq bizlərə oldu müqərrəm,
Hicran cüyərimdə bağladı vərəm (Aşıq Ələsgər).

5) Die Synonyme dienen zur Erzeugung der Kontrastwirkung, z. B: *Man bringt ihn in einen Raum. Nicht in ein Zimmer, in einen Raum Man wies ihm sein Zoger zu. Nicht sein Bett, sein Zoger.* („Neues Deutschland“). *Onu otağa yox, anbara gətirdilər.*

6) Schließlich kann das Synonym stärkere gefühlsmäßige Beteiligung, Emotionalität oder Wertung ausdrücken. Das träfe für die Wiederaufnahme von *Buch* durch *Schwarte*, von *lesen* durch *schmökern*, von *Rede* durch *Pamphlet* zu (T. Schippan, 2009). Belege sind von U. Aslanova ausgewählt.

Die Synonyme werden den verschiedenen Stilschichten zugeordnet. Unter der Stilschicht versteht man eine Art der sprachlichen Gliederung, die sich an der literarischen Norm orientiert. Am Beispiel der synonymischen Reihe *das Gesicht – das Antlitz – die Fratze – die Fresse – die Visage* kann man die Stilschichten verdeutlichen. Das Wort *Gesicht* gehört zur Standardsprache. Während man auf der poetischen Ebene unter dem Wort *Antlitz* sagen könnte, findet man auf der groben – umgangssprachlichen Ebene *die Fratze, die Fresse* und *die Visage*. Diese Wörter haben Nebenbedeutungen, so zum Beispiel: *Fratze* ein verzerrtes Gesicht, *Fresse* ist stärker auf die Mundpartire bezogen, *Visage* charakterisiert ein abstoßendes Gesicht. Alle drei Wörter drücken wertende Bedeutung aus und sind stark emotional gefärbt.

ZUSAMMENFASSUNG

Wie aus diesen Beispielen ersichtlich ist, unterscheiden sich unvollständige Synonyme durch Bedeutungsnuancen und stilistische Markierungen von einander. Diese Tatsache erklärt schon, warum unvollständige Synonyme im Text nicht immer austauschbar sind. Es gibt eine Verwendungsbeschränkung von Synonymen, auf die man achten muss. Die Auswahl von Synonymen hängt immer von Thema und Absicht, von der Situation ab. Deshalb muss willkürlicher Sprachgebrauch der bewussten Auswahl aus dem Arsenal sprachlicher Mittel weichen. Unmotiviertes Abgehen von der standardsprachlichen Ebene kann unerwünschte Reaktionen beim Rezipienten hervorrufen. Deswegen müssen die Ausländer beim Gebrauch von Synonymen behutsam sein.

Literaturverzeichnis:

- 1 T. Schippan: *Lexikalische Bedeutung und Motivation*. In: ZPSK. Bd. 27, H. 1-3. Berlin, 1974, S. 212 – 222.
- 2 U. Aslanova: *Sinonimlərin tətbiqində və tədrisində qatışıya çıxan çətinliklər*. Materials on current issues of teaching languages in secondary and high schools republican scientific conference. Baku, 30 – 31 October, 2008.
- 3 J. Kurz u.a.: *Stilistik für Journalisten*. 2. Auflage. Heidelberg, 2010.
- 4 F. Dornseif: *Der deutsche Wortschatz nach Sachgruppen*. Berlin, 1996.

УДК 358.147.811
МРНТИ 14.35.09

С.С. Сейтенова¹, К.Т. Медеубаева²

¹ п.ғ.к., доцент Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті
Ақтөбе қ. Қазақстан

² п.ғ.к., доцент Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Алматы қ. Қазақстан

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУ ОРНЫНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРГЕ ТІЛДІ КОММУНИКАТИВТІК-ТАНЫМДЫҚ ТҰРҒЫДАН ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада педагогикалық оқу орнында оқитын студенттерге тілді коммуникативтік-танымдық тұрғыда оқыту мәселесі қарастырылған. Орыс тілді аудиторияда студенттерді қазақ тіліне үйрету үшін оның мамандығына сай қолданылатын ақпарат көздерін пайдаланудың мәні зор екендігі. Жоғары оқу орнында студенттерге тілді үйрету, негізінен қарым-қатынастық тұрғыда, мәдени білімнің айқындаушы бір бөлігі ретінде меңгерілетіндігі. Жалпы орыс аудиториясындағы кәсіби қазақ тілі, қазақ тілі пәнінің басты мақсаты - қазақ тіліне тән дыбыстардың емлесін, қазақ тілінің грамматикасын оқыту арқылы студенттерді қазақша ауызекі сөйлеуге, ойын айтып, оқып, жазуға үйрету. Күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздерді меңгерту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру, студенттердің қазақша сөз қорын байыту, ауызекі сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету, естігенін, көргенін, қысқаша әңгімелеп беруге жаттықтыру. Мамандыққа байланысты оқытуда осы мақсатты қоя отырып, орыс аудиториясында қазақ тілін оқытудың әр түрлі төмендегідей амал-тәсілдерін қолдануға болатындығы туралы айтылған.

Түйін сөздер: «тіл», «коммуникативтік», «танымдық», «ақпарат», «ауызекі», «сауатты», «дағды», «меңгерту», «сөз», «үйрету».

Аннотация

ПРОБЛЕМЫ ОБУЧЕНИЯ ЯЗЫКУ СТУДЕНТОВ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ВУЗОВ С КОММУНИКАТИВНО – ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ ТОЧКИ ЗРЕНИЯ

С.С. Сейтенова¹, К.Т. Медеубаева²

¹к.п.н. доцент, АРГУ им. К. Жубанова, ²к.п.н. доцент, Казгосженпу

В статье рассматривается проблема обучения казахскому языку студентов вузов с коммуникативно-познавательной точки зрения, говорится о важности в обучении казахскому языку студентов русскоязычной аудиторий использования источников информации, касающиеся их специальности. Автор отмечает, что обучение языкам студентов вузов в основном происходит в коммуникативной основе, как определяющая часть культурно-образовательного уровня. Главная цель дисциплины казахский язык в русскоязычных аудиториях – обучать студентов правилам правописания специфических звуков и грамматике казахского языка, чтобы студенты освоили устную и письменную речь и могли выражать свои мысли на государственном языке. Также в статье говорится о возможности использования различных методов и способов обучения казахскому языку для усвоения профессиональной лексики, связанной со специальностью.

Ключевые слова: «язык», «коммуникативный», «познавательный», «информация», «разговорный», «грамотный», «навыки», «освоение», «слово», «обучение».

Abstract

THE PROBLEMS OF LANGUAGE TEACHING OF PEDAGOGICAL UNIVERSITIES' STUDENTS WITH A COMMUNICATIVE AND COGNITIVE POINT OF VIEW

Seitenova S.S.¹, Medeubaeva K.T.²

¹The candidate of Pedagogical Science, Associate

²Professor, member – correspondent of the International Academy of CONCORD
in Aktobe regional state University named after K.Zhubanov.

Assoc. Prof. Dr. Kazakh State Women's Teacher Training University

This article deals with the problem of teaching language to university students from a communicatively cognitive point of view. It is told also about the importance of using information sources relating to their specialty, in teaching Kazakh language to students with a Russian-speaking audience. To teach the language of university students mainly from the point of view of relationships, mastered as a defining part of knowledge about culture. In general, the main goal of the disciplines as professional Kazakh language in the Russian-speaking audience, the Kazakh language -

through the spelling of the special sounds of the Kazakh language, the grammar of the Kazakh language, to teach students of oral speech, express their thoughts, teach reading and writing. Teach words that are often used in everyday life, the correct pronunciation of specific sounds of the Kazakh language, enrich their vocabulary, teach oral speech, spelling, and briefly summarize what they have heard and seen. The same is said about the possibility of using various methods and methods of teaching the Kazakh language in the Russian-speaking audience, related to the specialty, according to the goals set before them.

Key words: "language", "communication", "cognitive", "information", "conversation", "competent", "skills", "development", "word", "education".

Егеменді еліміздің өркениетін әлемдік деңгейден көру-әрбір адамның азаматтық борышындай болса, оны мемлекеттік тіл ретінде әлемге мойындату қазақ тілінде берілетін ақпараттың бұқаралық, әлеуметтік, саяси сипатына байланысты. ХХІ ғасырда ақпарат тездігіне ілесу әр мемлекеттің, тіпті әр азаматтың интеллектуалдық мүмкіндігіне байланысты. Интеллектіні көтеру үшін білік пен дағды жоғары деңгейде болуы тиіс. Біліктілік мамандыққа қатысты іс-тәжірибе арқылы көтерілсе, өз білгенінен хабар тарату тілге байланысты. Тілдің ауызша сөйлеу түрі болсын, мейлі жазбаша тіл болсын дағдыға ұласады. Адамның сөйлеу дағдысы талапқа сай, жоғары деңгейде болса, тілдің әлеуметтік мәні арта түсері сөзсіз. Белгілі бір мамандықта оқитын студенттерге тілді үйрету үшін үйренетін студентте ынта, қызығу болу керек. Орыс тілді аудиторияда студентті қазақ тіліне үйрету үшін оның мамандығына сай қолданылатын ақпарат көздерін пайдаланудың мәні зор. Мамандыққа деген ынта, қызығушылық болған жерде сұрақтар, пікірталастар болады. Пікірталас ой қозғайды. Ойдың дамуы үйретуге де, үйренуге де ықпал етеді. Мамандық иелері терминдерді не жалпы қолданысқа енетін, бұқаралық сипат алған сөздерді пайдалана отырып, мамандықтарына да қатысты ақпарат алады. Профессор Қ. Жұбанов өз еңбегінде: сөздің бір басында екі қызмет болады; бірінші – хабар беру қызметі, коммуникация функциясы; екінші – таңбалау қызметі; норматив функция не сигнификация" - [1] деген пікіріне сүйене отырып, мамандыққа қатысты тілдік бірліктердің әлеуметтік қызметін екі түрге бөліп қарауға болатынына көз жеткіземіз.

- Қазақ тілін тұтынушылардың мамандығына, кәсібіне т.б. ғана емес, жалпы халыққа ортақ қатынас құралы ретінде жұмсалатын, бұқаралық ақпарат тарату;

- Белгілі бір кәсіпке байланысты нақты деректер, оқиғалар туралы мамандық иелері шеңберінде ақпарат тарату: сөз мағынасына тән мұндай қызметтер тілді коммуникативтік-танымдық тұрғыда оқытуға негіз болады [2].

Жоғары оқу орнында студенттерге тілді үйрету, негізінен қарым-қатынастық тұрғыда, мәдени білімнің айқындаушы бір бөлігі ретінде меңгеріледі. Қазақ тілі пәнінің басты мақсаты - қазақ тіліне тән дыбыстардың емлесін, қазақ тілінің грамматикасын оқыту арқылы орыс аудиториясындағы студенттерді қазақша ауызекі сөйлеуге, ойын айтып, оқып, жазуға үйрету. Күнделікті өмірде жиі қолданылатын сөздерді меңгерту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдыландыру, студенттердің қазақша сөз қорын байыту, ауызекі сөйлеуге, сауатты жазуға үйрету, естігенін, көргенін, қысқаша әңгімелеп беруге жаттықтыру. Мамандыққа байланысты оқытуда осы мақсатты қоя отырып, орыс аудиториясында қазақ тілін оқытудың әр түрлі төмендегідей амал-тәсілдерін қолдануға болады.

1. салыстырмалы грамматика, яғни орыс тілі грамматикасымен салыстыра оқыту;
2. қазақ әдебиетімен, тарихпен байланыстыра оқыту;
3. әр түрлі жаттығу жұмыстары арқылы оқыту;
4. мамандыққа байланысты, салт-дәстүрге байланысты мәтіндермен жұмыс жүргізу арқылы оқыту;
5. диалог, монолог арқылы оқыту;
6. техникалық құралдарды пайдалану арқылы т.б жұмыс түрлері арқылы жүргіземіз.

Қазіргі таңда қандайда болмасын тілге үйрету әдістемесі коммуникативтік негізге сүйенуде. Бұл әдістеменің мақсаты - сөйлеуге үйрету.

Қазақ тілін үйренуші орыс тілді топтарға бағдарламадағы негізгі лексикалық тақырыптармен қатар студенттің таңдаған мамандығына байланысты тіл дамыту жұмыстары жүргізіледі. Мамандыққа байланысты тіл дамыту жұмыстарын жүргізген кезде барлығымызға белгілі лингвистикаға соқпай кету мүмкін емес [3].

Лингвистикалық заңдылықтар мен грамматикалық ережелерді үйренбей тұрып, адам өз ойын дұрыс жеткізе алмайды, сол тілде сөйлей алмайды. Бір-бірімен байланысқа түспесе, белгілі бір сөздердің тобы көп болғанымен, ой түсініксіз болады, оны екінші адам түсінбесе, тілдік қарым-

катынас жүзеге аспайды. Лингвистика тілдің нормасын яғни сөйлегенде қолданылатын тілдік құралдардың пайдалануын, оның ережелерін, қолдану тәртібін, тілдегі стильдік құралдарды дыбыстық, морфологиялық, синтаксистік т.б. жағын қарастырады. Қазақ тілі сабағында көзделетін негізгі мақсат – студенттерге жалаң сөз жаттату емес, әрбір үйренген сөзін сөйлеуде, сөйлем құрамында дұрыс қолдана білуге үйрету.

Біздің сөз еткелі отырған болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан оқыту әдістемесі болғандықтан, кәсіптік бейімділігін, ынтасын арттыру мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілуі тиіс.

Мамандыққа байланысты оқылған не жазылған мәтіннің лингвистикалық тұрғыдан танылуы деп студенттердің қазақ тіліндегі дыбыстардың жүйесін дұрыс меңгеруін және лексикалық жүйесін, яғни қазақ тілінің сөздік қорын жақсы білуін, қазақ тілінің грамматикалық құрылымын жете білуін айтамыз.

Қазақ тіліндегі сөйлем түрлерін өткен кезде студенттердің мектепте алған білімдеріне сүйенеміз. Сөйлем құру, сөйлем мүшелерін дұрыс қолдана білу, қазақша монолог пен диалогтар құру әдістері мамандыққа бейімдеп оқыту үшін аса қажет.

Лингвистика ғылымының әрбір саласы өзінің дербестігін сақтай отырып, өзара бір-бірімен байланысып отырады. Қазақ тілі фонетика, лексикология, морфология, синтаксис т.б. болып бөлінгенімен барлығының тексеретіні – сөз. Сонымен қатар, қатысымдық тұлғалардың ішіндегі басқаларына ұйтқы болатын және тілдік қарым-қатынаста аса маңызды орын алатын тұлға да – сөз.

Сөз – сөйлеу, пікір алысу үрдісіндегі ең басты тұлға. Сөз жеке тұрғанда заттың, сынның, қимылдың т.б. атауы болып номинативті қызмет атқарса, тіл арқылы қарым-қатынаста белгілі бір жағдайға, ортаға байланысты жұмсалып, қарым-қатынастық қызмет атқарады [4].

Профессор Ф.Ш. Оразбаева тілдік қарым-қатынаста жұмсалатын сөздің бірнеше қасиеттері бар екендігін айтады:

1. Сөз адам санасында бейнеленген ұғымның жарыққа шығуын қамтамасыз етеді.
2. Сөз басқа қатысымдық тұлғалардың жасалуына ұйтқы болады.
3. Сөз өмір шындығын нақтылы мағына арқылы түсіндіре келіп, адам ойының екінші біреуге жеткізілуіне әсерін тигізеді.
4. Сөз адамдар арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыруға негіз болады.

Демек сөз мағынасы, ұғымды, сезімді, ойды білдіре келіп, тілдік қарым-қатынасты жүзеге асырушылардың барлығына аса қажет қатысымдық тұлға болып табылады [4].

Қазіргі таңда тілді арнаулы мақсатпен оқыту, яғни, студенттерді мамандығына бейімдеп оқыту әдістемесі қолға алынуда. Басқаша айтқанда, студент алған білімін өзінің болашақ кәсіби қызметінде пайдаланатын дәрежеде болуы тиіс.

Осыған байланысты студенттерге берілетін тапсырмалар және талаптар былайша сұрыпталуы қажет:

- студенттерді мамандығына, болашақ атқаратын қызметіне, кәсібіне қарай топтастыру;
- лексикалық минимумды анықтау;
- кәсіби терминологияны көбірек қамту;
- кәсіпке байланысты мәтіндерді жинақтау және өз мамандықтарына байланысты мәтіндермен жұмыс жүргізу [5].

Белгілі мамандыққа байланысты лексиканы үйрету сөздік жұмысы арқылы жеңілірек әрі тезірек жүзеге асады. Ол үшін болашақ бастауыш сынып мамандарына қатысты лексикадан сөздік минимумды жақсылап сұрыптап алу керек. Мысалы: Сауат ашу, әдістеме, ғылыми ұғым, әдебиеттік оқу, зерттеу, тілдік категориялар, баяндап айту, ғылыми ұғым. Бұл сөздер – негізінен бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби терминдері. Себебі тілді меңгеруде сөздік жұмысы – барлық өтілетін материалдың негізі, тіл дамыту жұмысының іргетасы. Оқу кезінде жаңа сөздер сабақ сайын көбейіп және әр сабақта қайталанып отырады. Әр сабақ сайын үйренген сөздермен кейінгі жаттаған лексика бірін-бірін толықтырып, сөздік құрамда үздіксіз қолданылып отырса ғана, сөйлеу үшін тиімді саналады. Жеткілікті сөздік қоры болмаған жағдайда студент айтайын деген ойын жеткізе алмайды, сөйлемді дұрыс құрастыра алмайды. Осыған байланысты тіл ұстарту барысында бірнеше тапсырмалар түрін беруге болады:

- тек мамандыққа қатысты сөздерді теру;
- осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрап үйрету;
- мерзімді басылымдардан мамандыққа қатысты мақалалар жинап, аударма жасап үйрену;
- студенттердің өз мамандығына қатысты өлеңдер, мақал-мәтелдер жаттату.

Сонымен қатар, мамандыққа қатысты сұрыпталған әр мәтіннің соңында студенттің еркін аударып үйренуіне және түсініп оқуы үшін сабақ сайын беріліп отыратын қазақша-орысша сөздер тізімін сөздік дәптеріне жаздырып отыру керек. Сөздік қор актив және пассив болып бөлінетініне назар аударту қажет. Активті сөздік қорға мамандыққа қатысты күнделікті пайдаланатын сөздерді жатқызамыз. Мысалы: сабақ, жоспар, оқулық, тақта, тақырып т. б.

Пассивті сөздік қор студенттердің өздеріне керек лексиканы іздеу барысында пайдаланылады. Студенттердің тілін, ойын дамытуда синоним сөздерді үйретудің маңызы зор. Сонымен қатар сөздік қорды байытудың тағы бір жолы – мақал-мәтелдерді ұтымды қолдану. Мысалы: Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу деген сөз. (Әл-Фараби) Шын білім – әрдайым ақиқат, анық болатын білім. (Әл-Фараби) Адамды дәреже жеткізбейді, білім жеткізеді. (Ә. Жами) Білімнен қуатты күш жоқ, біліммен қаруланған адам жеңілмейді. (М.Горький). Мамандыққа байланысты мақал-мәтелдерді жаттау сол сөздердің ұмытылмауына ықпал жасайды [6].

Сөзді саналы меңгеру үшін, сөздің мағынасын жетік түсіндіру керек. Сөздерді дұрыс айту, дыбыстарды дұрыс меңгерумен байланысты. Дұрыс сөйлеуге дағдыландырудың бастапқы жолы сөздерді, сөз тіркесін және сөйлемдерді дұрыс айту. Сөзді, дыбысты қабылдау тыңдаумен тығыз байланысты. Бірнеше қайтара тыңдап алған соң іштей қайталау арқылы жаттаған жөн. Жаңа дыбысты немесе сөзді топпен қайталау немесе тыңдау арқылы жазғызу тиімді нәтиже береді.

Педагогикалық оқу орындарындағы студенттерге қазақ тілінен, кәсіби қазақ тілінен сабақ берудегі басты мақсат – тілді үйрету, оны ауызекі сөйлеуге пайдалану мүмкіндігін жасау ғана емес, сонымен қатар халықтық педагогиканы қолдана отырып студенттің білімін жетілдіру, дамыту, әр студенттің бойына туған жеріне деген құрмет, мақтаныш сезімін қалыптастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қ. Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы, 1999. - 518 б.
- 2 Сейтенова С.С. Социальная значимость профессионально-ориентированного обучения государственному языку в высшем учебном заведении. Казанский педагогический журнал № 2. 2013 жыл. Республика Татарстан, г. Казан Импакт фактор РИНЦ 2011 0, 066 3.
- 3 Сейтенова С.С. Қазақ тілін сөйлем арқылы тыңдалым әрекетіне байланысты оқытудың лингвистикалық негіздері туралы. XXI ғасырдағы жоғары білім технологиясы: проблемалары мен даму бағыттары. Хал. ғыл. пр. конференция материалдары, 2002.
- 4 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас: Теориясы және әдістемесі. - Алматы, Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясының Республикалық баспа кабинеті, 2000. - 208 б.
- 5 Seitenova S.S . Language Training with Professionally-Oriented Texts. Журнал Middle East Journal of Scientific Research Номер Issue 13 (Special Issue on Socio-Economic Sciences and Humanities), 13 Пакистан. Журнал входит в базы цитирования Scopus, Web of Knowledge. Индекс H : 2
- 6 Сейтенова С.С. Өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. Монография: Ақтөбе: Қ Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, 2014. – 176 б.

УДК 378
МРНТИ 14.35.01

В.С. Турегалиева¹

¹аға оқытушы, магистр,

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік Университеті,
Атырау қ., Қазақстан*

СТУДЕНТТЕРДІҢ КРЕАТИВТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада студенттердің креативтілігін дамытудың педагогикалық шарттары айқындалады. Біздің пікірімізше, егер, келесі педагогикалық шарттар жүзеге асырылса, онда студенттердің креативтілігі табысты дамиды: білім мазмұнын студенттің жеке өзіндік тәжірибесімен сапаландыру және жеке білім алу траекториясын құру; студенттерді кәсіптік міндеттерді шешу бойынша іс-әрекеттерге қатыстыру және дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру; білім беру үрдісінің мәселелік сипатын қамтамасыз ету және студент пен оқытушының шығармашылық өзара әрекетін ұйымдастыру. Кәсіби білім берудің маңызды міндеті студенттердің креативтілігін дамыту үшін оның шығармашылық іс-әрекетіне қажетті педагогикалық шарттарын құру болып табылады. Педагогикалық шарттар мақсатқа жету үшін оқытуды ұйымдастыру элементтерінің мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, сонымен қатар формаларын құрылымдаудың және қолданудың, мақсатты түрде іріктеудің нәтижелерін білдіреді.

Түйін сөздер: креативтілік, шығармашылық, даму, студенттердің креативтілігін дамыту.

Аннотация

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЕ РАЗВИТИЯ КРЕАТИВНОСТИ СТУДЕНТОВ

В.С. Турегалиева¹

¹ старший преподаватель, магистр

*Атырауский Государственный Университет имени Х.Досмұхамедова,
г. Атырау, Казахстан*

В данной статье выявлены педагогические условия развития креативности студентов. На наш взгляд, что развития креативности студентов будет осуществляться успешнее, если соблюдаются следующие педагогические условия: обогащение содержания образования с собственным жизненным опытом студентов и создание индивидуальной траектории образования; включение студентов в деятельность по решению профессиональных задач и формирование развивающей среды образования; обеспечение проблемного характера образовательного процесса студентов и организация творческого взаимодействия студентов и преподавателя. Важнейшей задачей профессионального образования является создание педагогических условий для развития креативности студента, которые нужны ему для творческой деятельности. Педагогические условия представляют собой результат целенаправленного отбора, конструирования и применения элементов содержания, методов, а также организационных форм обучения для достижения целей.

Ключевые слова: креативность, творчество, развития, развития креативности студентов.

Abstract

DEVELOPMENT PEDAGOGICAL WSLOVIE KREATIVNOSTI STUDENTS

Turegalieva V.S.¹

¹ senior teacher master

Atyrau State University named after Kh.Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstan

In this article the pedagogical conditions of development of creativity of students. We believe that the development of the creativity of the students will be more successful if the following pedagogical conditions: the enrichment of the content of education with their own life experiences of students and the creation of individual learning paths; inclusion of students in the work on solving professional problems and the formation of developmental education environment; Software problem character of educational process of students and organization of creative interaction between students and teacher. The most important task is to provide professional education and pedagogical conditions for the development of student creativity, which he needs for creative activity. Pedagogical conditions are the result of purposeful selection, design and implementation of elements of content, methods and organizational forms of learning in order to achieve objectives.

Key words: creativity, creativity, development, development of students' creativity.

Жаңа экономикалық жағдайда еліміздің өркендеуі мен ғылымның даму ықпалы білім беру құрылымы мен мазмұнын жетілдіру міндетін қояды. Осы тұрғыдан алғанда, білім беру креативті педагогикалық өркениетке енуде. Мұнда білім беруді дамытудың жаңа бағдары инновациялық жаңару стратегиясында болашақ маманның бәсекеге қабілетті тұлға ретінде кәсіби шығармашылығы мен шығармашылық әлеуетінің, даралығы мен креативтілігінің жоғары дәрежеде болуы ең басты талаптардың бірі болып табылады.

Бұл жоғары оқу орнындағы білім беру үрдісін жаңартуды реттеуді қамтамасыз ететін бірқатар нормативті-құқықтық құжаттардың бірі – Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасында: «қоғамның негізгі капиталы адам және оның *жасампаз іс – әрекетін* жүзеге асыру мүмкіндіктері жасалуы тиіс» - деп белгіленген [1].

Осыған байланысты қоғамның әлеуметтік орнығуында инновациялық ресурстар мен технологиялардың барлық түрінің негізгі тасымалдаушысы, әлеуметтік өзгерістер субъектісі ретінде студенттердің рөлі өсуде. Студенттердің кезектен тыс ойлау секілді бірегей қабілеттері, айқын әлеуметтік бағдары, кәсіби іс-әрекет арқылы жасампаздыққа қабілеттілігін көрсету біліктілігі мен креативтілігін дамыту қоғамдық-экономикалық қатынастарды жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Бүгінде «креативтілік» ұғымын анықтауда көзқарастар мен тұжырымдар баршылық. Бұл *ғылым-аралық ұғым* болғандықтан, әртүрлі ғылым саласы тұрғысынан көптеген анықтамалар берілген.

Жалпы алғанда, креативтілік (ағылшын сөзі «*creativity*») тұлғаның салыстырмалы тұрақты сипаттамасын құрайтын, шығармашылық әлеует деңгейі, шығармашылық қабілеті дегенді білдіреді [2].

Демек «*креативтілік*» ұғымы өзіндік шығармашылық; шығармашылық іс-әрекет деген мағыналарды білдіреді. Осыдан креативтілік шығармашылық үрдіс ретінде тұлғалық қасиет. Сонымен бірге креативтілік инновациялық шешімді қабылдауда шығармашылық үрдісін сипаттау үшін ниет - ой – ойлап табу – қолдану» сызбанұсқада да қолданылады. Мұнда басты идея шығармашылық қабілетті көрсету ретінде табысты әрекет – инновацияға айналуы тиіс. Сонымен креативтілік адамның жаңа идеяларды ойлап табуы, ерекше шешімдер қабылдауы мен дәстүрлі ойлау жүйесінен алшақтауы, яғни шығармашылыққа, шығармашылық іс-әрекетке қабілеттілік ретінде түсіндіріледі.

Студенттердің креативтілігін дамыту үшін белгілі бір педагогикалық шарттар қажет. Шарттар өз кезегінде тарихи уақыт ішінде дамытылады, жүйеленеді, қалыптасады, педагогикада түсініктер мен бейнелер ретінде қоғамдық сана тұрғысынан қарастырылады. Шарт белгілі бір объектінің қызмет етуінің негізі, оның объективті және субъективті, қажетті және жеткілікті түрлері болады.

С.И. Ожегов «шарт» ұғымын белгілі бір нәрсенің өнімді жүзеге асырылуына мүмкіндік беретін жағдайлар ретінде қарастырады [3].

«Педагогикалық шарттар» түсінігі оқу-тәрбие үдерісінің барлық бағыттарының тиімді қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті объективті және субъективті факторлардың жиынтығы болып табылады. Олар оқыту мен тәрбиенің мақсатын, міндеттері мен қағидаларын тануға байланысты, соған сәйкес мазмұнын, ұйымдастыру формалары мен әдістерін анықтайды (В.И.Андреев, В.П. Беспалько, Д.Б. Богоявленская, П.И. Пидкасистый, Я.А. Пономарев, Дж.Гильфорд, Е.Торренс).

Сондықтан студенттердің креативтілігін дамытудың мынадай педагогикалық шарттары анықталды. Бірінші шарт студенттердің білім мазмұнын өзіндік тәжірибемен байыту және сапаландыру, жаңарту және жеке білім алу траекториясын құру болып табылады.

Білім мазмұны жеке адамның біліктілігі мен жан-жақты дамуын қалыптастыру үшін негіз болып табылатын білімі берудің әрбір деңгейі бойынша білімдер жүйесі. Білім мазмұны білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары негізінде әзірленетін білім беру бағдарламаларымен айқындалады.

И.Я. Лернердің пікірінше, білім мазмұнын білім алушыға берілетін білім, білік және дағды жүйесі, шығармашылық іс-әрекет, эмоциялық қатынастар жүйесі ретінде тұлғаның үйлесімді дамуын көздейді [4].

Аристотель өз заманында «тәжірибе барлық білімнің өлшемі болып табылады» – деп атап көрсеткен. Ол кейбір білімдерді тәжірибенің көмегімен ғана меңгеруге болады деп есептеген [5].

Педагогика ғылымы мен ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде «тәжірибе» зерттеу пәні ретінде бірнеше мағынада қарастырылады: оқу тәжірибесі, әлеуметтік тәжірибе, тәжірибе (эксперимент), педагогикалық тәжірибе. Сонымен бірге витагенді (биологиялық), когнитивті (танымдық), еңбек, коммуникативті (қарым-қатынастық), этикалық (әдептілік), әлеуметтік тәжірибелер сияқты түрлері де кездеседі. Әрбір тұлғаның өзіндік меңгерген тәжірибесінің мазмұны жалпы тәжірибе ретінде бағаланып, адамдар үшін абыройлы өмір сүруінде маңызды рөл атқарады. Ал жеке тәжірибе адамның

тұлға ретінде қалыптасуы, өзінің мінез-құлқын игеруі, өзін-өзі басқаруы, өзін-өзі ұйымдастыруы. Тұлғаның жеке тәжірибесі оның өмірінің мәні, объективті құндылығы, көзқарасы, ұстанымы, сенімі, дүниетанымы, іс-қимылын, әрекеті, дағдысы, өмірлік практикасы.

Сондықтан білім мазмұнын студенттің өзінің жеке тәжірибесімен сапаландыру және байыту біз үшін оның білім деңгейін көтерудің қажетті шарты болып табылады, себебі, әрқайсысының өмірлік тәжірибесі жеке дара және қайталанбайды. Сонымен бірге әрбір адамның алдында әртүрлі уақытта және әр түрлі формада сол міндеттер туындайды. Тек оны шешу тәсілімен бір-бірінен ажыратылады. Өмірлік тәжірибе тұлғаның тұтас дамуы, соның ішінде оның шығармашылықпен ойлау қабілетін дамытудың қажетті формасы болып табылады.

В.В. Игнатованың пікірінше, сапаландыру және байыту білім мазмұнын сапалы таңдау арқылы педагогикалық шарттардың жиынтығын, «көлденең» және «тік» типтегі дифференциацияны және формалар, әдістер, тәсілдер мен құралдарды икемді қолдануды жүзеге асыру [6].

Студенттің креативтілігін дамытуда шығармашылық міндеттерді шешу үрдісінде білімді қолдануға (құзыреттілігі), ақпаратты өзгерту үрдісінде интеллектінің мобильділігі, саналы және санасыз әрекеттердің арақатынасында «дайындық» маңызды рөл атқарады. Мұнда саналы әрекет, құзыреттіліктің негізі адамзаттық қабілеттің өзіндік тәжірибеге сүйенуі болып табылады.

Екінші шарт студентті кәсіптік міндеттерді шешу бойынша іс-әрекетке қатыстыру, дамытушы білім ортасын қалыптастыруден аталады, оның мәні төмендегідей ашып көрсетіледі.

Студентті іс-әрекетке қатыстыру кәсіптік міндеттерді шешуге бағытталған практикалық-бағдарлық тапсырмаларға сәйкес жағдаяттармен, өзіндік жұмыс формаларымен жүзеге асырылуы тиіс. Жағдаяттық тапсырмалар әр түрлі, бірақ міндетті түрде студент үшін маңызды әрі қызықты, болашақ маманның кәсіби өзін-өзі анықтауына ықпал етуі тиіс. Контекстік оқыту шеңберінде студенттің іс-әрекетінің үш формасын бөліп көрсетуге болады: оқу, квазикәсіби және оқу-кәсіби.

Осыған байланысты студент алғашқыда іс-әрекеттік тұрғыда болады және біртіндеп өзінің іс-әрекетін реттеу үшін білімді қолдану практикасына өтеді, ол өндіріске бейімделуге байланысты шығармашылық әлеуетін іске асыруды қамтамасыз етеді. Оқу міндеттері кәсіби іздену әрекетіне ауысады. Болашақ маман ретінде студенттің креативтілігі ол үшін мәнді білім беру үрдісін іс-әрекетке құрылымдау, стандартты емес жағдаяттарды құру, нақты кәсіби практикаға ену, іс-әрекетінен өнім алу есебінен жүреді.

Өндірістік және педагогикалық практиканы өту үрдісінде және есеп беруде студенттер кәсіби міндеттерді шешу және тәжірибені талдау мүмкіндігіне ие болды. Оқу міндеттері кәсіби міндеттерге тасымалданды, мұнда жағдаят нақты шынайы шындық болып табылды.

Оқу тәжірибесі болашақ маманды кәсіби даярлау жүйесіндегі маңызды қатарлардың бірі. Ол студентті теориялық оқыту мен оның болашақта өзбетінше әрекет етуге әзірлігінің арасын байланыстырушы қатар. Оқу тәжірибесін ұйымдастыру мен өткізу оның дамуы мен қызметінің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін барлық құрама бөліктерінің өзара байланысымен, кіріктірушілігімен сипатталатын бұл бір тұтас үдеріс. Мамандарды даярлау жүйесінде *оқу тәжірибелерін* жетілдіруге мемлекеттік деңгейде де баса назар аударылуда.

Оған дәлел Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 07 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Білім алушылардың практикалық дағдыларын дамыту үшін оқу жоспарларындағы кәсіптік практиканың үлесі 60 %-ға дейін ұлғаятын болады» деп атап көрсетілген [7].

Осындай міндеттердің шешімі жоғары педагогикалық білім беретін жоғары оқу орындарының оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларына өзгерістер енгізуді қажет етеді.

Студенттің білім алу үрдісінде кәсіби міндеттерді шешуге бағытталған дербес ойлау, белсенді танымдық іс-әрекеті креативтіліктің көзі болып табылады. Олардың белсенділігін қалыптастыру өзінің құзыреттіліктерін қанағаттандыру сезімін дамытуға мүмкіндік береді. Мұнда студент педагогпен бірге педагогикалық үрдісте шығармашылықпен жұмыс істейді. Осының барлығы студенттердің креативтілігін дамытуға, өмірлік тәжірибесін байытып, кәсіби өсуіне мүмкіндік береді.

И.А. Зимняя «субъект-субъектілі» қатынастың құндылығы оның тұлғалық өсуі мен өзектенуінің шарты, барлық оқу жағдаяттарында тұлғалық өзін іс жүзінде көрсетуін қамтамасыз етеді [8].

Оқытудың соңғы өнімі болашақ маман ретінде студентті құзыретті, бәсекеге қабілетті, креативтілікті меңгерген, кәсіби іс-әрекетке өзектендіру. Әр адамның өмірдегі жетістіктері мен өмірдегі өз орнын айқындай алуы оның ақыл-ойымен, шығармашылығымен тікелей байланысты. Әрбір адамның ақыл-ойы мен шығармашылығы кез-келген жағдайда саналы түрде бейресми, стандарттан тыс шешім қабылдай алу қабілеттілігін қамтамасыз етеді.

Бұл үшінші шарт болашақ маманға білім беру үрдісінің мәселелік сипатын қамтамасыз етуді, студент пен оқытушының шығармашылық өзара әрекетін ұйымдастыруды ашып көрсетуге мүмкіндік туғызады.

Бірқатар ғалымдар зерттеулерінде креативтіліктің негізгі сипаттамалары бұрынғы жалпы қабылданғаннан басқа жаңаны, күтпеген идеяларды, аз уақыттың ішінде соны идеяларды ұсыну, т.б.

Педагогика ғылымында бұл идея проблемалық оқыту технологиясында көрініс тапты, ол жаңа білімді меңгеру үрдісіне студенттердің шығармашылықпен қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді, олардың танымдық қызығушылығын ғана емес, білімді меңгеруінің жоғары дәрежедегі мотивациясын қалыптастырады, сонымен бірге креативтілігін дамытуға да мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы практикада проблемалық оқыту шығармашылық қабілет функциясына қатысты дамытушылық сипатқа ие оқытудың ерекше типі ретінде анықталады.

М.И. Махмутов проблемалық оқытуды дамыта оқыту типі ретінде қарастырады, онда білім алушылардың ғылымда шешілген мәселені жүйелі түрде дербес ізденушілік қызметі үндеседі, ал әдістер жүйесі мақсат қою мен проблемалық қағидасы негізінде құрылады; проблемалық жағдаят (ситуация) туғызу арқылы оқыту мен оқу үрдісі студенттің танымдық дербестігін, оқу мотиві мен ғылыми түсініктер мен іс-әрекет құралдарын игеруде шығармашылық ойлау қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған, сонымен бірге жеке мәселелер мен құбылыстарды түсінудегі жалпы заңдылықтарды қолдану құзыреттілігін қалыптастырады, креативтілігін дамытады [9].

Проблемалық жағдаят проблемалық оқытудың студенттің ойын, ойлауын, танымдық қызығушылығын оятып, белсенді ететін негізгі элементі. Студенттің креативтілігін дамыту нақты шығармашылық үрдісті модельдеудің көмегімен өтетін мәселелік жағдаяттар құру және мәселені шешуді іздестіруді басқару есебінен өтеді. Осыдан бұл жағдаяттық мәселелерді саналы түсіну, жете ұғыну, қабылдау және шешу бірлескен өзараәрекет барысындағы педагогтың басшылығымен студенттердің дербестігіне бағытталады.

Шығармашылық жағдаяттар дегеніміз тұлғаның ішкі белсенділігін ұйымдастыруға бағытталған, эмоционалды-құндылықты қатынастары мен креативті қабілеттің дамуын ынталандыратын, жаңа білім мен өзіндік тәжірибесі арасындағы қарама-қайшылықтардың туындау барысында пайда болатын жағдаяттарды шешу болып табылады. Шығармашылық жағдаяттар тұлғаны әрекет етудің жаңа әдістерін, тәсілдерін, құралдарын іздеуге итермелей отырып, нәтижесінде тұлғаның креативті әлеуетінің дамуына себепші болады. Креативтілікте «Мен-тұжырымдаманың» қалыптасуына қажетті шарт – болашақ маман тұлғасына құрметпен қарау болып табылады. Осы ретте студенттердің кәсіби білім алатын, өзін - өзі танытатын орны жоғары оқу орны болмақ.

Н.С. Лейтес еңбектерінде тұлғаның бойындағы шығармашылық, интеллектуальдық және тұлғалық қасиеттердің бір-бірімен ажырамас байланыстылығы ерекше атап көрсетілген [10].

Қорыта келгенде, студенттердің креативтілігін дамыту үшін белгілі педагогикалық шарттар қажет. Олар педагогикалық іс-әрекетпен байланыста оқу үрдісінің нәтижелілігін анықтайды, оны өтуі үшін қолайлы орта құрады. Зерттеуімізде болашақ мамандардың креативтілігін дамытудың педагогикалық шарттары: білім мазмұнын болашақ маманның жеке өзіндік тәжірибесімен сапаландыру және жаңарту, жеке білім алу траекториясын құру; болашақ маман ретінде студентті кәсіптік міндеттерді шешу бойынша іс-әрекетке қатыстыру, дамытушы білім ортасын қалыптастыру; болашақ маманға білім беру үрдісінің мәселелік сипатын қамтамасыз ету, студент пен оқытушының шығармашылық өзара әрекетін ұйымдастыру деп айқындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі инновациялық даму тұжырымдамасы. ҚР Президентінің 2013 жылғы 4 маусымдағы №579 Жарлығы.
- 2 Краткий психологический словарь/Л.А.Карпенко, А.В.Петровский, М.Г.Ярошевский. – Ростов –на –Дону: «ФЕНИКС» 1998.
- 3 Ожегов С.И. Словарь русского языка. – М.: Оникс, Мир И Образование, 2008. – 940 с.
- 4 Лернер И.Я. Развивающее обучение с дидактических позиций// Педагогика. -1996. №2. – С. 4-10.
- 5 Аристотель. Сочинения. В 4-х т. – М.: Мысль. 1976. – Т. 1. - 550 с.
- 6 Игнатова В.В. Педагогические факторы духовно-творческого становления личности в образовательном процессе. – Монография. – Красноярск: Изд-во СибГТУ, 2000. – 272 с.
- 7 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 07.12.2010 ж., ҚР Президентінің № 1118 Жарлығы, – Астана.
8. Зимняя И.А. Педагогическая психология. Учебник для вузов. – М.: Логос, 2000. – 384 с.
9. Махмутов М.И. Проблемное обучение. Основные вопросы теории. – М., 1975. - 268 с.
10. Лейтес Н.С. Умственные способности и возраст. –М.: Педагогика, 1975. - 302 с.

ӘОК 373.03
МРНТИ 14.35.07

Ғ.А. Асқарова¹, А.Қ. Буканова²,

¹п.ғ.к., доцент, Математика, физика және информатика институты,
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

²аға оқытушы Математика, физика және информатика институты,
Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстанда білім беру жүйесіндегі реформалардың барысында туындаған әлеуметтік педагогикалық ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру мен оларды жүзеге асыратын әдістерді даярлау қарастырылған. Қоғамның әлеуметтік-экономикалық міндеттеріне сай өскелең ұрпақты өмірге бейімдеудің жаңа талаптары туындап отыр. Сондай мәселелердің бірі бүгінгі қоғамдық сұраныстың өсуіне байланысты болашақ маманның кәсіби құзырлыққа даярлығын жетілдіру, ал оны шешудің бір жолы оқу үрдісінде инновациялық педагогикалық технологияларды тиімді пайдалана білуде болып отыр.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы білім беру жүйесі Ресей және Еуропаның білім беру саласының даму бағыттарына сүйенгенімен еліміздің білім беру жүйесінің отандық дәстүр мен үрдістеріміздің ерекшеліктеріне қарай өзіндік жолы бар. Жеке адам елінің өркендеп дамуына іскерлікпен, саналылықпен қарайтын, білімді, мәдениетті азамат пен сыртқы орта басты фактор болып талданған.

Түйін сөздер: құзыреттілік, инновация, педагогикалық технология, ассимиляциялау, біліктілік, логикалық ойлау

Аннотация

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩЕГО СПЕЦИАЛИСТА

Г.А. Асқарова¹, А.К. Буканова²

¹к.п.н., доцент, ²старший преподаватель Института математики,
физики и информатики при КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

В статье трактуется о инновациях и методах ее решения на уровне профессионально-педагогической организации реформ систем образования Казахстана. Системно-целостный подход инновационной технологии, используемый в исследовании, объединяет все звенья образования, социального компетентного становления личности в единую «цепь». Это способствует максимальному стимулированию активного состояния всех основных структурных компонентов личности в их взаимодополнении и сочетании.

Формирование социальной компетентности молодого поколения должна стать специализированной и профессионализируемой деятельностью, потому что, стихийная социализация уже не обеспечивает необходимые параметры, нужные для самосохранения и воспроизводства общества.

Системно-целостный подход инновационных процессов в образовании, используемый в исследовании, объединяет все звенья образования, социального компетентного становления личности в единую «цепь». Это способствует максимальному стимулированию активного состояния всех основных структурных компонентов личности в их взаимодополнении и сочетании.

Ключевые слова: компетентность, инновация, педагогическая технология, ассимиляция, квалификация, логическое мышление.

Abstract

THEORETICAL BASES OF PROFESSIONAL COMPETENCE OF THE FUTURE SPECIALIST

G.A. Askaorova¹, A.K. Bukanova²

The article deals with innovations and methods of its solution at the level of the professional pedagogical organization of the reform of Kazakhstan's education systems. The system-holistic approach of innovative technology used in the study unites all the links in education, the social competent formation of the personality into a single "chain". This contributes to the maximum stimulation of the active state of all the basic structural components of the personality in their complementarity and combination.

Formation of social competence of the younger generation should become a specialized and professional activity, because, spontaneous socialization no longer provides the necessary parameters necessary for self-preservation and reproduction of society.

The system-holistic approach of innovation processes in education, used in the study, unites all the links in education, the social competent formation of the personality into a single "chain". This contributes to the maximum stimulation of the active state of all the basic structural components of the personality in their complementarity and combination.

Key words: competence, innovation, educational technology, assimilation, qualification, logical thinking

Маманға біліктілік деңгейі бойынша еңбекақы төлеудің сараланған разрядтарын стандарттық жолмен анықтау маманның жеке тұлға ретіндегі сипаттарын ескермейді екен. Оның үстіне педагог пен психологтардың гуманитарлық сала мамандары ретінде іс-әрекет атқару үшін жұмсайтын басты құралы өзінің жеке басы екені тағы бар. Сондықтан кәсіби жеке тұлғалық сипаттың мәнін төмендетуге болмайды. Ендеше бұл біліктілік көрсеткіштерін толықтыру үшін ескерілуі тиіс.

Кей зерттеушілер біліктілік ұғымын «құзыреттілік» аталымымен нақтылайды: «біліктіліктің құзыреттіліктің маңызды белгілері болып мынадай критерийлердің комбинациясымен белгіленетін деңгей саналады:

- іскерлік пен білімді меңгеру деңгейі (іскерлік пен білім саласы);
- іскерлік пен білімнің кеңдігі және диапазоны;
- өз жұмысын ұтымды ұйымдастырып, жоспарлау қабілеті;
- тосын жағдайларда өз білімін қолдана білуге қабілеттілігі (техника, технология, еңбек ұйымдастыру мен оның шарттарын өзгерген жағдайда тез бейімделу).

Ұғымдарды бұлай теңестіріп жіберуді дұрыс санаймыз. Оның үстіне авторлардың осы тобы екінші терминнің дербес анықтамасын ұсынады: «Құзыреттілік-«істі біліп» іс әрекет атқаруға қабілеттілікті білдіретін жалпы балама термин. Әдетте, белгілі бір әлеуметтік кәсіби мәртебесі бар адамдарға қатысты қолданылады, оның орындайтын міндеттері мен шешетін күрделі проблемаларының нақты деңгейіне сай білім мен іскерлігінің сәйкесті мөлшерін анықтайды». Көріп отырғанымыздай, бұл анықтама біліктіліктің кәсіптік белгілерін де қамтиды, олар жеке тұлғаға байланысты жайттарды толықтырады. Сондықтан теңестірудің орнына авторлар талданып отырған ұғымдарды бүтін мен бөлшектің өзара тәуелділігі ретінде қарастырады.

«Біліктілік» пен «құзыреттілік» ұғымдарын салыстыра келіп, О.Б. Ховов екінші терминнің бірінші терминнен гөрі мағынасы кең екенін көрсетеді. Өйткені оған біліктілікті сипаттайтын таза кәсіби біліммен және іскерлікпен қоса топпен жұмыс істеуге ынталылық, ынтымақтастық, қабілеттілік, коммуникативтік қабілет, оқу, бағалау, логикалық ойлау, ақпаратты алу мен пайдалану т.б. іскерліктер жатады.

Бұл пікірден байқайтынымыз, автор «құзыреттілік» терминін іс-әрекеттілік және әлеуметтік-коммуникативтік өзекті белгілердің негізінде маманның жеке тұлғасына сүйене отырып, кәсіпке дайындау деңгейінің қосымша сипатын беру үшін қолданады. Бұл қарастырылып отырған ұғымның гуманизммен толығына сай келеді, алайда оның белгілері жүйелеу мәселелерін шеше алмайды.

Құзыреттілік, біздің ұғымымызда, жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесіне сай белгілі бір міндеттерді орындауға дайындығы және қабілеті. Нақтылай айтып кетсек, «дайындық» ұғымы «бәрі орындалған, бір нәрсе үшін бәрі дайын» дейтіндей жағдай мағынасын анықтау үшін, ал қабілет-іскерлік, сондай-ақ белгілі бір әрекетті орындау мүмкіндігін білдіру үшін қолданылады.

Бұл мағыналар құзыреттіліктің мәні мен мазмұнын жеткізіп, ашып тұрады. Құзыреттілік теория мен практиканың бірлігі негізінде қалыптасады. Ол жансыз жаттанды білім түрінде емес, жеке тұлғаның тұлғаның танымға, ойлауға қатысын және әрекетке, белгілі мәселелерді ұсынып, шешім жасауға, оның барысы мен нәтижелерін талдауға, ұдайы түрде ұтымды түзетулер енгізіп отыруға деген іскерлігінің белсенділігінен көрінеді.

Н.С. Розов құзыреттіліктің екі жағы болатынын анықтайды да, бірінші жағына танымдық және практикалық жаңалық енгізуді (инновация) ассимиляциялау мүмкіндігімен, екінші жақты- білім беру жүйелерінің әр түрі, тип, профилі сатыларына қойылатын білім талаптарын анықтау мүмкіндігімен байланыстырады.

Талдау көрсеткендей, құзыреттіліктің көрсетілген бірінші жағы құзыреттілікті стандартты емес (тосын) жағдайда жүзеге асыру деңгейін белгілеудің индикаторы ретінде іс-әрекет етсе, екінші жағы оның ең аз деген, қажетті деңгейіне қойылатын талаптарды белгілеудің қайнар көзі болып табылады. Демек, бұл екі жақ іс жүзінде құзыреттілік көріністерінің құлдилама (нисходящий) деңгейінің диапазонын анықтайды.

Н.С. Розовтың пікірінше, құзыреттіліктің мынадай қырлары бар:

- мәндік аспект, неғұрлым жалпы мәдени контексттегі ахуалды жете түсінудің барлығын көрсетеді: бұл контекстік аясына осы сияқты ахуалды бағалау, оны ұғыну мен оған деген қарым-қатынас кіреді;
- проблемалық-практикалық аспект, бұл – осы бір жағдайда ахуалды айқындай білудің мақсат, міндет, нормаларды алға қою мен орындау тиімділігінің бара, барлығын сипаттайды.
- коммуникативтік аспект, бұл – осы тәріздес ахуалдағықатысымының және адамның осындай жағдайға қатысын және өзара ықпал жасауға тиісті мәдени үлгі деңгейінің барлығын қамтамасыз етеді.

Кәсіби құзыреттілікте жетекші рөл (бірақ бірегей емес) проблемалық-практикалық аспектіде беріледі. Солай бола тұра, барлық үш аспектінің қалыптасқандығы, автордың пікірінше, жалпы мәдени құзыреттілікке ие адамның сипатын береді. Өйткені бұл адамға өз кәсіби аясынан тысқары жағдайда өз мүмкіндігін жүзеге асыруға жол ашады.

Құзыреттілікті оның жалпы мәдени және кәсіби көріністерін сипаттау үшін бұлайша аспектілерге бөлу жасанды екенін көруге болады. Әсіресе, бұл психологтар мен педагогтарға қатысты алғанда анық байқалады. Өйткені, олардың іс-әрекетінде ахуалдың мәнін жете ұғыну міндетті түрде практикалық әрекеттерден бұрын болып қана қоймайды, сонымен бірге осы әрекеттердің өзі коммуникативтік жағынан жеткілікті деңгейде жиі қамтамасыз етіліп отырады. Сондықтан құзыреттіліктің кәсіби көріністері айқындалған үш аспектімен бірдей кешенді түрде сипатталуы қажет.

Жеке тұлғаның еңбек нәтижесі мен барысындағы өзгерістерін қарастыра отырып, бұл процеске нақты кәсіп ықпалының мынадай айрықша белгілері айқындалады:

- еңбек жағдайлары;
- өндірістік ұжымдағы іскерлік және жеке тұлғалар қатынастарының саласы;
- жеке тұлғаға қойылатын өндірістік жалпы талаптар;
- жеке тұлғаға қойылатын жеке кәсіби этикалық талаптар;

Ол осы жолмен жеке тұлғаның әр кәсіпке қажетті өзіндік сапаларын айқындауға болады деп есептейді. Осылайша ол педагогтың кәсіби сапасының мынадай құрылымын ажыратады:

- жалпы мәдениет, зеректік (эрудиция) және өз пәнін білу;
- өзінің білімі мен іскерлігін ұдайы жетілдіріп отыру;
- балаларға деген сүйіспеншілік және педагогикалық кәсіпті сүйю;
- балаларға әділ болу және талап қоя білу;
- бақылау және назар, әдеп.

Зерттеуде педагогикалық және психологиялық кәсіпті сипаттау үшін жоғарыда баяндалған әдістерге сүйену мүмкін болмады, өйткені, біздің ойлауымызша ол әдістер жеткілікті негізделмеген. Оған мынадай дәлелдеріміз бар:

- педагогтың кәсіби санасының ұсынылып отырған құрылымында тұтас негіз жоқ;
- бұл автордың өзі осының алдындағы айқындалған кәсіпті белгілермен ұйқаспайды;
- бірінші және екінші белгілерді көрсетуде жағдайлар мен қатынастардың өзіне емес, олардың әсерінен тиісті маманның басынан өтетін өзгерістерге айрықша назар аударылғаны жөн. Саналмаған белгілерге сүйеніп, бір кәсіптің 2 ұқсас кәсіптердің мамандарын саралап сипаттай алмаймыз.

А.П. Сейтешев педагог пен психолог кәсіптеріне ортақ нәрсе олардың «көмектесуге» арналатындығында екенін көрсетеді. Оның пікірінше, кәсіби іс-әрекет, маманның коммуникативтік іс-әрекетті орындауға қабілеті ретінде ұғынылатын әлеуметтік-психологиялық құзыреті қалыптасқанда ғана атқарылады.

Шындығында, кәсіби еңбек мәнін анықтаудың психолог кәсібімен дәстүрлі түрде байланысы, мұндай байланыс, отандық педагог кәсібі үшін жаңа болса да, соңғы он жылдықта әбден тұрақталды.

Бұл мектеп реформасы идеяларын жүзеге асыру қажеттілігінен туды. Шешуші буыны – ата-аналардың балаға білім берудегі сұранысын анықтау және оқушыларды өз талаптарын қанағаттандыру әрі мүмкіндіктерін ескере отырып қалыптастыру жолымен оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру. Шындығында да, мұндай жағдайда педагогке тәрбиеленушінің өмірдегі өз орнын табу, өзін басқара білу, өзіндік іске асыру, қажет жағдайда өзін ақтай білу мақсаттымен даралана қалыптасу анықтауда көмек көрсету міндеті жүктеледі.

Алайда, педагог үшін басты іс-әрекет оқыту, тәрбиелеу және дамыту болып қалып отыр. Сондықтан аталмыш кәсіптегі мамандарды психолог үшін басты, педагог үшін қосалқы (көмекші) болып табылатын белгіге сүйеніп талдау әлі де дәлелдей түсуді қажет етеді.

Тектес мамандықтарды жіктей саралау, бір жағынан, сол бір кәсіп ішіндегі айырмашылықтардың аясын кеңейтіп жібереді, ал екінші жағынан, әр түрлі кәсіптегі мамандарға ортақ белгілердің өрісін түзеді. Осылайша әр алуан кәсіптерді сипаттау кезінде қосымша қиындықтар келтіріледі.

Осыған орай Е.А. Климов: «Кәсіптердің таза «бір түрі емес, аралас» түрлерінің болуы жиі қайталанып отыратын факт болып табылады, басқаша айтқанда әр типті белгілердің жиынтығынан тұратын кәсіптер көп. Алайда, өз еңбек жолыңды ойластыру, жобалау, түзету мақсатында кәсіптер әлемін ұғынуды бастау үшін кез-келген күрделі деген жиынтық жағдайында ең болмаса жобамен кейбір айырмашылықтарды көрсету пайдалы болады», - дейді. Кәсіптерді зерттеу үшін Е.А.Климов ұсынған әдіс-анағұрлым әмбебап. Ол кәсіптерді психологиялық тұрғыдан төрт деңгейге жіктеген. Әр деңгейде еңбектің пәні, мақсаты, құралы мен шарт жағдайлары сияқты белгілері көрсетіледі. Бұлардың әр қайсысына кәсіптердің типі, класы, бөлімі мен топтарының нақты және егжей-тегжейлі сипаттамалары үлестіріліп отырады.

Бірінші деңгейге Е.А.Климов еңбек пәніне орай кәсіптердің бес типін бөледі:

- П → «Адам-жанды табиғат»;
- Т → «Адам-техника (және жансыз табиғат)»;
- Ч → «Адам-адам»;
- З → «Адам-таңбалық жүйе»;
- Х → «Адам-көркем бейне».

Екінші деңгейге әр типтің өзі ішінен еңбек мақсатына байланысты мынадай кәсіптер бөлінген:

- Г → гностикалық (танымдық);
- П → қайта құрушы;
- И → ізденушілік;

Үшінші деңгейде әр кластың аясында еңбектің негізгі құралдарымен өзгешеленетін кәсіп бөлімдері анықталған:

- Р → қол еңбегі кәсіптері;
- М → машина мен қол еңбегіне қатысты кәсіптер;
- А → автоматтандырылған және автоматтық жүйе қолданылатын кәсіптер;
- Ф → еңбектің функционалдық құралдары басым болатын кәсіптер;

Төртінші деңгейдегі кәсіп топтары еңбек жағдайымен белгіленеді:

- Б → тұрмыстық жағдайға жуық микроклимат;
- О → ашық ауада болу;
- Н → өзгеше (әдепкідей емес) жағдайлар (биікте, су астында, жер астында, жоғарылатылған не төмендетілген температура);

- М → адамдардың денсаулығы мен өмірі үшін жоғары моральдік жауапкершілікте болу жағдайлары.

Е.А. Климов классификациясы белгілерінің көмегімен педагог пен психолог кәсіптеріне талдау жасайық.

а) олардың еңбегінің негізгі нысаны «адам-адам» жүйесі болады; қосымша нысан басқа жүйе болуы да мүмкін; мысалы:

1) жаттықтырушы немесе дене тәрбиесі мұғалімі, дефектолог-педагог, превентивтік психолог, т.б. үшін – «адам-тірі табиғат» жүйесі;

2) техникалық пәндер шебері-автомобиль жүргізу бойынша тәлімгер, инженер-педагог, инженер-психолог, т.б. үшін - «адам-техника» жүйесі;

3) сызу, шетел тілі мұғалімі, психолог-диагност, т.б. үшін- «адам-таңбалық жүйе»;

4) дизайн мұғалім театр студиясының жетекшісі, психолог-визажист, психолог-арттерапевт, т.б. үшін – «адам-көркем бейне»жүйесі.

Демек, еңбектің басты нысаны (заты, пәні) бойынша педагог пен психолог кәсіптері адамтанушылық Ч типіне, ал қосымша нысаны бойынша қарастырылған кәсіптің әрқайсысы нақты мамандығына қарай П,Т,З немесе Х жүйелеріне жатады:

ә) педагог пен психологтың кәсіби іс-әрекетінің негізгі операционалдық мақсаты-қайта құру, өзгерту (П класы): өткен ғасырдың 90-жылдарына дейін отандық жоғары мектеп негізінен практик педагогтар (оқушыларды оқыту, тәрбиелеу, дамытуға бағдарланған) мен зерттеуші психологтар (психологиялық заңдылықтар мен олардың көрінісінің ішкі механизмдерін теориялық зерттеуге бағдарланған) дайындап келді; қазіргі кезеңде педагог пен психологтарды кәсіпке дайындауда практикалық, сондай-ақ зерттеушілік бағыт бірдей қамтылған. Осыны ескерсек, психологтің зерттеушілік іс-әрекетке дайындығы

мен кәсіби тәжірибесі педагог-зерттеуші даярлайтын жоғары білім берудің екінші және үшінші деңгейлерінде табысты қолданыла алады.

б) педагог пен психологтің кәсіби іс-әрекетінде көбінесе ішкі (вербалды және вербалды емес) функционалды құралдар мен тәсілдер қолданылады (Ф бөлімі), ал басқа құралдар мен тәсілдер қосалқы түрде пайдаланылады;

в) педагог пен психолог тәрбиеленушінің неболмаса клиенттің тағдыры үшін моральдік тұрғыдан жауап береді (М кәсіптер тобы).

Көріп отырғанымыздай, екі кәсіп те өзінің жекелеген көріністерінің әр түрлілігімен көзге түседі, алайда жүргізілген талдау олардың маңызды белгілерінің сипаты үйлесетіндігін көрсетеді. Қарастырылған белгілер ортақтығының күмәнсыздығы педагог пен психологтың кәсіби құзыреттілігінің мазмұны мен құрылымы ұқсас екендігі туралы ұйғарым жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында біз дидактологиялық ғылыми мектеп өкілі В.А. Сластенин ұсынған кәсіби құзыреттілік ұғымына сүйенеміз. Бұл әдісті тарату арнайы толықтырудан тысқары, жалпы тұтастай алғандағы кәсіби құзыреттілік мәнін жете түсінуге жол ашады. Осыған сәйкес алғанда, кәсіби құзыреттілік-жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі.

В.Шепель құзыреттілік ұғымына білім, біліктілік, тәжірибе, білімді пайдалануға теориялық-тәжірибелі дайындық ретінде анықтама береді.

П.Симонов әлеуметтік даярлықты айтса, ал М.Чошанов көбінесе құзырлықтың мазмұндық (білім) және процессуалдық (біліктілік) жақтарына тоқталады.

В.Даль «құзыреттілік» ұғымы тек әділет саласына тән деп санайды, яғни оның айтуынша құзыреттілік дегеніміз «заңға сәйкес», «толық құқылы» деген мағынаны білдіреді.

В.Безруков құзыреттілікті «кәсіби түрде сауатты талдау жасай білу, бағалай алу, белгілі бір ойын айта алу біліктілігінің қалыптасуы» деп түсіндіреді.

Э.Зеер мен О.Шахматова құзыреттілікті кәсіби білім мен біліктілік жиынтығы, сонымен қатар кәсіби іс-әрекетті орындай алу әдіс-тәсілдері деп санайды.

Маркова А.К. «құзыреттілік-іс-әрекет кезіндегі барлық субъективті қасиеттер» деп тұжырымдайды.

Мұғалімнің құзыреттілік белгілері мыналар:

- тұлғаның танымдық кәсіби педагогикалық бағытын анықтайтын қасиеттері;
- оның психологиялық дайындығын талап ету;
- арнайы дайындықтың көлемі мен құрамы;
- мамандығы байынша әдістеме деңгейінің мазмұны. Құзыреттілік үш компоненттерден құралған:

- кәсіби білім;
- кәсіби шеберлік;
- педагогикалық әрекеттегі кәсіби ерекше қасиеттер.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 А.П. Сейтешев. *Избранные педагогические произведения: в 30-томах*, – Алматы, Ғылым, 2008г. – 458 с.
- 2 Е.А. Климов. *Пути в профессионализм (Психологический анализ)*, Учебное пособие, – М., 2003г. – 320 с.
- 3 Н.С. Розов. *Культура, ценности и развитие образован озов*, Новосибирск: НГУ, 1993 .– 162 с.
- 4 В.С. Безруков. *Все о современном уроке в школе: проблемы и решения*, – М., 2004 г.
- 5 А.К.Маркова. *Психология труда учителя – Книга для учителя*, – М., Просвещение, 1993. – С. 6-11.

УДК 373.1.013
МРНТИ 14.25

Ұ.Қ. Қыяқбаева¹, Ш.Қалбергенова²

¹*п.ғ.к., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ., Қазақстан*

²*«Алматы» университетінің аға оқытушысы., п.ғ.м., Алматы қ., Қазақстан*

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Болашақ педагог мамандарды кәсіби даярлау жүйесіндегі күрделі мәселелердің бірі – кәсіби маңызды білім мен біліктерді меңгеруге бағытталған маманның кәсіби-тұлғалық құзіреттілігін жетілдіру. Құзыреттілік қалыптастыру болашақ кәсіби маманның шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттау болып табылады. Кәсіптік құзыреттіліктің маңызды құраушысы -тәжірибе, яғни адамның түрлі мәселелерді шешудегі меңгерген жеке әрекеттері мен әдіс - тәсілдерінің жаңалануы. Адам туралы ғылымдар саласында кәсіби құзіреттілікті қалыптастыруға үлес қосатын, табыс үшін қажеті құзіреттіліктер деп проблемалар мен өзіндік менеджментін шешу құзіреттілігі, яғни адамның проблемаларды шешуге және инновациялық технологияларды пайдалануға дайындығы; ақпараттық құзіреттілік, яғни өздігінен білім алуға және ақпараттық ресурстарды пайдалануға дайындығы; коммуникативтік құзіреттілік, яғни әлеуметтік және интерактивті өзара іс-әрекетке дайындығы танылып отыр.

Түйін сөздер: Құзыреттілік, кәсіби құзіреттілік, бағдарлы құзіреттілік, кәсіби білім беру жүйесі, кәсіби-тұлғалық құзіреттілік, коммуникативтік құзіреттілік, оқу-танымдық құзіреттілік, мәдениеттанымдылық құзіреттілік, құндылық, әлеуметтік құндылықтар.

Аннотация

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ БУДУЩИХ СПЕЦИАЛИСТОВ

У.К. Кыякбаева¹, Ш.Калбергенова²

¹*к.п.н., профессор Каз НПУ имени Абая*

²*м.п.н., ст. преподаватель университета «Алматы»*

Одним из сложных вопросов в системе профессиональной подготовки будущих педагогов-специалистов, направленной на освоение профессионально значимых знаний и умений, профессионально-личностных компетенций. Формирование профессиональной компетентности будущего специалиста с развитым мышления, способностей интеллектуальной активности высшего выйти на уровень, понять, узнать новое, почувствовать недостаточность знаний через обучение направление обучения является соискание чувствовать через себя. Важной составляющей профессиональной компетентности – опыт, то есть физические лица, владеющих в решении различных вопросов действия и способов совершенствования. Вклад в формирование профессиональной компетенции в области наук о человеке, компетенции решения проблем менеджмента, что нужно для самостоятельной, то есть человека и готовности к использованию инновационных технологий в решении проблем; информационной компетенции, то есть готовности к самообразованию и использованию информационных ресурсов; коммуникативной компетенции, то есть интерактивное взаимодействие социальной и профессиональной подготовке в виде.

Ключевые слова: Компетентность, профессиональная компетентность, компетентностно-ориентированного, система профессионального образования, профессионально личностные компетенции, коммуникативные компетенции, учебно-познавательные компетенции, компетенции мәдениеттанымдылық, ценности, социальные ценности.

Abstract

QUESTIONS OF FORMATION OF PROFESSIONAL COMPETENCE OF FUTURE SPECIALISTS

Kyakbaeva U.K.¹, Sh. Kalbergenova²

¹*c.p.s., professor Kazakhstan at Abai KazNPU,*

Almaty, Kazakhstan

²*"Almaty", senior lecturer of the University., p. n. m*

One of the difficult issues in the system of professional training of future teachers-specialists – specialist aimed at the development of professionally significant knowledge and skills, professional and personal competencies. Formation of professional competence of future specialist work- with the development of thinking, abilities, economic and intellectual activity of the highest to reach the level of, to understand, to learn, to feel the lack of knowledge through

training the field of study is obtaining to feel through. An important component of professional competence - the experience, that is, individuals having in dealing with various issues of validity and ways to improve. Contribution to the formation of professional competence in the field of human Sciences, competence and competence management issues that need to separate, that is the person and willingness to use innovative technologies in solving problems; information competence, i.e. readiness to self-education and use of information resources; communicative competence, that is, social interaction and training.

Key words: Competence, professional competence, competence-based, vocational education, personal and professional competence, communicative competence, educational competence dejectedly, values, and social values.

Одним из сложных вопросов в системе профессиональной подготовки будущих педагогов-специалистов – специалиста, направленной на освоение профессионально значимых знаний и умений, профессионально-личностных компетенций. Формирование профессиональной компетентности будущего специалиста сочинение – с развитием мышления, способностей интеллектуальной активности высшего выйти на уровень, понять, узнать новое, почувствовать недостаточность знаний через обучение направление обучения является соискание чувствовать через себя. Важной составляющей профессиональной компетентности – опыт, то есть физические лица, владеющих в решении различных вопросов действия и способов совершенствования. Вклад в формирование профессиональной компетенции в области наук о человеке, компетенции и компетенции решения проблем менеджмента, что нужно для самостоятельной, то есть человека и готовности к использованию инновационных технологий в решении проблем; информационной компетенции, то есть готовности к самообразованию и использованию информационных ресурсов; коммуникативной компетенции, то есть интерактивное взаимодействие социальной и профессиональной подготовке в виде.

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Қазіргі мектептердің, біріншіден, практикалық қызметінде жинақталған барлық игіліктердің сақталуы, екіншіден, қоғамның интеллектуалдық қуатын жетілдіру, еліміздің материалдық – қаржылық ресурстарын әрі қарай дамытатын адам тәрбиелеу, орта білім жүйесін одан әрі дамытып жұмылдыру міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін мектеп ұжымдары, әр мұғалім күнделікті ізденіс арқылы барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практика, жаңа қарым-қатынас жасаулары қажет», - деп атап көрсетілуі мұғалім іс-әрекетіне жаңа бағыт сілтейді. Қазіргі кезеңде мұғалімдердің біліктілігін жетілдіру курстары аралығында кәсіби қызметтің ғылыми негіздерін практикаға қолдануға, практикалық іскерлік пен дағдыны қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінген. Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлануына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен, жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болып отыр. Қазақстан Республикасында білім беру жүйесіндегі модернизациялау үдерісі – білім мазмұны мен сапасын арттыру, білім берудің ұлттық моделін жетілдіру, ақпараттық технологиялар жөнінде жаңаша педагогикалық көзқарас қалыптастыру секілді кешенді шараларға тікелей қатысты. Әлем тәжірибесі көрсеткендей, кез-келген мемлекеттің экономикалық жетістігі сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Өйткені білім арқылы ғана қоғамның интеллектуалдық капиталы мен инновациялық әлеуеті қалыптасады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», – деп атап көрсетті [1]. Қазіргі замандағы білім берудің негізгі мақсаты: еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, индустриалды-инновациялық жағдайды шешуге лайық, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, оңтайлы кәсіби маман дайындау. Бұл мақсатты жүзеге асыруда еліміздегі білім беру саласының бағыт-бағдарын айқындайтын «Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданғаны бәрімізге белгілі. Бағдарлама бірнеше мақсаттар мен міндеттерден туындап отыр, соның ішінде техникалық және кәсіптік білім берудің мақсаты: қоғамның және экономиканың индустриялық-инновациялық даму

сұраныстарына сәйкес техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту, әлемдік білім беру кеңістігіне кірігу, педагог мамандығының беделін көтеру, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру [2].

Еліміздегі жоғары білім берудің негізгі міндеті маманды тек қана біліммен қарулардырып қоймай, сонымен қатар олардың жеке басының жан-жақты қалыптасуына, дамуына, шығармашылық қабілетінің жетілуіне, кәсіби мәдениеттің қалыптасуына өз дәрежесінде көңіл бөлу, мүмкіндік жасау болып табылады. Студентті тек болашақ маман ретінде ғана қарамай, оны өз қоғамының азаматы, шығармашылық тұлға келешектің иесі, тірегі ретінде тану, соған мүмкіндік жасау қажет. Ал болашақ мамандарды осы айтылғандарға сәйкес дайындау, оның болашақ кәсіби құзыреттілігіне сәйкес білім беруден бастау алады.

Жоғары оқу орындарында оқу үдерісінде болашақ маман даярлауда мынадай басты міндеттердің шешімін табу: оқытудың жетік жолдарын меңгерген маман даярлау; кәсіби пәндерді игерумен қатар, адамгершілік, рухани-мәдени құндылықтарды меңгерген, жан-жақты жеке тұлғаны тәрбиелеу; болашақ мұғалімнің қоғамдағы әлеуметтік белсенділігін арттыру; жалпы педагогикалық, әдіскерлік іскерлігін арттыру; өз бетінше білім ала білу қабілеттерін қалыптастыру; педагогикалық шеберлігін үздіксіз арттырып отыру дағдысын қалыптастыру басты мәселе болып табылады.

Жоғары оқу орнында дайындықтан өткен мамандардың білімі жоғары дәрежеде болуы керек. Өйткені, бұл талап әрбір мамандық бойынша білім беру мазмұнын салыстырмалы түрде біртұтас білім саласы ретінде анықтауы керек. Білім берудің күрделі мазмұнын меңгеруде, оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың қазіргі кездегі ұстанымдарын жүзеге асыруда, педагогикалық үрдіс, яғни, оқытушылар мен студенттердің өзара байланысқан және өзара келісілген іс-әрекеті басты міндет атқарады. Сондықтан, қазіргі кездегі жоғары білім беру алдында студенттер мен оқытушылардың жұмыстарының түрлері мен әдістерін жаңартылған технология барысында жүзеге асыру мәселесі тұр.

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру саласында бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін маңызды міндеттерді шешуге бағытталған күрделі бетбұрыс жасалуда. Мұғалімнің кәсіби мүмкіндігі оның бойындағы өзін-өзі дамытып отыру дайындығына тікелей байланысты. Бұл мәселеге әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан келу үшін мұғалімнің субъект ретіндегі алдына қойған міндеттерін орындауға деген әзірлік деңгейіне көз жеткізу қажет. Әрине, оның кәсіби өсуі жеке тұлға ретіндегі ерекшелігіне әбден қатысты. Сондықтан бұл жерде даралық-тұлғалық қалыптасу, іскерлік-әдістемелік жетілдіру, кәсіптік-пәндік білімін толықтыру компоненттерінен өз қажеттілігін тани алу мүмкіндігі туады. Бұл жердегі «өз қажеттіктерін сезіну» – кәсіби қызметтің негізі. Өйткені, ол өзінің әлеуметтік бар мүмкіндігін дамытудың жолдарын білу деген. Болашақ кәсіби құзіретті маман осы ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт – бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы.

Құзыреттілік қалыптастыру – болашақ кәсіби маманның шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығу, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелер.

Отандық педагогикада «құзіреттілік» ұғымы көбіне кәсіби дайындық, кәсіби шеберлік пен мамандықты меңгеру менгеру деңгейі ретінде қарастырылып, кәсіби-тұлғалық құзіреттілік түсініктеріне жан-жақты сипаттама берілген.

Б.А. Тұрғынбаева шығармашыл оқытушыға тән құзырлылықты: «педагогикалық ақиқаттағы проблеманы көре білу, оны тиімді шешу үшін қажетті ақпаратты тез арада таба білу, ондағы негізгіні анықтай алу, нәтижені болжай білу, жаңалықты тәжірибеге енгізе алу, әрекетін зерттеп талдай алу, нәтижеге шығармашылықпен сыни баға беру деп құзіреттілікті кез келген істің тәжірибеде көрініс табуын айтады [3].

Ғалым К.С. Құдайбергенова: «Құзырлылық ұғымы – соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылықты білімін, біліктілігін, дағдысын, тұлға мінез-құлқын, ең бастысы, тұлға мүмкіндігін бағалаудың критерийі мақсатында қарастыру құзырлылық маңызын толық аша алады. Олай болса, құзырлылық, нәтижеге бағдарланғанжаңа білім беру жүйесінің сапалық критерийі ретінде әлеуметтік және өмірлік көзқарастарды есепке алуы қажет» - деп түсіндіреді [4].

Демек, кәсіби құзіреттілікті оқытушының жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімнің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Оқытушы өз ісінің шебері болу үшін мамандығына қажетті қабілеттерді және жалпы әлемдік мәдениетті, өз елінің мәдениетін, қарым-қатынас мәдениетін, тіл мәдениетін игеріп, интеграциялық үрдістерді меңгеріп, жаңа технологияны меңгеріп әлемдік білім кеңістігінің өрісінен шыға алуға талпынуы керек.

Қоғамдық дамудың қазіргі үрдісі өзінің іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, танымдық қызметінде алынған білімді орынды пайдалана білетін, түпкі нәтижеге жету үшін әр түрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогына түсе алатын білімді тұлғаны тәрбиелеу мәселесін қойып отыр. Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын мамандар ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы жүзеге асады.

Еліміздің дамуының алғышарты білім дедік, демек «Үшінші мыңжылдықтың болашақ мамандары қандай болмақ?» деген сұрақ туындайды. Жауапкершіліктің биігінен көрінуі де жас ұрпаққа берілетін білім сапасын мейілінше арттыруды қажет етеді. Ал, білім сапасын арттыру, оның деңгейін әлемдік білім кеңістігіндегі стандарттарға сай келтіру түптеп келгенде, болашақ маманға, оның кәсіби құзырлығына, әдістемелік біліктілігі мен шеберлігіне тікелей байланысты. Жас ұрпаққа жоғары сапалы білім беру ісін тек қана көп мәдениетті, шығармашыл, жаңашыл, инновациялық тұрғыда ойлап, қызмет жасай білетін педагог қана мүлтіксіз атқара алады. Құзыреттілікті қалыптастыру – білім беру саласының өзекті мәселесі. Күн сайын адамға көптеген ақпарат тасқыны келеді. Ал оқу мазмұны мен оқыту әдістері ескі сарында қалып қоюда. Сондықтан білім берудегі әлеуметтік қажеттілік пен ол қажеттілікті қанағаттандырудың арасындағы қарама – қайшылық білім беру саласының дағдарысына әкеліп соғуда. Сол себепті болашақ мамандардың әдістемелік шығармашылығын дамытуды болашақ педагог-мамандардың біліктілігін жетілдіру жүйесінде ұйымдастыруды олардың кәсіби құзіреттілігі кезінде жүзеге асыру қажеттігі туындайды.

Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) сияқты ұғымдарды қамтиды. Бірақ бұл ББД-ның жаңаша жай ғана жиынтығы емес. Құзыреттілік оқыту нәтижесін ғана емес, сонымен бірге болашақ мамандардың шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Сонымен, оқытудағы құзіреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын педагогикалық тәрбиеге енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді.

Құзыреттілік тәсіл бірінші орынға болашақ мамандардың хабардарлығын емес, нақты құбылыстарды танып білу мен түсіндіруде; қазіргі заманғы техника мен технологияны игеруде; практикалық өмірде; мамандық таңдау кезінде өзінің кәсіби білім алуға дайындығын бағалауда; еңбек нарығын бағдарлау қажет болғанда; өмірден өз орнын анықтауға; өмір салтын, кикілжіндерді шешу тәсілдерін таңдауға байланысты мәселелерді шешу қажет болғанда туындайтын өмірлік мәні бар мәселелерді шешу біліктілігін шығарады.

Құзыреттілік тәсіл білімдік парадигмадан біртіндеп білімгердің қазіргі көпфакторлы әлеуметтік-саяси, нарықтық-экономикалық, коммуникациялық және ақпараттық қаныққан кеңістік жағдайында тіршілік ету қабілетін көрсететін құзыреттер кешенін игеруге жағдай жасау дағдыларын қалыптастыруға қарай бет бұруды білдіреді.

«Құзырлылық», «құзыр» ұғымдарының қолданыстағы білім, білік, дағдыдан айырмасы төмендегідей ажыратылады:

- білімнен айырмасы – қызмет жөніндегі ақпараттық сипатта емес, өнімді қызмет формасы түрінде байқалады.
- дағдыдан айырмасы – оқыған материалды топтастыра, құбылыстарды, заңдылықтарды шығармашылықпен пайдалана отырып өзгерте алатын саналы қызмет.
- біліктіліктен айырмасы – дағдыға автоматты түрде жету немесе алмастыру емес, керісінше бірнеше пән дағдыларын кіріктіру, жалпы қызмет негіздерін сезіну.

Қазіргі кездегі білім берудегі оқытушының мақсаты білім мазмұнын игеруге және оны өзінің жеке білімдік капиталына енгізуге арналған ақпараттық ортадағы берілген мүмкіндіктерді қолдану болып саналады. Нарықтық экономикалық заманда болашақ мамандардың алдына қойылатын талаптар да күннен-күнге, жылдан-жылға өсуде. Сондықтан заман талабы болашақ мамандардың бойында түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру болып табылады.

Білім беру жүйесінде болашақ мамандардың бойында коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыруда ақпараттық-коммуникативтік технологияның рөлі ерекше. Бұл технологияны қолдану студенттердің қызығушылығы мен белсенділігін және жұмыс істеу шеберлігі мен қабілеттіліктерін арттырады. Мамандығын жақсы меңгеруге, өз жұмысын жоспарлауға, өз бетімен жұмыс істеуге үйретеді. Болашақ мамандардың қазіргі заман талабына сай білім алуына, білім сапасына тікелей әсер ететіндер – ақпараттық құралдар.

Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай: «Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» [5]. Педагогтың ізденісі, жан-жақтылығы айтылып кеткен құзыреттілік арқылы айқындалады. Құзыреттіліктің мазмұны жеке кәсіптік, интегралдық сипаттама ретінде төмендегі қызметтерді жүзеге асырумен анықталады:

- Болжау
- Ұйымдастыру
- Бақылау
- Реттеу
- Үйлестіру
- Сәйкестендіру
- Белсенділігін арттыру
- Зерттеу

Жоғары оқу орындарында студенттердің өз еркімен білім алуына, материалды ойлау қабілетіне бағыттауға, оқытуды жаттанды түрде емес, шығармашылықпен меңгертуге көп көңіл бөлу қажет. Студенттердің қиялы жүйрік, жан дүниесі нәзік, өзін қызықтырған істе белсенді, ақыл-қабілеті дамыған, сондықтан шығармашылық оған шын ләззат, қуаныш сезімін әкелуі тиіс. Студенттердің шығармашылығын дамыту жолдарын ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктер арқылы іске асыруға болады.

Ақпараттық құзыреттілік арқылы нақты объектілер көмегімен қажетті ақпаратты іздеу, талдап таңдап алу, ұйымдастыру, түрлендіру, сақтау және ақпаратты беру біліктері қалыптасады. Бұл құзыреттілік студенттің оқу пәндеріндегі және білім аймақтарындағы, сонымен бірге қоршаған дүниедегі ақпараттармен жұмыс істей білу дағдыларын қамтамасыз етеді.

Коммуникативтік құзыреттілік – қажетті тілдерді, қоршаған адамдармен және оқиғалармен әрекет-тестікте болу тәсілдерін білуді, топта жұмыс жасау дағдыларын, ұжымдағы әр түрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды. Коммуникативтік құзыреттілікті оқу үрдісінде игеру үшін коммуникациялардың нақты нысаналарының қажетті және жеткілікті саны және олармен жұмыс тәсілі белгіленуі тиіс.

Болашақ мамандарды шығармашылыққа бағыттау мынадай мәселелерді қарастыруы тиіс:

- бағдарламалық-мотивациялық;
- ізденушілік-зерттеушілік;
- тәжірибелік;
- рефлексиялық - бағалаушылық.

Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл, әрине, студенттердің шығармашылық әрекетін дамытуда маңызды мәселе.

Ғылыми зерттеулерге сүйенер болсақ, болашақ мамандардың шығармашылығын дамытуда «шығармашылық тапсырмалар» атауы педагогикада белгілі екі құрамдас бөліктен тұрады. Шығармашылықты, біріншіден, студенттер дербес, өз бетімен ойдан жаңаны құрастырады, екіншіден, жағдай тудырушы материалдар даярлап, шығармашылыққа икемдейтін ересек адамның қатысуы арқылы қарастырылады. Педагогқа үлкен жауапкершілік жүктеледі, жұмыс нәтижесі оның іскерлігіне байланысты жүзеге асырылады. Шығармашылыққа баулу болашақ маманның бойындағы талант көзін ашып, тілін, сөздік қорын байытып, қиялын ұштау мен өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізбек.

Студенттерді шығармашылыққа баулуда мына жұмыстардың рөлі ерекше:

- сюжетті сурет бойынша әңгіме жазу;
- жыл мезгілдерін, табиғат көріністерін көркем тілмен суреттеу;
- накыл сөздердің мәнін ашу;
- мақал-мәтелдер негізінде әңгіме жазу;
- жұмбақ, жаңылтпаш, бейнесөз құрастыру;
- достарының (т.б.) портретін суреттеу, мінездеме беру;
- автордың идеясын өз идеясымен өрбітіп жазу;
- өлең құрастыру;
- жансыз нәрселерді жандандырып әңгіме, ертегі жазу;
- еркін тақырыптарға шығарма, ойтолғау, эссе жазу;
- ұжым болып ертегі құрастыру;
- ұлы адамдар өміріне байланысты сұрақтар беріп, пікір айту;
- ақын-жазушылар шығармалары бойынша пікір алмасу;
- оқыған кітаптары бойынша ойтолғау жазу;
- қоғамдағы әр түрлі өзгерістерге байланысты пікір айту;
- баспасөз материалдары бойынша пікір айту;
- өлеңді қара сөзге айналдырып мәтін құрау;
- ақпарат құралдарын пайдалана отырып, реферат, баяндама жазу;
- іс қағаздары үлгілерін жаздыру;
- тақырыпқа сай диалог, монолог жаздыру;
- оқиғаға қатысты өз ойларын айту;
- автордың көзқарасы туралы айта білу;
- көркем туындыны талдау, салыстыру, қорыту, шешім көрсету т.б.

Қазіргі таңда ғалымдардың зерттеулерінде құзырлықты қалыптастыру білім беру мазмұны құралдары арқылы жүзеге асатыны, осыдан келіп болашақ маманның қабілеттілігі дамитыны және күнделікті өмірдегі шынайы проблемаларды – тұрмыстық мәселелерден бастап, өндірістік және әлеуметтік мәселелерді шешу мүмкіндіктері пайда болатындығына баса назар аударылып отыр.

Кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру жеке шығармашылық қабілетті дамытуды, инновациялық жаңа үрдістерді дұрыс қабылдауы, күнделікті өзгеріп жататын ортаға тез бейімделуді қажет етеді.

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесіндегі модернизациялау үдерісі - білім мазмұны мен сапасын арттыру, білім берудің ұлттық моделін жетілдіру, ақпараттық технологиялар жөнінде жаңаша педагогикалық көзқарас қалыптастыру секілді кешенді шараларға тікелей қатысты. Әлем тәжірибесі көрсеткендей, кез-келген мемлекеттің экономикалық жетістігі сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Өйткені білім арқылы ғана қоғамның интеллектуалдық капиталы мен инновациялық әлеуеті қалыптасады.

Білім – адамзаттың терең және үйлесімді дамуын бекітетін құралдардың бірі, прогрестік, әлеуметтік тұрақтылық пен ұлттық қауіпсіздіктің маңызды факторы. Қазіргі білім беру үрдісі адамның ішкі табиғи мүмкіндіктерін ашып, әр адамның өзінің «Менін» сезінуге, толықтыруға көмектесетіндей, сыртқы әлеммен әлеуметтік қарым-қатынастарда өз орнын табуға, өзін шығармашылықпен өзгертуге белсенділік танытуға ықпал етуі тиіс. Бүгінгі таңдағы қоғам кәсіби білімі жетік, құзіретті, бәсекеге қабілетті мамандарды талап етеді.

Құзіреттілік тәсіл идеясы – «қоғамға қандай, жеке тұлғаға қандай білім қажет және ол қоғамның қандай қажетін өтей алады» деген сұраққа жауап береді. Болашақ маманның құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі білім беру саласының өзекті мәселелерінің бірі. Құзырлық тәсіл, білім сапасын арттыруды дәстүрлі тәсіл мен білім мазмұнын ұлғайту арқылы шешудің арасындағы қарама-қайшылықтан туындаған дағдарыстан шығудың бір жолы деп қарастыруға болады. Бұл тәсіл білім берудің нәтижесіне басты орын береді. Оның сапасы алған білімнің көптігінен емес, сол білімді қолдана білумен маңызды.

Болашақ маманның басты рөлі – тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттелетін, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің әлемдік өркениетке негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. Осыған орай, нәтижеге

бағытталған жалпы орта білім берудің жаңа жүйесіне ауысу білім беруді басқару жүйесіндегілерден болашақ маманның кәсіби біліктілігін арттыруда жаңаша көзқарасты, негізгі кәсіби құзырлықтарын дамытуды талап етеді. Елімізде білім жүйесін дамыту талаптарына сай жеткіншектерге терең білім және тәрбие беру, оларды жан-жақты дамыту бүгінгі күннің басты мәселесі болғандықтан қоғамның болашақ мамандарға қоятын талаптары қазіргі таңда күрделене түсуде.

Кәсіби құзіреттілік құрамы: іс-әрекеттік білім, білік, дағдылар, мотивациялық және сезімдік-еріктік салалар.

Кәсіптік құзіреттілік теориялық және практикалық мәселелерді шешу үшін іс-әрекеттің алуан түрін орындау үрдісінде жүзеге асады.

Кәсіптік құзіреттіліктің маңызды құраушысы -тәжірибе, яғни адамның түрлі мәселелерді шешудегі меңгерген жеке әрекеттері мен әдіс-тәсілдерінің жаңалануы. Адам туралы ғылымдар саласында кәсіби құзіреттілікті қалыптастыруға үлес қосатын, табыс үшін қажеті құзіреттіліктер деп проблемалар мен өзіндік менеджментін шешу құзіреттілігі, яғни адамның проблемаларды шешуге және инновациялық технологияларды пайдалануға дайындығы; ақпараттық құзіреттілік, яғни өздігінен білім алуға және ақпараттық ресурстарды пайдалануға дайындығы; коммуникативтік құзіреттілік, яғни әлеуметтік және интерактивті өзара іс-әрекетке дайындығы танылып отыр.

Қорыта келе, әртүрлі түсініктерді салыстырып, талдаудың негізінде педагогикалық құзіреттілік түсінігі және құзіреттер – тұлғадан күтілетін қасиеттер мен оларға қойылатын талаптар – болашақ маманның заманауи білім беру жүйесі дамуына сәйкес, тұлғалық, адамгершілік, психикалық, когнитивтік, әдістемелік және мәдени сипатын көрсететін кәсіби құзіреттілікті меңгеруін педагогикалық құзіреттілігі деп есептеуге болады.

Ойымызды қорытындылай келе, болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігі, оның білім алу қызметі барысында иеленген білімі, тәжірибесі, жеке және әлеуметтік қасиеттері мен құндылықтарын жұмылдыру қабілеті мен кәсіби құзіреттілігін қалыптастырып, біліктілігін арттыруды құрайды және оны өз тәжірибесінде тиімді пайдалана алуымен өлшенеді деп тұжырымдаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050». - Астана, 2012.
- 2 Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. - Астана, 2010.
- 3 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. - Астана, 2004.
- 4 Хуторской А.В. Современная дидактика. Учебное пособие. 2-е изд.-М.: Высшая школа, 2007.
- 5 Тұрғынбаева Б.Т. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. – Алматы, 2005.
- 6 Құдайбергенова К.С. Құзырлықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық-әдіснамалық негіздері.- Алматы, 2012.
- 7 Кенжебеков Б.Т. Болашақ педагогтың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері. - Алматы, 2006.

УДК 378.123
МРНТИ 14.35.07

Я.И. Радзицкая¹

¹канд. пед. наук, Национальный университет обороны имени первого Президента Республики Казахстан – Лидера нации, e-mail: jadwiga@inbox.ru
Астана, Казахстан

ГОТОВНОСТЬ ПЕРВОКУРСНИКОВ К ОБУЧЕНИЮ В ВОЕННОМ ВУЗЕ КАК ОБЪЕКТ ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДИАГНОСТИКИ

Аннотация

В статье рассматриваются психолого – педагогические основания готовности субъектов к обучению в вузе, раскрыта структура исследуемого феномена, компоненты которой должны быть предметом специальной диагностики на этапе поступления абитуриентов в военный вуз. В качестве методологического основания выступает деятельностный подход к исследованию процесса учения как особой формы активности личности по присвоению общественного опыта и как познавательной деятельности, направляемой педагогом на развитие обучаемого как субъекта профессионального образования.

Готовность к обучению в военном вузе рассматривается с учетом специфики, связанной, не только с увеличением объема и профессиональной направленности поступающей информации, новыми формами обучения и требованиями со стороны преподавателей, но и изучением дисциплин, требующих развитого теоретического мышления и нового познавательного инструментария для приобретения знаний, умений, навыков. В этой связи рекомендуется в ходе педагогической диагностики брать во внимание, как эти характеристики учебной деятельности, так и учитывать важнейшие особенности подготовки офицера, а именно, весь процесс обучения, который профессионально направлен, подчинен решению тех задач, которые курсанты будут решать в практике офицерской службы.

Ключевые слова: готовность к обучению в вузе, структура, компоненты готовности к обучению, педагогическая диагностика, профессиональная подготовка, успеваемость, успешность обучения.

Аңдатпа

БІРІНШІ КУРС ТЫҢДАУШЫЛАРЫНЫҢ ДАЙЫНДЫҚТАРЫ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ДИАГНОСТИКАНЫҢ ОБЪЕКТІСІ РЕТІНДЕ

Я.И. Радзицкая¹

¹педагогика ғылымдарының кандидаты Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университеті, e-mail: jadwiga@inbox.ru
Астана, Қазақстан

Мақалада субъектілердің жоғары оқу орнында оқуға даярлығының психологиялық-педагогикалық негіздемесі нақтыланып, талапкердің оқу орнына бастапқы түсу кезеңіндегі өтетін арнайы диагностиканың компоненттеріне тиісті осы зерттеу феноменінің құрылымы анықталды. Педагогтың кәсіптік білім берудің субъектісі ретінде – білім алушылардың танымдық іс-әрекетін бағыттауы және қоғамдық тәжірибені игерудегі әр жеке тұлғаның белсенділігінің ерекше түрі ретіндегі оқу процесін зерттеуге іс-әрекеттік тұрғысынан қараудың нақты әдіснамалық негіздемесі қарастырылған.

Сонымен бірге мақалада білім алушылардың әскери жоғары оқу орнында оқуға даярлығы олардың білім мен дағдыларды игерудегі жаңа танымдық құралдары және теориялық ой-өрісті қажет ететін пәндерді оқуы, сондай-ақ оқытушылар тарапынан қойылатын талаптарды, оқытудың жаңа формаларын, күнделікті ақпараттың кәсіби бағыттылығына және көлемінің күрделілігіне байланысты ерекшеліктерін ескеру тұрғысынан қарастырылады.

Осыған байланысты оқу іс-әрекетінің осы сипаттамасын, сонымен қатар офицерлерді дайындаудың маңызды ерекшеліктерін, атап айтқанда, офицерлік қызметтің тәжірибесінде курсанттардың шешуге тиісті міндеттеріне байланысты, кәсіби бағытталған оқыту процесін – осылардың барлығы педагогикалық диагностика кезінде ескерілуі туралы ұсыныстар берілген.

Түйін сөздер: жоғары оқу орнында оқуға даярлығы, құрылым, оқуға даярлықтың компоненттері, педагогикалық диагностика, кәсіби дайындық, үлгерім, оқу табыстылығы.

Abstract

**READINESS OF FIRST-YEAR STUDENTS FOR TRAINING AT MILITARY HIGH SCHOOL
AS AN OBJECT OF PEDAGOGICAL DIAGNOSTICS**

Yadviga Radzitskaya¹

*¹candidate of Pedagogic Sciences, National Defense University named after the first President
of the Republic of Kazakhstan-Leader of the Nation, e-mail: jadviga@inbox.ru*

Astana, Kazakhstan

The article researches psychological and pedagogical grounds for the readiness of subjects for training at the high school, the structure of the phenomenon under study, the components of which should be the subject of special diagnostics at the stage of the entrants' enrolling to military high school. The methodological basis is the activity approach to the research of the learning process as a special form of an individual's activity on confer of social experience and as cognitive activity, directed by the teacher to the development of a trainee as a subject of professional training.

Readiness for training in a military high school is viewed, issuing from the specifics associated not only with the increase in the volume and professional orientation of incoming information, new forms of education and requirements from teachers, but also in the study of disciplines that require advanced theoretical thinking and a new cognitive tool for acquiring knowledge and skills. In this regard, it is recommended in the course of pedagogical diagnostics, to take into account both these characteristics of educational activity and the most important features of an officer's training, namely, the entire training process, which is professionally directed, should be focused on solution of the tasks that cadets will be solving in the practice of the officer service.

Key words: readiness for training at high school, structure, components of readiness for learning, pedagogical diagnostics, professional training, learning progress, success of training.

Прежде чем обратиться к рассмотрению вопросов диагностики готовности первокурсников к обучению в военном вузе, уточним психолого-педагогические основания теории обучения, относящейся и к системе высшего профессионального образования, и к военному образованию в том числе.

Общепризнано, что деятельность является главной формой проявления существования человека, его активного отношения к окружающей действительности. Понятие деятельности трактуется учеными по-разному, преломляясь в соответствии с тенденциями развития научной мысли в конкретном историческом периоде, что влияет при этом и на содержание самого определения.

Общеизвестным является утверждение о том, что особым видом деятельности является учение, которое представляет собой, согласно словам С.Л. Рубинштейна, «...научение, овладение знаниями и навыками является не только результатом, но и целью» [1]. Таким образом, учение представляет собой направляемую педагогом познавательную деятельность, по усвоению знаний, умений и навыков, выработанных человечеством. Однако А.Н. Леонтьев в этой связи отмечает, что деятельность учения, кроме того, есть еще и деятельность человека по само изменению путем присвоения элементов социального опыта [2].

Как известно, одной из ведущих форм процесса учения, направленной на приобретение различных знаний, умений и навыков, является учебная деятельность. Постоянно происходящие в мировом сообществе информационные и технологические процессы, делают проблему организации учебной деятельности в высшей школе достаточно актуальной на протяжении многих десятилетий.

До настоящего времени учеными проведено значительное количество исследований, касающихся учебной деятельности. В общей теории дидактики, основы которой были заложены Я.А. Коменским, И.Г. Песталоцци, А.Дистервегом, И.Гербартом, К.Д. Ушинским, П.Ф. Каптеревым, П.П. Блонским, Л.С. Выготским, а также выдающимися представителями отечественной и зарубежной педагогической науки середины XX столетия оформилась и собственно психологическая теория учебной деятельности, до сих пор представляющая собой один из научных приоритетов. Среди ее авторов следует назвать Д.Б. Эльконина, В.В. Давыдова, П.Я. Гальперина, Н.Ф. Талызину, А.К. Маркову и др.

Между тем, следует иметь в виду, что понятие учебной деятельности достаточно неоднозначно. Поэтому в широком смысле слова ее иногда идентифицируют с категорией «научение», «учение» и «обучение». С точки зрения педагогической психологии учебная деятельность (в широком употреблении) рассматривается как особая форма активности личности, по усвоению социального опыта и преобразования мира, что предполагает овладение культурными способами внешних предметных и умственных действий, переходящих в дальнейшем во внутренний план личности (Л.С. Выготский).

В работах Д.Б. Эльконина, В.В. Давыдова, А.К. Марковой понятие «учебная деятельность» наполняется также деятельностным содержанием и «ответственным отношением», по С.Л. Рубинштейну [1].

А.Н. Леонтьев также определяет учебную деятельность как специфический вид человеческой деятельности по целенаправленному присвоению человеком общественно-исторического опыта и формированию в процессе познавательной деятельности индивидуального опыта [2].

Таким образом, учебная деятельность характеризуется учеными педагогами как процесс развития субъекта (обучаемого), усваивающего определенные знания, умения и навыки и владеющего ими. Можно сказать, что учебная деятельность направлена, прежде всего, на развитие обучающегося как ее субъекта, выработку обобщенных способов познавательных действий и их практическое применение в разнообразных ситуациях. При этом в высшей школе учебная деятельность претерпевает определенные качественные изменения, поскольку приобретает оттенки исследовательского характера, становится основой творческого мышления.

Говоря о готовности первокурсников к обучению в высшей школе, следует отметить, что по сравнению со школьным обучением, изменения учебной деятельности студента характеризуются не только увеличением объема и профессиональной направленности поступающей информации, новыми формами обучения и требованиями со стороны преподавателей, но и изучением дисциплин, требующих развитого теоретического мышления и нового познавательного инструментария для приобретения знаний, умений, навыков. Поэтому и в ходе педагогической диагностики следует брать во внимание именно эти характеристики учебной деятельности.

Поскольку учебная деятельность в вузе имеет свои особенности, готовность к обучению в военном вузе предполагает наличие специальных умений, связанных с анализом, систематизацией учебного материала, способностью делать необходимые выводы и заключения. Развитие подобных умений является характеристикой готовности к учебной деятельности в качестве курсанта. В этой связи С.Д. Смирнов так же отмечает, что в большинстве случаев гораздо важнее научить студентов учиться, применять адекватные приемы систематизации, анализа материала, чем вооружить их конкретными предметными знаниями [3].

В соответствии с мнением многих исследователей (Е.Н. Шиянов, Котова И.Б. и др.), готовность к успешной учебной деятельности в вузе предполагает:

- владение универсальными знаниями, познавательными умениями, являющимися основой любой профессиональной деятельности;
- формирование в процессе обучения в высшей школе готовности к служебной деятельности, активное стремление к участию в труде;
Сөз соңында елбасының сөзімен қорытайық: «Аталған екі жаңғыру процесінің де нақты мақсат-міндеттері, басымдықтары мен оған жеткізетін жолдары бар. Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады. Рухани жаңғыру тек бүгін басталатын жұмыс емес. Біз Тәуелсіздік кезеңінде бұл бағытта бірнеше ауқымды іс атқардық. 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырттық. 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттедік. Енді осының бәрінен де ауқымды және іргелі жұмыстарды бастағалы отырмыз. Мен еліміз мықты, әрі

жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім» [7].

Тәуелсіздік алғаннан кейін Алаш қайраткерлерінің тұтас арманы орындалды, қазақ ұлтының көсемі Нұрсұлтан Назарбаев болашаққа бағдар: рухани жаңғыру мақаласында бұл арманның мақсатқа айналғанына көзіміз жетті. Ғасырлар бойы қазақ зиялыларының арманы болған тәуелсіздік, бірінғай алфавит болашақ қазақ халқына аманат болғай!

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қамзабекұлы Д. Алаш арқауы. – Астана: Егемен Қазақстан. 2015. – URL: <https://egemen.kz/2015/?p=46417>.
- 2 Төрехұлұлы Н. Тағы да жаңа әліпби туралы // Еңбекші қазақ. 21 ақпан, 1927.
- 3 Мұсағалиева А. Нәзір Төрехұлов мұрасы – тарихи дерек көзі // Ақиқат. – 2005. - №10. – 15 б.
- 4 Асфендиярова Н.М., Замзаева Т.А. Латын графикасымен басылған қазақ кітаптарының каталогы: (1928-1941). I бөлім. – Алматы: «Қазақстаника» баспа үйі. 2007. - 192 б. (Б.5).
- 5 Асқарбекова Латын графикасымен басылған қазақ кітаптарының каталогы: (1928-1941). II бөлім. – Алматы: «Полиграфкомбинат баспа үйі» ЖШС., 2011. - 200 б. (Б.5).
- 6 Kolumbayeva Sh.Zh. The issue of modernization in the content of education in Kazakhstan school // Вестник КазНПУ. Серия педагогическая – 2017. №1(53). – С.216-220.-URL: http://kaznpu.kz/docs/vestnik/seriya_ped_nauki/1.2017_Pedagogical_Sciences-ilovepdf-compressed.pdf
- 7 Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. – Астана: Егемен Қазақстан. 2017. – 26 сәуір. – URL: <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>.

ӘОЖ 378.091

МРНТИ 14.01.07.

Р.А. Джанабаева¹, С.А. Касенова²

¹Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, педагогика кафедрасы, педагогика ғылымының докторы, профессор, халықаралық білім беру академиясының академигі, Алматы, Қазақстан

²PhD доктор, «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы «Алматы облысы бойынша педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты», Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ОЙШЫЛДАРЫ МЕН АҚЫН-ЖЫРАУЛАРЫНЫҢ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада жастарды патриоттыққа тәрбиелеу – қазақ ойшылдары мен ақын-жырауларының шығармашылығындағы ой-пікірлері арқылы жүзеге асатындығы жайлы жазылған. Бүгінде біздің азаматтық міндетіміз – болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары, достық пен бірлік туралы түсінік беру арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу. Жастарды патриотизмге тәрбиелеу, бұл әрбір педагогтың алдына қойған мақсаты. Сондықтанда еліміздің ерен азаматын тәрбиелеуде ерлік рухын қосар үлесі орасан зор. Қазіргі жастардың ұлттық патриотизмін қалыптастыруда қазақ ойшылдары мен ақын-жыраулардың шығармашылығында көрініс алған педагогикалық ой-пікірлер үлкен септігін тигізді. Олардың ой-пікірлері халық педагогикасы идеяларымен ұштасатындығын ойшылдар (Қорқыт ата, әл-Фараби, Бұқар жырау, Махамбет Өтемісұлы) мен ақын-жыраулар шығармашылығының мазмұнына жасаған талдау көзімізді жеткізеді.

Түйін сөздер: тәрбие, ұлттық тәрбие, патриоттық тәрбие, қазақ ойшылдары, гумандық дүниетаным, халық педагогикасы.

Аннотация

ВЗГЛЯДЫ КАЗАХСКИХ ПОЭТОВ И МЫСЛИТЕЛЕЙ О ПАТРИОТИЧЕСКОМ ВОСПИТАНИИ

Р.А. Джанабаева¹, С.А. Касенова²

¹д.п.н., профессор, КазНПУ имени Абая, г. Алматы, Казахстан

²доктор PhD, филиал АО НЦПК "Өрлеу" "Институт повышения квалификации педагогических работников по Алматинской области", г. Алматы, Казахстан

В статье рассматривается современное состояние патриотического воспитания. Сегодня проблема патриотического воспитания является не только одной из самых важных и актуальных в школе, но и относится к разряду общенациональных. Вопросы патриотического воспитания в системе образования всегда занимали

важное место. Мыслители и поэты в глубокой древности рассматривали патриотизм как идею и движущую силу общества и государства. Разносторонние аспекты данного феномена раскрываются в трудах таких мыслителей, как Қорқыт ата, әл-Фараби, Бұқаржырау, Махамбет Өтемісұлы др. Анализ трудов казахских поэтов и мыслителей, посвященных патриотического воспитания школьников, позволили нам сделать вывод, что патриотизм определяется как любовь к Родине, преданность к своему Отечеству, стремление служить его интересам и готовность к его защите.

Ключевые слова: воспитание, национальное воспитание, патриотическое воспитание, казахские мыслители, гуманистическое мировоззрение, народная педагогика.

Abstract

OPINION OF PATRIOTIC UPBRINGING OF KAZAKH POETS AND NOTIONALIST

R.A. Dzhanaeva¹, S.A. Kassenova²

*¹doctor of Education Science, professor, The chair of international relations
Abai KNP, Almaty, Kazakhstan*

*²Doctor PhD, Branch of JSC "NCPD "Orleu" institute for professional development of Almaty region,
Almaty, Kazakhstan*

The article discusses the current state of Patriotic education. Today the problem of Patriotic upbringing is not only one of the most important and relevant to school, but belongs to the category nationwide. The issues of Patriotic upbringing in the educational system have always occupied an important place. Notionalist poets in ancient times was considered patriotism as the idea and the driving force of society and the state. Diverse aspects of this phenomenon are revealed in the writings of such notionalist as Korkyt Ata, al-Farabi, Bukhar Zhyrau and Makhambet Otemisuly. The analysis of the works of the Kazakh poet and notionalist, devoted to Patriotic upbringing of students, allowed us to conclude that patriotism is defined as love of country, devotion to the Fatherland, aspiration to serve its interests and willingness to protect it.

Key words: upbringing, national upbringing, Patriotic upbringing, the Kazakh notionalist, humanist worldview, folk pedagogic.

Балалар мен жастардың ұлттық патриотизмін қалыптастыруда қазақ ойшылдары мен ақын-жыраулардың шығармашылығында көрініс алған педагогикалық ой-пікірлер үлкен септігін тигізді. Олардың ой-пікірлері халық педагогикасы идеяларымен ұштасатындығын ойшылдар (Қорқыт ата, әл-Фараби, Бұқар жырау, Махамбет Өтемісұлы) мен ақын-жыраулар шығармашылығының мазмұнына жасаған талдау дәлелдейді. Қазақ халқының гумандық дүниетанымын мейлінше танып білу **Қорқыт атадан** басталады. Қорқыт ата туралы аңыз-әңгімелер түркі тектес халықтар арасында көптеп кездеседі. Біз үшін Қорқыт атаның артында қалдырған жырлары маңыздырақ, сол себептен біз соған басымырақ тоқталамыз.

«Қорқыт ата кітабы» кіріспеден (нақыл сөздер) және он екі жырдан тұрады. «Қорқыттың нақыл сөздері» атты бөлімінде Қорқыттың толғаулары, өлең-жырлары мен даналық сөздері беріледі. Қорқыттың ой-пікірін философиялық тұрғыдан тұжырымдайтын ғақлия сөздер, өсиет-нақылдар, қанатты сөз тіркестері жиі ұшырайды. Қорқыт ата есімімен байланысты үлгі-өнеге сөздер ел аузында көп сақталған: «Өлген тірілмейді, кеуденен жаның кетсе, ол қайтып келмейді. Жігіт тірісінде Қаратаудай қылып, бір күн тыным көрмей дүние жияды. Бірақ, ол соның ішінен тиісті үлесін ғана жейді. Сулар тарам-тарам болып қаншама тасып асқанымен теңіздерді толтыра алмайды. Тәкәппар адамды тәңірі сүймейді. Басқалардан өзін жоғары ұстаған адамға тәңірі бермейді. Қар қаншама қалың жауғанымен – жазға бармас. Гүлденіп өскен бәйшешек күзге бармас. Тозған мақта боз болмас, ежелгі жау ел болмас. Ат қиналмай жол шалмас. Қайыспас қара балтасыз жау алынбас. Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағлым алмаған ұл жаман. Ананың көңілі балада. Ұлың өсіп жетілсе ол отбасының мерейі, ол отбасының мерейі, бас көзі». Қорқыт атаның: «Жол қиындығын көрмеген, жабы мінген жігітке Кавказ арғымағын мінгізуден келер пайда жоқ. Қолына өткір қылыш алып, соны жұмсай білмеген қорқақ-қақылыш сермеп сарп етпе. Батыр туған жігіттің садағының оғы да қылыштай кесіп түседі. Қонағы жоқ қараша үйден құлазыған тұз артық. Ат жемейтін ащы шөптің гүлдеп өспегені жақсы. Адам ішпес ащы судың жылға қуып ақпағаны жақсы. Атаның атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырланып тумағаны жақсы. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін қуған балаға ешкім жетпейді. Өтірік сөз өрге баспайды. Өтірікші болғаннан жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық. Сөзіне берік, шыншыл адамға бұл дүниеде отыз жылды үшке көбейтіп, өмір сүрген де аз» - деген өсиетін ел-жұрты жоғары бағалаған.

Кіріспе сөзде ежелгі оғыз-қыпшақтардың әйелдерді құрмет тұтқаны туралы айтылады.

«Қорқыт ата кітабының» бірінші жырында Бұқаштың әкесін жаудан құтқарғаны туралы баяндалады, екінші жырда, күллі оғыз-қыпшақ елінің топтасқан бірлігі, достығы, беріктігі зор шабытпен жырланады. Тек осы жырда ғана оғыз-қыпшақ елінің барлық бектері, алыптары түгелдей тиек болады. Екінші жыр оғыз-қыпшақ жырының күш-қуаты, өзге тайпалар алдында даңқ-дәрежесі, беделі орап тұрған кезеңді көркем сөзбен бейнеледі.

«Қорқыт ата кітабының» үшінші жырында қазақ қауымына тән салт-сана, әдет-ғұрып басым болып келеді.

Жыр шумақтары:

Суық-суық сулардан сұрар болсаң,

Ағам Байрақ солардан ішкен еді,

Ағам Байрақ кеткелі одан ішкенім жоқ,

Үйір-үйір қыран құстардай жүйрік аттардан сұрасаң,

Ағам Байрақ соларға мінген еді,

Ағам Байрақ кеткелі мінгенім жоқ, – деп қазақтың жоқтау өлеңдерін еске салады. Ескере кететін жәйт, бұл жырдың эпикалық қаһармандары бәрі дерлік «Алпамыс» жырының кейіпкерлеріне ұқсас келеді. «Алпамыс» жырын Сыр бойының ақындары, сондай-ақ қарақалпақ, өзбек шайырлары осы күнге дейін ежелгі нұсқасы бойынша өзгертпей жырлайды. Оғұз ұлысының құралуы Алпамыстан басталып, соның өлімімен аяқталады.

Сол заманның дәстүрі бойынша, он бес-он алты жасқа толған ер балалар міндетті түрде әскери өнерді үйренетін болған. Мұндай жігіттерді ересектер өздерімен бірге қан майданға ертіп барып жүрген. Қолына қару ұстап, жаудың қанын төкпеген жігіттерді ешкім сыйламаған, тіпті адам санатына қоспаған. Жаудан қорқып қашқандарды өз әкелері-ақ қатал жазалап отырған [1,236]. Төртінші жырда – бектердің балаларын тәрбиелеу мәселесі қарастырылады. Қорқыт дастаны жастарды соғыс өнерін білуге, ар намысын жоғары ұстауға, ел басына күн туған жағдайда тайсалмай жауға қарсы шығуға, ал, жауды жеңе алмаған жайғайда намысты қолдан бермей, ел-жұрт үшін ерліпен ажалға бас тігуге үндейді. Мысалы, Оразбек жау қолында аяқ-қолы байлаулы жатып та дұшпанға берілмейді. Ол өзін құтқаруға келе жатқан әкесіне қарап :

Әке, сен мұнда келме, жауға тұтқын боларсың,

Мен өлімнен қорықпаймын, тек сен аман бол.

Екеумізден бірдей айырылып, шешем жесір қалмасын, – деп өлеңмен өтініш айтады. Қазанбек жауды жеңіп, ұлан-асыр той жасайды, жұртқа қымбат тарту таратады. Қорқыт жырының бесінші «Ер Домрул жөніндегі жыр» тарауында Домрул деген алып батыр туралы әңгімелейді.

Алтыншы жырдың негізгі тақырыбы – әке-шешенің мұрагер баласын үйлендіріп, оған жаңа отау тігуі деуге болады. Сонымен бірге, мұнда оғыз-қыпшақ батырларының жат-жұрттық христиан қыздарына үйлену дәстүрі өз көрінісін тапқан. Жетінші жырдың батыры – Игенек туралы, оның батырлардан ерекшелігі: сегіз қырлы, бір сырлылығы, ақылдылығы, алыптылығы, қобызшылығы, бес жасында әкесін тұтқыннан босатқаны, жорықта Игенектің кеңесшісі Қорқыт ата болғаны туралы баяндалады.

Бір сөзбен айтқанда «Қорқыт ата кітабының» барлық жырларында оғыздардың ауызбірлігі, өзара достығы, мәңгілік тұтастығы көкке көтеріле мадақталады. Ең соңғы, он екінші жыр оғыздардың өзара қырғиқабақ соғыстарын баяндайды. Көне заманның өзінде жырлағанда толып жатқан нақты тарихи деректер келтіріліп отырады.

Кітапта қанатты, үлгілі сөздер, өсиет нақалдар көптеп кездеседі. Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағлым алмаған ұл жаман. Жібек шатырдың жібі көрікті. Өнегелі болса бала көрікті. Шіріген мақтадан мата шықпайды, нағыз жаудан дос шықпайды. Өтірік сөз өрге баспас. Топырақ төбе болмайды және т.б.

Қорқыт ата өзінің еңбегінде нақты тарихи деректерді негізге ала отырып адамгершілік асыл қасиеттерді, батырлардың ерлік істерін, өзіндік ерекшеліктерін, өнерін (ақындық, қобызда ойнау өнерін), әдемілікке деген кіршіксіз таза достық сезім, қарым-қатынастарды (мысалы, Домрул, Иүгенек батырдың және т.б.), адамгершілік пен ерліктің бастауы отбасында қалатынын, оның дұрыс қаланыуына, әсіресе әйел-ананың рөлінің жоғары өнеге болсын деген мақсатпен жырлайды.

Ойды тұжырымдай айтқанда, Қорқыт атаның кейбір жырының болмасын тәрбиелік мәні жоғары. Олардың мазмұны қазақ эпостарына сай баяндалады. Жырлардағы батырлардың ерлік дәстүрі, халыққа, туған елге, дәстүрге деген сүйіспеншілігі, өмірге құштарлығы, ақылдылығы, ғашықтық сезімдері

жеткіншектерге үлгі болумен бірге, таза адамгершілік-патриоттық қасиеттерінің негізін қалыптастыруға көмектеседі.

Балалар мен жастарды патриоттыққа тәрбиелеуде ойшыл **әл-Фарабидің** еңбектерінің де рөлі ерекше. Оның «Бақытқа жол сілтеу», «Адамзаттық саясат», «Риторика», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Поэзия өнер туралы», «Әлеуметтік-этикалық трактаттар», «Ақылдың мәні туралы» және т.б. шығармаларында көрініс алған рухани-адамгершілікке, моральдық-этикаға, эстетикаға, логикаға, тілге байланысты педагогикалық көзқарастары соны дәлелдейді. Мысалы, этиканы ол жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым ретінде қабылдады. Оның этикалық ойларынан терең гуманизм көрініс алады. Ол адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атауларының биік шоқтығы, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсіндіреді. Оның пайымдауынша гуманизм – білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде. Оның гуманистік идеялары бүкіл әлемге тарады. Ол ақыл-ой мен білімнің, көркемдіктің, сұлулықтың биік мәнін дәріптеді. Көркемдік адамның денесі мен рухани жан дүниесінің адамгершілік қасиетінің сұлулығын көрсететін белгі деп есептеді.

Фараби «Бақыт туралы», «Бақытқа жету жолдары» мәселелерге аса мән берді. Адамның жетілуі, бақытқа жетуі жақсы мінез-құлыққа байланысты болатыны туралы ескертеді. Және адамдардың адамгершілігі де, патриоттық сана сезімі де, моральдық-этикалық қасиеттері шоқтығының биік болуы да жақсы мінез-құлықтан туындайтынын айтады. Әл-Фарабидің азаматтық саяси, адам, қоғам жөніндегі ойлары да көңілге қонымды. Оның ойларының үлкен азаматтық гуманизмнің, адамгершіліктің биік көріністерін байқау қиын емес. Осы орайда адам міндетті түрде адал ниетті болу керек, өйткені, жақсы істер істеп, мұның төлеуін күтсе, адам бұл істерін жамандыққа айналдырады – деген оның ой тұжырымымен толық келісуге болады.

Жетілген адамды қалыптастырудың жетекші құралы болып тәрбие мен білім саналады, осылардың негізінде жеткіншектердің патриоттық-саналы адамгершілік асыл қасиеттері, ой-өрісі жетіледі, сол себепті іс-әрекеттері де тәрбие мен оқытуды бір-бірімен бірізділікке ұштастыра қарастыру қажет деп ескертеді. Адамгершілік қасиеттерінің туа бітпейтін, тек тәрбиенің мазмұнына, оның барысында пайдаланған амал-жолдарға, жаттығулардың нәтижесіне байланысты екендігін түсіндіреді. Адамгершілік қасиеттің көрсеткіштері: батырлық, батылдықты, жомарттық, мейірімділік, шыншылдық, достықты қадірлей білу және т.б. деп атап көрсетеді.

Әл-Фарабидің пайымдауынша, жағымды адамгершілік қабілеттерді бойына тек адамгершілігі, патриоттық санасы жоғары, заман талабын тәрбие талаптарымен үндестікте пайдалана алатын, өзінің өң бойында табиғи он екі қасиетті бірлікте ұстай алатын адам ғана жүзеге асыра алады. Атап айтсақ:

- алдыға мақсат етіп қойған ісін жүзеге асыру үшін ең алдымен мүлтіксіз денсаулықтың болуын;
- табиғатынан өзіне айтылғандарды жақсы түсініп қабылдап, айтып тұрған адамның нені болжап тұрғанын ой елегінен өткізіп, түсінгенін, көргенін, естігенін есте сақтап, еш нәрсені ұмытпау керек;
- ойлаған ісіне сауатты тілмен толық түсінік беріп мазмұндай білуін;
- білімге, оқуға шаршамай, талмай сүйіспеншілікпен талпынуын;
- тамаққа, ас-суға басқа да сүйсіну сезімдеріне ұстамды болуын;
- шындықты, шындықты қолдаушыларды құрметтеп, өтіріктен бойын аулақ ұстауын;
- ар-намысты бағалай білуін;
- адамдармен қарым-қатынаста қыңырланбай әділ болуын;
- қажет деген жағдайда шешімділік көрсете білуін;
- күнделікті тіршіліктегі мәселелердің шешімін табуда ақыл-парасатқа жүгіну қажеттігін және т.б.

«Ақыл-парасат күші – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуға және жақсылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш», – деп тұжырымдайды.

Рухани-адамгершілікті, ұлттық патриотизмді қалыптастыруда әл-Фарабидің «Музыкалық трактаттарының» рөлі аса жоғары. Ұлттық патриотизм, ұлтжандылық, елжандылық, отансүйгіштік, жоғары адамгершілік қасиет әсіресе **Бұқар жырау** өлеңдерінде жан-жақты көрініс алды. Ол Абылайды, батырларды, Отан мүддесін, халықтың патриоттық санасын қалыптастыру қажеттігін дәріптеді. Бұқар жырау замана талабына сай мемлекеттің халықтық рухани көсемі, ұлт-азаттық қозғалыстың ұйытқысы, жыршысы бола білді.

«Бірнеше ғасыр өктемді үні үстем болған жыраулар заманының ең биік шыңына көтерілді. Халық атынан сөйлеп күмбірлеген жыраудың Отан тағдыры, ұлт санасы, ел бірлігі бүкіл поэзиясының өзегі болды, халық жырауы атанды» [2, 45 б.].

Оны Үмбетей жыраудың Бұқар қайтыс болғанда:

Өткіздің тоғыз ханды толғауменен,

Шештің талай түйінді болжауменен.

Іс болса қиын қыстау сан сайыстың.

Қылыш пен қызыл тілді қорғаумен, – деп айтқан сөзі дәлел болады. Бұқар кейінгі ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастыруға қомақты үлес қосты. М.Қозыбаевтың сөзімен айтқанда, Бұқар: «*біріншіден*, ол сонау Сыпыра жыраудан бері қарай барша жыраулардың жолы киелі, сөзі иелі ту ұстары. *Екіншіден*, ол жыраулықты көрегендікпен, көрегендікті көріпкелдікпен ұштастырған ел данасы. *Үшіншіден*, болашаққа қырандай ғарыштан қараған, барша қазақты алаламай тұтас бір халық деп санаған, шалдыққанда Абылайға тірек болуға жаралған, аптыққанда қаһарлы Абылайдың өзін де жас баладай сабаған халық бабасы. Ол ханнан да қаһарлы, оның тірегі – халық, сыншысы – тарих. *Төртіншіден*, Бұқар жырау, Абылай хан тағдыры бір, игі мақсатқа – жүздік ұғымнан ұлттық санаға көтеріліп, тұтас иемденді, мемлекеттік дәрежеге көтерілу мақсатына еңбек еткен, халықаралық дәрежеге көтерілген саяси қайраткер жандар. Олай болса, қас қағымнан бірін-бірі түсіне білген олардың достығы шын мәнінде арқар ұранды Шыңғыс әулеті Абылай ханмен алаш ұранды қара қазақтың одағы болатын.

Бұқар поэзиясының тынысы – ел өмірі, халық мүддесі. Абылай хан Бұқар жыраудың алдаспан жырлары, өз саясатының деңгейін мемлекеттік дәрежеге көтеруге қарекет жасады. Бұқар жырау, қалың бұқара ел, Абылай хан міне осылай бір арнаға тоғысты» [2,46 б].

Бұқар шығармаларында дүниетаным, адам тіршілігі, салт-сана: мораль, эстетика, философиялық топшылау, болашақты болжау, замана сыры көрініс алады. Мысалы:

«Асқар таудың өлгені,
Басын мұнар шалғаны.
Көктегі бұлттың өлгені,
Аса алмай таудан қалғаны.
Ай мен күннің өлгені, –
Еңкейіп барып батқаны.
Айдын шалқар өлгені, –
Мұз болып тастай қатқаны.
Қара жердің өлгені, –
Қар астында қалғаны.
Өлмегенде не өлмейді,
Әлімнің хаты өлмейді» – деген өлең шумақтары дүниенің адам өміріндегі мәнін, құдіретін сипаттайды,

Тар пейілді кеңімес,
Кең пейілді кемімес,
Берем деген құтылмас,
Берік байлаған шешілмес,
Ақшам батпай түн шықпас
Ежелгі дұшпан ел болмас.
Етекте кессе жең болмас,
Қараша торғай қаз болмас,
Шағала келмей жаз болмас,

Шаңқан болмай боз болмас, – деген өлең шумақтары дос пен дұшпанды айыра білуге, адалдық пен антқа берік болуға шақырады. Халық арасында достық қарым-қатынастың болуын, қазақ елінің аманшылығын қалайды.

Ағайынның аразы
Елдің сәнін кетірет;
Бұқардың халықты осылай «бірлік бар жерде тірлік бар» деп ынтымақшылдыққа шақыруы үлкен парасаттылықтың белгісі.

Бұқардың:
Ханның жақсы болмағы
Қарашаның елдігі.
Қараша халық сыйласа
Алтыннан болар белдігі.

Жақсы ұлт туса

Патшадан болмас кемдігі, – деп Абылайға ақыл айтып, кеңес беруі ханның ісі халықпен, ақылды басшы халықтан қол үзбеуі керек екенін ескерту еді.

Бұқардың көптеген өлең шумақтары соғыста ерен ерлік көрсеткен елін жаудан аман есен қорғап қалған қазақтың үш жүзінен шыққан батырларын мадақтауға арналған. Оны жыраудың :

Еңбек қылған ел үшін,
Жауда кеткен кегі үшін,
Қазақтың абырой-арына
Сарып қылған бар күшін
Қиядан қиқу төгілсе
Аттың басын таптаған.
Қисапсыз қол көрінсе

Қорқып жаудан қайтпаған, – деген, ерлікпен қаза тапқан Бөгенбай батырға арнаған жыр шумағынан көруге болады. Бұқардың қан майданда ерлікпен қаза тапқан батырды жоқтауы, кейінгі ұрпаққа оның ерлігін дәріптеуі халықтың ежелден бері келе жатқан елеулі дәстүрі.

«Бұқар және оның ортасы» деген проблеманы зерделесек, ұлы адамдар шоғырын көреміз. Бұқардың даналығы: Тәуке ханның реформасын, Абылай ханның көсемдігін, үш жүздің дана билерінің – Қарлығаш Төле бидің, Қаз дауысты Қазыбек бидің, Әйтекенің шешендігін, Ақтамберді жырау айтқандай: «майданды дабыл қақтырып, Атасы басқа қалмақты, жұртынан шауып бостырып», ел қорғаған легион батырлардың ерлігі мен өрлігін бір өзінің бойына сіңіргендігінен. Міне, сондықтан да, заман талабынан туындаған сол бір ғажайып алыптардың ең ұлы ұстазы Бұқар жырау болуы осыдан.

Бұқар баба қазақ хандығының билік пирамидасында аса бір ерекше миссия атқарды. Ең қиын, түйінді, түбегейлі іс шешіміболарда ұлы шоғыр жырауға табынды. Бұқар данамын деп таспады, тығырыққа тірелгенде абыржып саспады. Осылай дана жырау барша қауымның бағы болды, түнекте жол сілтер шамы болды. Ол халық бабасына, халық данасына айналды. Абылай хан, Бұқар жырау, барша билікке қатысқан қауым ұлт тұтастығының біріккен мемлекеттіктің идеологиясын қалыптастырды. Ұлттық, халықтық ағынның жаршысы, ұйытқысы Бұқар жырау ұлт санасының қайнар бұлағының бастауы бола білді. Дала демократиясы көшпенділер өркениетіндегіден басқадан өзгеше осылай сипат алды.

Бұқар жырауың ұлттық патриоттық сананың дамуына байланысты айтқан өлең жырлары, ғақлиятты сөздері бүгінде тәрбиелік мәнін жоймаған өнегелі істің үлгісі.

Махамбет Өтемісұлының өлеңдері болса жеткіншектердің патриоттық сана-сезімінің негізін қалыптастыруда жетекші рөл атқарды десе артық болмайды. Оның жырындағы:

Толғай-толғай оқ атқан,
Қабырғасын қақыртқан,
Тебінгісін тесе атқан,
Тізгінінен кесе атқан,
Біздің қайсар батырлардың

Жүрегін сөйтіп оятқан, – деген Исатайдың батырлық бейнесіне суреттемесі, сондай-ақ батырдың «сегіз қырлы, бір сырлы» қасиетін сипаттайтын мына бір:

Кермиығым кербезім,
Керіскідей шандозым.
Құландай ащы дауыстым!
Құлжандай ащы мүйіздім!
Қырмызыдай ажарлым!
Хиуадай базарлым.

Теңіздей терең ақылдым!
Тебіренбес ауыр мінездім! – деген өлең шумақтары жеткіншектерді патриоттық рухта тәрбиелеуге бағыттайды.

Толарсақтан саз кешіп,
Тоқтамай тартып шығарға,
Қабағын шытпас ер керек,

Біздің бүйткен бұл іске! – деген өлең үзіндісінде үлкен ұрысқа тек Отаным, елін сүйетіндер, ел-намысын қорғауға даяр азаматтар ғана бара алады дегенді меңзейді. Махамбет жырының әрбір жолы тәрбиеде ұлттық патриотизмнің дамуына өзіндік рөл атқарады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қоңыратбай Т.Ә. Эпос және этнос. Қазақ эпосы және оның этникалық сипаты. Монография. – Алматы: Ғылым, 2000. – 268 б.
- 2 Қазақ даласының ойшылдары (IX-XII ғғ.) Алматы: Ғылым, 1995. – 160 б.
- 3 Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – Алматы: Рауан, 1995. – 236 б.
- 4 Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994.

УДК 37.01

МРНТИ 14.01.11

Т.В. Имангулова¹, С.К. Расулова², Д.Расулова³

¹к.п.н., профессор КазАСТ

²к.э.н., доцент, КазАСТ

³магистр, КазАСТ

**РАЗВИТИЕ ГУМАНИСТИЧЕСКОЙ ПЕДАГОГИКИ
И ЕЕ ОСНОВНЫЕ ПРИНЦИПЫ**

Аннотация

В статье рассматриваются принципы и методы гуманистической педагогики, которые широко используются в активных формах обучения такие как самопознание, дискуссия, драматизация, творческое развитие, работа в малых группах, использование учебных контрактов для организации самостоятельной работы учащихся, выполнение групповых и индивидуальных проектов, взаимное обучение и др. Технология педагогического сопровождения в виде единых требований ко всем участникам целостного педагогического процесса, оформленная в единую систему, функционирует как необходимый компонент современного учебно-воспитательного процесса в образовании.

Ключевые слова: педагогика, гуманизм, образование, воспитание, развитие, поддержка, помощь.

Аңдатпа

ГУМАНИСТИК ПЕДАГОГИКАНЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПТЕРІ

Т.В. Имангулова¹, С.К. Расулова², Д.Расулова³

¹ҚазАСТ п.ғ.к., профессор, Алматы қ., Қазақстан

²ҚазАСТ э.ғ.к., доцент, Алматы қ., Қазақстан

³ҚазАСТ, магистр, Алматы қ., Қазақстан

Бұл мақалада оқытудың белсенді формаларында қолданылатын гуманистік педагогиканың өзін-өзі тану, талқылау, драматизация, шығармашылық даму, шағын топтарда жұмыс, студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру үшін оқыту келісім шарттарды пайдалану, жеке және топтық жобаларды іске асыру, өзара оқыту сынды әдістер мен принциптерді қолдану қарастырылған. Педагогикалық үдерістің барлық қатысушыларына қолдау көрсету педагогикалық технологияның маңызды бөлігі. Бірыңғай талаптар, жұмыс істеуін, технологиясы білім беру саласында қазіргі заманғы білім беру үрдісінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде.

Түйін сөздер: оқу-әдістемелік, адамгершілікке, білім беру, дамыту, қолдау, көмек.

Abstract

DEVELOPMENT OF HUMANISTIC PEDAGOGICS AND ITS BASIC PRINCIPLES

Tatyana Imangulova¹, Saodat Rassulova², Dilyara Rassulova³

¹Professor, PhD, KazAST, Almaty, Kazakhstan

²Associate Professor, PhD, KazAST, Almaty, Kazakhstan

³Master of Pedagogic sciences, KazAST, Almaty, Kazakhstan

In article are considered the principles and methods of humanistic pedagogics which are widely used in active forms of education such as self-knowledge, a discussion, dramatization, creative development, work in small groups, use of educational contracts for the organization of independent work of pupils, implementation of group and individual projects, mutual training, etc. The technology of pedagogical maintenance in the form of uniform requirements to all participants of complete pedagogical process issued in uniform system, functions as a necessary component of modern teaching and educational process in education.

Key words: pedagogy, humanism, education, upbringing, development, support, assistance.

Существенными принципами гуманистической педагогики в современной педагогической науке являются: педагогика сопровождения; педагогика педагогической поддержки. Различные методы гуманистической педагогики широко используются в активных формах обучения такие как самопознание, дискуссия, драматизация, творческое развитие, работа в малых группах, использование учебных контрактов для организации самостоятельной работы учащихся, выполнение групповых и индивидуальных проектов, взаимное обучение и др.

Идеи гуманистической педагогики получили международную известность во всем мире; они оказывают влияние на отбор содержания и построение отдельных учебных курсов в начальной, средней и высшей школе в Европе, США, Казахстане, России в международных педагогических программах: «Воспитание и образование в духе мира, прав человека, демократии и толерантности». С середины 60-х гг. в США действует Национальный консорциум по гуманизации воспитания — организация педагогов-сторонников гуманистической педагогики, работающих в разных звеньях образования.

Концепция «слитного обучения» и организационно-методические рекомендации гуманистической педагогики были разработаны Дж.Брауном и другими американскими учеными, которые ставят целью слияние эмоциональных и познавательных аспектов обучения. К примеру, наиболее важной задачей научной теории «недирективного обучения» Карла Роджерса [3], является помощь в осознании учащимся особенностей собственной личности, своего отношения к миру.

Идея всеобщего мира, стремление гуманизировать межэтнические и межнациональные отношения — естественное следствие прогрессивных убеждений К.Р. Роджерса [4]. Карл Роджерс шел по пути утверждения всечеловеческого в человеке. Основные идеи и концепции Роджерса идентичны классическим трудам, научному и культурному творчеству, мировоззрению выдающихся ученых, писателей, мыслителей и просветителей 9-20 веков Аль-Фараби, Ю.Баласагуни, Отейбойдак Тлеукабылулы, Мухаммед Хайдар Дулати, Кадыргили Касымұлы Жалайыр, Асан кайгы жырау, Абая, А.С. Пушкина, М.Ю. Лермонтова, Ф.М. Достоевского, А.П. Чехова, Л.Н. Толстого и другие, которые учили всеобщей доброте и гуманизму.

В Казахстане развитие гуманистической мысли опирается на прочные духовно-нравственные ориентиры и представления о способах гуманистического образования личности. В казахстанской педагогике нового времени проблеме гуманизации и демократизации образования уделяли большое внимание классики-просветители А.Кунанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Уалиханов. В 20-30-х годах XX века придавали большое значение идее гуманизации всего общества и образования, в частности, Ш.Кудайбердиев, М.Дулатов. Истоки теоретической разработки проблемы воспитания гуманистических взглядов, убеждений учащихся мы находим в трудах известных педагогов Ж.Аймаутова, И.Алтынсарина, М.Жумабаева [5].

В настоящее время в Республике Казахстан гуманизация является достаточно четко выраженной тенденцией и отражена в Законе «Об образовании» 2007 годов [8].

Теория «сопровождения» в научной среде в психологическом контексте была изучена учеными Г.Бардиер, И. Ромазан, Т.Черединой [6]. Так понятие «сопровождение» раскрывалось как возможность следовать за естественным развитием ребенка, с учетом не только возрастных закономерностей, но и личностных достижений, в которых закреплены те усилия, которые он приложил для того, чтобы продвинуться вперед. Позже понятие «сопровождение» уже использовалось в диапазоне, включающее медицинское, психологическое, а также педагогическое сопровождение. Технология «педагогического сопровождения», обоснованная В.В.Кашелевым освещается в исследованиях Т.С. Лернера, Н.Г. Чаниловой, С.А. Марковой, В.В. Магойченкова и казахстанского педагога Р.Ж. Жумажановой.

В своих научных исследованиях Р.Ж. Жумажанова уточняет специфику данной технологии подчеркивая: что в основе значения понятия «педагогическое сопровождение» заложена смысловая сущность слов «педагогика» и «сопровождение». В переводе с греческого «педагогика» означает «детовожделение». «Педагогический (ая)» - слово, производное от понятия педагог, обозначает качество, ценность, которое свойственно, присуще педагогу, осуществляемой им деятельности. Исходя из смысловой сущности понятия, под сопровождением нами понимается система профессиональной деятельности педагога, (педагогического коллектива), направленная на создание педагогических, социальных, психологических, валеологических условий для успешного обучения и психологического развития обучаемого» [7]. По ее данным «Педагогическое сопровождение - это система педагогических действий педагога, связанных с нейтрализацией прогнозируемых трудностей на этапе разработки задания, оказание оперативной помощи во время выполнения разнообразных видов деятельности и внесение корректив

в последующие этапы их реализации. Педагогический аспект сопровождения предполагает взаимодействие сопровождающих с директором, представителями администрации учебного заведения, методистами, руководителями предметных цикловых комиссий, другими преподавателями, родителями. Условием, способствующим включению в единый процесс, выступает организационное направление деятельности, которая охватывает всех обучающихся – контроль посещения учебных занятий, результаты текущих аттестаций, сдачи зачетов и экзаменов, защиты курсовых работ и т.д.» [7].

Технологии формирования теоретических положений и концептуальных подходов педагогического сопровождения основываются на следующие методологические принципы:

1. системность и непрерывность педагогического сопровождения;
2. взаимодействие вместо воздействия;
3. опора на позитивный внутренний потенциал развития обучающихся;

Технология педагогического сопровождения в виде единых требований ко всем участникам целостного педагогического процесса, оформленная в единую систему, функционирует в настоящее время, как необходимая составная часть (компонент) учебно-воспитательного процесса образования.

Современными исследователями выделяются общие (инвариантные) признаки технологии:

- ориентация в деятельности педагога (педагогов) на антропологические и гуманистические ценности (понимание человека и его развитие как ключевой ценности в системе образования);
- направленность на поддержку собственной активности обучаемого, его способности самостоятельно решать актуальные проблемы и задачи саморазвития;
- преобразование разностатусных отношений преподавателя и обучаемого в плоскость равноправного сотрудничества.

Предметом деятельности всего педагогического коллектива в условиях внедрения в образовательную практику технологии педагогического сопровождения являются:

- профилактика и предупреждение возникновения острых деструктивных проблем развития обучаемого в образовательном процессе;
- оказание положительного влияния на формирование гуманных образовательных отношений в колледже, развитие психолого-педагогической компетентности участников целостного педагогического процесса;
- оказание консультативно-диагностической помощи обучаемому в решении актуальных задач личностного роста, предупреждении проблем учебно-познавательного развития (учебные затруднения, проблемы социально- эмоционального и личностного характера и т.д.).

Теории научной «педагогической поддержки» в гуманистической педагогике, были изучены и разработаны в 80-х гг. XX в. и оформились в целостную концепцию созданную к середине 90-х гг. О.С. Газманом (1936-1996) и группой его сотрудников (Н.Н. Михайловой, С.М. Юсфиним, Н.Б. Крыловой, Т.В. Анохиной и другими учёными), исходя из идеи гармоничного взаимодействия социализации и индивидуализации, которая приводит к наиболее успешному развитию ребёнка и направлена на развитие индивидуальности и субъектности ребёнка.

О.Газман вводит понятие «педагогическая поддержка» и обосновывает основные концептуальные положения педагогической поддержке, определяя её как «превентивную и оперативную помощь детям в решении их индивидуальных проблем, связанных с физическим и психическим здоровьем, социальным экономическим положением, успешным продвижением в обучении, в принятии школьных правил; с эффективной деловой и межличностной коммуникацией, с жизненным, профессиональным, этическим выбором ...» [9]. В своих научных исследованиях О.Газман определил данное направление как педагогику свободы, цель которой разработать средства для формирования индивидуальности, свободной и способной личности.

Г.М. Коджаспирова рассматривает педагогическую поддержку как систему педагогической деятельности, раскрывающая личностный потенциал человека, включающая помощь в преодолении социальных, психологических и личностных трудностей.

Концепция педагогической поддержки ставила своей задачей развитие и обоснование подходов, позволяющих преодолеть социоориентированность традиций советской школы и педагогики, заострить внимание деятелей отечественного образования на проблеме создания условий, которые необходимы для самореализации индивидуальности каждого ребёнка. О.С. Газман и его сотрудники при решении этой задачи опирались на достижения теории и практики западной гуманистической педагогики.

О.С. Газман связывал понимание гуманизма не просто с провозглашением человека высшей ценностью, «мерой всех вещей», но и с признанием его прав на интеллектуальную и экономическую

свободу, моральную автономию, социальную суверенность (естественно, при наличии у него социальной, этической и индивидуальной ответственности за принимаемые им решения). Ведущей антропологической константой гуманистического мировоззрения и практики О.С. Газман считал признание необходимости свободного развития каждого человека и создание всех возможных условий для осуществления этого. «Современное гуманистическое представление о человеке, - утверждал он, предполагает рассмотрение его и как существа природного (биологического), и как социального (культурного), и как экзистенциального (независимого, самосущего, свободного). Ключевой характеристикой этого третьего измерения является свободоспособность – способность к автономному неконформистскому существованию, способность самостоятельно, независимо (учитывая, но преодолевая биологическую и социальную заданность) строить свою судьбу, отношения с миром, реализовать самостоятельно познанное жизненное предназначение, осуществляя собственный, индивидуальный (особый) выбор».

О.С. Газман рассматривал образование как гармоничное единство двух существенно различных процессов – социализации и индивидуализации. Как способ социализации человека, как целенаправленно организованное введение человека в мир социальных норм, ценностей, отношений, способов деятельности, коммуникативных систем образование осмысливает «педагогика необходимости», ставящая ребёнка в заранее определённые рамки, рассматривающая его как «предмет воспитания» или «объект обучения». Педагогика необходимости решает важнейшие задачи организации развития ребёнка, помогая ему встроиться в «общее для всех» пространство жизни. Она может быть как гуманной, так и авторитарной в зависимости от того, на каких принципах строится и какими средствами реализуется. Однако она, безусловно, важна и нужна для организации полноценного развития человека. И если педагогика необходимости может и должна, с точки зрения О.С. Газмана, опираться на традиционные механизмы воспитания и обучения, наполняя их гуманистическим содержанием, то педагогика свободы вынуждена опираться на принципиально иной, гуманистический по самой своей сути, механизм педагогической поддержки. В систему педагогической поддержки он включал и социальную, и психологическую, и медицинскую поддержку в той мере, в какой они интерпретируются образовательным учреждением, оказывающим ребёнку помощь в индивидуальном развитии и таким образом, обеспечивающим его индивидуализацию («выращивание индивидуальности»).

По утверждению О.С. Газмана понятие обучения, воспитания и педагогической поддержки в рамках развиваемой им гуманистической концепции образования, «Обучение» означает, что школа должна дать систематические знания об окружающем человека мире природы и общества, научить способам познания мира. Под «воспитанием» понимается процесс предъявления детям для самоопределения принятых в данной культуре (обществе, нации, государстве) ценностей, нравственных норм отношений к людям и предметам их труда, образцов поведения. Под «педагогической поддержкой» в настоящий момент мы понимаем превентивную и оперативную помощь детям в решении их индивидуальных проблем, связанных с физическим и психическим здоровьем, социальным и экономическим положением, успешным продвижением в обучении, в принятии школьных правил; с эффективной деловой и межличностной коммуникацией, с жизненным, профессиональным, этическим выбором (самоопределением)».

В 1924 г. в Англии А. Нил основал школу Саммерхилл и успешно руководил ею на протяжении четырёх десятилетий. Он видел цель образования в воспитании счастливого человека, Т.е. человека, который способен обрести себя в окружающем мире. А.Нил [10] был убеждён, что каждый ребёнок должен самостоятельно определиться в жизни, найти своё призвание. Поэтому в образовании, утверждал он, если с чем и следует считаться, так только с творчеством и самовыражением воспитанников независимо от того, в какой сфере жизни учеников они осуществляются.

А.Нил призывал дать детям жить своей жизнью, не мешать их естественному, а следовательно, правильному развитию. Воспитанники, утверждал он, нуждаются не столько в обучении, сколько в понимании и любви. Он был противником планирования педагогической работы, которое могло помешать детям жить собственной жизнью. По глубокому убеждению А. Нила, они могли научиться только тому, чему хотели научиться сами. Учителя в Саммерхилле не имели права ничего навязывать детям, для которых учебные занятия не были обязательными. Педагоги должны были ориентироваться на интересы воспитанников.

А.Нил, по мнению исследователей А.А. Валеев [11], был последним классиком свободного воспитания, течения в педагогике, оказавшего огромное влияние на развитие гуманистических подходов в теории и практике мирового образования XX столетия. На протяжении всей своей долгой жизни А.Нил словом и делом отстаивал право ребёнка жить и развиваться свободно уже с младенческого возраста. Единственный критерий деятельности педагога, утверждал он, - интерес ребёнка, а лучший воспитатель детей – природа, естественной работе которой и должны способствовать взрослые.

Список использованной литературы:

- 1 Назарбаев Н.А. «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность». Послание Президента Республики Казахстан народу Казахстана. 31 января 2017 года. - Астана, 2017.
- 2 Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016–2019 годы. - Астана, 2016.
- 3 Роджерс К. Взгляд на психотерапию. Становление человека /Пер. с англ. – М., 1977.
- 4 Орлов А. Б.. Психология личности и сущности человека: Парадигмы, проекции, практики: Учеб. пособие для студ. психол. фак. вузов. — М.: Издательский центр «Академия», 2002. – 272 с.
- 5 Калиев С. Қазақ этнопедагогикасының теориялық мәселелері және тарихы. А; “Білім” 2004 ж.
- 6 Бардиер Г., Ромазан П., Чередникова Т. Я хочу! Психологическое сопровождение естественного развития маленьких детей. – Кишинев; – СПб., 1993. – 250 с.
- 7 Жумажанова Р.Ж. Педагогическое сопровождение как технология повышения эффективности учебно-воспитательного процесса колледжа. – Алматы, 2007.
- 8 Закон Республики Казахстан об образовании //Справочник руководителя образовательного учреждения. 2007.
- 9 Газман О.С. Воспитание и педагогическая поддержка детей //Народное образование, 1998. - № 6.
- 10 Нилл А. Самерхилл: воспитание свободой. - М.: Педагогика - ПРЕСС, 2000.
- 11 Валеев А.А. Педагогика свободы Александра Нейлла. - Казань, 2002.

МРНТИ 14.09.95

S.S. Konyrbayeva¹

*¹The professor of general pedagogic faculty, the candidate of pedagogic sciences
The Kazakh State Women's Teacher Training University
Almaty, Kazakhstan*

THE CONTENT AND ESSENCE OF THE TEACHING AND EDUCATIONAL VALUE OF THE IDEAS AND WORKS OF M. ZHUMABAYEV

Abstract

The article deals with importance of teaching ideas of outstanding representative of Kazakh people M. Zhumabayev and significant benefits of his teaching ideas in education and training process. The main part covers M. Zhumabayev's pedagogical works and works of poetry and educational values in continuing educational system which includes the concept of education and educational areas. In addition, the structure of his legacy of teaching and educational ideas is shot into the content of the composite components and characteristics that are represented in the table. Finally, opportunities of implementation of the poet-teacher's idea in the sphere of education are touched upon in conclusion.

Key words: M. Zhumabayev's creativity, pedagogical principles, teaching ideas, poetry, educational services, child education, educational process, teaching ideas and educational structure, Kazakh pedagogy and psychology.

Аңдатпа

М.ЖҰМАБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕЛІК ИДЕЯЛАРДЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

С.С. Қоңырбаева¹

*¹педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а.,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университеті, Алматы, Қазақстан*

Мақалада қазақ халқының көрнекті тұлғасы М.Жұмабаевтың педагогикалық идеяларының маңызы және оқу-тәрбиесінде пайдаланудың артықшылықтары қарастырылған. Негізгі бөлімде М.Жұмабаевтың педагогикалық еңбектері мен тәрбиелік мәнді поэзиялық шығармаларының Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасындағы тәрбие бағыттарын қамтуы көрсетілген. Сонымен қатар, педагогикалық мұрасындағы

тәлім-тәрбиелік идеяларының құрылымы құрамды компоненттер мен мазмұндық сипаттамаларға бөлініп, кестеге түсіріліп ұсынылған. Қорытындыда педагог-ақын шығармашылығындағы педагогикалық идеяны білім беру саласына пайдаланудың мүмкіндіктері айтылған.

Түйін сөздер: М.Жұмабаевтың шығармашылығы, педагогикалық қағидалар, педагогикалық идеялар, поэзияның тәрбиелік қызметі, бала тәрбиесі, оқу-тәрбие процесі, тәлім-тәрбиелік идеяларының құрылымы, қазақ педагогикасы мен психологиясы.

Аннотация

ЗНАЧЕНИЕ И СОДЕРЖАНИЕ ВОСПИТАТЕЛЬНЫХ ИДЕЙ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ М.ЖУМАБАЕВА

С.С. Конарбаева¹

¹кандидат педагогический наук., и.о. асс. проф.

*Казахский государственный женский педагогический университет
Алматы, Казахстан*

В статье рассматривается значение педагогических идей видного деятеля казахского народа М. Жумабаева и особенности их использования в учебно-воспитательном процессе. В основной части указываются возможности использования педагогических трудов поэтических произведений М. Жумабаева, имеющих большое воспитательное значение, в концепции воспитания системы непрерывного образования. В работе также дана таблица структуры воспитательных идей педагогического наследия М. Жумабаева с выделением составных частей и содержательной характеристики. В заключение рассматриваются возможности использования педагогических идей в произведениях поэта-педагога в системе образования.

Ключевые слова: творчество М.Жумабаева, педагогические принципы, педагогические идеи, воспитательное значение поэзии, детского воспитание, процесс воспитания, структура воспитательных идей, казахская педагогика и психология.

1. Introduction

From the point of today's education paradigm, outstanding representative of Kazakh people M. Zhumabayev's importance and relevance of teaching ideas is that it can be treated together with continuous modernization of the education system. Considering pedagogical ideas as the content basis we rely on the modernization of current education system of a number of scientists. Therefore, in order to develop a favorable environment which is aimed at improving the skills of teachers and students, we acknowledge that to complete the structure of the course "History of Education" with new materials as the time requirement.

Currently, according to the radical changes in the field of education to improve one's own skills, especially within the framework of the national pedagogical thought, which is the necessity caused by the requirement of time arisen in the period of opportunity for increasing education on the basis of national ideas.

Therefore, in order to study the Kazakh-specific pedagogy, it is necessary to focus on the following tasks.

- to explain purpose and harmony of M. Zhumabayev's works in the field of pedagogy today;
- to use M. Zhumabayev's pedagogical viewpoints as a Kazakh language and literature teaching tool;
- to give an explanation about the importance of using M. Zhumabayev's teaching ideas as a tool for discipline in education;
- to create ways of using M. Zhumabayev's pedagogical ideas to teach discipline and to introduce it into practice.

As a result of the implementation of the mentioned problems planning organization of students' cognitive activities' forms according to M. Zhumabayev's pedagogical viewpoints, it is possible to improve competence while teaching lessons.

2. The Main Part

Scientists of our domestic pedagogy, sociology and political science has been discussing for a long time about the necessity of creating a national model of education. It is known that M. Zhumabayev's works are considered as the foundation of Kazakh psychology and pedagogy that appeared at the beginning of the XX century. That is, to create a national model of education cannot exist without the works of the founders of the national science.

Д.Қ. Бердінің пайымдауынша, ақпараттық технология – өңделген, жинақталған ақпаратты пайдаланушыға жинақталған түрде жеткізу әдістерін, құрылғыларын, элементтерін қамтитын жиынтық [6, 28б.]. Жоғарыдағы авторлардың пікірін тұжырымдайтын болсақ, жаңартылған білім беру мазмұны аясында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды оқыту мен оқу іс-әрекеттерінде тиімді пайдаланып, оқушылардың оқу рефлексиясын дамытуға бағыттауымыз керек. Ол үшін, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін даярлауда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде оқушылардың оқу рефлексиясын дамытудың жолдары мен әдістемесін меңгертуіміз керек, – деген қорытынды жасауға болады.

Б.З. Вульф пен В.И. Харкиннің көзқарастары бойынша, рефлексия адамның рухани әлеуетін ашу мен анықтаудың инновациялық жолдарының бірі. Авторлар өз еңбектерінде, рефлексияны ешкім және ешнәрсе алмастыра алмайды, – деген тұжырым жасайды [7]. Бұдан шығатын қорытынды, біз оқушылардың өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасату арқылы әлеуетін, ішкі мүмкіндіктерін дамытуға түрткі боламыз.

Т.Б. Кенжебаеваның пікірінше, рефлексия – бұл адамның жеке тұлғалық болмысын, шамасын, қабілет деңгейінің шегін сезініп, ұғынуға бағыттайтын адами ойлау қағидасы; өзіндік білімдік күшін тануға, танылған білімдік деңгейіне сыни талдау жасауға, өзін-өзі тану қызметін атқаруға, адамның рухани әлеміндегі ерекшеліктерді, оның ішкі құрылымын анықтауға бағыттайтын қағидалар [8, 776.]. Біз автордың пікіріне қосыла отырып, оқушының оқу рефлексиясын дамыту олардың өзін өзі басқару мен дамытуына мүмкіндік беретін ішкі күштерін жұмылдыру арқылы өздерін жаңа жағдайда көрсетулеріне, өздерінің іс-әрекеттеріне сыни тұрғыда қарап, өзін өзі бағдарлап, реттеп, бағыттап, белсенділендіріп, өздігінен білім жетілдіріп, бағалауына негіз болады, – деп тұжырым жасаймыз.

Оқу мен оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану білім алушыларға іздену жұмыстарын жүргізіп, өзара ақпаратпен, ойларымен, жоспарларымен алмасуды ұйымдастырып, өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасауға мүмкіндік береді. АКТ негізінде оқушылардың оқу рефлексиясын дамытуға негізделген жұмыс барысында олардың ой-өрісі кеңейіп, ақпараттық мәдениеті артып, сыныптастарымен дұрыс қарым-қатынас орнатып, өз ойларын қысқа әрі нұсқа жеткізу, басқаның пікіріне түсіністікпен қарау, пікірталас жүргізе алу, сыныптасының ойын тыңдап, құрметтеу, өз көзқарасын дәлелдеу сынды дағдылары қалыптасады. Бастауыш сыныптағы білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануда компьютерді, интерактивті тақтаны, электронды оқулықтарды, көрнекі құралдарды оқушылардың физиологиялық, психологиялық, педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып, жоғары деңгейде қолдану керек.

А.Қ. Мошқаловтың тұжырымы бойынша, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану барысында кері байланыстың көмегімен оқытуды бақылаудың көп нұсқасын ұйымдастыруға болады – тестілерді жылдам бақылау, қашықтан оқыту жағдайында дәріс алушы электронды пошта арқылы жауап бергенде. Кері байланыс негізінде «дәріс алушы – компьютер» сұхбатында компьютерді пайдаланушының әрекетіне деген кері жауабы қалыптасады. Интербелсенді сұхбатта ақпаратты мультимодальды ұсыну нәтижесінде оқу-танымдық және сөйлеу-ойлау іс-әрекеті жандана түседі [9, 48 б.].

Э.Уайдуллақызы, ақпараттық технологияларды пайдаланудың мүмкіндіктерін – білім беру мазмұнын таңдаудың әдістемесі мен стратегиясын жетілдіру, оқытудың тиімділігін арттыру, кәсіби дайындық үдерісінде өзара әрекеттесудің жаңа формаларын ұйымдастыру, білім беруші мен білім алушының іс-әрекеттерінің мазмұны мен сипатын өзгерту, білім беру жүйесін басқаруды жаңарту және кері байланысты орната білу, – деп айқындайды [10, 63 б.]. Біз авторлардың тұжырымына қосыла отырып, бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, АКТ арқылы оқушылардың іс-әрекетіне кері байланыс орнатуды әр түрлі жағдайда жаңартылған білім мазмұны аясында әзірленген оқулықтардағы оқылым, тыңдалым, айтылым және жазылым дағдыларын қалыптастыру кезеңдерінде жүзеге асыруға болады, – деп есептейміз. Себебі, қазіргі кезде АКТ – білім алуды дұрыс ұйымдастырудың құралы болып табылады. Бастауыш сыныптағы оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы оқушылардың оқу рефлексиясын дамытуға негіз болатын бірнеше рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмалар, оларды жүзеге асырудың түрлі әдістері мен тәсілдері бар. Жаңартылған білім мазмұны аясында тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым дағдылары оқу мақсатына жетудің құралы. АКТ негізінде оқушылардың оқу рефлексиясын дамыту оқулық пен жұмыс дәптерлеріндегі тыңдалым, оқылым, айтылым және жазылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырмалар негізінде жүзеге асырылады.

К.Т. Мулдабекованың пайымдайынша, тыңдалым – «аудирование» деген терминнің білдіретін мағынасы – «Есту арқылы түсіну». Бұл термин айтылған не техникалық аппараттарға жазылған аудиомәтіндегі сөздерді, сөйлемдерді тыңдай білудің нәтижесінде қабылдау және түсіну деген ұғымды білдіреді [11, 88 б.]. Демек, бастауыш мектептегі оқу үдерісінде қолданылатын АКТ негізінде тыңдалым материалдарын жоғары деңгейде меңгеру тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну, мазмұндау, негізгі ойды анықтау, оқиғаны болжау, түрлі жағдайларда тілдік нормаларды дұрыс қолдану, өз пікірін білдіріп, ой қорыту жасау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Ал, бұл дағдыларды дамыту әр түрлі рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмалардың көмегімен жүзеге асады. Мысалы, 1-суретке сәйкес «Саут ашу» оқулығының 1-бөліміндегі 8-ші сабақта АКТ негізінде оқушылардың оқу рефлексиясын тыңдалым материалдары арқылы дамытуға бағытталған төмендегідей тапсырмалар берілген [12, 11 б.].

Сурет 1. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар негізінде оқушылардың оқу рефлексиясын тыңдалым материалдары арқылы дамыту

1. Ертегіні мұқият тыңда.


Бір Тышқан нан дүкеніне кіреді. Сөреде жаңа піскен бөлкелер үйіліп тұр екен. Тышқан шеткі бір бөлкені кеміре бастайды. Осы кезде күзетші келіп қалады. Тышқан зып беріп тысқа шығады. Бірақ алысқа ұзамайды. «Апырай, қайдан шықты екен осыншама нан?! Біліп алып, шыққан жеріне кірсем, ә!» деп қызығып кетеді. Тесіктен сақтана сығалайды.

– Нан, нан, сен қайдан шықтың? – дейді сыбырлап.

– Сатушыдан сұра, – дейді нан.

Мұхамеджан Етекбаев

2. Ары қарай не болғанын суреттердің көмегімен болжап көр.



• Комбайншы не деуі мүмкін? Өз ойыңды топпен бөлісіп көр.


Оқулықта берілген 1-тапсырма бойынша мұғалім оқушылардың назарын аудио ұнтаспадағы ертегіні тыңдауға аударады. Мұғалім 2-тапсырма бойынша оқушылардың тыңдаған ертегісінің желісіне сүйене отырып, негізгі ойды анықтатады. Игерген білімдеріне рефлексия жасату мақсатында оқулықта берілген мнемокестегі суреттердің көмегімен ертегіні ары қарай болжату жұмыстарын топтық жұмыс түрінде ұйымдастырады. Оқушылар тілдік нормаларды дұрыс қолданып, суреттердің көмегімен ертегіде ары қарай не болатынын болжап, ой қорытынды жасайды. Ары қарай «Автор орындығы» стратегиясы қолданылады. Оқушылар жұмыстарын топта жариялап, тыңдалған материал бойынша пікір білдіру арқылы өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасайды.

АКТ негізінде оқушылардың оқылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмаларға оқу түрлерін қолдану, оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну, мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу, мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну, түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты алу, мәтіндерге салыстырмалы талдау жасату жатады.

Демек, оқушылар аудио жазбадағы тыңдалым материалдарын зейін қойып тыңдап, оқулықтағы немесе мұғалім ұсынған рефлексиялық тапсырмаларды орындау арқылы, өз іс-әрекеттеріне ой қорыту жасайды. Бұндай рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмалар жүйесі ақпараттық құралдар арқылы тыңдатылып, іздену және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға негізделеді. Олар әр түрлі әдіс-әсілдер арқылы жүзеге асады. Оқушылар оқулықта берілген рефлексиялық жаттығулармен тапсырмаларды орындау барысында өзін өзі дамытады. Ішкі мүмкіндіктерін жетілдіре отырып іздену жұмыстарын жүргізеді. Өзін өзі бағыттап, өз іс-әрекеттеріне талдау жасап, ой қорыту арқылы өзін өзі бағалайды. Бұл өз кезегінде оқушылардың оқу рефлексиясын дамытуға түрткі болады.

Бастауыш сыныптағы АКТ арқылы жүзеге асатын материалдар диалог, әңгімелер, қысқа қойылым және қысқа метражды фильмдер, тестік тапсырмалар түрінде де көрініс табады. Мысалы, «Пирамида», «Стоп кадр» стратегиялары да АКТ негізінде оқушылардың оқу рефлексиясын дамытуға негізделген. «Стоп кадр» стратегиясы арқылы оқу материалдарының мазмұнын ашатын кез келген ертегі, фильмдерді монтаждау арқылы оқушыларға үзінділер көрсетіледі. Ары қарай не болуы мүмкін екендігін оқушылар болжайды. Сыныпта, топта талқылаулар жасау арқылы, өзін өзі дамытады, жетілдіреді, бағыттайды, бағалайды. «Пирамида» стратегиясы негізінде оқушыларға аудио ұнтаспадан мәтін тыңдатылып, стратегия мазмұнына құрылған қадамдар бойынша іздену жұмыстарын жүргізуге, сол арқылы мәтіндегі негізі ойды түсініп, ой қорыту жасауға үйретеді.

Тестік тапсырмалар рефлексиялық жаттығулардың бір түрі болып табылады. Оны АКТ арқылы оқу сабақтарында қолдану уақытты үнемдеп, оқушылардың сабақтан игерген білімдерінің деңгейіне бақылау жасауына ықпал етеді. Бастауыш мектептегі АКТ негізінде қолданылатын тест түрлеріне: баламалы, дұрыс тізбекті орнату, сәйкестендіру және дұрыс жауабын таңдау тестерін жатқызуға болады. Бұл тапсырмалады АКТ негізінде жасалатын «easyQuizzy» тест құрастырушыларының үлгісімен жүзеге асыру өте тиімді. 2-суретте мысал ретінде сәйкестендіру тестінің үлгісі берілген.



Сурет 2. Сәйкестендіру тесті.

Қорыта келе, болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін АКТ негізінде оқушылардың оқу рефлексиясын дамытуға даярлауда оқу мен оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдерді оқушылардың физиологиялық, психологиялық, педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып іріктей алуға үйретуіміз керек. Ал, АКТ негізінде оқушылардың оқу рефлексиясын дамытуда төмендегідей мүмкіндіктерге қол жеткізуге болады:

- түрлі ақпараттық, бейнелік, дыбыстық, нұсқаулық үлгіде берілген рефлексиялық жаттығулар мен тапсырмалар арқылы оқушының білімі жан-жақты жетіліп, дамиды;
- өздігінен жұмыс жасауға ұсынылған рефлексиялық тапсырмалар мен жаттығуларды орындау арқылы ойлау, есте сақтау, өз іс әрекетіне талдау, ой қорытынды жасау, баға беру сынды сапалық қасиеттері дамиды;
- өз ойын сызба, сурет, кескіндеме, кесте, графиктік модельдер түрінде жеткізе алады;
- оқу рефлексиясын дамытуға бағытталған түрлі деңгейдегі тест тапсырмаларын орындау арқылы оқушы өзінің игерген білімін тексереді.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары туралы ҚР Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы №922 Жарлығы [Мәтін]//<http://adilet.zan>.
- 2 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы "Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, Бір мүдде, Бір болашақ" [Мәтін] // Егемен Қазақстан. - 2014. - 18 қаңтар. - С. 1-3
- 3 Кеңесбаев С.М. Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білуге даярлаудың педагогикалық негіздері [Мәтін]// пед. ғыл. докт. ... дис.: 13.00.08. – Түркістан, 2006. – 313 б.
- 4 Роберт И.В. Современные информационные технологии в образовании: дидактические проблемы, перспективы использования [Текст] // – М.: Школа-пресс, 1994. - 205 с.
- 5 Красильникова В.А. Использование информационных и коммуникационных технологий в образовании [Текст]: учебное пособие. – 2-и изд. перераб. и дополн. – Оренбург: ОГУ, 2012. - 291 с.
- 6 Берді Д.Қ. Болашақ жаратылыстану пәндері мұғалімін ақпараттық-телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға даярлау (химия мамандығы материалында) // филос. докт. (PhD) ғылыми дәрежесі ... дис. / Д.Қ.Берді; Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік ун-ті. – Түркістан, 2015. – 186 б.
- 7 Вульф В.З., В.И.Харкин. Педагогика рефлексии [Текст]//М.: NB Магистр, 1997. – 115.
- 8 Кенжебаева, Т. Б. Болашақ мұғалімдердің зияткерлік әлеуетін дамыту [мәтін]: филос. докт. (PhD) ғылыми дәрежесі ... дис. / Т.Б.Кенжебаева; Абай атын. Қаз.Ұлттық ун-ті. – Алматы, 2014. – 167 б.
- 9 Мошқалов А.Қ. Студенттердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану негізінде өзінің шығармашылықпен дамытуы [Мәтін]// филос. докт. (PhD) ғылыми дәрежесі ... дис. / А.Қ Мошқалов.; Абай атын. Қаз.Ұлттық ун-ті. – Алматы, 2013. – 138 б.

10 Уайдуллақызы Э. Бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру [Мәтін]// филос. докт. (PhD) ғылыми дәрежесі ... дис. / Э.Уайдуллақызы; Абай атын. Қаз.Ұлттық ун-ті. – Алматы, 2014. – 168 б.

11 Мулдабекова К.Т. Ақпараттық технологиялар арқылы болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру [Мәтін]// филос. докт. (PhD) ғылыми дәрежесі ... дис. / К.Т.Мулдабекова; Абай атын. Қаз.Ұлттық ун-ті. – Алматы, 2014. – 159 б.

12 Сауат ашу. 1-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық. ҚР Білім және ғылым министрлігі ұсынған./Ә.Е.Жұмабаева, Г.И. Уайсова, Г.Т. Сәдуақас, М.Н. Оспанбекова. – Алматы: Атамұра, 2016. – 128 б.

УДК 372.87

МРНТИ 14.25.09

К.Г. Гаркуша¹, С.А. Одинцова²

¹к.п.н., доцент кафедры социальной работы и социальной педагогики,

²к.п.н., доцент кафедры педагогики и методики начального обучения

^{1,2}Қарагандинский государственный университет имени академика Е.А. Букетова,
г. Караганда, Казахстан

УРОК МУЗЫКИ В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ: ТРАДИЦИИ И ИННОВАЦИИ

Аннотация

В статье рассматриваются проблемы организации урока музыки в начальной школе на основе взаимодействия традиционных и инновационных подходов. Раскрываются специфика урока музыки как урока искусства, его типы, виды, структура, композиция. Авторы акцентируют внимание на художественной драматургии урока музыки как цельной динамичной композиции в единстве таких элементов, как: завязка, развитие и ход решения проблемы, кульминация, развязка. Особое внимание уделено проектированию урока музыки, упорядочивающему деятельность учителя и учащихся, предоставляющему возможность гибкости и вариативности построения урока, ориентированному на конечный результат. Соблюдение иерархии в планировании дает возможность учителю видеть цель конкретного урока во взаимосвязи с целями преподавания предмета «Музыка» в целом. Дана характеристика конспекта (сценария) урока, в котором излагается содержание и ход урока, виды совместной деятельности учителя и учащихся, рефлексия урока, фрагменты речи учителя или полный текстовый материал. Дается характеристика оборудования урока музыки, отвечающего современным требованиям; приведены примеры интерфейсов компьютерных программ, используемых на уроке музыки. Особое внимание уделено видам оценивания результатов учебной деятельности младших школьников.

Ключевые слова: урок музыки, типы уроков музыки, композиция урока музыки, структура урока музыки, драматургия урока музыки, проектирование урока музыки, планирование урока музыки, конспект урока, оборудование урока музыки, виды оценивания на уроке музыки.

Аңдатпа

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ МУЗЫКА ПӘНІ: ДӘСТҮРЛЕР ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР

К.Г. Гаркуша¹, С.А. Одинцова²

^{1,2} п.ғ.к., доцент, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қарағанды қ., Қазақстан

Мақалада бастауыш мектепте музыка пәнін дәстүрлі және инновациялық тәсілдемелердің өзара әрекеті негізінде ұйымдастыру мәселелері қарастырылады. Авторлар музыка сабағының көркем драматургиясына біртұтас динамикалық композиция ретінде келесі элементтердің бірлігінде ерекше көңіл бөледі: басталуы, мәселенің дамуы және шешу жолы, шарықтауы, шешілуі. Нәтижеге бағытталған сабақты құрудағы оралымдылық пен вариативтілікке мүмкіндік беретіндей, оқушы мен мұғалімнің іс - әрекетін реттейтін музыка пәнін жобалауға басты көңіл бөлінген. Жоспарлаудағы иерархияны сақтау мұғалімге нақты сабақтың мақсатын «Музыка» пәнін оқыту мақсатымен өзара байланыста толық көруге мүмкіндік береді. Сабақ жоспарына (сценарий) сипаттама берілген, онда сабақ мазмұны мен барысы, мұғалім мен оқушының бірлескен іс – әрекет түрлері, сабақ рефлексиясы, мұғалім сөзінің үзінділері немесе толық мәтіндік материалдар баяндалған. Қазіргі музыка сабағының жабдықталуына сипаттама беріледі. Музыка сабағында оқушылардың оқу іс-әрекеті нәтижелерін бағалау түрлеріне ерекше көңіл бөлінеді; музыка сабағында қолданылатын компьютерлік бағдарламалар интерфейстеріне мысалдар келтірілген. Төменгі сынып оқушыларының оқу әрекеттерінің нәтижелерін бағалау түрлеріне ерекше назар аударылған.

Түйін сөздер: музыка сабағы, музыка сабағының типтері, музыка сабағының композициясы, музыка сабағының құрылымы, музыка сабағының драматургиясы, музыка сабағын жобалау, музыка сабағын жоспарлау, сабақ конспектісі, музыка сабағының құрал-жабдықтары, музыка сабағындағы бағалау түрлері.

Abstract

A MUSIC LESSON IN ELEMENTARY SCHOOL: TRADITIONS AND INNOVATIONS

Garkusha K.G.¹, Odintsova S.A.²

^{1,2} *c.p.s., associate professor Buketov Karaganda State University,
Karagandy, Kazakhstan*

The article defines the problems of organizing of a music lesson in primary school based on the interaction of traditional and innovative approaches, describes specificity of a music lesson as a lesson of art, its types, kinds, structure and composition. The authors emphasize the artistic drama of a music lesson as a whole dynamic composition in the unity of elements such as: setup, movement, progress of solving the problem, culmination and denouement. The attention is focused on design of a music lesson, organizing teacher's and students' activity. This allows the lesson to be flexible and variable with guaranteed result. Observance of the hierarchy in planning gives teacher the opportunity to see the purpose of a particular lesson in a direct correlation with the goals of teaching "Music" module as a whole. The article considers the characteristic of the lesson synopsis (scenario), which presents content and a lesson plan, types of synergy between a teacher and students, reflection, fragments of the teacher's speech or full-text material of the lesson. The researchers describe the equipment of a music lesson, meeting the modern requirements; give examples of the computer programs interfaces, using at a music lesson and pay attention to the types of assessment results of students' learning activities.

Key words: a music lesson, types of music lessons, composition of a music lesson, structure of a music lesson, drama of a music lesson, design of a music lesson, planning of a music lesson, synopsis of the lesson, equipment of a music lesson, types of assessment at a music lesson.

Сегодня, в условиях модернизации социально-экономической жизни страны, вся система образования ориентирована на создание условий, способствующих развитию личности на основе национальных и общечеловеческих ценностей, достижений науки и практики [1], формированию физически и духовно развитого гражданина Республики Казахстан, развитие конкурентоспособного человеческого капитала [2]. Все это требует новых подходов к содержанию образовательного процесса, содержанию учебных программ, нацеленных на развитие способностей критического мышления и навыков самостоятельного поиска информации [3]. Обновленных подходов требует и организация учебного процесса, эффективно использующего новые педагогические и информационные технологии, отражающие уровень современной науки и практики, а также способствующие самостоятельному добыванию знаний, их обработке и применению в конкретных ситуациях.

Особого внимания требует современный урок музыки, который является частью целостного образовательного процесса в начальной школе. Его содержание ориентируется на стандарты школьного образования и реализуется на основе программы по музыке, определяющей путь и способы освоения содержания. Школьный урок содержит обязательные требования к уровню подготовки учащихся, это означает, что урок не должен стать только фактом встречи ребенка со знанием, его результатом должны стать изменения в самом ребенке.

На основе достижений современной дидактики можно заключить, что урок музыки – это такая форма организации педагогического процесса, при которой учитель в течение точно установленного времени руководит коллективной познавательной, музыкальной и иной деятельностью постоянной группы учащихся (класса) с учетом особенностей каждого из них, используя виды, средства и методы работы, создающие благоприятные условия для овладения всеми учащимися основами предмета «Музыка» непосредственно в процессе обучения, а также для воспитания и развития познавательных способностей и духовных сил школьников [4]. На уроке реализуются цели и задачи музыкального образования; обеспечивается освоение учащимися обязательного минимума содержания образовательной программы по музыке, предусмотренного государственным стандартом начального общего образования. Обеспечить достижение цели музыкального воспитания, ориентированной на формирование музыкальной культуры ребенка, возможно через непосредственное вовлечение его самого в этот процесс, т.е. в музыкальную деятельность.

Особенностью урока музыки является то, что он объединяет различные виды детской музыкальной деятельности (музыкальное восприятие, музыкальное исполнительство, музыкально-творческая деятельность, музыкально-познавательная деятельность), что требует выстраивания целостности урока как музыкально-педагогической композиции. В начальной школе содержание и построение урока музыки в значительной мере обусловлено тем, что учащиеся не могут длительное время заниматься одним и тем же в силу своих возрастных особенностей, следовательно, необходима смена видов музыкальной деятельности, интегрированных конкретной целью данного урока.

С точки зрения музыкальной дидактики существуют следующие типы уроков: урок введения в тему; урок углубления темы; урок обобщения темы. Данная классификация отражает различный характер и этапы усвоения учебного материала учащимися. Учитель должен четко осознавать, что процесс усвоения информации на эмоциональном уровне нуждается, как в яркости первоначального восприятия, так и в его дальнейшем закреплении, в том числе путем повторения, на основе которого возможно и расширение, и углубление полученных представлений, знаний, впечатлений, а так же потребность осмысления их на новом уровне. Определение учителем типа урока или сочетания нескольких типов на одном уроке – вопрос педагогической техники.

Педагоги-исследователи выделяют три формы организации учебной деятельности учащихся на уроке музыки в начальной школе:

1) индивидуальная работа – это самостоятельная учебная деятельность учащихся по выполнению задания, подобранного в соответствии с учебными возможностями каждого ученика (работа по карточкам, у доски, с учебником; заполнение таблицы; написание синквейна, эссе о музыке, картины, созвучных художественному образу музыкального произведения). Недостатком индивидуальной работы является то, что способствуя воспитанию самостоятельности учащихся, она ограничивает их общение между собой, стремление передавать свои знания одноклассникам;

2) групповая форма организации обучения – работа по группам (3-6 человек из числа учеников разного уровня) для решения конкретных учебных задач с одинаковым или дифференцированными заданиями. Групповая форма способствует эффективности усвоения учебного материала, благотворно влияет на взаимоотношения учащихся внутри группы, развивает личностные качества – инициативность, любознательность, коммуникабельность;

3) фронтальная форма организации учебной работы по одновременному выполнению одинакового, общего для всех задания в форме беседы, обсуждения, сравнения и т.д. От учителя требуется умение организовать работу всего класса, терпеливо выслушивать всех учащихся, тактично корректировать их ответы и т.д. Фронтальная работа позволяет установить доверительные отношения с классом, активизировать деятельность и познавательные интересы учащихся, но не учитывает индивидуальные особенности учащихся.

Урок музыки как дидактическая единица и основная форма музыкального обучения имеет свои специфические особенности, которые заключаются в следующем:

– урок музыки – это урок искусства, художественно-педагогический замысел (драматургия) которого раскрывается во взаимодействии субъектов образовательного процесса (действующих лиц) – музыка, учитель, учащиеся; реализация художественно-педагогического замысла происходит через интонационно-образное начало в рамках сквозного тематизма; осуществляется сотрудничество в восприятии, исполнении и сочинении музыки через создание на уроке ситуации размышлений, совместного поиска решений проблемных ситуаций;

– вариативность структуры урока музыки, которая определяется динамичностью процесса взаимодействия учителя и учащихся, обладающих индивидуальными особенностями личности проявляющих свои субъективные характеристики;

– учебно-познавательная деятельность учащихся эмоционально окрашена;

– уроку необходимо специальное оборудование, позволяющее продемонстрировать тембровое, жанровое разнообразие музыки, возможности инновационных технологий, специального программного обеспечения, а с другой стороны – способствующее созданию определенной эмоциональной атмосферы, необходимой для урока искусства;

– творческий характер выполнения классных и домашних заданий;

– интегрированном характере и наличии межпредметных связей внутри урока (изобразительное искусство, история, литература, познание мира, физическая культура).

Как педагогическая форма образовательного процесса урок музыки имеет свою композицию – особое построение, обусловленное его содержанием, характером, назначением, и во многом определяющее его восприятие. Структура урока музыки – то, из чего состоит урок, его строение (этапы, виды музыкальной деятельности, музыкальный материал). В дидактике сложилась традиционная структура урока, которая включает следующие этапы: организационный момент; повторение пройденного; объяснение новой темы; итог урока. Структура может изменяться в зависимости от содержания учебного материала, условий, подготовленности учащихся и др. Структура урока (рисунок 1) как организационное построение учебной работы имеет принципиальное значение, поскольку в значительной степени определяет эффективность обучения, его результативность.



Рисунок 1. Структура урока музыки

Творческий подход учителя к структуре урока делает ее гибкой, а урок интересным и неповторимым. Урок не всегда может проходить по продуманному, намеченному плану, т.к. совместная деятельность учителя и учащихся является живым процессом, который невозможно предусмотреть во всех деталях. Мастерство учителя заключается в умении перестроить урок на ходу в силу неожиданных обстоятельств, ситуаций и достичь цели урока в результате принятого решения и вариативности намеченной структуры.

Понимание урока музыки как урока искусства, имеющего свои специфические признаки и характеристики, позволяет исследователям сравнивать его с музыкальным произведением, театральным действием (спектаклем), строящемся по законам художественной драматургии, что нашло отражение в формулировании принципа художественно-педагогической драматургии урока музыки (Д.Б. Кабалевский, Л.М. Предтеченская, Т.А. Зятямина и др.). Особенность художественной драматургии основана на логике развития образа (образов), его восприятии, представлении, преобразовании и т.д. Урок музыки как художественно-педагогическое действие должен быть выстроен как цельная динамичная композиция в единстве таких драматургических элементов, как: завязка проблемы и действия; развитие и ход решения проблемы; кульминация как самая яркая точка урока, когда на максимально высоком эмоциональном напряжении учащиеся делают для себя неожиданные эстетические открытия; развязка, знаменующая разрешение проблемы и подведение итогов. В числе композиционных элементов урока музыки Т.А. Зятямина [5] называет еще два – пролог и эпилог как вводную и заключительную части, обрамляющие композицию и придающие ей тематическую целостность (рисунок 2).



Рисунок 2. Элементы художественной драматургии урока музыки

В качестве композиционного построения урока музыки как урока искусства предлагается также логика сонатной формы (Т.А. Зятямина) [5], схематично представленная на рисунке 3.




Рисунок 3. Композиция урока музыки в логике сонатной формы

В целом, композиция урока музыки как художественно-педагогическая форма его построения, способствует раскрытию содержания урока музыки от введения и погружения в тему, до ее обобщения.

Модернизация школьного образования, реформирование его целей, задач, содержания, актуализировали необходимость новых подходов к проектированию урока музыки, позволяющего обеспечить ориентированность на результативность, предоставляющего возможность гибкости и вариативности его построения. Педагогическое проектирование понимается как специфическая деятельность по созданию проекта, прототипа, прообраза предполагаемого или возможного объекта педагогической деятельности, его состояния, предшествующих воплощению задуманного в реальном образовательном процессе [6]. Проектирование урока музыки есть деятельность по предварительной разработке системы взаимодействия субъектов педагогического процесса – учителя и учащихся, – направленного на освоение (овладение) учебным материалом программы «Музыка» в соответствии с поставленной целью. Педагогическое проектирование позволяет упорядочить деятельность учителя и учащихся на основе разработанного плана действий.

В рамках обновления содержания среднего образования предусматриваются среднесрочные планы – серия последовательных уроков по предмету «Музыка», которые логично взаимосвязаны между собой и объединены общей тематикой, целями, задачами и ожидаемыми результатами обучения, а также краткосрочные планы, позволяющие спланировать один конкретный урок. Соблюдение иерархии в планировании, разработка среднесрочных и краткосрочных планов позволяет учителю видеть цель конкретного урока во взаимосвязи с целями преподавания предмета «Музыка» в целом.

План урока музыки находит свое продолжение в конспекте (сценарии) урока, который представляет собой подробное и полное изложение содержания и хода урока, отражающее совместную деятельность учителя и учащихся, и включает описание целей, этапов урока, содержания действий учителя и учащихся на каждом его этапе, ресурсы, домашнее задание, целевой и результативный итоги урока, рефлексию и общую оценку деятельности учащихся на уроке, а также фрагменты речи учителя или полный текстовый материал.

Особое значение в организации урока музыки отводится оборудованию, от качества, подготовки и умелого применения которого во многом зависит успешное проведение урока музыки. В оборудовании современного урока музыки входит:

- музыкальный инструмент, электронное фортепиано с возможностью многоканальной записи, синтезатор, например, «Yamaha», «Casio» и др.;
- технические средства – музыкальный центр, компьютер с комплектующими, ноутбуки для работы в группах, DVD проектор, видеокамера, фотоаппарат;
- программное обеспечение MovieMaker, Audacity;
- аудиотека (CD-диск, мини диск, сборник музыкальных произведений);
- народные и детские музыкальные инструменты;
- наглядные средства, наглядно-дидактические пособия.

На рисунке 4 даны примеры интерфейсов компьютерных программ, используемых уроке музыки.



Рисунок 4. Примеры интерфейсов компьютерных программ, используемых на уроке музыки

Основным средством измерения достижений и диагностики проблем обучения, осуществления обратной связи, оповещения участников образовательного процесса (учеников класса, учителей, родителей и государства) о состоянии, проблемах и достижениях образования является оценивание, которое понимается как процесс соотнесения результата деятельности или поведения воспитанника или хода самой деятельности с заранее заданными эталонами. В современном личностно-ориентированном образовании сформировались новые подходы к оцениванию результатов учебной деятельности, способствующие индивидуализации учебного процесса, повышению учебной мотивации и учебной самостоятельности учащихся, что реализуется в формативном и суммативном видах оценивания (рисунок 5).



Рисунок 5. Виды оценивания

Формативное оценивание определяет текущий уровень усвоения знаний и сформированности навыков учащихся в повседневной работе на уроке или дома, обеспечивает обратную связь между учителем и обучающимися, позволяет учащимся понимать, насколько правильно они выполняют задания в период изучения нового материала и достигают целей обучения. Эффективность формативного оценивания будет достигнута, если учитель четко сформулирует критерии оценивания в соответствии с целями обучения; составит задания согласно целям обучения и критериям оценивания, разработает дескрипторы к ним; обеспечит учащихся обратной связью.

Суммативное оценивание дополняет формативное посредством оценивания того, насколько эффективно учащиеся усвоили содержание и выработали навыки в соответствии с целями обучения в рамках определенного раздела/сквозной темы и четверти. Этот вид оценивания проводится по завершении определенного учебного периода (четверть, учебный год, уровень среднего образования) с выставлением баллов и оценок.

Важнейшая функция оценивания – поддерживать, стимулировать активность учащихся на уроке музыки.

Таким образом, современный урок музыки, эффективно внедряющий новые технологии, адаптированный под новые реалии, способен выступить той формой музыкального воспитания младших школьников, которая нацелена на индивидуальное развитие личности, творческую инициацию, выработку навыка самостоятельной навигации в информационном поле, формирование умения ставить и решать разнообразные социальные и профессиональные проблемы, воспитание подлинно свободной личности, способной самостоятельно мыслить, добывать и применять знания, быть открытой для новых контактов и культурных связей.

Список использованной литературы:

- 1 Закон РК «Об образовании» от 27.07.2007г. – Правовой справочник «Законодательство». – Астана: Издательство «Юрист», 2016.
- 2 Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2016-2019 годы. – Астана, 2016 год. – Әділет. Информационно-правовая система нормативных правовых актов Республики Казахстан. – URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000205> (дата обращения: 11.05.2017)
- 3 Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность. Послание Президента РК Н.А.Назарбаева народу Казахстана от 31 января 2017 г. – URL: <http://www.akorda.kz/> (дата обращения: 11.05.2017)
- 4 Одинцова С.А., Гаркуша К.Г. Методика музыкального воспитания в начальной школе: Учебное пособие. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2017. – 272 с.
- 5 Зятямина Т.А. Современный урок музыки: методика конструирования, сценарии проведения, тестовый контроль: Учеб.-метод. пособие. – М.: Глобус, 2007. – 170 с.
- 6 Коджаспирова Г.М., Коджаспиров А.Ю. Педагогический словарь: Для студ. высш. и сред. пед. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2000. – 176 с.

УДК 373.2.02
МРНТИ 14.23.09

А.Ж. Тұрысбаева¹

¹*п.ғ.м., оқытушы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
Алматы қаласы, Қазақстан*

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУ

Аңдатпа

Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адам өзінің оқу және жазу дағдыларын әлеуметтік ортада қарым-қатынас жасауда қолдана білу қабілеті, яғни адамға өзін қоршаған әлеуметтік ортамен қарым-қатынасқа түсуге мүмкіндік беретін және сол ортаға барынша тез әрі жайлылықпен бейімделуіне жағдай туғыза алатын сауаттылық деңгейі. Бұл деңгейде адам мәтіндерден өзіне қажетті ақпаратты, мәлім іріктеп алуы үшін және сондай ақпаратты басқаларға жеткізе алуы үшін қажетті болатын қабілеттер қалыптасады. Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады.

Түйін сөздер: функционалдық сауаттылық, TIMSS, халықаралық зерттеулер, оқу жетістіктері.

Аннотация

РАЗВИТИЕ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ

А.Ж. Тұрысбаева¹

¹*п.п.н., преподаватель, Казахский государственный женский педагогический университет
г. Алматы, Казахстан*

Функциональная грамотность – это способность человека вступать в отношения с внешней средой и максимально быстро адаптироваться и функционировать в ней. В частности, сюда входят способности свободно использовать навыки чтения и письма в целях получения информации из текста и в целях передачи такой информации в реальном общении, общении при помощи текстов и других сообщений. Функционально грамотная личность – это человек, ориентирующийся в мире и действующий в соответствии с общественными ценностями, ожиданиями и интересами. Основные признаки функционально грамотной личности: это человек самостоятельный, познающий и умеющий жить среди людей, обладающий определёнными качествами, которые авторы именуют общеучебными умениями или ключевыми компетенциями. Сущность функциональной грамотности состоит в способности личности самостоятельно осуществлять учебную деятельность и применять приобретенные знания, умения и навыки для решения жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, общения и социальных отношений.

Ключевые слова: функциональная грамотность, TIMSS, международные исследования, учебные достижения.

Abstract

DEVELOPMENT OF FUNCTIONAL LITERACY OF PUPILS

Turysbaeva A.¹

¹*m.p.s., teacher, Kazakh State Women's Teacher Training University
city of Almaty, Kazakhstan*

Functional literacy - a person's ability to enter into relations with the external environment and adapt as quickly as possible and to function in it. In particular, this includes the ability to freely use reading and writing skills in order to obtain information from the text and for the transfer of such information in real communication, communication by means of text and other messages. Functionally literate person - a person oriented toward the world and acting in accordance with social values, expectations and interests. The main features of the functional literacy of the person: a person independent, to know and able to live among people who have certain qualities, which the authors refer to general learning skills and key competencies. The essence of functional literacy is the ability to independently carry out the individual learning activities and apply the acquired knowledge and skills to deal with life problems in different spheres of human activity, communication and social relationships.

Key words: functional literacy, TIMSS, international Studies, academic achievements.

Заманауи педагогикалық ғылым мен іс-тәжірибе біздің түсінігімізде белгілі бір мақсатқа бағытталған, арнайы ұйымдастырылған, оның қызмет ету мен қалыптасу процесінің дамуын немесе оның түрлі элементтерін адекваттық басқару шешімдерін жинақталған ақпараттар мен педагогикалық болжам анализдерінің негізінде үздіксіз қадағалап отыратын мектеп жөнінде мәліметтер жинаудың дәстүрлі тәсілінен педагогикалық мониторингке өту қажеттілігімен алға қойылған.

Мемлекет басшысы қойған міндеттерді орындау үшін оқушының мүмкіндігін барынша аша алатын, оқушының қызығушылығын, икемділігі мен қабілеттілігін толықтай есепке алуға жағдай құра алатын жаратылыстану-математикалық бағыттағы білім беру бағдарламаларын іске асыратын мектептер жүйесін құру қажет. Алайда, білімді тексерудің өзі – кең ауқымды ұғым. Оған білімді тексеру жүйесі, тексеру жолы, әдіс-тәсілдері, талап-талғамдары, ұйымдастыру жолы, мазмұндық құрылымы және т.б. жатады.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарына сәйкес оқушылардың оқу жетістіктерін сырттай бағалау мен мониторингтеу ҰБТ және ОЖСБ рәсімдерімен қатар TIMSS, PISA және PIRLS халықаралық зерттеулеріне қатысу арқылы да жүргізіледі. Халықаралық зерттеулерге қатысу көптеген әлеуметтік-экономикалық және мәдени факторлар аясында еліміздің білім беру нәтижелерін тәуелсіз бағалауға мүмкіндік береді [1].

Бүгінгі таңда қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімделендіру мәселелері тұр, өйткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік пен интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етуде. Осыған байланысты еліміздің 4-сынып оқушыларының математикалық білім жетістіктерінің деңгейін анықтауға Қазақстан TIMSS халықаралық зерттеуіне қатысты.

TIMSS (Trends in International Mathematics and Science Study) – математикалық және жаратылыстану пәндерінен бағалау сапасы бойынша халықаралық зерттеу. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты 4 және 8 сынып оқушыларының математика мен жаратылыстану пәндері бойынша дайындық сапасын бағалау болып табылады. Әр төрт жыл сайын оқушылардың оқу жетістіктері, пәнге қызығушылықтары, мотивациясы бағаланады. Халықаралық тестілеумен бірге оқушылар, мұғалімдер және мектеп әкімшілігі арасында сауалнама жүргізіледі. 1995 жылдан бері бастау алатын TIMSS (Trends in Mathematics and Science Study) зерттеуінің негізгі мақсаты 4 сынып оқушыларының математика мен жаратылыстану пәндері бойынша оқу жетістіктерін бағалау және басты мектепшілік және мектептен тыс білім детерминанттарын анықтау болып табылады.

Тұлғаның білім, білік және дағдылары негізінде әлеуметтік қатынастар жүйесінде ойдағыдай іс-әрекет ету, нақты мәдени ортада барынша тез бейімделу қабілеті ретінде анықталатын функционалдық сауаттылығы, сондай-ақ оқушылардың математикалық сауаттылығы білім беру нәтижелерін көрсету деңгейлерінің бірі болып табылады. Білім алушылардың білім және білік сапасының білімділік деңгейі білім беру жүйесі дамуының нәтижесі ретінде соңғы кездері мемлекеттен тәуелсіз халықаралық мониторингтік зерттеулерді анықтайды. Солардың бірі TIMSS халықаралық мониторингтік зерттеуі. Оған қоса, 1995 жылдан бері жүргізіліп келе жатқан халықаралық TIMSS зерттеуінің келесі кезеңі 2015 жылы өткізілетіні белгілі. Сол себепті бұл пәнді оқыту барысында оқушылардың математиканың өмірдегі орнын түсіну, білу; әр түрлі формада берілген сандық ақпаратты оқу, талдау; есептерді шығарудың ыңғайлы тәсілдерін табу, орындау, өзін-өзі тексеру, өмірмен байланыстыру; математикалық білімін өмірлік жағдаяттарда кездесетін түрлі мәселелерді шешуде еркін қолдану дағдыларын қалыптастыру басты мақсат болып табылады. Халықаралық TIMSS зерттеуі бойынша оқу жетістіктері бойынша алда келе жатқан кейбір елдердің 4-сынып оқушылары (мысалы, Оңтүстік Корея, Жапония, Сингапур, Қытай) математикадан өте жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген [2].

Зерттеудің негізгі әдіс-тәсілі – сауалнамалар жүргізу және тестілер алу. Оған бастауыш мектепті, яғни 4-сыныпты бітірген оқушылар қатысады. Халықаралық зерттеулермен оқушылардың математикалық сауаттылығының деңгейі білу (еске түсіру), қолдану (байланыстарды орнату), ойлау (пайымдау) деңгейлерімен анықталады.

Білу деңгейі бойынша оқушылардың терминдерді, сандарды қасиеттері бойынша суреттеу және есептеу; график пен кестеден мәліметтерді алу; құралдарды қолдану; классификациалау, математикалық объектілерді танып білу қабілеттері бағаланады.

Қолдану деңгейі бойынша нәтижелі шешу тәсілін таңдау; математикалық ақпаратты талдау және көрсету; модельдеу; тізбекке байланысты тапсырмаларды орындау; стандартты есептерді шешу қабілеттері бағаланады.

Ойлау деңгейі бойынша объектілердің арасындағы тәуелділікке талдау жасау; қорытындылау, әртүрлі шешу жолдарын синтездеу; дұрыс/бұрыс айтылғандарды дәлелдеу; стандартты емес есептерді шешу қабілеттері бағаланады [3].

TIMSS халықаралық салыстырмалы зерттеуіне қатысатын қазақстандық жалпы білім беретін мектеп оқушыларының математикалық сауаттылығының нәтижесін жақсарту және білім сапасын арттыру мақсатында математика сабағында меңгерген білім, біліктілігін тәжірибеде және күнделікті өмірде пайдалана білуге негізделген практикаға бағдарланған тапсырмаларды пайдалану ұсынылады.

Бұл тапсырмаларды әзірлеу және қолдану кезінде TIMSS халықаралық салыстырмалы зерттеулердің тапсырмаларының жүйесіне негіздеу керек. Осы тұрғыда мұғалімдерге көмек ретінде «PISA, TIMSS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың математикалық сауаттылықтарын дамыту» әдістемелік құралы әзірленді және ол Академияның сайтында орналастырылған (www.nao.kz). Бұл әдістемелік құралда TIMSS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың математикалық сауаттылығын дамыту бойынша әдістемелік ұсыныстар берілген. Оқушылардың білім жетістіктерін зерттеуде қолданылған тапсырмалардың үлгілері көрсетілген [4].

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру мақсатында келесі бағыттағы жұмыстарды орындау ұсынылады:

- оқытуды оқу материалын дидактикалық материалдар мен мультимедиялық ресурстарды пайдаланып игеруге бағыттап ұйымдастыру;
- түрлі ақпарат дерекнамаларымен: қосымша оқу және анықтамалық әдебиеттермен, мәліметтердің электрондық базасымен өздігінен жұмыс істеп үйренуді дамыту;
- диаграммалар, сызбанұсқалар, талдап жинақталған қорытынды кестелер құрастырып, оқу материалын суреттеп, сипаттап, салыстырып, талдап үйренуді қалыптастыру;
- оқытуды өмірмен, биологиялық процестермен, экологиялық аспектілермен байланыстыру және салауатты өмір салтын сақтау;
- зертханалық тәжірибелерді, практикалық жұмыстарды және зерттеу жобаларын, шығармашылық тапсырмаларды өздігінен орындауды ұйымдастыру;
- оқыту процесінде аймақтық құрамдас бөліктерді пайдалану, жергілікті флора мен фаунаны сақтау;
- оқушылардың сөздік және терминологиялық қорын байыту үшін жүйелі жұмыстар жүргізу, қажетті дәлелдемелер жүргізу, қорытынды жасау және жалпылама қорыту.

Сонымен қатар, оқушылардың ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын дамыту аясында биологиялық білімді өмірлік тәжірибеде, оқу және оқудан тыс әртүрлі жағдаяттарда қолдана білу біліктілігін қалыптастыруға бағытталған практикалық тапсырмаларды сабақта пайдалану ұсынылады. Бұл тапсырмаларды әзірлеу және сабақта пайдалану барысында PISA, TIMSS халықаралық салыстырмалы зерттеулерінің тапсырмаларына сүйену қажет [5].

Тақырыптар бойынша жасақталған деңгейлік тапсырмалар жүйесі оқушының ойлауын, елестету мен есте сақтау белсенділігін, дағдысын, білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді. Оқушы мен мұғалімнің белсенді шығармашылық қызметін дамытумен қатар, оқушыларға өз білімін жаңа амалмен бағалауға мүмкіндік береді. Барлық оқушы өз қызметін ең төменгі деңгейдегі тапсырмаларды орындаудан бастайды да, оларды міндетті түрде толық орындап болғаннан кейін келесі деңгейге көшіріп отырады. Бұл оқушылар арасында жарысу жағдайын туғызды және әр оқушының мемлекеттік стандарт деңгейінде (1-деңгейдің тапсырмаларын міндетті түрде толық орындаған кезде) білім алуына кепілдік береді, сонымен қатар, әр оқушының өз қабілетіне, қызметіне сәйкес жоғарғы деңгейге (2-3 деңгей) көтерілуін толық жағдай жасайды. Аталған жаңа бағалау әдісі әр оқушының дамуын қадағалайтын педагогикалық мониторинг құруына мүмкіндік береді. Ол үшін сабақтың соңында жиналған ұпайларына сәйкес нүктені оқушы өзі сынып журналына қойып отыруға болады. Бұл жағдайда әр бала тақырып бойынша бағаланады және ұстазға, сабақтан төмен оқушыларға қажет тақырыптарды анықтауына мүмкіндік әр оқу моделінің соңында деңгейлік қорытынды өздік жұмыстары мен бақылау жұмыстырының тапсырмалары беріледі. Өздік жұмыстарға арналған тапсырмалар бойынша нөмірлеген; мұндағы бірінші сан тапсырма ретін, ал екінші-үшінші сан тапсырманың деңгейін, яғни әр тапсырма үш деңгейлікте берілген:

- 1) дайын күйінде;
- 2) біршама өзгерген күйде;
Қазіргі кезде мектептерде еңбекке баулудан түрлі бұйымдар жасатып, оқушылардың шығармашылық көрмесін ұйымдастыруға болады. Оның бәрі мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Макаронның түрлерін жиып алып, қатырма қағаздың бетіне гүлдің, күннің, ағаштың т.б. бейнесін келтіре отырып қағаз бетіне жапсыру арқылы түрлі композициялар шығаруға болады. Сосын оның бетін түсті лак, бояулармен сырлар әшекейлеуге болады. Бұл әрекеттерді орындай отырып, оқушылардың ой-өрісі, эстетикалық талғамы дамып, шығармашылығы қалыптасады. Сонымен қатар өз бетінше еңбек етуге, кез-келген жерде дұрыс шешім қабылдай білуге және рухани-адамгершілікке тәрбиелейді.

Жібек лентамен тігуді үйретудің басты мақсаты оқушылардың өзіне-өзі қызмет ету іс-әрекетіне баулу болып табылады. Мәселен оқушы ескі киімін өздігінен түрлі - түсті лентамен композиция тігіп соңғы үлгідегі киімге айналдыруына болады, немесе жамау жамаған кезде жыртылған жердің орнына лентадан гүл шоғын, ертегі кейіпкерлерін т.б. шығармашылығына байланысты әдемілеуге болады. Сондай-ақ, жібек лентамен картиналардың айналасын, қол сөмке, сүлгілерді әсемдеп, әшекейлей отырып жасуға болады. Мұндай көркем еңбек іс-әрекеті оқушылардың эстетикалық талғамын оятып, еңбек іс-іс-әрекетін жалықпай орындауға қызығушылығын оятады. Сондықтан, оқушыны бастауыш сыныптан бастап, жағымды әрі пайдалы іспен шұғылдандуы біздің басты міндетімізге айналуы тиіс деп есептейміз.

Карвинг ағылшын тілінен кескінделген өрнек немесе кесу жұмыстары дегенді білдіреді. Біздің мәселеміз аспаздық мектебіндегі кескіндеме жұмыстар. Ол жеміс-жидек, көкөністерді кесу арқылы әр қилы композиция құрастыруға болады. Карвинг – дастарханның сәнін келтіріп адамның тамаққа тәбетін ашады. Карвинг – бұл тұтастай қызықты да қиын өнер. Ол Ежелгі шығыс елдерінен келген өнердің бір түрі. Қазіргі кезде Оңтүстік Корей елінде бұл өнермен мейрамхана, асханаларының асапазшылары осы өнермен айналысады. Карвинг өнері ересектерге қандай қызықты еңбек іс-әрекеті болса, балаларға да сондай қызыға жасайтын еңбек іс-әрекетінің бір түрі болып табылады. Карвинг өнерінен ас қабақ, қауын, қарбыз, сәбіз, алма, қызылша, редиска, қалқаннан түрлі жан-жануарларды, гүл шоқтарын бейнелейтін композиция істеп шығаруға болады. Ол мерекенің түріне байланысты түрлендіріліп отырады. Мұндай іс-іс-әрекеті біздің еңбекке баулу сабағындағы тұрмыстық-шарушылық бөлімінде жасалатын жұмыстарға жатқызуға болады. Әрине, бұл қиын өнер. Бірақ біз оқушылардың жас ерекшеліктері мен икемділіктеріне байланысты іс-әрекетті жүзеге асыра аламыз. Жеміс-жидектерді кесу үшін арнайы пышағы болады.

Оқушылардың көркем еңбек іс-әрекеті арқылы шығармашылығын қалыптастыруда үйірме жұмыстарының алатын орны екерше. «Жас шеберлер» үйірмесінде оқушылартабиғи материалдармен жұмыстар жасап өз қолдарынан шыққан жаңа бұйымдарды жалпы мектепшілік көрмеге қояды. Сондай-ақ топтар арасында, сынып арасында еңбек мерекелеріне қатысты сайыстар ұйымдастырылып, оқушылар өз шығармашылығынан туған бұйымдарын көрсетеді. Ал «Әжелер мектебі» үйірмесінен оқушылар ұршық үйіріп, жүн түтуді, ұлттық ою-өрнектерді пайдалана отырып, пэчворк дайындайды. Кілем тоқу арқылы ата-салтымыздың ұмытылып бара жатқан дәстүрін қайта жаңғыртуға өз үлестерін

қосады. Сонымен қатар оқушыларды топсаяхатқа шығаруға болады. Жоспар бойынша мәдениет үйлерін, еңбек шеберханаларына, ұлтық және орталық мұражайларға алып баруға болады.

Аталмыш көркем еңбек іс-әрекеті біріншіден, оқушылардың жас және дербес ерекшеліктерімен санаса отырып іріктеліп беріледі. Екіншіден, міндетті түрде санитарлық-гигиеналық талаптар мен қауіпсіздік ережелерді сақтау әрбір сабақта басында ескеріліп отырады. Үшіншіден оқушылардың бос уақытын өздігінен ұйымдастыруға көмектеседі. Осы еңбек әрекеттерін орындату арқылы бастауыш сынып оқушыларының шығармашылығын қалыптастыруға мүмкіндік болады деп есептейміз. Көркем еңбек іс-әрекеті арқылы шығармашылықтың қалыптасуы дегеніміз – оқушының ойлау белсенділігі негізінде идеяның пайда болуы, оның шешілуі, оның логикалық дамуы, көркем еңбек іс-әрекетінде тиімді әдістерді қолдануы, нәтиженің нақты көрінуі, нәтижеге жетудегі табандылық, коммуникативтік қабілеттерін т.б. қамтитын сапалық көрсеткіштері деген анықтама берілді.

Қорыта келе, бастауыш сынып оқушыларының көркем еңбек іс-әрекеті арқылы шығармашылығын қалыптастыру еңбек үдерісінде жүзеге асады. Бұл мұғалімінен іскерлікті, кәсіби шеберлікті, сондай-ақ, қарым-қатынастық құзыреттілікті талап етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Қазақстан Республикасының 2011-2020 білім берутұжырымдамасы. – Алматы.: Егемен Қазақстан басылымы, 2016.
- 2 Асилбаева Ф.Б. Бастауыш сынып оқушыларының көркем еңбек іс-әрекеті арқылы шығармашылығын қалыптастыру. // Кандидаттық диссертация. – Алматы, 2011.
- 3 Тұрғынбаева Б.А Біліктілікті арттыру жүйесінде мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту. Док.дис. Қ.Р. – Алматы, 2006.
- 4 Бастауыш сынып оқушыларының еңбек және бейнелеу іс-әрекетінде шығармашылығын қалыптастыру. Оқу құралы. – Алматы.: Қыздар университеті, 2014.

УДК: 373.1
МРНТИ 14.25.01

Ищанова Г.Е.¹, Кулбатырова Ж.К.²

¹аға оқытушы

²магистр, аға оқытушы

Х.Досмухамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ. Қазақстан.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫНДА ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада бастауыш сынып оқушыларының өзіндік жұмыстарында танымдық белсенділігін арттырудың жолдары қарастырылған. Оқушылардың оқудағы танымдық белсенділігін қалыптастыру проблемаларын тәжірибеде шешудің мынадай жолдары мысалдармен атап көрсетіледі. 1) танымдық іс-әрекеттің дербестігін қалыптастыратын өзіндік жұмысты ұйымдастыру мен оқу міндеттерін іріктеп алу арқылы; 2) танымдық іс-әрекеттің тәсілдерін қалыптастыру арқылы; 3) іс-әрекеттің бағытталуының негізін құрайтын жалпылама білімдерді енгізу арқылы; 4) оқытуға әдістемелік білімдер элементтерін енгізу арқылы; 5) оқу іс-әрекетін өздігінше бақылауды дамыту арқылы.

Тапсырманы шешудің жаңа жолдарын іздестіру, меңгерген білімді жүйеге келтіру оқушылардың білімін икемді етеді және бір жерге жұмылдыра, шоғырландыра түседі, өздігінен білім алу қажеттілігін, іскерлігін және дағдысын қалыптастырады. Өзіндік жұмыстар негізінде бастауыш сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру дегеніміз – субъективті және объективті маңызы бар нәтижелерге саналы түрде өздігінен жете білуге үйрену процесіне деген пәрменді қатынас яғни рефлексивті әрекетке түсе алатын, сонымен қатар білімдерді меңгеруі және өзінің пікірін дәлелдеуде, өзін өзі жүзеге асыратын, оны кез келген жағдайда қолдану құзыреттілігі.

Дидактикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыс білімді тереңдетуге, толықтыруға, дағды мен іскерлікті қалыптастыруға, танымдық әрекетке қызығушылықты туғызуға, оқушының танымдық белсенділігін арттыруына мүмкіндік беретіндігі анықталған.

Түйін сөздер: Бастауыш сынып, өзіндік жұмыс, таным, белсенділік, ақпарат, кеңістік, білім, дағды.

Аннотация

ПУТИ РАЗВИТИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ УЧЕНИКОВ НАЧАЛЬНЫХ КЛАССОВ ПОСРЕДСТВОМ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ

Ишчанова Г.Е.¹, Кулбатырова Ж.К.²

¹старший преподаватель

²магистр, старший преподаватель

Атырауский государственный университет имени Х.Досмухамедова

г. Атырау, Казахстан.

В статье рассмотрены вопросы развития познавательной активности учеников начальных классов посредством самостоятельной работы. Пути решения проблемы формирования познавательной активности учащихся в учебной деятельности отмечены практическими примерами: 1) организация самостоятельной работы и отбор учебных обязанностей формирующие познавательную активность; 2) пути формирования способов познавательных действий; 3) пути внесения общих знаний, составляющих основу направленности учебной деятельности; 4) внедрение в процесс обучения элементов методических знаний; 5) развитие самоконтроля за учебными действиями. Перестройка типов самостоятельной работы учащихся приводит их к тому, что они вынуждены в аналогичных условиях, опираясь на свои предыдущие знания, выполнять типовые задачи самостоятельно, анализировать факты и явления. Это помогает усваивать методы познавательной деятельности, создавая условия для развития мыслительной активности учащихся. И этот тип самостоятельной работы учащихся является основанием для формирования учебных навыков.

Поиск новых путей решения задачи, систематизация усвоенных знаний содействуют мобилизации, сконцентрированности ученика и приводят к развитию умений и навыков, осознованию необходимости самообразования. Развитие познавательной активности учащегося начального класса – это его отношение к достигнутым, субъективно и объективно значимым, результатам в своей познавательной деятельности, то есть, это его умение рефлексировать, доказывать свое мнение, компетентность реализовать себя в любой ситуации. Хотим отметить, что с дидактической стороны правильно организованная самостоятельная работа вызывает интерес к углублению и дополнению знаний, умений, навыков, формирует познавательную активность у школьника.

Ключевые слова: Начальный класс, самостоятельная работа, познание, активность, информация, пространство, образование, навык.

Abstract

THE DEVELOPMENT WAY OF PRIMARY SCHOOL PUPILS' INFORMATIVE ACTIVITY BY MEANS OF INDEPENDENT WORK

Ishchanova G.E.¹, Kulbatyrova Zh.K.²

¹senior Lecturer

²master, senior Lecturer

Kh. Dosmukhamedov Atyrau State University, Atyrau, Kazakhstan

The article discusses primary school students cognitive activity development through self-study. Ways to solve the problems of formation of informative activity of students in educational activity are marked by practical examples: 1) the organization of independent work of selection and training duties forming cognitive activity; 2) ways of forming methods of cognitive action; 3) ways of making general knowledge, form the basis of the direction of educational activity; 4) the introduction into the process of learning the elements of methodological knowledge; 5) The development of self-control of educational activities.

Restructuring types of independent work of students leads them to what they have in similar circumstances, based on their previous knowledge to perform routine tasks independently, analyze facts and phenomena. It helps to absorb the methods of cognitive activity, creating conditions for the development of mental activity of pupils. And this type of independent work of the students is the basis for the formation of learning skills. The search for new ways to solve problems, organize learned knowledge contribute to the mobilization, the student's concentration and lead to the development of skills, as well as to the need for self education. Development of informative activity of the initial class student - is his attitude toward reached subjectively and objectively meaningful results in their cognitive activity, that is, it is his ability to reflect on, to prove his opinion, competence to realize themselves in any situation. In conclusion, we note that a pedagogical side properly organized independent work is of interest to deepen and supplement knowledge, skills, forms a cognitive activity in schoolchildren.

Key words: primary classes, independent work, knowledge (cognition), activity, information, space, education, skill.

Қазіргі кезде елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне қадам басуда. Білім беру парадигмасының өзгеруін, білім мазмұны мен оны оқытудың әдіс – тәсілдерінің жаңаруы, оқытудың жаңа технологияларының оқу – тәрбие үдерісіне енуі мен жаңа көзқарас, қарым-қатынас пайда болып, білім берудің өзіндік ұлттық үлгісі қалыптасуы соның айғағы.

Оқытуға қойылатын мақсатқа жетудегі басты фактор тұлғаның белсенділігін арттыру проблемасына байланысты. Былайша айтқанда, тұлғаның жалпы дамуы, ақыл-ой жұмысына бейімділігі, оқыту принциптеріне байланысты білімнің мазмұнын, формасын, әдістерін менгерумен, сондай-ақ оқытудың стратегиялық бағдарына үйлесімділігін арттырып, олардың белсенділігін дамытып, берілетін

ақпараттың көлемін молайтумен қатар оған бақылауды жетілдіруді назарда ұстаумен де шарттас. Тұлғаның оқудағы белсенділік деңгейінің өрістеуінде оның логикалық дамуы да ескерілуге тиіс. Сондай-ақ, тұлғаның жеке басының өзіне ғана тән ерекшеліктерімен қатар оқуға деген ынтасы, мотиві айтарлықтай мәнге ие болады. Өзіндік жұмыстарды орындау белсенділігі күнделікті оқу іс-әрекетінде кездесетін міндеттерді шығармашылықпен орындай алу қабілеті болып табылады.

Қ.Жарықбаев бойынша, бастауыш сынып оқушысының практикалық іс-әрекетке белсенділігін арттыру 3 деңгейде қарастырылады. Қабылдау белсенділігі – оқушының ұғынудағы талпынысын сипаттайды және білімді қабылдауы, есте сақтауы, меңгеру тәсілдерін біліп, үлгіні тұтына алу тұрғысынан қарастырылады. Интерпретациялық белсенділік – шәкірттің оқылған материалдың мәнін ұғынып, ондағы білімдік түсінікті өзгерген жағдайға үйлесімді пайдалануымен және сол тәсілді жаңғыртып қолдана алуы тұрғысынан ескеріледі. Шығармашылық белсенділік - оқушының білімді теориялық жағынан ұғынуға ұмтылып, проблеманы шешуде өзіндік ізденіс танытып, танымдық қызығушылығын жетілдіріп өркендетеді. Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибелер дәлелдеген деректерге сүйенгенде шәкірттердің белсенділігі педагогикалық, психологиялық жағдайға тәуелді. Оқытудағы белсенділік тұлғаның ұстанған тәсіліне, өзін субъект ретінде көрсетуіне, өзіндік "мендік" әрекетіне де байланысты.

Нақты жағдаятты талдау - оқушының іс-әрекеттегі белсенділігін ұйымдастыруда мәні зор тиімді әдіс. Өмір менөндірістегі міндеттерден туындайтын нақты жағдаятты талдай алудың әдістерін игеру тұлғаның қабілетін дамытатын жол. Тұлға нақты жағдаятты кезіккенде алдымен мына мәселені айқындап алуы керек: осындай проблема бар ма, ол неліктен туып отыр және оған өзінің қарым-қатынасын белгілеуі қажет. Қазіргі зерттеулерде ситуация мәні мен түріне қарай проблемалық ситуация, ситуацияны бағалау, иллюстрациялық ситуация, жаттығу ситуациясы т.б. болып топтастырылуда.

М.Махмутов бойынша, проблемалық жағдаят (ситуация) – нақты өмірден жинақталған деректердегі шиеленіс. Әбден матаса шиеленіскен мәселені шешуге талаптанған адам оған бейне бір актерше қарап, ситуацияны шешудің өзіндік жолын ұсынады немесе мұны шешу мүмкін емес деген пайымдау жасайды.

Жағдаятты (ситуация) бағалау – оқиғаға байланысты мәселе талданып, ситуациадан шығудың жолы шешіліп қойған. Осыған дейінгі қабылданған шешімге жан-жақты мән беріп, сын көзбен қарай отырып баға беріледі. Болған оқиғаға байланысты айғақтарды талдап, дәлелдеп қорытынды жасайды. Тындаушылар мәселеге араласпай, тек сырттай бақылаушы дәрежесінде қала береді.

Иллюстрациялық (жағдаят) ситуация – тиісті тақырыпқа байланысты күрделі мәселені шешу үшін оқытушы тапсырған тапсырма бойынша жүргізіледі де, тиісті тұжырымдама бойынша жасалады. Әрине, мұнда өзінше пайымдама шығаруға мүмкіндік аздау болады. Өйткені келтіріліп отырған мысал, дерек жөніндегі жағдаятқа (ситуация) баға беріліп, айқындалып қойғандықтан оны басқаша шешудің қажеті де бола бермейді.

Жаттығу ситуациясы – оқушыға белгілі дәрежеде дағды қалыптастыру мақсатында жүргізіледі. Ситуация туғызған проблеманы шешуге байланысты шығарылған тұжырымдама жөнінде ойланып, оны зерттеу тұлғаға белгілі дәрежеде мәселеге әр жақты қарау дағдысын қалыптастырады. Бұл әдіс тиісті тәжірибені сараптап, одан қорытынды шығару дағдысына машықтандырады. Түрлі тәжірибе жинақтауға мүмкіндік береді.

Оқушылардың сабақта өз бетімен орындаған жұмысы сыныпта қандай формадағы болса да тексерілуі тиіс: мұғалім тапсырмасын орындауын қарап шығуы, уақыт бөлуі және өз бағасын айтып жақсы жұмыстарды атап көрсетіп табуға көмектесуі тиіс.

Арнайы және әдістемелік әдебиеттерді зерттей отырып, бастауыш сынып оқушыларының білім, білік, дағдыны жетік меңгеруіне ықпал ететін өзіндік жеке тапсырмалардың төмендегідей түрлері ұсынылды:

- өз қалауы бойынша орындайтын тапсырмалар. Оқушыларға бірнеше тапсырма түрлері ұсынылады. Оқушы қалауы бойынша біреуін, не бірнешеуін орындауға құқылы;
- вариантты (нұсқалы) тапсырмалар. Әр пәннің, оқу материалының ерекшелігіне, оқушылардың білім деңгейіне және алдыға қойған мақсатына қарай мұғалім вариантты тапсырмаларды әртүрлі қиындық дәрежеде құрастырады. Вариантты тапсырмаларды оқушылар өз қалауы бойынша тандап алады;
- оқушылар тобына берілетін тапсырмалар. Мұғалім әртүрлі деңгейлер бойынша оқушыларды топқа жіктеп, әр топтың мүмкіндігіне қарай жеке тапсырмалар береді;

- жеке тапсырмалар. Оқушының бағдарламалық материалды меңгеру барысында жіберген кемшіліктерін жоюға немесе оның қабілеті мен қызығушылығын жетілдіруге бағытталған тапсырмалар. Бұндай тапсырманы мұғалімнің өзі құрастырады;

- жұптық тапсырмалар. Жұптық тапсырмаларды әртүрлі бағытта беруге болады: үлгерім деңгейі әр түрлі екі оқушыға береді,

- яғни үлгерімі жоғары оқушы үлгерімі төмен оқушыға көмектесу мақсатын көздейді; қызығушылығы, мүмкіндігі бірдей екі оқушыға береді. Олар жұмысты бір-бірімен ақылдасып, бірігіп атқаруы мүмкін, не екеуі екі бөлек орындап, өз жұмыстарын бір-бірімен алыстыруы мүмкін. Дегенмен, оқушылардың дербес ерекшеліктерін ескере отырып, мүмкіндіктеріне қарай өзіндік жеке тапсырмалар беру арқылы оқыту үдерісін ұйымдастыруда белсенділікті арттыруды жүзеге асыруға болады [3].

Әдебиеттік оқу пәні бойынша құрастырылған өзіндік жұмыстардың түрлері мен жүйесін ұсынып отырмыз. Келесі де әдебиеттік оқу пәні бойынша тақырыптың аясында өзіндік тапсырмалар жүйесін құрастырдық. Мысалы:

Жеңіс Қашқынов «Ұнатам күзді мен».

Логикалық жаттығу:



- Күз айларын ата.
- Күз қай айда түседі?
- Суреттегі көрініс туралы не айтар едің?
- Күз мезгілі несімен ерекшеленеді?

Кілтi: Күз айлары: қыркүйек, қазан, қараша. Суреттегі көрініс қыркүйек айы. Осы айда біз мектепке барамыз.

Келесі тапсырма Жеңіс Қашқынов «Ұнатам күзді мен» ойын түрінде ұсынылды. Тапқырлық ойын: «Суырып салма ақын»

Мына тірек сөздерді қолдана отырып, ортамыздан суырыпсалма ақынды анықтайық. Тірек сөздер: далаға, тауға да, маужырап, алтындай.

Мұғалім	Оқушы
Күз келді	
Күз келді	
Күз келді	
Күз келді	

Аналитикалық жаттығу. Өлең құрастыр.
далаға,
ала.
түрленген,
мен.

Жеңіс Қашқынов «Ұнатам күзді мен» келесі танымдық тапсырма ұсынылды. Тірек сөздерді пайдалана отырып, сурет мазмұнын ашатын өлең құрастыр.



жүзім

алма

Аналитикалық жаттығу
Өлең құрастыр

.....жинаймыз,
.....саламыз.
.....сыйлаймыз,
.....аламыз.

Кілтi: Жүзім, алма жинаймыз,
Себеттерге саламыз.
Үлкендердi сыйлаймыз,
Көмектесе аламыз.

КелесiЖеңiс Қашқынов «Ұнатам күздi мен»тақырыбы бойынша шығармашылық тапсырма.
– Алманың қандай пайдасы бар?Өз шығармашылығыңменайтып бер.

Логогриф жасыру:

Алмада бар,
Алшада жоқ.
Алшада бар,
Алмада жоқ.

1 - сынып бойынша ана тiлi пәнінен дайындалған келесi өзіндік жұмыс тапсырмалар жүйесi

1. Мақалды аяқта, толықтырып жаз.

Гүл – жердiң ... ,

Қыз – елдiң

2. Мына сөздердi қатыстырып әңгіме құрастыр:

Күз, жаңбыр, жапсырақ, ағаш, құстар, бұлт, қайтты.

3. Сурет бойынша әңгіме құрастыр. Күзгi еңбек тақырыбына арналған сурет бойынша әңгіме құрастыру ұсынылды.

Ұсынылып отырған әдістеменің басты идеяларын жүзеге асырудың нәтижесі бастауыш сынып оқушыларының өзіндік жұмыстардың жүйесіне сәйкес белсенділік танытуында оның теориялық білімінің практикалық тапсырмаларды орындауда ұштастыруды бірлесе, топпен немесе жұппен талқылауға сүйене білуімен сипатталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Жарықбаев Қ. Психологиялық сөздік. – Алматы, 2010.

2 Махмұтов М.Мектепте проблемалап оқыту. – Алматы, 2000.

3 Амирова А.С.Оқу-тәрбие үдерісінде педагогикалық технологияларды пайдалану. – Алматы, 2011.

УДК 7.05
МРНТИ 14.25.09

Г.Ж. Кудасова¹, Ш.А. Мухангалиева²

^{1,2} Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің аға оқытушылары,
Ақтөбе қ, Қазақстан

ТЕХНОЛОГИЯ САБАҚТАРЫНДА ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Аңдатпа

Қазіргі жаңаша ойлау мен әлеуметтік-саяси өзгерістерге байланысты жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру ісі бүгінгі күннің өзекті мәселесінің біріне айналып отыр. Ұрпақтан-ұрпаққа ұласып ежелден келе жатқан халықтық қолданбалы өнердің озық үлгілері жеке тұлғаның қалыптасуына, дамуына, ұлттық тәрбиесіне ықпалын тигізері сөзсіз. Қазіргі кезде елімізде ұлттық құндылықтардың қайта өркендеуіне жол ашылды. Оған, Н.Ә. Назарбаевтың “Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде” атты еңбегінде: “Мәдени дәстүрлер қашанда әлеуметтік қайта түлеудің қайнар көзі болып келді. Қазақстанда ұлттық өнерді, мәдениетті дамытуға барынша қолдау жасалып отыр”, - деген сөзі осының айғағы.

Қолөнер бұйымдарын жасау барысында қазіргі жастарға берер тәлім-тәрбиесі, пайдасы өте мол, сонымен қатар эстетикалық тәрбие бере отырып, өз қолдарымен қажетті бұйымдар жасай білуге, шеберлікке, қолөнер шығармашылықтарын дамытады. Мектептегі технология сабақтарында қазақтың қолөнер арқылы оқушылардың көркемдік шығармашылық қабілетін, еңбек ете білудегі белсенділігін дамытады, ізгі қасиеттер қалыптастырады.

Ұлттық қолданбалы қолөнерді тәрбие құралы ретінде пайдалана білу барысында, халқымыздың үлгі-өнегесі, салт-дәстүрін ұрпақ санасына сіңіруде үлгі боларлықтай педагогикалық іскерлік, шеберлік, шығармашылықпенен еңбек ету қажет.

Түйін сөздер: «қолөнер», «шығармашылық», «шеберлік», «сәндік-қолданбалы өнер».

Аннотация

ЭСТЕТИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ ШКОЛЬНИКОВ ПОСРЕДСТВОМ НАЦИОНАЛЬНОГО ПРИКЛАДНОГО ИСКУССТВА НА УРОКАХ ТЕХНОЛОГИИ

Г.Ж.Кудасова¹, Ш.А.Мухангалиева²

^{1,2}Старшие преподаватели Актыубинского регионального государственного
университета им. К.Жубанова, г.Актобе, Казахстан

В связи с современным мышлением и социально-политическими изменениями одной из актуальных проблем на сегодняшний день является национальное воспитание подрастающего поколения. Испокон веков из поколения в поколение лучшие образцы народно-прикладного искусства влияли в становлении личности, развитии, влияние на национальное воспитание. В настоящее время идет расцвет национальных ценностей. Об этом говорится в трудах Н.А.Назарбаева «Будущее Казахстана в единстве идеи общества»: “культурные традиции всегда были источником социального возрождения. И Казахстан максимально создает поддержку развитию национального искусства и культуры”.

Прикладные изделия, созданные своими руками имеют большую пользу в развитии у современной молодежи мастерства, прикладного творчества, вместе с тем и эстетического воспитания. Посредством казахского искусства в школе на уроках технологии можно развивать творческие способности учащихся, любовь к труду, формируются хорошие качества. Использование национального прикладного искусства как средства привития к труду, мастерству, творчеству.

Ключевые слова: рукоделие, творчество, мастерство, декоративно-прикладное искусство.

Abstract

AESTHETIC EDUCATION OF SCHOOLCHILDREN THROUGH NATIONAL APPLIED ARTON LESSONS OF TECHNOLOGY

Kudassova G.Zh.¹, Mukhangalieva Sh.A.²

^{1,2}Senior teacher of the ARSUname after K.Zhubanov, Aktobe c., Kazakhstan

In connection with modern thinking and socio-political changes, one of the most actual problems today is the national upbringing of the younger generation. For centuries, from generation to generation the best examples of folk and applied art influenced the formation of personality, development, and influence on national upbringing. Now the national values are flourishing. This is stated in the works of N.A.Nazarbayev “The future of Kazakhstan in the unity of the society’s idea”. “cultural traditions have always been a source of social revival. ...And Kazakhstan maximally creates support for the development of national art and culture”. Applied products created with their own hands are of great benefit in the development of modern youth skills, applied creativity, and at the same time, aesthetic uplifting.

By means of Kazakh art in the school at the lessons of technology are developed the creative abilities of pupils, a love for work, are formed good qualities. Use of national applied art as a means of inculcation towards work, skill, creativity. Use of national applied art as a means of inculcation towards work, skill, creativity.

Key words: needlework, work, mastery, applied art, decoratively-applied art.

Технология сабағын халықтық педагогикалық ұштастырудың маңызы зор. Сапалы білім беру мен тәрбие жұмысын жүзеге асыруда мектептің тірегі ұстаздың біліктілігін, шеберлігін, әдістемелік даярлық жұмыстарын жетілдіру алдыңғы кезекті іс. Еңбек оқушылардың ең бірінші өмірлік қажетіне айналу үшін еңбектену талабын адамның бойында қалыптастырудың маңызы зор, себебі оқушы өзі ынта қойған еңбекпен шұғылданып, бейімділігі мен мүддесіне сай келетін және моральдық қанағат беретін іспен шұғылданған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Бұл міндеттерді шешу еңбекті дұрыс таңдап алумен аса тығыз байланысты.

Қазіргі кезде ұлттық қолөнерді жас ұрпақтың бойына дарытатын, үйрететін метептерде жүргізілетін технология пәні. Олай болса «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген халық даналығын басшылыққа алып, жас ұрпақты тәрбиелеуде, балаға эстетикалық білім беруде ғасырлар бойы қалыптасқан тәрбие құралдарын орнымен пайдалану бүгінгі күн үшін ерекше маңызды.

Қазіргі уақытта шеберлердің шығармаларын технология сабағында оқып, оларды зерттеп, жасалу жолдарымен танысып, білгендердің қолөнерін оқып өскен балалар бірте – бірте бұл өнердің қыр-сырын меңгеріп, өз бетімен өмір жолын бастағанға дейін айтарлықтай тәжірибе жинайды. Оқушыларға білім беру, қолын машықтандыру, еңбекке үйрету үрдістерінде ең алдымен өнерге қызығуы пайда болады. Іске машықтануы арқылы икем мен бейімділігі қалыптасып, шығармашылық немесе эстетикалық қабілеті артады, өз қиялы, өз идеясы пайда болады, шығармашылық ізденіс жетіледі, еңбек ету қабілеттері ашылады, шеберлік, іскерлік дағдылары қалыптасады. Осыған орай, сабақта болсын, үйірме жұмысында болсын оқушысының жеке қабілетінің дамуына аса көңіл бөлудіміз керек.

Өзге халықтар сияқты қазақтың да қолөнер шеберлігін үйретуде ерте заманнан бері жиып – терген мол тәжірибелері бар.

Қазақ халқы өнерлі халық болғандықтан, өнерін жоғалтпай өзінің ісін, өмірін жалғастыратын шеберлі өнерлі ұрпақ тәрбиелеп өсірген. Жастарды өнерге, шеберлікке үйрету, ұлттық тәрбие беру технология пән мұғалімдеріне жүктелген. Технология сабағында жұмысты түрлендіріп, оқушының көңіл-күйіне, ынтасына, қабілетіне қарай әр оқушымен жеке жұмыс ұйымдастыру арқылы пәнге деген қызығушылығын арттыру оқыту үрдісінде маңызды орын алу керек. Қыз баланы өз бетімен жұмыс істеуге және ұқыптылыққа, тағайындылыққа, төзімділікке, жинақылыққа тәрбиелеуге сабақта көп мүмкіндік бар [1].

Сабақ барасында қыздар мен ұлдарды өнерге баулудағы мақсаты – халқымыздың ежелден келе жатқан ұлттық өнерлерімен оқушыларды жеке таныстыру, шығармашылық жұмыстарында мұғалімнің көмегімен өнер түрін таңдау, ойлау қабілетін арттыруға көңіл аудару.

«Өнер - таусылмас қазына, жұтамас байлық» – дейді дана халқымыз. Қазақ қолөнеріне бай халық деп айтуға болады, оны атап айтсақ: құрақ құрау, ою салу, ағаш өңдеу, сырмақ жасау, жіп иіру, тоқыма тоқу, киіз басу, кесте тігу, тері өңдеу, ши тоқу өнерлерімен ерекшеленеді. Өнер – адамға жақсы әсер ететін және оны тәрбиелейтін нәзік дүние [2].

Ою-өрнек – қолөнер бұйымдары бүгінгі тұрмысымызда сирек қолданылатындықтан, оқушылар оның атын естігеннен көп есте сақтамайды, сондықтан оюдың шығу тарихын, аңыз-әңгімелер арқылы жеткізе отырып, тәжірибиеде жиі қолдануымыз керек. Ою оя білген оқушы шеберлікке, өрнекті матаға үйлесімді, сәйкесті орынды қолдануға үйренеді.

Ата-бабамыздың рухани мұраларын жоғалтып алу тіпті қиын емес, ал оны жандандыру, жаңаша құрастыру көп жағдайда қолдан келе бермейді.

Атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық қолөнерімізді өткен ғасырларда жоғалтып ала жаздап, еліміз егемендік алғалы өз мәдениетімізді, дәстүрімізді қайта жандардырып, қазақ қолөнері қайтадан ел арасына, білім ордаларына бірте-бірте тамаша үлгілермен еніп, оқушыларға жан жақты білім мен тәрбие берумен қатар жаңаша еңбек етуге талпындырып отыр.

Қолөнер бұйымдарын жасау барысында қазіргі жастарға берер тәлім-тәрбиесі, пайдасы өте мол, сонымен қатар эстетикалық тәрбие бере отырып, өз қолдарымен қажетті бұйымдар жасай білуге, шеберлікке, қолөнер шығармашылықтарын дамытады. Мектептегі технология сабақтарында қазақтың қолөнер арқылы оқушылардың көркемдік шығармашылық қабілетін, еңбек ете білудегі белсенділігін дамытады, ізгі қасиеттер қалыптастырады [3].

Оқушыларға технология сабақтарында ұлттық тәрбие беруге ықпал ететін мынадай мәселелерге баса көңіл бөлінуі қажет:

- оқушылардың халықтық қолданбалы қолөнер түрлері, ерекшеліктері туралы түсініктері мен қабылдау іс - әрекеттерін ұтымды ұйымдастыра отырып, қалыптастыру;
- олардың ұлттық, танымдық түйсіну мүмкіндіктерін ескере отырып, ұлттық қолданбалы қолөнерге қызығуын қалыптастыру;
- оқушылардың даму ерекшелігін ескере отырып, ұлттық талғампаздық өрісінің кенеюіне ықпал ету;
- қазақтың көркемөнер шеберлері жасаған үлгілерін көрсетіп, әңгімелесу, оның мазмұнын қабылдай білуге баулу, үнемі назарда ұсталып, нақты тақырыптар беру;
- сабақ барысында ауыз әдебиеті үлгілерін, мақал-мәтелдерді де пайдаланып отыру;
- қабылдау сабақтарында оқушыларға таныстыруға пайдаланылған қолданбалы қолөнер бұйымдарының ұлттық тәрбие беруге ықпал ету мүмкіндігін тексеру.

Жастарға тиянақты білім беру пән мұғалімдеріне жүктелері сөзсіз. Біз технология пәні арқылы оқушыларды жан – жақты толыққанды жеке тұлға ретінде қалыптастыру үшін еңбек етудеміз. Оқушы тек қана теориялық білім алып қоймай, практикалық, өндірістік міндеттерді, жобалай білуді, шешім қабылдауды, жеке шығармашылық жұмыстарды орындай білуі шарт. Оқушылар сонымен бір мезгілде түрлі материалдарды өңдеу технологиясын және өңдеу әдістерін игереді. Осы қабілеттер мен біліктер баланың жас кезінен қалыптасып, оқу және еңбек әрекеттерін орындау кезеңдерінде әрі қарай дамуы керек.

Қолданбалы қолөнер түрлі ұлттық халықтары сияқты қазақ еліне де тегіс тараған өнер. Әр ұлттың өрнегінің өзіне тән ерекшеліктері болып қай мемлекеттің аймағында болмасын өз халқының ою-өрнегін, өнерін біледі [4].

Халық қолөнерін игеру – оқушыны еңбексүйгіштікке, әсемдікке талаптандырып, халқының тарихын біліп мәдени мұрасын қадірлеп дәстүрін жалғастыра білуге баулиды.

Технология сабағында қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнер түрлерін, оның технологиясын оқушыларға бірізділікте меңгертуде көмектеседі. Еңбекке баулудағы оқу мазмұнының сабақтастығы технологиялық процестердің типтеріне, пайдаланылатын сәндік-қолданбалы өнер материалдарының өзіндік сипаты мен жасалу тәсілдеріне қарай негізделуі керек. Оқушылардың технологиялық мәдениетін қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері арқылы қалыптастыру процесі оның мазмұнын нақтылауды талап етеді.

Эстетикалық көзқарасты тәрбиелеудің негізгі құралы өнер. Ол шындықты көркем, сезімді қабылданатын бейнелер арқылы адам сезімі мен санасына әсер етіп, оның көзқарасын қалыптаспыруға әсер етеді. Педагогика эстетикалық көзқарасты тәрбиелеу тәрбиенің басқа салаларымен тығыз байланысты қаралады. Оқушылардың ақыл ой тәрбиесін, зерттелген құбылыстар әсемділігін ашпай жүзеге асыру мүмкін емес. Сондай-ақ әсемдікке тәрбиелеудің көзқарасын өмірден алу. Эстетикалық тәрбие адамды дүниедегі әдемілік атаулыны бағалай білуге үйретеді [5].

Қазіргі өмір талабы – оқу тәрбие процесін түбегейлі өзгерту. Оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыра отырып сапалы, әдепті ұрпақ тәрбиелеу. технология сабағында іс жүзінде нақты жұмыс жүргізілетіндіктен, оны меңгеру үшін ерінбей еңбек ететіндей төзімді және жинақы болу керек. Ал бұл көп оқушының шамасы келе беретін қасиет емес.

Технология пәнінен оқушының білімін көтерудің ең басты шарты оның пәнге деген қызығушылығын арттыру. Пәнге деген қызығушылық болса ғана, бала оған көңіл қойып, үйреніп, тереңдете оқып шындалады. Сондықтан да әрбір сабақта кәсіпке оқыту әрбір оқытушының өмірі үшін өте қажет. Өйткені талаптанған бала әр қашан өз мақсатына жетеді [6].

Сабақта пайдаланатын негізгі әдістер оқушының көңіл күйіне, ынтасына, қабілетіне қарай, топпен, жеке оқушымен жұмыс істеу, ойын элементтерін жиі пайдалану керек.

Егемендігімізді алып, мәртебеміз асқақтап жатқан шақта бала тәрбиесіне барынша алаңдау – өмір талабы. Өйткені қоғамдық өміріміздің ертеңгі жалғасы солар дейтін болсақ, онда оларға жақсы тәрбие және де сапалы білім беруге тиіспіз.

Сапалы білім берумен қатар еңбекке де баулу, үйрету аса қажет нәрсе, жастарымыздың өнерлі болуы қоғамдық өмірімізге үлкен әсерін тигізеді. Оқудың түрлі тәсілдерін пайдалана отырып, жеке тапсырмаларды, әсіресе, шығармашылық жоба бойынша өз көмегімен оқушының ойлау қабілетін арттыруға көп көңіл бөлу керек.

Мұндай жағдайда қыздар мен ұлдар өздеріне тиісті жұмыстан басқа да өзінің танымдық қызметін, ғылыми ойлау санасын, шығармашылық қабілетін жетілдіріп отырады.

Технология пәнін оқытуда еңбек етудің алғы шарттарын үйрету арқылы оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Еңбек тәрбиесі барлық тәрбиенің қайнар көзі: тамақты пісіру, киімді пішу, тігу, тоқу, қолөнер шеберлігін меңгеру арқылы ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелей аламыз. Жаңа технология жүйесінде модульдік оқыту және іскерлік ойыны арқылы оқытудың да маңызы зор. Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады, пәнге қызығуын арттырады, өмірге кездесетін түрлі қиындықтарды жеңуге тәрбиелейді.

Ұлттық қолданбалы қолөнерді тәрбие құралы ретінде пайдалана білу барысында, халқымыздың үлгі-өнегесі, салт-дәстүрін ұрпақ санасына сіңіруде үлгі боларлықтай педагогикалық іскерлік, шеберлік, шығармашылықпенен еңбек ету қажет.

Ұлттық тәрбие үнемі білім берушілік негізде жүріп отыруы тиіс. Сондықтан, мектептегі технология пәні бағдарламасының мазмұны мынадай міндеттерді шешуі керек:

- халықтың қолданбалы қолөнер туралы түсінікті қалыптастыру;
- халықтық қолданбалы қолөнеріне, ұлттың мәдениетіне оқушылардың сүіспеншілігін ояту;
- ұлттық қолданбалы қолөнер шеберлерінің еңбегімен таныстыру;

- күнделікті тұрмыста қолданатын қарапайым ұлттық нақышта орындалған бұйымдарды жасауды үйрету, тағы сол сияқты.

Жүргізілген тәжірибе жұмыстары барысында төмендегідей әдіс, тәсілдер қолданылады:

- арнайы жабдықталған көрмелерге, мұражайларға саяхат жасау;
- дәстүрлі халықтық қолданбалы қолөнер туындылары жайында әңгіме өткізу;
- оқушылардың көркемдік шығармашылық жұмыстарын талдау, қорытындылау.

Технология пәнін оқытуда еңбек етудің алғы шарттарын үйрену арқылы оқушыны жеке тұлға ретінде тәрбиелеу мақсаты көзделеді. Осы мақсатты жүзеге асыру барысында, оқушыларға берілетін тәлім тәрбие үрдісін жетілдіру, жұмыс мәдениетін, адамдар арасындағы адамгершілік қарым қатынастарды жаңарту, еңбек біліктілігін қалыптастыру арқылы еңбекке өнімділігін арттыруға ынталандыру міндеттерін мұғалімге жүктейді. Жас ұрпақты қоғамдық өмірге, отбасындағы қызметке, кәсіпке даярлау, үнемі өзгеріп отыратын әлемде өмір сүретін туралы түсінікті қалыптастыруды міндеттейді.

Еңбек тәрбиесі арқылы киімді пішіп тігу, көркемдеу қол өнер меңгеру арқылы жас ұрпақты адамгершілік рухында тәрбиелеуді басшылыққа ала отырып жұмысты жүргіземіз. Оқушылар әр түрлі тігілген бұйымдарды зерттей отырып, баға берумен келешек кәсіби ісіне қажетті эстетикалық, ұлттық, этикалық және т.б бағалы қасиеттерін өз бойына қалыптастырады. Еңбек сабағында оқушылардың іске икемділігі мен іскерлігіне, өнерге шеберлікке деген биімділігін дамыта отырып қалыптастырамыз. Оқушылар отбасында да тұрмыстың әр түрлі еңбегіне қатысады. Баланың бойындағы сапалық қасиеттерді еңбекке қызығушылығын, табиғатты қорғау. Ұқыптылығы арқылы еңбек адамын көру. Қазіргі кезде білім беру кеңістігінде инновациялық үрдістердің бағыттарының бірі мектепке бағдарлау болып табылады [7].

Оқушылардың қызығушылықтары қабілетері толық ескеріліп сол қажеттілікке сай тиімді жағдайлар жасалып білім беріледі.

Адам өмірі үшін аса қажетті, әрі өмір бойы тоқтаусыз білім беретін пән «Еңбекке баулу» бүгінгі Технология пәні үнемі жетілдіруде.

Технология пәні әрдайым жетілу үстінде. Сабақты жоспарға негіздеп, жаңашыл әдістерімен жүргізу тиімді. Жаңашыл әдістерді қолданып, жана технологияны меңгерту. Қажеттілікке сай тиімді жағдайлар жасалып, білім беріледі, жан жақты тәсілмен өте алсақ, білімді ұрпақ тәрбиелей алуға болады.

Технология пәнін оқытуда мұғалімдер алдында сабақты білімділікке құра отырып, оқу – тәрбие жұмысын ұлттық негізде үйреткен жөн. Әр мектепте өзінің тәрбие жүйесі бар. Өзінің бағыт бағдары бар. Ол үшін ұстаздар қауымы оқушыларға салт-дәстүрлерді үйретіп қана қоймай, олардың тәрбиелік түп-тамырын мәнін, алтын діңгегін түсіндіре білу керек. Ұлттық тәлім тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу мұғалімдердің ата аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты болмақ. Өйткені бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы-отбасында, екінші-мектепте болғандықтан, ата ана мен мектеп, яғни мұғалімдермен жұртшылық тығыз байланыста болуы шартты нәрсе.

Ұлттық тәрбие-біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ата – бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес өсиеттері, асыл мұрасы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілімен ұлттық мәдениетің қалыптастыру сезімін ояту баршамыздың парызымыз. Сонда ғана ұлттық сана сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипатымен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Өз ұлтын, туған жерін, салт-дәстүрін, экономикасын, әлеуметтік жағдайын, тілін, дінін, мәдениетті жақсы білген оқушы ұлттық өнер мен білімді

ұштастыра біледі. Қазіргі кезде ұлттыққолөнерді жас ұрпақтың бойына дарытатын, үйрететін мектептерде жүргізілетін технология пәні. Олай болса «Ата көрген оқ жонар ана көрген тон пішер» деген қалық даналығын басшылыққа алып, жас ұрпақты тәрбиелеуде, балаға эстетикалық білім беруде ғасырлар бойы қалыптасқан тәрбие құралын орнымен пайдалану бүгінгі күн үшін ерекше маңызды технология сабағында оқушыларды еңбекке, өнерге баулу арқылы кәсіптік бағдар берудің алғашқы қадамдары жасалады. Ұлттық салт дәстүрімізді одан әрі дамыту үшін көбірек біліп көп үйренуіміз керек. Бір күндігімізді ойламай ертенімізді де ойлап кейінгі өсіп келе жатқан жеткіншектерімізге қазақтың салт дәстүрлерінің ерекшеліктерін түсіндіре отырып, ұлттық өнерімізге қызықтыра білуіміз керек. Қолөнер қоғам өміріндегі еңбектің өнердің рөлің түсініп өнер адамдарына деген құрметке тәрбиелейді [8]. Қолөнер жастарды қоғамдық пайдалы өнімді еңбекке тәрбиелейді.

Ұлттық ою-өрнек элементтерін технология сабағында қолдану, ұлттық ою-өрнектің ғасырлар бойы ата-бабамыздан ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, өркендеп өсіп ою-өрнектің элементтерінің түрлері, саналуан болып өмірімізге, күнделікті тұрмыс тіршілігімізге кеңінен қолданылып келе жатқан қол-өнердің баға жетпес қазынасы екендігін оқушыларға кеңінен түсіндіріп насихаттау, оқушылардың көзімен көрсетіп қолымен ұстату арқылы ұлтымыздың мәдениетін, дәстүрін, салт-санасын, тұрмыс тіршілігі қандай болғандығын ою-өрнек мәдениеті қалай дамығандығын түсіндіру арқылы қолөнер шеберлігін меңгеруге, игеруге, өз бетімен ою-өрнек нақыштарын бізбен, инемен басқада технологиялық саймандарды қолданып жасай білуге баулу, дағдыландыру білім, біліктілігін арттыру қажет. Оқушылар технология сабағында шеберлік, үнемшілдік, төзімділік, әдемілік, мәдениеттілік тәрбие алу арқылы өзін жан-жақты дамыта алады. Оқушыларды технология сабағы барысында еңбектің ақ, қарасы жоқ, (еңбек етсең ерінбей тояды қарның тіленбей) деп ұлы ойшыл Абай Құнанбаев айтқандай еңбекке баулу, еңбекке дағдыландыру, еңбектің әдіс амалдарын үйрету арқылы еңбек сүйгіштік тәрбие беру мен бірге басқаның еңбегін құрметтейтін тәрбие қалыптастыру қажет. «Әлемнің әміршісі – еңбек тек еңбекпен ғана жеміс өнбек, тек еңбек ғана қиындықты жеңбек» деп оқушы баладан бастап еңбек жасындағы қазақстандықтарды еңбек ету арқылы елімізді өркениетті елдердің алдыңғы қатарына жеткізу мақсатын қойғандығында оқушыларға айтып түсіндіріп, оқушылардың ұлттық қолөнеріміз ою-өрнектеріміздің қолдануын сабақ барысында арттырып, отан сүйгіш тәрбие қалыптастыруымыз керек сияқты. Сондықтанда ұлттық ою-өрнек элементтерін технология сабақтарында кеңінен қолданылуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Өмірбекова М.Ш. Энциклопедия. Қазақтың ою-өрнектері. – Алматы: Алматы кітап ААҚ, 2003.*
- 2 *Шоқпарұлы Д. Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. - Алматы: Алматыкітап, 2007.*
- 3 *Төлебаев С. Өмірбекова М. Ою-өрнектің жасалу жолдары. - Алматы: Қағанат ЛТД, 1993.*
- 4 *Арзықұлова Ж.Н. Ұлттық ою-өрнекпен бұйымдарды әшекейлеу. // Мектептегі технология, 2010, №6.*
- 5 *Марақұлова К.Б. Ою-өрнек салып үйренейік. //Мектептегі технология, 2010 ж, №6.*
- 6 *Мұхамеджанұлы З. Қазақтың кесте өнері. - Алматы кітап, 2008.*
- 7 *Ысқаққызы Ә. Сырмақ өнері. - Алматы кітап, 2007.*
- 8 *Жанабаева Г.А. Қазақтың ою-өрнектері. - Өскемен, 2000.*

УДК 378:004
МРНТИ 14.35.09

Sh.A. Zhubanova¹, A.S. Tukhtabayeva²

*PhD student, Kazakh Ablai khan University of International Relations
and World Languages, Almaty, Kazakhstan*

*Master of philology, Kazakh Ablai khan University of International Relations
and World Languages, (Almaty, Kazakhstan)*

DEVELOPING AUDITORY AND VISUAL SKILLS THROUGH MULTIMEDIA TECHNOLOGIES

Abstract

This article involves the analysis of multimedia and multimedia technologies for educational purposes; advantages and benefits of using multimedia technologies in higher education; promotion of video/audio/TV/film into learning environment; basic principles of the listening skills development; learning outcomes of students by using media VOD system, TED talks, ORORO, fmovies and etc. The article also shows the important advantage of using listening skill in the foreign language lesson, which forms intercultural-communicative and professional competence, as it affects the cultural and social aspects of a certain topic. The selection of effective video / audio materials is the main component of the learning process while teaching a foreign language; therefore the planning of the listening skill in the lesson should be conducted taking into account a certain time, the appropriate topic, tasks and situation on the topic and the selection of recommended video / audio / films from authentic sources. The article combines the European requirements to Foreign Languages with the requirements of national standards of KZ, which makes it possible to build the right system for carrying out the listening skill and has an outlet for intercultural and professional communication. The object of the research is the development of the multimedia logical structure of the listening skill and its practical application in the lesson for studying a foreign language. The results of the research show that students correctly use grammatical constructions, enrich their vocabulary, improve pronunciation, rhythm, stress and intonation, and have the ability to listen different accents.

Key words: Multimedia, multimedia technologies, listening benefits, Video-on-Demand (VOD) system.

Аңдатпа

МУЛЬТИМЕДИАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР АРҚЫЛЫ ЕСТУ ЖӘНЕ КӨРУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

Ш.А. Жұбанова¹, А.С. Тұқтабаева²

*¹PhD докторанты, Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар
және Әлем Тілдері Университеті, Алматы қ., Қазақстан*

*²Филология магистрі, Абылай хан атындағы Қазақ Халықаралық Қатынастар
және Әлем Тілдері Университеті, Алматы қ., Қазақстан*

Бұл мақалада мультимедиа ұғымы және олардың технологияларын білім алу мақсатында анализ жасалынады; мультимедиа технологиясының жоғарғы оқу орнында қолданысының жақсы жақтары мен артықшылықтары; видео, аудио, ТВ, фильмдердің үйрену ортасында кеңінен қолдануы; тыңдау қабілетінің дамуының жалпы принциптері; студенттердің VOD, TED talks, ORORO, fmovies тәрізді медиа жүйесінің қолданғаннан шыққан нәтижелері. Мақалада шет тілін оқытудағы тыңдау біліктілігін қолдану тәсілінің басты маңызы көрсетіледі, себебі тыңдау мәдениетаралық-коммуникативті және кәсіби біліктілікті қалыптастырады, сонымен қатар белгілі тақырыпқа сәйкес мәдени және әлеуметтік жағдайларды қозғайды. Бейне және тыңдау куралдарын тиімді қолдану шет тіліне оқытудың негізгі компоненті және белгілінген уақыт, тиісті тақырып, тапсырма және осы тақырыпқа сәйкес тыңдалған бейне және тыңдау ақпарат көздеріне сәйкес жүйеленуі тиіс. Мақалада шет тілінің жалпы еуропалық және қазақстандық ұлттық талаптарға сәйкестендіруге байланысты, дұрыс тыңдау әдістерін таңдау арқылы мәдениетаралық және кәсіби біліктілікті қалыптастыру қаралады. Зерттеу нысаны шет тілі сабақтарында тыңдап және оның практикалық қолдану мультимедиялық дағдыларын логикалық құрылымын дамыту болып табылады. Зерттеу қорытындалары студенттердің салыстырмалы бейнелерді дұрыс пайдаланатын, сөздің қорын байытатын, сөзді жеткізу қабілетінің және әр түрлі дыбыстарды тыңдауға мүмкіндігі артқанын көрсетеді.

Түйін сөздер: Мультимедиа, мультимедиялық технологиялар, білім беру артықшылықтары, VOD жүйесі.

Аннотация

**РАЗВИТИЕ СЛУХОВЫХ И ВИЗУАЛЬНЫХ НАВЫКОВ ЧЕРЕЗ
МУЛЬТИМЕДИЙНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ**

Ш.А. Жубанова¹, А.С. Тухтабаева²

*Доктор PhD, Казахский Университет Международных Отношений и Мировых Языков
имени Абылай хана, Алматы, Казахстан*

*Магистр филологии, Казахский Университет Международных Отношений и Мировых Языков
имени Абылай хана, Алматы, Казахстан*

В статье проводится анализ понятия мультимедиа и технологии мультимедиа в образовательных целях; также есть необходимость в рассмотрении мультимедийных технологий в высшей школе; применение видео/аудио/ТВ/фильмы в обучающей среде; основные принципы развития навыка аудирования; результаты обучения студентов в применении медиа системы VOD, TED talks, ORORO, fmovies. В статье показано также важное преимущество использования навыка аудирования на занятиях по иностранному языку, которое формирует межкультурно-коммуникативную и профессиональную компетенцию, так как затрагивает культурные и социальные аспекты определенной тематики. Отбор эффективных видео/аудио материалов является основным компонентом учебного процесса при обучении иностранному языку, поэтому планирование проведения навыка аудирования на уроке должно проводиться с учетом определенного времени, соответствующей темы, заданий и ситуации к данной теме и выбор рекомендуемых видео/аудио/фильмов, отобранных из аутентичных источников. В статье комбинируются Общеευропейские требования к иностранным языкам с национальными требованиями КЗ, что позволяет выстроить правильную систему проведения навыка аудирования, имеющая выход на межкультурную и профессиональную коммуникацию. Объектом исследования является разработка мультимедийной логической структуры навыка аудирования и его практическое применение на уроке по изучению иностранного языка. Результаты исследования показывают, что студенты правильно используют грамматические конструкции, обогащают свой словарный запас, улучшают произношение, ритмику, ударение и интонацию, а также имеют возможность прослушивания различных акцентов.

Ключевые слова: мультимедиа, технологии мультимедиа, преимущества аудирования, Video-on-Demand (VOD) система.

Now multimedia technologies called "new media," "hypermedia," "integrated media," or more commonly "multimedia" have been defined in a number of ways [1]. "Multimedia", in its broadest sense, means graphics, music, sound effects, voice, video, and animation, in any combination, in the same program or presentation [2, p.369]. It can be defined as an integration of multiple media elements (audio, video, graphics, text, animation, etc.) into one synergetic and symbiotic whole that results in more benefits for the end user than any one of the media elements can provide individually.

For educational technology purposes, multimedia refers to computer-based systems that use associative linkages to allow users to navigate and retrieve information stored in a combination of text, sounds, graphics, video, movies, music, lighting and other media as for education [3].

Multimedia's basic technologies include text, maps, graphic images, electronic presentations, animation, videoconferencing, digital audio and video, web learning environment, videoconferencing systems [4].

Since several years ago, education experts had been proposing a new style of education involving using multimedia, which differs radically from the traditional ways. Changing the education systems as a new ways towards a new paradigm for teach [5]. Today, multimedia technology mainly comprise the use of technology in the process of teaching and learning. The term "technology" include the use of latest tools and techniques like laptops, interactive whiteboards and smart phones, Internet, Wi-Fi, YouTube and Skype etc. In addition, technology encompasses efficient and enhanced learning management systems, schema of information dissemination, effective teaching and management of student masses, feedback mechanisms and performance evaluation methodologies etc.

Multimedia technologies have many advantages such as widely available, reusable multimedia and decrease pressure on lecturer, better individual student engagement and globality [6]. In fact, some students may be better able to learn from multimedia than from any other format. The possibilities of this medium for students with aural or visual learning style preferences are unprecedented. Reynolds and Anderson (1992) describe the relevance of multimedia to three objectives of learning:

- Cognitive objectives. Used to teach recognition or discrimination of applicable visual stimuli and audio stimuli.
- Psychomotor objectives. An excellent tool to recreate real world conditions.

- Affective objectives. Interactive multimedia is very useful in the affective domain. The strength of detailed portrayal of situations and interactive participation of the learner increases its usefulness for effective domain objectives [7].

Academic listening (video/audio/film) in EFL education is impossible to imagine without the use of multimedia technologies. Listening in the classroom comprises interviews, talk shows, videoconferencing, lectures and films. It conveys information through two sensory channels: aural and visual. The richness of these forms of information [images, motion, sound, and, at times, text] benefits learners, by enabling them "...to learn through both verbal and visual means, to view actual objects and realistic scenes, to see sequences in motion, and to view perspectives that are difficult or impossible to observe in real life"[8]. In addition, Marshall (2002) details three theories that explain how learning may occur via well-selected video/audio "based on the ability of the entertaining media to engage the learner, activate emotional states, initiate interest in a topic, and allow for absorption and processing of information"[9].

For students learning English as a second language, video/film/TV/audio demonstrates communicative language within a language environment and cultural context. Video, especially film, provides a social context for English language learners; it can be played with the sound on, so that students hear the language being spoken, or alternatively, with the sound off, so that learners can use their own language skills to provide the dialogue or narrative.

Effectively integrating video into classroom instruction involves preparation and activities before, during and after viewing. Selecting effective video/audio is an essential component of integrating this medium into practice and realizing the promise of multimedia in the classroom.

Analyzing the researcher's works on using educational video/film/audio in educational process, we suggest an innovative technology of Academic Listening based on requirements of the modern foreign language education, considering basic principles on using an effective listening and outcomes received from aural and audio-visual reception.

Instructional planning of academic listening considers the following principles:

- Interactivity principle
- Language progression principle
- Authenticity
- Teaching listening strategies (predicting, inferring, monitoring, clarifying, responding, and evaluating).
- The use of different types of listening
- Variety of tasks

Within these principles, students should develop the skills of listening for gist: specific information; detailed understanding; implications; etc. Educational video/film/audio can be taken from one of the most exciting new paths is Video-on-Demand (VOD) systems, tools that make videos available to classroom teachers, that can be stored on a computer server, where they can be assessed at any time by teachers or students.

In fact, the ability of VOD systems to assist teachers in locating and presenting short targeted clips of no more than two to five minutes in length dovetails exactly with expert recommendations for video usage: "Most educational experts agree that video is best shown in short segments so as to maximize learners' concentration".

It is clear that this new technology opens many new opportunities for learning that are just beginning to be explored. As the documented strengths of film, television and video are made more and more available and accessible through Video-on-Demand systems, the potential for learning and exploration opens up before us.

At recent times, the most used linkages and software tools for downloading movies, creating videos with animations and photos are ORORO, fmovies, vialogues.com, www.voxopop.com, Powtoons, Animoto, Magisto, Popcorn Maker, GoAnimate and etc. As for teaching listening to public announcements; listening as a member of a live audience (public meetings; public lectures) and listening to overhead conversations TED talks is an effecting form of multimedia that has selected video of different talks on various topics (historical, political, economic contexts etc.) and concludes one of the most significant factors in the success of language progression.

The language user as a listener receives and process a spoken input proceeded by one or more speakers. Listening is a language skill that can be acquired with the help of training as well as any other skills. Students get vital information not only about grammar and vocabulary but also about pronunciation, rhythm,

intonation, pitch and stress. Moreover, listening to spoken language lets students hear different varieties and accents of it.

According to Common European Framework of Reference for languages (CEFR) the following certain requirements for listening materials must be corresponded: it should be authentic or at least realistic for beginners; depending on the level of learners the length of the text and the topic of it should be well-selected, as long tapes on subjects which students are not interested in will be demotivating and will result in lost comprehension making listening value less[10]. J. Harmer considers, listening can be effective when it follows a number of principles: use of pre-listening tasks; listening to every text twice; making students be encouraged to respond to the content of a listening, not just to the language; applying different listening tasks for different listening stages; exploiting listening texts to the full.

The logical framework of our Academic Listening comprises various tasks designed in the combination within reading, writing and speaking skills i.e. listening tasks derived on reproduction writing or essay writing; retelling (monologue) or discussion (dialogue); FCE/PET tests or derivatives/event details. It guarantees the students' better perception of information and formation of intercultural communicative competence. Moreover, we applied listening tasks in correspondence within listening stages and activities before, during and after viewing/watching/listening. The most important factor that should be emphasized is the significance of listening outcomes (CEFR) depending on the level of learners. Combination of four skills in one logical framework on the formation of listening skills guarantees the students' better perception of information and formation of intercultural communicative competences in the easiest way.

This model is based on the following activities:

- watching TV, video, or a film with subtitles;
- listening to public meetings, public lectures;
- listening to overheard conversations.

It is clear that new technologies and innovative way of teaching opens many new opportunities for learning that are just beginning to be explored. As the documented strengths of film, television and video are made more and more available and accessible through Video-on-Demand systems, ORORO, fmovies and TED talks the potential for learning and exploration opens up before us.

References:

- 1 Ekinci, D. et al. (2009). *Using Multimedia Technologies as Current Trends on Social Sciences Education*. Australian Science Teachers Journal. http://eprints.ibu.edu.ba/658/1/ISSD_2009_ProceedingAdditionalVol_p93-p106.pdf
- 2 Blumenfeld, P.C. Soloway, S., Marx, R.W., Krajcik, J.S., Guzdial, M., and Palincsar, (1991), A. *Motivating project-based learning: Sustaining the doing, supporting the learning*. *Educational Psychologist*. 26(3,4), 369-398. www.aare.edu.au
- 3 Sandholtz, J., Ringstaff, C., and Dwyer, D. (1997). *Teaching with technology: Creating student-centered classrooms*. New York: Teachers College, Columbia University. www.wps.prenhall.com
- 4 Lieshout, M. V., Tineke, M. Egyedi and Wiebe E. Bijker, (2001) *Types of media, their file formats, and how to work with them Social learning technologies. The introduction of multimedia in education*. Aldershot.
- 5 Rosenberg, M.J. (2001). *E-Learning: Strategies for Delivering Knowledge in the Digital Age*, McGraw-Hill, New York, NY
- 6 Repman, L., Weller, H. G. & Lan, W. (1993). *The impact of social context on learning in hypermedia based instruction*. *Journal of Educational Multimedia and Hypermedia*, 2(3), 283-298.
- 7 Reynolds, A., Anderson, R.H. (1992). *Selecting and developing media for Instruction*. New York: Van Nostrand Reinhold.
- 8 C. Douglas Wetzal, Paul H. Radtke, Hervey W. Stern (1994). *Instructional effectiveness of video media*. Lawrence Erlbaum Associates, p.250
- 9 Marshall, J.M. (2002). *Learning with technology: Evidence that technology can, and does, support learning*. White paper prepared for Cable in the Classroom.
- 10 A Common European Framework of Reference for Languages Learning, Teaching, Assessment. — Strasbourg, 1986.

УДК 37.02; 371
МРНТИ 14.07.01

Д.Ж. Жубайкулова¹
¹ аға оқытушы, магистр,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік Университеті, Атырау қ., Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ ӨЗІН-ӨЗІ АНЫҚТАУЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын педагогикалық қолдаудың ерекшеліктері қарастырылады. Кәсіби өзін-өзі анықтау адамның тұтас өзін-өзі анықтауының бөлігі, адамның кәсіби іс-әрекеті мазмұнының, сонымен бірге қайта құрудағы оның табиғи дамуы немесе сырттан арласу нәтижесінде құндылық-мәнді бағдары өзгерістері жағдайының әсерінен тұлғалық үрдіс ретінде өмір сүру барысында жалғасып отырады және өзектендіріледі, оның айқын уақыттық шегі жоқ. Еліміздегі болып жатқан экономикалық қайта өндірулер жағдайында қалыптасқан практикалық сұраныстарымен дәлелденген мамандықты таңдау және онда өзін-өзі таныту үрдісі ретінде тұлғаның кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесіне қызығушылық артуда. Қазіргі заманғы әдебиеттер мен зерттеудің эмпирикалық нәтижелерін талдау кәсіби өзін-өзі анықтау үрдісінің жағдаяттық сипатқа ие болғанын көрсетеді. Бұл мәселе кәсіптік бағдар беру жұмыстарының мазмұнын, әдіс-тәсілдерін анықтау негіздеріне сәйкес дайындалғанда ғана шешімін табуды қамтамасыз етеді. Педагогикалық қолдау оқушылардың өзін-өзі танытуы үшін мүмкіндіктерді кеңейтеді және тереңдетеді, өзінің міндетін саналы жете ұғынуға көмектеседі, кәсіби іс-әрекеттің болашақтағы талаптарына сәйкес икемділіктерді мен қабілеттерді ашады. Қолдаудың нәтижесі мамандықты саналы түрде таңдауы, табысты әлеуметтік өзін-өзі анықтауы және т.б. болып табылады.

Түйін сөздер: кәсіби өзін-өзі анықтау, мамандық таңдау, педагогикалық қолдау.

Аннотация

ОСОБЕННОСТИ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО СОПРОВОЖДЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО САМООПРЕДЕЛЕНИЯ ШКОЛЬНИКОВ

Д.Ж. Жубайкулова¹

¹ старший преподаватель, магистр

Атырауский Государственный Университет имени Х.Досмұхамедова,
г. Атырау, Казахстан

В данной статье рассматриваются особенности педагогического сопровождения профессионального самоопределения школьников. Профессиональное самоопределение являясь частью целостного самоопределения человека, не имеет четких временных границ, оно продолжается в течение всей жизни, актуализируясь как личностный процесс под влиянием изменений в условиях и содержании профессиональной деятельности человека, а также при перестройке его ценностно-смысловых ориентаций в результате их естественного развития или вмешательства извне. Усиление интереса к проблеме профессионального самоопределения личности как процесса выбора профессии и самореализации в ней обусловлено практическим запросом, сформированным в условиях экономических преобразований, происходящих в нашей стране. Анализ современной литературы и эмпирические результаты исследования показали, что процесс профессионального самоопределения в значительной части носит ситуативный характер. Решение этой проблемы, возможно обеспечить лишь при условии разработки соответствующих основ определения содержания, методов, приемов профессиональной ориентационной работы. Педагогическое сопровождение призвано расширить и углубить возможность для самореализации школьников, помочь осознать свое призвание, соотнести склонности и способности с требованиями предполагаемой профессиональной деятельности. Результатом сопровождения является готовность к сознательному выбору профессии, успешность социального самоопределения; т.д.

Ключевые слова: профессиональное самоопределение, выбор профессии, педагогическая поддержка.

Abstract

FEATURES OF PEDAGOGICAL SUPPORT OF PROFESSIONAL SELF-DETERMINATION OF SCHOOLBOYS

Zhubaikulova D. Zh.¹

¹ senior teacher, master Atyrau State University named after Kh. Dosmukhamedov
Atyrau, Kazakhstan

This article discusses the features of pedagogical support of professional self-determination of schoolboys. Professional self-determination as part of a holistic human self-determination, has no clear time limits, it continues throughout life, actualizing a personal process under the influence of changes in the conditions and the content of the

professional activity of the person, as well as in the restructuring of its value-semantic orientations as a result of their natural development or outside interference. Increased interest in the problem of professional self-identity as a process of self-realization and career choices in it due to the practical request, formed in the conditions of economic transformation taking place in our country. Analysis of modern literature and the empirical results of the study showed that professional self-determination process in large part has a situational character. The solution to this problem is possible to provide only if soostvetstvuyuschih development based on certain content, methods, techniques professionlanooy orientation work. Pedagogical support is designed to broaden and deepen the students the opportunity for self-realization, to help realize his calling, and the ability to relate inclination with the requirements of the expected professional activities. The result is a willingness to support a conscious choice of profession, the success of social self-determination; etc.

Key words: professional self-determination, choosing a professional career, socio-pedagogical support.

Кәсіби бағдар мәселесі жеке адам үшін де, жалпы алғанда, қоғам үшін де маңызды болып табылады. Қазіргі еңбек нарығы жағдайы адамның үздіксіз кәсіби жетілуін талап ететін бәсекелестік мәселесін қойып отырғаны белгілі. *Оның үстіне кәсіби бағдар мамандық таңдауға ғана емес, сондай-ақ адамның мамандығын жетістікпен өзгерте алуына, өзгермелі өмір жағдайлары мен кәсіби қызметке бейімделе алуына себеп болуы тиіс.* Адам өміріне шығармашылық тұрғыдан қарағанда ғана оның мәні жаңа қырынан танылып, өзін-өзі анықтай алатын толыққанды субъектіге айналады.

Кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесін зерттеген ғалымдар еңбектерін жасалған талдау, оның мынадай *себептеріне* тоқталуға мүмкіндік береді: оқушылардың еңбек нарығының сұранысы туралы жеткілікті ақпараттанбауы; кәсіби іс-әрекет түрі мен сипатын анықтайтын әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың ерекшеліктерін ескермеуі; өзінің тұлғалық мүмкіндіктері мен қабілеттері, мамандық немесе кәсіптің өзі ұнататын өмірге жетудің құралы ретінде қабылдауы; т.б. *Кәсіби өзін-өзі анықтау* адамның өзіне қатынасының өзгеруіне және бұл қатынастың өлшемдерінің өзгерісіне қарай адамның еңбек әрекетінің барысына созылады.

Бүгінде әлемдік ақпараттандыру еңбек сипатының өзгеруіне септігін тигізуде. Еңбек сипаты еңбек субъектісінің өндіріс құралдарымен байланысының жиынтығы болса, онда бүгінде ақпараттық құрылғылар адамның еңбектегі интеллектуалды қабілеттерін күшейтеді. Еңбек іс-әрекетін интеллектуалдандыру адамның технологиялық үрдіске қатысу еркіндігі дәрежесінің жоғарылауын қамтамасыз етіп, тұлғаның шығармашылық тұрғыдан жүзеге асуына мүмкіндіктер ашады.

Еңбек шығармашылық іс-әрекеттің өзге түріне, тұлғаның өзін-өзі жүзеге асыруының тәсіліне, адам қабілетін дамытудың қайнар көзіне айналады. Ақыл-ой еңбегі адамның өзін-өзі басқаруына алып келеді. Ақыл-ой еңбегінің өнімділігін арттырудағы маңызды қасиеттердің бірі жауапкершілік болып табылады.

Демек білімнің өнімділігі оның бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын фактор. Оның өзіндік философиялық және психологиялық-педагогикалық заңдылықтары бар. Осы заңдылықтарды ескере отырып оқушылардың интеллектуалдық әлеуетін қалыптастыру қажет.

Оған ғалымдар пікірлері дәлел бола алады. Мысалы, Г.М. Маклюэннің пікірінше, «ғаламтор» әлемді бір ақпараттық жүйеге біріктіреді, жаңа ойлау мен «әлемдік» сананы қалыптастыруда. «Виртуальды» әлемнің жетістіктерін өзінің шығармашылық әрекеттерінің идеясын іске асыру мақсатында қолданып, индивидуалдық қатынас жасауға мүмкіндіктер туғызуда [1].

Сондықтан Э.Тоффлердің «бай елдерде материалдық өндіріспен шұғылданатын жұмысшылар (оның да белгілі дәрежеде білімі болуы керек) саны аз болса, соғұрлым жаңа идеяларды ойлап шығаратын адамдар көп қажет» - деген пікіріне назар аудару керек [2].

Соңғы жылдары оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына қатынас түбегейлі өзгерді, ол алдымен жалпы білім беретін мектептің жоғары басқыштарында кәсіпалды дайындық мен кәсіптік оқытуды енгізумен байланысты.

Кәсіптік мектепке көшу кәсіби бағдарлауды көпкезеңді етеді: кәсіби оқуды таңдау, нәтиже ретінде таңдаудың дұрыстығын тексеру, мамандықты таңдау. Кәсіптік оқытуды енгізу болашақ кәсіби іс-әрекет саласына оқушылардың бағдарлануына жағымды әсер етіп, әртүрлі категориядағы оқушылардың талап-тілегі мен қажеттіліктеріне сәйкес толық білім алуға теңқұқылы қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Мектептің білім беру үрдісіне кәсіптік оқытуды ендіру мәселесін Л.К. Артемова [3], С.Н. Чистякова [4], Е.А. Климов [5], Э.Ф. Зеер [6], А.П. Сейтешев [7], Г.А. Уманов [8] және т.б. ғалымдар зерттеген.

Кәсіби дайындыққа дейінгі кезең кәсіби бағдарлы сипатта болуы тиіс. Мектеп психологы әрбір оқушыға түсіністікпен қарап, болашақ кәсіби даярлау аясында және өз саласын таңдауда өзінің жеке траекториясын дамытуға көмек көрсету қажеттігін ерекше атап көрсетеді.

Сонымен оқушылардың қоғамдық сұраныстарға жауап беретін мамандықтарды таңдауына бағыт беру өзекті мәселенің бірі. Ол үшін оқушылардың бойында ішкі психологиялық-әлеуметтік мәнділікті реттейтін қызмет түрлерін тәрбиелеу; түрлі еңбек қызметтері мен сыйластық қатынастарын тәрбиелеу; кәсіпті өз бетінше, саналы түрде таңдай білуге тәрбиелеу, әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету қажет.

Осы орайда қолдау, педагогикалық қолдау, әлеуметтік-педагогикалық қолдау түсініктерінің мазмұны ашып көрсетіледі.

«Қолдау» этимологиялық ұғым «ықпал ету», «қолдау», «көмек көрсету» түсініктерімен қатар қолданылады. Мәселелер мен қиындықтар адамның дамуымен қатар жүретін табиғи нәрселер, оны жеңу дамудың шарты немесе құралы ретінде қарастырылады.

Педагогикалық және психологиялық қолдау мәселесі Е.И. Казакова, О.С. Газман, Л.Г. Тарита, Т.В. Анохина, т.б. еңбектерінде қарастырылады. Е.И. Казакованың пікірінше, «қолдау» термині субъектінің шешім қабылдаудағы дербестігінің маңыздылығын анықтайды [9].

Педагогикалық қолдау – педагогтің қазіргі педагогиканың гуманистік парадигмасын бейнелеп көрсететін миссиясы, сонымен бірге баланың дамуына көмектесу және оның денсаулық, қатынас, оқыту, өзін-өзі өмірлік анықтауы, кәсіби өзін-өзі анықтауы мәселелерін шешуге бағытталған өзін-өзі дамытуына ықпал ету. Педагогикалық қолдаудың мәні өзінің қызығушылығын бірлесіп анықтау, кездескен қиындықтарды жеңу жолдары мен мүмкіндіктерін іздестіру, оқушының ішкі күші мен қабілетіне қарауға негізделген тұлғаның субъективтілігін қалыптастырумен сипатталады. Педагогикалық қолдаудың ізгілік құндылығы мұғалім ұстанымының оқушының мотивациялық-мәндік бағдарын дамытуға бағытталады.

Қолдау педагог-психологтың кәсіби іс-әрекетінің парадигмасы ретінде қарастырылады. Жалпы алғанда, қолдаудың екі формасы бөліп көрсетіледі: жеке дара қолдау, нақты адамға бағытталған; сонымен қатар жүйелі қолдау, әлеуметтік жағдаяттарға байланысты болатын қолдау. Әлеуметтену – бұл тұлғалық дамуындағы табиғи үдеріс, ал қолдау – бұл үдерісті демейтін психологиялық жағдайларды қолдан ұйымдастыру жүйесі. Осыған қарамастан, әлеуметтенудің басты негіздері (тенесу, интериоризация, еліктеу, аккомодация, фасилитация, көз жеткізу, конформизм) дамудың табиғи заңдылықтарына негізделген, ұстаздың қолдау алатын баламен өзара әрекеттестігінің негізгі тетіктері ретінде қарастыруға болады.

О.С. Газман әлеуметтендіру теориясына сүйене отырып, қолдауды білім беру үрдісінің дербес элементі ретінде қарастырады. Педагогикалық қолдауды ұйымдастыру үрдісінде білім алушылардың өзінің мәселесін шешуге ескерумен мотивациялық дайындық деңгейін көтеру қажет [10].

Педагогикалық қолдаудың жүйелі формада қарастырылуы оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау міндеттерін шешуге мақсатты бағытталған іс-әрекет, әрбір оқушының мамандықты таңдауын ынталандырады, кәсіптік бағдар жұмысының шынайы әсерін қамтамасыз етеді.

Сондықтан бейіндік оқыту жүйесінде оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау үрдісіндегі педагогикалық қолдау өзінің кәсіби таңдауын іске асыруға қажетті оқу-танымдық іс-әрекетті белсендендіруде өзінің мүмкіндіктері мен болашағын саналы түсінуіне мүмкіндік беретін тікелей және жанама әсерге бағытталған оқушы мен педагогтың бірлескен әрекеті деп анықталады.

Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауының мәнін талдау нақты білім алушыға қатысты сипатқа ие болып, келесі қызметтерді атқарады:

- кәсіби-бағдарлық (оқушылардың кәсіби әлемге, жеке мүмкіндіктердің таңдаған мамандыққа сәйкес қабілетке және қойылатын талаптарға баламалық арақатынасына саналы түсінеген бағдарын ынталандыру және белсендендіру);
- кәсіби-процессуалдық (оқушылардың болжамдық ойлауын дамытуға әсер ету; кәсіби таңдауға сәйкес өздігінен білім алуға ұмтылуын ынталандыру);
- кәсіби-қолданбалы (кәсіби таңдауда өзін-өзі таныуға дайындығына мүмкіндік туғызатын оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетке белсенді мақсатты бағыттылығы).

Нақты тәжірибеде оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын қолдау процессуалдық сипатқа ие. Ұсынылған тәсілге сүйене отырып, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын *педагогикалық қолдау технологиясы* – бұл педагогтың (қолдау субъектісі) және оқушы мен ата-ананың (қолдау объектісі)

тиімді бірізді бірлескен өзара әрекеттестігі, ол өмірде және кәсіби өзін-өзі анықтауда табысқа жетуіне қажетті нақты жағдаятта объектінің өзін-өзі ұтымды көрсетуін қамтамасыз етеді.

Бұл технология келесі кезендерден тұрады:

Диагностикалық-болжамдық – оқушылардың тұлғалық ерекшеліктерін, оның кәсіби өзін-өзі анықтауының алғашқы деңгейін диагностикалау; әртүрлі жағдаяттарда оқушының кәсіби-тұлғалық «Мен» тұжырымадамасының өсуінде мінез-құлқы мен өзін көрсетуін болжау; кәсіби таңдауды жүзеге асыруда өзін-өзі көрсетуінен көрінетін мүмкін мәселелерді айқындау.

Рефлексивтік-жобалаушылық – нақты кәсіби іс-әрекет субъектісі ретінде оқушының өзіндік бағалауын ынталандыратын жобалау әрекетін жобалау; кәсіби таңдауын іске асыруда оқушының қиындықтарды жеңуін жобалау.

Оптациялық-іс-әрекеттік – оқушының кәсіби өзін-өзі анықтауында туындаған мәселені шешуде оның жеке-тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, педагогикалық қолдауды іске асыру; болашақ бітірушінің жеке мүмкіндіктерін кеңейту, бейімделудің арнайы дағдыларын дамыту және бекіту, қоғамдағы жеке мәселені шешу және жеке өміріндегі әлеуметтік-жағымды мінез-құлық дандыларын меңгерту.

Қорытынды-бағалау–оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын әлеуметтік-педагогикалық қолдау үрдісінің тиімділігін бағалау.

Бейіндік оқыту жүйесінде оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын педагогикалық қолдау үрдісі мамандықты таңдауда және таңдалған мамандыққа сай өздігінен білім алуына мотивациясын қалыптастыру және дамытуға ата-анамен білім беру мекемесі ұжымының кешенді жұмыстарын қамтиды. Бұл үрдістің тиімділігі кәсіби таңдауды белсендендіруге, оқушылардың қызығушылықтарын, қажеттіліктерін және қабілеттерін диагностикалауға, педагогикалық үрдіске қатысушыларының пропедевтикалық жұмыстарына тікелей байланысты.

Қорыта келгенде, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауын педагогикалық қолдаудың негізгі бағыттары және олардың ерекшеліктері анықталды: оқушыларда өзінің тұлғалық, өмірлік құндылықтарын, қабілеттері мен мүмкіндіктері туралы түсініктер қалыптастыруға мүмкіндік беретін шарттарын құру; рефлексия тәсілдерімен мәселелік жағдаятты шешуді үйрету; бейіндік оқытуды таңдауда психологиялық көмек көрсету; оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауында оқыту үрдісін практикамен интеграциялау; кәсіби өзін-өзі анықтауында оқушыларды бейіндік дайындаудың жеке маршрутын ұйымдастыру; бейіндік мектептің жоғары оқу мекемесімен біріктіру, байланысын нығайту, т.б.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Маклюэн Г.М. *Понимание медиа: внешние расширения человека.* – М.: Канон-пресс-Ц, 2003. – 213 с.
- 2 Тоффлер Э. *Третья волна. Перевод с англ.* – М.: Изд-во АСТ, 2004. – 781 с.
- 3 Артемова Л.К. *Профильное обучение: опыт, проблемы, пути решения. Школьные технологии, 2003.* - №4. – С.22-31. ,
- 4 Чистякова С.Н., Н.Ф.Родичев *Профессиональная ориентация школьников в условиях предпрофильной подготовки и профильного обучения //Дополнительное образование: 2004.* - №11. - С. 8-13.
- 5 Климов Е.А. *Психология профессионального самоопределения.* – М., 2007. – 301 с.
- 6 Зеер Э.Ф. *Основы профориентологии.* – М., 2005. – 157 с.
- 7 Сейтешев А.П. *Профессиональная направленность личности.* – Алма-Ата, 1990. -336 с.
- 8 Уманов Г.А. *История создания и тенденции развития профессионально-технического образования в Казахстане. Дис. док. наук.* – Алма-Ата, 1970. – 494 с.
- 9 Казакова Е.И., А.П. Тряпицына *Диалог на лестнице успеха (школа на пороге нового века).* – СПб., «Петербург XXI века», ЗАО «Аттик», 1997. – 160 с.
- 10 Газман О.С. *Педагогика свободы: путь в гуманистическую цивилизацию XXI века//Новые ценности образования.* – Вып. 6. – М.: Инноватор, 2006. – С. 10-38.

УДК 373.2
МРНТИ 14.23.11

Ш.Н. Бисенова¹

¹аға оқытушы, магистр,

*Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік Университеті,
Атырау қ., Қазақстан*

БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ МӘНІ

Аңдатпа

Бұл мақалада қолдау жалпы білім беретін мекемедегі педагогтың балаларға олардың мәселелерін шешуге көмек көрсетуіне бағытталған кәсіптік іс-әрекеті ретінде қарастырылады. Қолдау көмек, ықпал ету, талпыну, қолдау, яғни «құлауға мүмкіндік бермеу», «көмек көрсету», «қорғау», «қандай да бір нәрсені бүлдіруге жол бермеу» дегенді білдіреді. Қолдаудың түрлері бөліп көрсетіледі: әлеуметтік қолдау, психологиялық қолдау, педагогикалық қолдау, әлеуметтік-педагогикалық қолдау. Әлеуметтік қолдау білім беру және тәрбиелеу міндеттері тұрғысынан белсенді, превентивті сипатқа ие. Сондықтан әлеуметтік-педагогикалық қолдау субъектілердің (әлеуметтік педагог пен балалар, т.б.) тұлғалық өзара әрекеттестікті ұйымдастыру технологиясы, тұлғалық даму үшін психологиялық қолайлылықтудыру үрдісі, тәрбиелік технология ретінде қатысады. Сондықтан педагогикалық қолдаудың кейбір бағыттары бөліп көрсетіледі: балаларға шешім қабылдауда және мәселені шешуде көмектесу; қиын өмірлік жағдайда балаларға қолдау көрсету; балалармен мектепте және мектептен тыс уықытта жүргізілетін жұмыстарды үйлестіру.

Түйін сөздер: қолдау, педагогикалық қолдау, әлеуметтік қолдау, әлеуметтік-педагогикалық қолдау.

Аннотация

СУЩНОСТЬ СОЦИАЛЬНО-ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ПОДДЕРЖКИ ДЕТЕЙ

Ш.Н. Бисенова¹

¹ старший преподаватель, магистр

*Атырауский Государственный Университет имени Х.Досмұхамедова
г. Атырау, Казахстан*

В данной статье поддержка рассматриваются как профессиональная деятельность педагога в общеобразовательных учреждениях, направленная на оказание помощи детям в решении их проблем. Поддержка подразумевает помощь, содействие, стремление поддержать, т. е. «не дать упасть», «оказать помощь», «выступить в защиту», «не дать нарушиться чему-либо». Выделяют виды поддержек: социальная поддержка, психологическая поддержка, педагогическая поддержка, социально-педагогическая поддержка. Социально-педагогическая поддержка с точки зрения обучающихся и воспитательных задач носит упреждающий, превентивный характер. Таким образом, социально-педагогическая поддержка выступает как технология организации личностного взаимодействия субъектов (социальный педагог и дети, т.д.), как процесс создания психологически комфортных условий для личностного развития, как воспитательная технология. Поэтому определены некоторые направления педагогической поддержки: оказание помощи детям в принятии решений и решения проблем, поддержка детей в трудной жизненной ситуации; координация работы с детьми внутри и вне школы.

Ключевые слова: поддержка, педагогическая поддержка, социальная поддержка, социально-педагогическая поддержка.

Abstract

THE ESSENCE OF THE SOCIAL AND EDUCATIONAL SUPPORT FOR CHILDREN

Bisenova S.N.¹

¹ senior teacher, master

Atyrau State University named after Kh.Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstan

This article discusses how to support professional pedagogical activities in educational institutions, aimed at helping children in solving their problems. Support means the support, assistance, a commitment to support, t. e., "Not to fall", "assist", "to advocate", "does not give anything broken." There are types of supports: social support, psychological support, educational support, social and educational support. Social-pedagogical support in terms of training and educational tasks is pre-emptive, preventive. Thus, socio-pedagogical support acts as a technology of the organization of personal interaction of subjects (social educator and the children, etc.), as the process of creating a psychologically comfortable environment for personal development, as an educational technology. Therefore, we identified some areas of educational support: helping children in decision-making and problem solving, support for children in difficult situations; coordination of work with the children inside and outside of school.

Key words: support, educational support, social support, social and educational support.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан - 2050» стратегиясында «балалар – қоғамымыздың ең қауқарсыз және қорғалмаған бөлігі. Мемлекет Қазақстан жерінде туылған әр баланы қорғауға тиіс. Табысы аз отбасылардан шыққан балаларды, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды тұрғын үймен қамтамасыздандыру мәселелері бұрынғысынша өткір болып қалуда: балалар топтары, әсіресе, мүгедек балалар, ауылдық жердегі балалар, экологиялық апат аймақтарда тұратын балалар, босқын балалар, еңбек етуші көшіп-қонушылардың баллары сияқты балалар топтарын кемсітуге қарсы бағытталған қолдану тәжірибесі жоқтың қасы; т.б.» - деп ерекше атап көрсетеді [1].

Қандай да әлеуметтік тәжірибені жоғалтуына байланысты бейімделмеу және бейімделмеуді жеңу, жағымды немесе жағымсыз сипатта болады. Осы жағдайда кез келген адамға қолдау қажет болады.

«Қолдау» ұғымы ғылыми-педагогикалық қауымдастық шеңберінде ХХ ғасырдың 90-шы жылдары пайда болды. Бұл ұғым шетелдік психологиялық және педагогикалық тәжірибелердің, атап айтқанда, адамның субъектілігімен, даралығымен жұмыстың дерективті емес тәсілдері болып табылатын фасилитация, супервизия, тьюторлық, коучингтердің мәнін түсіндіру мақсатында белсенді түрде қолданылды. Осы жылдары демеу педагогикасы О.С. Газман [2] және педагогикалық қолдау теориясы Е.И. Казакова [3] да дами бастады.

«Қолдау» ұғымы педагогика ғылымы саласында оқушыларға, студенттерге, ата-аналарға бағытталған алуан түрлі мамандардың жүзеге асыратын (мұғалімдер, тәрбиешілер, тьюторлар, әдіскерлер т.с.с.) әртүрлі педагогикалық үдерістерді сипаттауда жиі пайдаланылады. Қолдау педагогикалық ұғым ретінде негізгі педагогикалық үдерістің жеке бөліктерін (стратегиясы, әдістемесі, тәрбие технологиясы, оқыту технологиясы, білім беру технологиясы) білдіреді. Осыған байланысты «қолдау» ұғымы кеңінен таралған «педагогикалық үдеріс» дегенді білдіреді және сонымен қатар педагогиканың басты категориясына жатуы мүмкін.

Соңғы жылдары педагогикалық қолдау педагогикалық үдерістің жеке түрі ретінде тәрбие, оқыту және білім беруден өзгешелігі бар педагогикалық мәнге ие болып отыр Л.Г.Субботина [4], Т.А. Строкова Т.А. [5].

Қолдаудың мәні мен өзгешелігі педагогикалық үдерістің қатысушыларына олардың өзін-өзі дамуында және дербес өз бетінше іс-қимылдарын жүзеге асыруда көрсететін көмекпен байланыстырылады.

М.В. Шакурова «педагогикалық қолдау үдерісінің өзгешелігі оның тұлғаның өзін-өзі дамуына бағыттылығында және адамның өзіндік болмысына қатысты «қосалды сипаттында» айқын көрінеді, - деп топшылайды. Оның пікірінше, «бұл тұлғаның қалыптасуы мен даму үдерісі емес, бұл нақты міндеттері бар негізгі үдерісті қажетті қорлар мен құрылымдармен қамтамасыз ететін тұлғаның әлеуметтік-мәдени сәйкестілігін қалыптастыру мен дамытудағы көмекші, яғни қосалқы үдеріс» [6].

Т.Н. Сапожникова жоғары сынып оқушыларының өмірлік өзін-өзі анықтауын педагогикалық қолдауды екі жақты педагогикалық үдеріс ретінде түсіндіреді. Оның тұжырымы бойынша, «бұл үдерістің бір жағы - әлеуметтік құндылықтармен өзара әрекеттестік тәжірибесін кеңейту мақсатында жағдайларды құру болса, екінші жағы – рефлексивті-болжамдық қабілеттерді қалыптастыру» [7].

Тұлғалық дамуды қолдау үдерісі «бағытталған» даму стратегиясына баламалы стратегия болып табылады.

Осырайда Л.П.Тарита «қолдаудың ерекше педагогикалық үдеріс ретінде пайда болуын бірқатар жағдайларға байланыстырады. Оның пікірі бойынша, «қолдау білім берудің жалпы гуманистік тұжырымдамасына, тұлға мен қоғамға бағдарлылық білімнің құндылығы ретінде қабылдануына, кез келген жүйені дамуының ішкі әлеуетіне сүйенуіне, білім берудегі даралау мен саралау әдістерінң жаңа мәнін ұғынуға байланысты» [8].

Бұл әдіснамалық тұғырды заманауи педагогикалық болмыста педагогикалық қолдауды өзін-өзі дамыту мен өзіндік іс-әрекетте көмектің гуманистік бағдарланған педагогикалық үдерісі ретінде қарастыруға болады.

Е.А. Александрова педагогикалық қолдауды педагогикалық іс-әрекеттің типі ретінде зерттей келе, «оның мәні балаға өзінің өмірлік жолы мен дара білімдік траекториясын өз бетінше жоспарлауды, өзінің іс-әрекетін ұйымдастыруға, эмоционалды жайсыздық, яғни қолайсыздық жағдаятында адекватты қарауға перманентті даярлықты және проблемалық ситуацияны шешуге үйретудің превентивтік үдеріс болуында», - деп жазды. [9]

Әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың мақсаты – әлеуметтік асыраудағыларды емес, өмір қиыншылықтарын өздері жеңе алатын, белсенді қайырымдылық әлеуметтік адамдарды тәрбиелеу. Бұл

бағыттағы ұйымдастырылатын іс-шаралар қарым-қатынас жасау амалдарын, мәдениетті, мінез-құлпты, әдепті, өзара түсінушілікті қалыптастыруға бағытталады.

Л.В.Мардахаев адамды *әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың* келесі деңгейлерін бөліп көрсетеді:

- өмірлік іс-әрекетін жалпы әлеуметтік-педагогикалық қолдау, нақты адам мен оның қоршаған ортасымен жалпы ұйымдастырылатын әлеуметтік-педагогикалық әрекет, олардың қоғамдағы әлеуметтік рөлі мен мәртебесін анықтайтын, сонымен бірге әлеуметтену қажеттілігін анықтайтын олардың негізгі қызметтерін ынталандыру;

- бағытталған қолдау, белгілі кезеңде (мектепте, колледж немесе жоо білім алу және өзін сол салада көрсетуге бейімдеуде туындаған қиындықтарды шешу (медициналық, психологиялық, қаражаттық, әлеуметтік-педагогикалық, т.б.қолдаулар) ;

- нақты адамға әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету, өзі дербес шеше алмаған жағдайдағы қолдау [10].

Әлеуметтік-педагогикалық қолдау – бұл педагогикалық қолдау үрдісінің бөлігі, тұлғаның табиғи даму үрдісіне ықпал ету. Табысты ұйымдастырылған қолдау тұлғалық өсудің болашағын ашады, адамның «даму аймағына» еруге көмектеседі. Оның бірқатар ерекшеліктері бар, әлеуметтік көмектің педагогикалық құраушысының маңызды бөлігі баланы оқыту мен тәрбиелеумен байланысты оның дамуымен және әлеуметтенуіне әсер ету болып табылады. Мұндағы балаға көмек көрсетуге бағытталған әрекет әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет. Қажетті психологиялық жағдай сияқты кешенді қолдаудың теориясы мен тәжірибесін қалыптастыруға арналған негізгі жағдай жүйелі бағыттау тәсілі болады. Мұның астарында, дамуды субъектінің сол немесе басқа да инновацияларды дамытуды таңдауы мен меңгеруі деп түсіну жатыр. Жүйелі бағыттау тәсілінің негізі ретінде, субъекті дамуының ішкі қорында, яғни, субъектінің өз бетінше таңдау жасау және ол үшін жауап беру құқығын иелену басымдылығы алға шығады.

Қолдаудың этикасы (әдебі) қолдаудың педагогикалық және адамгершілік нормаларының бірлігі болып табылады: педагогикалық мақсатқа жетуде бала құрал болмауы тиіс; баланың шығармашылығын іске асыруында педагогтың өзін-өзі іс жүзінде көрсетуі; педагогтың баланы қандай болса, сол күйінде оның үнемі өзгеруі тұрғысынан қабылдауы; баланың және өзінің беделінді еш уақытта түсірмеу; бала – мәдениетті алып жүруші, мұрагер, тәрбие – мәдениет диалогы; адамды бірі-бірімен іс-әрекет нәтижесі бойынша салыстыру; сенім арта отырып, тексермеу; өзінің кемшілігінді мойындай білу; баланы қорғай отырып, өзін-өзі қорғауды үйрету; өзіңе ұнамайтын нәрсені өзгеге жасама. Педагогтың негізгі ұстанымы – көмектесу.

Педагогикалық қолдау – бұл: а) тәрбиеленуші сенімінен шығу; б) көбіне педагогикалық қолдау қажеттігін өзі сезбейді, бірақ оған мұқтаж болған тәрбиеленушілерге қол ұшын, жәрдемін беріп, қолдап-қуаттау. *Педагогикалық қолдау мәні:* қолайлы (жайма-шуақ) психологиялық жағдай жасау; тұлғаның өз бойындағы мүмкіндіктерін өзінше іске асыруына өзара келісімдік шарт-жағдайлар түзу; өз қадір-қасиеті мен ар-намысын сақтап қалуға және ұтымды нәтижеге жету жолындағы кедергілерді бірлесіп жеңіп бару; «жәрдем бер» деп алақанын ашық жайып отырғанға ғана емес, достық ықылас-ниетке мұқтаж болғанның бәріне көмек көрсету; әрқандай тәрбиешінің өмірдегі өз орнын табуға құштарлық білдірген тәрбиеленуші проблемаларын өз назарында ұстай білуі; тәрбиешінің кәсіби деңгейінің жоғары болуы.

Педагогикалық қолдаудың көрініс формалары – жылы лебіз; құлақ сала білу, қажет болса – кеңес беру; тәрбиеленушіге сенім; оның құқығын қорғау; тәрбиешінің балаға болған қамқорлық қатынасы; шәкірттің қандай да табысын көре танып, оған ұнамды баға беруден жалықпау және т.б.

Қазіргі мұғалімнің миссиясы өзіне нақты білім беру мекемесіне тән мақсаттарды, қатынастарды және даму бағыттарын анықтауды енгізеді. Оны орындаудың міндеттері келесі бағыттар бойынша оқу-тәрбие үрдісін жетілдіруді талап етеді: тұлғаның өзіндік үдерістерін, яғни өзін-өзі тану, өзін-өзі байқау, өзін-өзі талдау, өзін-өзі болжау, өзін-өзі іс жүзінде көрсету және т.б. қолдау; оқушыларда тұлғалық өзін-өзі жетілдіруге мақсатты бағытталған өзін-өзі рефлексиялау туралы ұғым қалыптастыру; оқушылардың өзін-өзі тануы мен өзін-өзі дамытуына педагогикалық қолдау көрсету; педагогикалық қолдаудың тиімді жағдайларын, атап айтқанда тұлғааралық қатынастар атмосферасын, қарым-қатынас стилін, педагогикалық әдепті қалыптастыру; кәсіби ұстанымын педагогикалық қолдау нормасында бейнелеп көрсету; қолдаудың мынадай тактикаларын ұйымдастыру: «қорғау» тактикасы, «көмектесу» тактикасы, «ықпал ету» тактикасы, «өзара әрекеттесу» тактикасы; педагогикалық қолдаудың әдістері мен тәсілдерін меңгеру және басқару технологиясының сапасын жаңарту; өзара әрекеттесу негіздерін қалыптастыру.

Педагогикалық қолдау – тұлғаның өзіндік қызығушылығын, мақсатын, мүмкіндіктерін және оқуда, өзін-өзі тәрбиелеуде, қатынаста, өмір салтында күтетін нәтижеге өз бетімен жетуіне, өзінің адамзаттық абырой-беделін сақтауға кері әсер ететін кедергілерді жою жолдарын анықтаудағы бірлескен үдеріс. *Педагогикалық қолдау көрсетудің негізгі қағидалары:* баланың көмекке және қолдауға келісімділігі; өзінің күші мен потенциалдық мүмкіндіктеріне сүйенетін тұлға және оған сенімінің болуы; кедергілерді өз бетімен жою қабілетіне бағдарлануы; бірлестіктік, ынтымақтастық, көмектесу; құпиялық (анонимдік); қайырымдылық; қауіпсіздік, денсаулығын, құқығын, азаматтық беделін қорғау; «Зиян тигізбеу, келтірмеу!» ұстанымын іске асыратын; үдеріс пен нәтижеге рефлексивті-аналитикалық тұрғыдан қарау. Педагог балаға денсаулығын нығайту, адамгершілігін қалыптастыру, ақыл-ой, еңбек, шығармашылық, коммуникативтік қабілеттерін дамыту бойынша мәселелерді шешуге қолдау көрсетуі керек, ол өз кезегінде өзін-өзі анықтау, өзін-өзі іс жүзінде көрсету, өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі маңыздандыру қабілеттерін қалыптастыруға негіз бола алады.

Педагогикалық қолдаудың механизмдері өмірлік маңызды мәселелерді шешу үшін қажет. Ол оқушы мен педагогтың өзара байланысты әрекеттерінен құралып, төмендегі бес кезеңдерде орындалады:

1-кезең (диагностикалық) – мәселені және оның диагностикасын анықтау, баламен байланыс құру, оны кеңесу, бала үшін ол мәселенің маңыздылығын бірлесе бағалау;

2-кезең (ізденушілік) – баламен мәселенің туындау себептерін (қиындықтарын) айқындауды бірлесіп ұйымдастыру, жағдаятқа басқа қырынан қарау («баланың көзімен қарау») тәсілін қолдану;

3-кезең (өзара келісімділік) – педагог пен оқушының әрекетін жобалау (мәселені шешу бойынша қызмет пен жауапкершілікті бөлу), келісім шарттық қатынасты жақсарту және кез келген формада келісім шарт құру;

4-кезең (іс-әрекеттік) – бала өзі әрекет етеді және педагог та өзі әрекет етеді (баланың әрекетін қолдауғ оның инициативасы мен әрекетін ынталандыру және оқушыға мектепт және одан тыс маманның іс-әрекетін үйлестіру);

5-кезең (рефлексивтік) – баламен бірге алдыңғы кезеңдердегі жетістіктер мен сәтсіздіктерді талқылау, мәселені шешудің фактісін немесе қиыншылықтарды айқындау, бала мен педагогтың жаңа өмірлік тәжірибені саналы түсінуі

Қорта келгенде, *педагогикалық қолдау әдістері* біріншіден, бала туындаған кедергілер мен проблемаларды саналы түсініп, бірақ шеше алмаған жағдайда; екіншіден, балаға проблеманы тудырмау немесе оны шеше білу, алдын-ала сақтандыру шаралары ретінде ықпал етуде қолданылады. *Педагогикалық қолдау* тәрбиеленушілердің баршасына бағытталып, оларға деген қамқорлық пен сенім қатынасында көрінумен өзара сыйластық, түсіністік, қызметтестік көңіл-күй жағдайын түзуге көмегін тигізеді; жеке тұлғаға бағытталып, оның дамуына, білім игеруіне, тәрбиелілігіне, өз басы проблемаларын шешуге жәрдем көрсетіп, азаматтың өзгерістерін диагностикалап баруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2012ж. 14.12.). – Астана, 2012.

2 Газман О.С. Педагогическая поддержка детей в образовании как инновационная проблема. Новые ценности образования: СПб. /Под ред. Н.Б.Крыловой. – М.: Инноватор, 1995. – С. 58-65.

3 Казакова Е.И. Теоретические основы развития общеобразовательной школы (системно-ориентационный подход). Автореф. дис... докт. пед. наук. – М., 1995. – 34 с.

4 Субботина Л.Г. Психолого-педагогическое сопровождение учащихся в условиях личностного ориентированного обучения: дис. канд. пед. наук. – М., 2002. – 213 с.

5 Строкова Т.А. Педагогическая поддержка и помощь в современной образовательной практике// Педагогика, 2002. №4. – С. 20-27.

6 Шакурова М. В. Педагогическое сопровождение становления и развития социокультурной идентичности школьников: автореф. дис. д-ра пед. наук: 13.00.01. - М., 2007. - 47 с.

7 Сапожникова Т.Н. Педагогическое сопровождение жизненного самоопределения старшеклассников: автореф. дис.. д-ра пед. наук. - Ярославль, 2010. – 51с.

8 Тарита Л.П. Методическое сопровождение инновационных процессов в управлении районной образовательной системой. Дис. канд. пед. наук. – М., 2000. – 179 с.

9 Александрова Е.А. Виды педагогической поддержки и сопровождения индивидуального образования: http://www.isiksp.ru/library/aleksandrova_ea/aleks-000001.html

10 Мардахаев Л.В. Социально-педагогическое сопровождение и поддержка человека в жизненной ситуации. //Педагогическое образование и наука. -2010. №6. –С. 4-11.

УДК 37.013
МРНТИ 14.07.07

О.Р. Мажитова¹

¹аға оқытушы, магистр,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік Университеті,
Атырау қ., Қазақстан

МЕКТЕПТЕ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл мақалада денсаулық сақтау технологиялары және олардың ерекшеліктері қарастырылады. Денсаулық сақтаудың педагогикалық технологиялары ықпалдасу жағдайында балалардың табиғи қабілеттерінің; оның ақыл-ойының, адамгершілік және эстетикалық талғамының, адаммен, табиғатпен, өнермен қарым-қатынасының алғашқы тәжірибелерін іс-әрекеттерде меңгеру сұранысының дамуын қамтамасыз етуі тиіс. Денсаулық сақтау технологияларының ішінде әрбір оқушының психологиялық ерекшеліктерін (темпераменті, зейіні, жады және т.б.) ескеретін және олардың толық әлеуетінің ашылу мүмкіндігіне бағытталған тұлғалық-бағдарлық оқыту технологияларын бөліп көрсетуге болады. Сондықтан сабақ барысындағы жұмыстарға барлық оқушылардың жағымды эмоциялық көңіл-күйін туғызу, проблемалық шығармашылық тапсырмаларды қолдану; оқушылардың тапсырманы орындаудың әртүрлі тәсілдерін өз бетімен таңдауын және қолдануын ынталандыру; материалдың типін, түрін және формасын (сөздік, графикалық, шарты-символдық) өзінің таңдауына мүмкіндік туғызатын тапсырмаларды пайдалану, рефлексия. Сонымен мектептің денсаулық сақтау ортасы дегеніміз әлеуметтік-педагогикалық жағдайлардың, оқушының адаптациялық мүмкіндіктерін жүзеге асыруға қажетті физиологиялық компоненттердің, денсаулықты сақтау мен дамытуға әсер ететін факторлар жиынтығы.

Түйін сөздер: технология, денсаулық сақтау технологиясы, денсаулық сақтау технологиясының түрлері.

Аннотация

ОСОБЕННОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ЗДОРОВЬЕ СБЕРЕГАЮЩИХ ТЕХНОЛОГИЙ В ШКОЛЕ

О.Р. Мажитова¹

¹старший преподаватель, магистр
Атырауский Государственный Университет имени Х.Досмухамедова
г. Атырау, Казахстан

В данной статье рассматриваются виды здоровьесберегающих технологий и их особенности. Здоровьесберегающие педагогические технологии в условиях интеграции должны обеспечить развитие природных способностей ребёнка: его ума, нравственных и эстетических чувств, потребности в деятельности овладении первоначальным опытом общения с людьми, природой, искусством. Среди здоровьесберегающих технологий можно особо выделить группу технологий личностно-ориентированного обучения, учитывающих психологических особенностей (темперамента, внимания, памяти и т.д.) каждого ученика и направленных на возможно более полное раскрытие его потенциала. При этом необходимы: *создание* положительного эмоционального настроения на работу всех учеников в ходе урока; использование *проблемных* творческих заданий; стимулирование учеников к выбору и самостоятельному использованию разных способов выполнения заданий; применение *заданий*, позволяющих ученику самому выбирать тип, вид и форму материала (словесную, графическую, условно-символическую); рефлексия.

Ключевые слова: технология, здоровьесберегающие технологии, виды здоровьесберегающих технологий.

Abstract

PECULIARITIES OF USING HEALTH-SAVING TECHNOLOGIES IN SCHOOL

Mazhitova O.R.¹

¹senior teacher, master
Atyrau State University named after Kh.Dosmukhamedov
Atyrau, Kazakhstan

This article discusses the types of health-technologies and their features. Health-pedagogical technologies in the conditions of integration should ensure the development of the child's natural abilities, his mental, moral and aesthetic feelings, the need for the activities of mastering the initial experiences with people, nature, art. Among health-technology can highlight a group of student-centered learning technologies, taking into account the psychological characteristics (temperament, attention, memory, etc.) of each student and designed to the fullest possible disclosure of its potential. This requires: the creation of a positive emotional attitude to the work of all the students in the lesson; Use

troubled creative tasks; encouraging students to self-selection and use of different ways to perform tasks; application tasks that allow the student to choose the type, shape and form of the material (verbal, graphical, symbolic conditional); reflection.

Key words: technology, zdoroveseberegayuschie technology, types of health-technology.

Болашақ педагог-психологтардың кәсіптік табысты дамуының негізі болып табылатын психикалық және физикалық денсаулық тұлғаның әлеуеттік мүмкіндіктерін шығармашылықпен жүзеге асыру нәтижесін анықтайды. Н.А. Шмойлова, Г.А. Калачевтың «Өзін-өзі өзектендіруші тұлға өмірде жетістікке қол жеткізу үшін денсаулықтың маңызын аса жоғары бағалайды, денінің сау болуына іштей қажеттілікті сезінеді» деген пікіріне назар аударылды [1].

Денсаулық сақтау технологиясы педагогтан үлкен кәсіби біліктілікті (оның білімі, білігі, мәдениеті, оқушыға деген ізгілікті қарым-қатынасы, оқытудың жеке тұлғалыққа бағытталған жүйесінде жұмыс істей білуі) қажет етеді. Мақсатқа жету мен оң нәтиже алу үшін технологиялық амалдар мен денсаулық сақтаушы әрекеттер жасалу қажет. Денсаулық сақтау технологияларының мақсаты - оқушының мектепте жүрген кезінде денсаулығын сақтау, оның денсаулығын сақтау туралы білім, білігі мен дағдыларын қалыптастыру, алған білімдерін қолдана білуге үйрету. Денсаулық сақтау технологияларының ең негізгі міндеті - оқушының еңбегі мен демалысын ұйымдастыру кезінде оның жұмысқа қабілеттілігінің оқу сабағының барысында жоғары болуы, қажудың алдын-алу, зорығуды мүлдем болдырмау, т.б.

Сонымен денсаулық сақтау технологиясының ерекшелігін ашып көрсетуде оның теориялық негізін айқындайтын негізгі категориялардың мазмұнына, денсаулыққа әсер ететін факторларға, денсаулық сақтау технологияларын зерттеген ғалымдар еңбектеріне жан-жақты талдау жасалды.

«Технология» сөзі грек тілінен аударылғанда *techné* (шеберлік, өнер, ғылым) және *logos* (ұғым, ілім) дегенді білдіреді [2].

Әлеуметтік педагогика сөздігінде «технология – алға қойған мақсаттарға жету үшін қолданылатын әдіс-тәсілдер мен әсерлердің жиынтығы деп мазмұндалады [3].

*Демек технология – бұл қоғамдағы практикалық прогрестердің техникамен реттеліп отыратын және материалдық дүниенің заңдылықтарымен анықталатын, техникалық құралдар мен объектінің өзара әрекеттесуінен туындайтын үдеріс. Білім беру саласындағы педагогикалық технологияның басқа бағыттары оқу материалын талдау техникасын, мұғалім мен оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыруға, сонымен қатар педагогикалық технология мұғалімдер мен оқушылардың аз ғана күш жұмсап, ең жақсы нәтижелерге жетудің тиімді ұстанымдары мен әдістерін анықтауға бағытталған. Қазіргі технология ұғымы мазмұны жағынан үш негізгі аспектіге ие: 1) *ғылыми:* «технология» психологиялық және педагогикалық теория мен озық тәжірибе жетістіктеріне негізделген, белгілі бір мәселені ғылыми зерттеп дайындаудың шешімі; 2) *формальды-сипаттамалы:* «технология» жоспарланған нәтижеге қол жеткізуде қолданылатын үлгі, мақсаттарды, мазмұнды, әдіс-тәсілдерді, әрекеттер алгоритмін сипаттау; 3) *үдерістік-әсерлі:* «технология» қызметті іске асыру үдерісінің өзі, қызмет ету жүйелілігі мен тәртібі және оның барлық компоненттерін, оның ішінде қызметтің нысандары (объектілері) мен тұлғаларын (субъектілерін) өзгерту болып табылады.*

«Денсаулық сақтау технологиясы» ұғымын кез келген білім беру технологиясының сапалық сипаттамасы және оқыту мен тәрбиенің дәстүрлі технологияларын толықтыратын, денсаулықты сақтауға ықпал ететін қағидалардың, тәсілдер мен әдістердің жиынтығы ретінде қарастыруға болады.

О.В. Петровтың пікірінше, «білім берудегі денсаулық сақтау технологиясы – рухани, интеллектуалды және физикалық денсаулықты дамытатын және нығайтатын, оны сақтауға барынша жағдай жасайтын жүйе. Бұл жүйеде: медициналық қызметкерлер жүргізген оқушының денсаулық жағдайы туралы мониторинг деректерін қолдану, білім беру технологиясын жүзеге асыруда өзінше бақылау жасап, сәйкестігіне көңіл аудару; оқушының жас ерекшелігін, есте сақтау қабілетін, ойлауын, жұмыс істеу қабілетін, белсенділігін ескере отырып, білім берудің бағдарламасын дайындау; технологияны жүзеге асыру үрдісінде жағымды эмоционалды-психологиялық жағдай қалыптастыру; оқушылардың жұмыс істеу қабілеті мен денсаулығының қорын жоғарылату және сақтауға бағытталған денсаулық сақтау іс-әрекетінің әр түрін қолдану және т.б қажет» - деп тұжырымдайды [4].

Осы мәселені арнайы зерттеушілер Н.К. Смирнов [5], Н.П. Абаскалова [6] «білім берудегі денсаулық сақтау технологиясы – бұл балаларға денсаулық мәдениетін үйрететін, оны сақтауға мүмкіндік беретін жеке қасиеттерді дамытатын, денсаулықты құндылық деп түсінуді қалыптастыратын, салауатты өмір салтын ұстауға ықпал ететін, бағыттайтын педагогикалық-психологиялық технология, бағдарлама,

әдіс. Бұл бала денсаулығына зиян келтірмеуге бағытталған білім беру мен тәрбиелеудің жүйелі әдістемесі» - деп есептейді.

А.А. Никольская бала дамуының мынадай жалпы жағдайларын бөліп көрсетеді: даму жаймен және біртіндеп жүзеге асады; эмоционалдық, ақыл-ой, ерік әрекеттері арасында қандай байланыс болса, рухани даму мен физикалық даму арасында да тығыз байланыс бар. Сол себепті оқу мен тәрбиені қаншалықты дұрыс ұйымдастырса, соншалықты үйлесімді, жан-жақты даму жүзеге асады; даму үрдісі кезінде психологиялық әрекеттің барлық бағыты бір мезгілде қатыспайды және олардың даму жылдамдығы мен энергиясы біркелкі емес: даму орташа болып немесе әртүрлі себептермен жылдамдауы мүмкін; бала дамуын жасанды жылдамдатуға болмайды, әр жас кезеңіне тән «өз күшін толық жұмсауы қажет» [7].

В.Д. Сонькиннің пікірі бойынша «білім берудегі денсаулық сақтау технологиясы – бұл мектепте баланың оқуына жағдай жасау (стресстің болмауы, талаптың дәлдігі, оқыту мен тәрбиелеу әдісінің дәлдігі); оқу үрдісін тиімді ұйымдастыру (жас ерекшелігі, жыныстық, жеке ерекшелігіне сәйкес гигиеналық талаптар); оқу және физикалық жүктеменің жас мүмкіндігіне сәйкестігі; қажетті, жеткілікті, тиімді ұйымдастырылған қозғалыс тәртібі» [8].

Бүгінгі таңда адамның денсаулығына әсер ететін сыртқы факторлар (экологиялық қауіп, демографиялық жарылыс, соғыс, табиғи катаклизмдер және т.б.) мәселесі жан-жақты зерттелінген.

В.И. Ковалько оқушылардың денсаулығы мен күшінің әлсіреуіне әсер ететін мынадай факторларды бөліп көрсетеді: қатал педагогикалық тактика; оқушылардың жас ерекшелігіне сәйкес келмейтін оқыту әдістері мен технологияларын қолдану; оқу үрдісін ұйымдастыруға қойылатын гигиеналық және физиологиялық талаптардың сақталмауы; ата-аналардың бала денсаулығын сақтау жөніндегі сауатының төмендігі; дене тәрбиесі жүйесінің әлсіздігі; оқу үрдісінің қарқындылығы; педагогтың оқушы денсаулығын сақтау, нығайту мәселесіндегі кәсіби сауатының төмендігі; мектептегі медициналық бақылау қызметінің төмендігі; денсаулықты, салауатты өмір салтын қалыптастыратын жүйелі жұмыстың аздығы [9].

Денсаулық сақтау технологияларының жалпы құрылымы мен жүргізілу барысын біле отырып, денсаулық сақтаудың негізгі мәселелерін шешуді жүзеге асыру қажет. Мұны денсаулық сақтау технологиясының маңызды бірінші қадамы деп ойлауға болады. Екінші қадамды оқушы мен педагог арасында сенімді қарым-қатынас орнату деп түсіну, яғни оқушыны технологияның субъектісі ретінде қарау қажет. Бұл жерде мұғалім мен оқушы қарым - қатынасы тек мәлімет алмасу ғана деп түсінбеу керек. Оқушыны «Мен» тұрғысында дамыту сапалы даму деңгейін береді, оны нағыз субъект ретінде дамуын көздейді.

Қазіргі заман мұғалімі мектепте жұмыс істеу үшін әдістемелік дағды мен технологиялық біліктіліктің денсаулық сақтау жүйесіндегі «педагогикалық минимум» деңгейімен қамтамасыз етілуі тиіс. Оқушыларға денсаулық сақтаудың негіздерін білдіре отырып, салауатты өмір сүруге қызығушылығы мен сұранысын туғызу қажет. Демек денсаулық сақтау технологиясын оқу-тәрбие үрдісінде ұтымды пайдаланып жүрген, педагогикалық ұжым меңгерген оқушы мен олардың ата - аналар үшін оқытуда және күнделікті тұрмыста пайдалану деп түсіну керек.

В.В. Сериковтың анықтауынша, технология кез келген салада сол пәндік саланың объективті заңдарын көрсететін, оның даму логикасына сәйкес құрылған және қойылған мақсатқа сай іс-әрекет нәтижесін қамтамасыз ететін іс-әрекет [10].

Осы әдіснамалық реттеуішке сүйене отырып, технологияны болашақ маманның денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталған жүйетүзуші және тіршілікті қамтамасыз етуші үрдіс шеңберінде білім беру мен тәрбиелеу арасында қарым-қатынасты жаңадан құруға алып келетін денсаулық сақтаудың педагогикалық іс-әрекеті ретінде анықтауға болады. Денсаулық сақтау технологиясы болашақ маманның оқу-танымдық іс-әрекетке мотивациясын көтеру құралы ретінде қолданылуы да мүмкін.

Сонымен оқу-тәрбие үрдісінде қолданылатын денсаулық сақтау технологияларын үш топқа бөліп көрсетіледі:

- білім беру үрдісінің гигиеналық тиімді жағдайларын қамтамасыз ететін технология;
- болашақ мамандардың физикалық белсенділігі мен оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыру технологиясы;
- сабақтарда қолданылатын сан алуан түрлі психологиялық-педагогикалық технологиялар.

Оқу - тәрбие үрдісіне денсаулық сақтау технологияларын жасау мен ендіруде ғалымдар мынадай бағыттарды ерекше көрсетеді: оқушы ағзасын шынықтыруға негізделген оқу пәндерін тереңдетуге

технологиялық жоспарлар жасау; оқушы қатысатын дене шынықтыру, спорттық секция мен мектептен тыс спорттық ұйымдардағы денсаулық сақтау компоненттерін жетілдіру; оқытудың мазмұнын оқушы денсаулығын сақтау технологияларына бейімдеу (оқушының дем алысын, денсаулығын қалпына келтіруге бағытталған жаңа режимде жұмыс жасау, оқушылардың дұрыс тамақтануы, витаминді тамақтануы, дәрігерлік-гигиеналық қамсыздандыру) оқушының ортасы мен мектептің медико-биологиялық ресурстарын денсаулық сақтау мақсатында тиімді қолдану.

Сондықтан бұл мәселені қарастырған ғалымдар еңбектеріне талдау төмендегідей заманауи денсаулық сақтау технологияларын бөліп көрсетуге мүмкіндік берді: *Денсаулықты сақтау және ынталандыру технологиясы*: стретчинг, ырғақ пластикасы, динамикалық үзілістер, қозғалмалы және спорт ойындары, релаксация, эстетикалық бағыттағы технологиялар, саусақ гимнастикасы, көз гимнастикасы, дем алу гимнастикасы, сергіту гимнастикасы, түзету гимнастикасы, ортопедиялық гимнастика. *Салауатты өмір салтына үйрету технологиясы*: дене шынықтыру сабағы, проблемалық ойын (ойын тренингі және ойын терапиясы), коммуникативтік ойындар, «Денсаулық» сериясынан сабақтар, нүктелі массаж, өз-өзіне массаж жасау, биологиялық кері байланыс (БКБ). *Түзету технологиялары*: арттерапия, музыкалық ықпал ету технологиясы, ертегі терапиясы, түспен ықпал ету технологиясы, мінез-құлықты түзету технологиясы, психикалық гимнастика, фонетикалық және логопедиялық ритмика.

Жоғарыда аталған денсаулық сақтау технологияларымен бірге медициналық - гигиеналық технологиялары, дене шынықтыру-сауықтыру технологиялары, экологиялық және өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, олардың барлығы денсаулық сақтау технологияларына бірігеді. Оларды тағы мынадай шағын топтарға бөлуге болады:

- *ұйымдастыру – педагогикалық технологияларына* белгілеген нормада, оқушының зорығу, гиподинамия т.б. дезадаптациялық жағдайлардың алдын алу үшін оқу үрдісінің құрылымын анықтаған технологиялар жатады;

- *психологиялық – педагогикалық технологиялар* мұғалімнің жұмысымен тығыз байланысты. Оның оқушыға бүкіл 45 минут барысындағы ықпалы, оқу үрдісінің барлық элементтерін психологиялық - педагогикалық сүйемелдеуі жатады;

- *оқу-тәрбие технологияларына* өз денсаулығына сауатты қамқорлық жасауды үйрететін және оқушының денсаулық мәдениетін қалыптастыратын, салауатты өмір салтына ынталандыратын, зиянды әдеттердің алдын алу, оқушының сабақтан тыс уақытын ұйымдастырушы - тәрбие жұмыстарын өткізетін, олардың ата-аналарымен ағарту жұмыстарын жүргізетін технологиялар жатады.

Сонымен бірге мектептен тыс уақытта жүргізілетін, қазір сабақтан тыс жұмыс ретінде айтылатын барлығынан ерекше екі топ бар:

- *әлеуметтік бейімделген және тұлғалық дамытушы технологиялар* оқушының психологиялық денсаулығын қалыптастырушы және шынықтырушы, тұлғаның психологиялық бейімделу ресурстарын көтеруді қамтамасыз етеді. Мұнда тек оқушылар ғана емес, олардың ата - аналары, педагогтар қатысатын әртүрлі әлеуметтік - психологиялық тренингтер, әлеуметтік және жанұялық педагогика бағдарламалары жатады.

- *емдеу-сауықтыру технологиялары* медициналық - педагогикалық білімдерді жинайды: оқушы денсаулығын қалпына келтіретін емдеу педагогикасы, емдік дене шынықтыру.

Қорыта келгенде, денсаулық сақтау технологияларының оқушыларға әсері медициналық, психологиялық және педагогикалық диагностикасы мен мониторингтің кешенді әдістері арқылы бағаланады. Үнемі кері байланыс жасап бақылап отыру жұмыстардағы олқылықтарды түзетуге көмектеседі. Сонымен қарастырылған әрбір технологияның денсаулық сақтау бағытында болуы, ал денсаулық сақтау іс-әрекеттерін кешенді қолдану нәтижесінде балада салауатты өмір-салтына тұрақты мотивацияның қалыптасуы және дамуы аса маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Шмойлова Н.А., Г.А. Калачев. *Ценность здоровья личности как фактор самоактуализации будущих педагогов.*
- 2 *Қазақ тілінің сөздігі.* – Алматы: Ғылым, 1986. 10 том.
- 3 *Словарь по социальной педагогике / Авт. сост. Л.В. Мардахаев.* -М.: «Академия», 2002. - 268 с.
- 4 Петров В.О. *Здоровьесберегающие технологии в деятельности учителя сельской школы //Сельская школа как личностно-ориентированная образовательная система: Материалы научно-практической конференции (май 2004г.). Вып. 1.- Ростов-н/Д: РГПУ, 2004.*
- 5 Смирнов Н. К. *Здоровьесберегающие образовательные технологии в современной школе.* – М.: АПК и ПРО, 2002. - 121 с.
- 6 Абаскалова Н. П. *Системный подход в формировании здорового образа жизни субъектов образовательного процесса (школа ВУЗ): Монография.* Н.,:НГПУ, 2001. – 316 с.

7 Никольская, А. А. Задачи разработки истории детской и педагогической психологии // Вопросы психологии. - 2008. - №4. - С. 134.

8 Сонькин В.Д. Здоровьесберегающие технологии в условиях модернизации образования Центрального образовательного округа. – М.: «Пушкинский институт», 2003. - 35 с.

9 Ковалько, В. И. Здоровьесберегающие технологии в начальной школе: 1-4 классы. -М.: ВАКО, 2004. - 296 с.

10 Сериков В.В. Обучение как вид педагогической технологии. – М.: Академия, 2008. – 256 с.

УДК 316.62
МРНТИ 15.41.59

Мусина Г.М.¹

¹аға оқытушы, магистр,

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік Университеті
Атырау қ., Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫҢ СУИЦИДТІК МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЫҚПАЛ ЕТУ

Аңдапта

Бұл мақала оқушылардың суицидтік мінез-құлқына педагогикалық ықпал ету мәселесін қарастырады. Суицид мәселесін көптеген отандық және шет елдік ғалымдар зерттеген. Олар зерттеу жұмысын жүргізу және бақылау жасау барысында адамның өз өмірін қиюына алып баратын себептерін іздестіреді. Суицидтік мінез-құлық себептері өте күрделі және көпжақты. Оларды адамның биологиялық, генетикалық, психологиялық және әлеуметтік салаларынан іздестіруге болады. Отандық және шет елдік ғалымдардың, психологтардың және дәрігерлердің ой-пікірлері мен көзқарастары көбінесе ұқсас келеді, бірақ кейбір ғалымдар өзіне - өзі қол жұмсаудың басқа да себептерін байқады. Мысалы, З.Фрейдтің пікірінше, адамдар өлімнің әртүрлі жолын түйсінуден біледі, кейде сыртқы факторлар адамның сексуалдық және эротикалық компоненттерімен бірігіп кетеді. Ғалымдар суицидтік мінез-құлықтың ортаның сыртқы факторларына ғана емес, тұтас алғанда, отбасына және адамның өзіне де байланысты екендігін байқады.

Түйін сөздер: педагогикалық ықпал, суицид, суицидтік мінез-құлық, фактор, оқушылардың суицидтік мінез-құлқына әсер ететін факторлар.

Аннотация

ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ВОЗДЕЙСТВИЕ НА СУИЦИДАЛЬНОГО ПОВЕДЕНИЯ ШКОЛЬНИКОВ

Г.М. Мусина¹

¹старший преподаватель, магистр

Атырауский Государственный Университет имени Х.Досмұхамедова
г. Атырау, Казахстан

Данная статья рассматривает проблему педагогического воздействия на суицидального поведения школьников. Проблему суицида изучали многие отечественные и зарубежные учёные. В ходе их исследований и наблюдений, они смогли отыскать причины того, почему человек хочет покончить с собой. Причины суицидального поведения очень сложны и многочисленны. Их можно искать в биологических, генетических, психологических и социальных сферах жизни человека. Во многом мнения и взгляды наших и зарубежных учёных, психологов и медиков сходятся, но есть и такие учёные, которые видели причину самоубийства немного иначе. Так, например З.Фрейд считал, что люди справляются с инстинктами смерти разными путями, отчасти происходит слияние внешних факторов с сексуальными и эротическими компонентами человека. Учёные обнаружили, что суицидальное поведение зависит не только от внешних факторов среды, но и от семьи и самого человека в целом.

Ключевые слова: педагогическое воздействие, суицид, суицидальное поведение, фактор, факторы влияющие на суицидального поведения школьников.

Abstract

PEDAGOGICAL EXPOSURE ON SUICIDAL BEHAVIOR OF SCHOOLCHILDREN

Mussina G.M.¹

¹senior teacher.master

Atyrau State University named after Kh.Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstan

This article examines problem of pedagogical influence on the suicidal behavior schoolchildren. Problem suicide studied by many domestic and foreign scholars. In the course of their research and observations, they were able to find the reasons why people want to commit suicide. Causes of suicide are complex and numerous. They can be found in the biological, genetic, psychological, and social spheres of human life. In many respects the views and opinions of our and

foreign scientists, psychologists and doctors agree, but there are scientists who have seen the cause of the suicide a little different. For example Z.Freud believed that people cope with the instincts of death in different ways, partly merge external factors with sexual and erotic components of the human being. Scientists have found that suicidal behavior depends not only on the external environmental factors, but also on the family and the person as a whole.

Keywords: pedagogical impact, suicide, suicidal behavior, a factor influencing factors of suicidal behavior of schoolchildren.

Бүгінгі таңда әлемді алаңдатып отырған жаһандық мәселе ретінде суицид феномені мен суицидтік мінез-құлық факторларын зерттеу де маңызды болып табылады. Өзін-өзі өлтірушілер санының артуының негізгі ортақ себебі – бұл адамның жалғыздығының артуы барысында, оның қоғамнан қол үзуі, өз кезегінде қоғамның әлеуметтік-саяси тұрақсыздығының нәтижесі болып табылады.

Жасөспірім кезеңде суицидтік мінез-құлықтың кейбір өзгешеліктері болады. Жасөспірімдер арасында ересектерге қарағанда өзін-өзі өлтіруге әрекет жасау жиі кездеседі. Бірақ олардың азғана бөлігі өздерінің қойған мақсатына жетеді. Суицидтік мінез-құлық бұл жаста көп жағдайда демонстративтік сипатта болады.

Суицидтік мінез-құлықтың сыртқы формасы өзіне суицидтік әрекетті енгізеді. Суицидтік әрекет өліммен аяқталмайтын, өзінің өмірін қиюдың құралдарын мақсатты жасау. Онда құрал ретінде асылу, өзінің тамырын кесу, биіктен құрау, көліктің астына түсу, қарумен ату, күйік пен электрлік жарақат, басын қабырғаға ұру, венасына ауа жіберу, т.б. Суицидтік мінез-құлық жай ғана өмірмен қош айтысу туралы ойдан басталып әрі қарай суицидті жетілдіру бойынша жоспарлар әзірлеу және өзіне-өзі қол жұмсау әрекетін іске асыру құралдарын дайындау, өзіне-өзі қол жұмсау актісін өзінің орындауымен аяқталатын құбылмалы жағдай. Суицидтік актілердің жалпы құрылымы суицидтік мінез-құлық/тәртіптің ішкі және сыртқы формасында да қолданылады. Суицидтік мінез-құлықтың ішкі және сыртқы формалары адамның заттық іс-әрекеті құрылымының жалпы заңдылықтарына тәуелді болады. Оның макроқұрылымына психологиялық талдау біріншіден, олардың сылтаулары, уәждері бойынша жеке іс-әрекеттерді; екіншіден, - саналы түрдегі мақсатқа бағынышты әрекетті; үшіншіден, нақты мақсатқа жету жағдайына тікелей байланысты әрекеттерді бөліп көрсетеді. Мақсат пен мотивтер арасындағы қалыптасқан қарым-қатынасқа сай тұлғалық мәнді сана және тұлға қалыптасады.

Өзіне-өзі қол жұмсауға алып келетін әлеуметтік қолайсыз жағдайлар ғылымда «әлеуметтік фрустрация» ұғымымен түсіндіріледі, яғни адамдардың болашақтың белгісіздігіне алаңдаушылығы, мақсатқа жете алмауындағы торығып күйзелуі, жеке тұлғаның өзін дәрменсіз, ешкімге қажетсіз сезінуі, балалар мен ересектердің әлеуметтік қорғаныссыздығынан абыржуы, уайымға салынуы сияқты психологиялық жағдайы. Сонымен суицидтік мінез-құлық тұлғаның маңызды қажеттіліктерін қанағаттандыру жолында кездесетін кедергілерге қарсылық көрсетуге қабілетсіздігінің нәтижесінде туындайтын әрекет.

Суицидтік мінез-құлық – адамның саналы түрде өзін-өзі өлтіргісі келетін мінез-құлқының бір түрі. Суицидтік мінез-құлық көбінесе депрессия кезінде жиі кездеседі. Депрессия – торығу деген ұғымды білдіреді. Суицид жағдайында жан үзетіндердің көбі торығудың торынан құтылудың жолы – өлім деп біліп, сондай шешім қабылдайды. Демек депрессия адамның психологиялық ауытқуы. Көбіне көңіл-күйі болмаған немесе қандай да бір қайғылы оқиғаны, күйзелісті кезенді бастан өткерген адам депрессияға ұшырайды.

Республикалық психиатрлық ғылыми-тәжірибелік орталығымен психотерапияның мәліметтері бойынша өз-өзіне қол жұмсаудан көз жұмғандар саны елімізде орта есеппен және 100 мың адамға шаққанда 26,9 пайыз көрсеткішті көрсетуде. Бұл әрине әлемдік стандартпен салыстырғанда жоғары деңгейлік сатыны білдіреді [1].

Адам өміріне әсер ететін бұл жағдайларды факторлар деп атайды. Олар ғылымда әлі толық зерттелініп болмаған, кейбіреулері тіпті ғылымға белгісіз болуы да мүмкін.

Белгілі бір деңгейде ғана (онда да жан-жақты емес) белгілі факторларды шартты түрде 4 топқа бөліп қарастыруға болады:

- *мегафакторлар* – космос, планета, әлем. Бұлар белгілі бір мөлшерде жер шарының барлық тұрғындарына әсер етеді;
- *макрофакторлар* – белгілі бір елде тұратын адамдардың әлеуметтенуіне әсер ететін факторлар – ел, этнос, қоғам, мемлекет;
- *мезофакторлар* – адамдардың ірі топтарының тұратын жерлері мен оның типтері бойынша (аймақ, ауыл, қала, шағын қалалар т.б.); белгілі бір жалпы коммуникация аудиториясына жатуына

байланысты (радио, теледидар, интернет); белгілі бір субмәдениетке тәндігіне байланысты әлеуметтенуінің шарттары; мезофакторлар;

- 4-ші топ - *микрофакторлар* арқылы әлеуметтенуге тікелей немесе жанама түрде әсер етеді (А.В. Мудрик) [2].

Демек факторлар дегеніміз, оларға адамдарға тікелей әсер ететін жағдайлар – оларға отбасы, көршілер, құрбы-құрдастар, тәрбие мекемелері, түрлі қоғамдық, мемлекеттік, діни, жеке және контр-әлеуметтік ұйымдар, микросоциум жатады. Әрбір адамның өмірінде тығыз байланыста болатын адамдар тобы болады, оларды әлеуметтендіру агенттері деп атайды.

Әлеуметтенудің «механизмдері» жөнінде де бірыңғай, ортақ пікір жоқ. Сан алуан түрлі пікірлер бар. Мәселен, француздың әлеуметтік психологы Габриэль Тард негізгі механизм – еліктеушілік деп санаса, америка ғалымы Ури Бронфенбренер белсенді өсіп келе жатқан адам мен ол өмір сүріп отырған ортаның өзгеріштігі арасындағы өзара аккомодацияны (бейімделушілік) әлеуметтенудің негізгі айқындалушы механизмі деп есептейді [3, 4].

Белгілі ресей психологы В.С.Мухина әлеуметтендірудің механизмі ретінде ұқсастыру (идентификация) мен оқшаулануды ұсынды, ал, А.В. Петровский тұлға дамуы процесіндегі бейімделу, жекешелену және интеграция фазаларының заңды ауысуларын алға тартты [5, 6].

Э.Дюркгеймнің ғылыми еңбегінің жалпы бағыттары суицидтік мінез-құлыққа ықпал ететін *объективті және субъективті факторлардың* арақатынасын қарастыруды талап етеді. Ғалымның пікірінше, *өзін-өзі өлтіру себептерін* зерттегенде олардың мотивтерін ғана емес, әлеуметтік қоршаған орта мен адамды сипаттайтын жағдайларын да, сонымен қатар адамның қоғамдағы орнын анықтайтын, қалыпты өмір салтынан болып тұратын әлеуметтік ауытқуларды да есте ұстаған жөн [7].

Сондықтан философиялық, социологиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттерді және ғалымдар зерттеулерін жан-жақты талдау суицидтік мінез-құлық мәселесінің көпжақты, пәнаралық мәселе ретінде биологиялық, психологиялық және әлеуметтік факторлардың күрделі өзара әрекеті нәтижесі екендігін ескере отырып, ықпал ететін факторларды келесідей топтастырып, сипаттауға мүмкіндік берді:

1. Ішкі (субъективті) факторлар: тұлғаның интеллектуалдық, дүниетанымдық, мотивациялық – қажеттілік, мінез – құлықтық, нейродинамикалық және өзін-өзі тану ерекшеліктері.

2. Сыртқы (объективті) факторлар: тұлғаның ата-анасымен, достары және құрдастарымен, БАҚ, бос уақытты өткізетін ұйымдарымен, мектеппен қарым-қатынас жүйесі

Соның ішінде, суицидтік жүріс-тұрыстың *ішкі факторларына* суицидент тұлғасының жеке ерекшеліктері (мінезі, психофизикалық және эмоциялық күйі және т.б.) жатады.

Сыртқы факторларға биологиялық сипаттағы микроәлеуметтік жағдайлар, ең алдымен отбасы тәрбиесі және коммуникативтік байланыстар жатады. Нақтылы суицидтік актілер ішкі, сыртқы факторлар, мотивтер мен жағдаяттарға байланысты тұжырымдалды.

Осындай аса маңызды мотивтердің жіктелімін С.В. Бородин мен А.С. Михлин ұсынған. Олар тұлғалық-отбасылық кикілжіндерді, ажырасуды, қоршаған ортада адамдар тарапынан балағаттауды, жақындардың ауруын немесе өлімін, жалғыздық, бақытсыз махаббат, сексуалдық қауқарсыздықты; денсаулық жағдайын (психикалық, соматикалық аурулар, кемтарлықтар); суицидтің әлеуметке қарсы жүріс-тұрысымен байланысты кикілжіндерді (қылмыстық жауапкершіліктің қауіптілігі, жазадан қорқу); жұмыспен немесе оқумен байланысты кикілжіндер; материалдық-тұрмыстық қиындықтар және т.б. түрлерін бөліп қарастырады [8].

Бала мен әлеуметтік қоршаған орта өзінің әрбір даму кезеңдерінде және әлеуметтік сапа жағдайы мен бұрынғы қалыптасып қалған өлшемдер, талаптар аралығындағы туындаған қайшылықтарды тез сезініп отырады. Егер бағалау нормасы дер кезінде өзгермесе, субъект ретіндегі баланың әлеуметтік өмірде дамуға қажетті қолайлы жағдай жасалмаса, өмірлік маңызды шешімге келу кезеңіндегі кедергілер, яғни «өмірдің проблемалық жағдайы» пайда болады.

Егер отбасы мен әлеуметтік орта балаға бұл кедергілерді жоюға көмектесе алмаса, онда ол «тәуекелділік жағдайға» жетеді. Ал егер бұл тұста педагог маман араласпаса, қиыншылықтар көбейе түседі де, бала «әлеуметтік қауіпті жағдайға» ұшырайды, сөйтіп, «тәуекел тобына» амалсыз тап болады. Өзін-өзі өлтіруге көбінесе жеке басының, отбасының мәселелері, оны шеше алмай мазасыз күйге көшуі итермелейді.

Демек өз-өзіне қол салу түсініспеушілік пен жалғыздықтан туындайтын мәселе. Өрдайым адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасында түсініспеушілік орын алып жатса, ата-ана баласын түсіне

алмаса, күйеуі әйелін түсінбесе немесе керісінше дегендей, жақын жандардың бір-бірін түсінбеуі осындай қайғылы оқиғаларға алып келеді.

Сондықтан Қазақстандағы балалар арасындағы суицид мәселесіне ЮНИСЕФ БҰҰ Балалар қоры жүргізген зерттеу нәтижесіне назар аударылды. Мұнда суицидтік мінез-құлыққа итермелейтін қауіп-қатердің әлеуметтік және отбасылық факторларына сипаттама беріледі:

Ауыр әлеуметтік жағдай – әлеуметтік жағдайдың ауырлығы мен суицидтің, суицидтік әрекеттер жасау қаупінің арасындағы байланыстарға қатысты зерттеулердің көпшілігі қоғамның әлеуметтік тұрғыдан аз қамтамасыз етілген отбасыларынан шыққан балалар мен жасөспірімдер арасында, атап айтқанда, табысы төмен, қайыршылық жағдайда жәрдемақыға өмір сүріп жатқан немесе үшінші тұлғаларға тәуелді, сонымен бірге шектеулі академиялық жетістіктері бар балалар мен жасөспірімдер арасында суицидтік әрекет жасау қаупі жоғары екені анықталды.

Ата-аналардың бөлек тұруы және ажырасуы – зерттеулер ата-аналары бөлек тұратын немесе ажырасқан балалар мен жасөспірімдер арасында суицид және өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттері қауіп жоғары екенін анықтады. Мысалы, зерттеу суицидтік іс-әрекеттердің құрбандары көбінесе «толық емес отбасылардан» шыққан балалар болып келетінін анықтады.

Кейбір зерттеулер бөлек тұру немесе ажырасу салдарынан биологиялық ата-анасының бірін жоғалту немесе қайтыс болуына байланысты ата-аналарының бірін жоғалту көп жағдайда балалардың құлазуы мен суицидтік мінез-құлқын қоса алғанда, олардың бойында психикалық ауру белгілерінің даму қаупінің жоғары болатынын көрсетті.

Ата-аналардың психикалық ауру белгілері – зерттеулер құлазу, кейбір заттарды пайдалану және шамадан тыс пайдаланумен байланысты бұзушылықтар пайда болған, қоғамға жат қылық жолына түскен жағдайларды қоса алғанда, психикалық ауру белгілері бар ата-аналары бар балалар арасында өзіне-өзі қол жұмсау және соған әрекеттену статистикасы жоғары деп санайды. Оның үстіне, суицид құрбандарының отбасыларында кейбір заттарды пайдалану мен шамадан тыс пайдаланумен байланысты құлазу және тоқырау деңгейі аса жоғары екені анықталды.

Отбасындағы суицидтік оқиғалар – зерттеулердің көпшілігі балалар мен жасөспірімдердің суицидке және өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттеріне баруы бұрын отбасында болған суицидтік оқиғалар мен мінез-құлық нысандарымен байланысты екенін анықтады.

Отбасындағы дау-жанжал – көптеген зерттеулер отбасындағы зорлық-зомбылықты қоса алғанда, ата-аналарының арасындағы дау-жанжалдарды бақылаған балалардың өзіне-өзі қол жұмсау әрекеттерінің жоғары екенін көрсетті. Негізінде балалар отбасындағы дау-жанжалдардың өздеріне қол жұмсауға баруына себеп болғаны туралы жиі айтты.

Бала кезде физикалық немесе сексуалдық зорлық көру – зерттеулердің бірқатары дене мүшесіне қасақана зақым келтіру сияқты, бала кезде басынан өткен физикалық немесе сексуалдық зорлық көру мен суицидтік қауіп-қатер және оған әрекеттену арасындағы байланысты зерттеді [9, 10].

Бұл зерттеу бала кезінде физикалық немесе сексуалдық зорлық (инцест, азғындық сипаттағы іс-әрекеттер мен зорлау) көрген балалар мен жастардың суицидтік мінез-құлықтарға және дене мүшелеріне қасақана зақым келтірудің өзге нысандарына бейімділік деңгейі аса жоғары екенін жүйелі түрде анықтады.

Қорыта келгенде, суицидтік мінез-құлыққа ықпал ететін көптеген факторларды, атап айтқанда, ауыр әлеуметтік жағдай, ата-аналардың бөлек тұруы және ажырасуы, ата-аналардың психикалық ауру белгілері, отбасындағы суицидтік оқиғалар, отбасындағы дау-жанжал, бала кезде физикалық немесе сексуалдық зорлық көру, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас, стрессті жағдайлар мен қолайсыз өмір сүру жағдайлары, жағдаяттық және айналадағы факторлар, индивидуалдық-жеке факторлар, психикалық денсаулық факторларына, сонымен қатар әлеуметтік-демографиялық, табиғи, медициналық, жеке психологиялық факторларды бөліп көрсетуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Аналитические данные Министерства здравоохранения Республики Казахстан. – Астана, 2012-2013 гг.
- 2 Мудрик А.В. Социализация человека: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. М.: Издательский центр Академия, 2004. -304 с.
- 3 Загребина А.В. Психологическая социология Габриэля Тарда. Дисс... кандидат социологических наук. Санкт-Петербург, 2004. - 134 с.
- 4 Бронфенбренер Ури. Два мира детства. Дети в США и СССР» (– М.: Прогресс, 1976; оригинал: Two Worlds of Childhood: US and USSR. Penguin, 1975)
- 5 Мухина В.С. Возрастная психология. - М., 1997.

6 Петровский А.В. Проблема развития личности с позиции социальной психологии// Вопросы психологии. 1984. № 4.

7 Дюркгейм Э. Самоубийство. Социологический этюд: Пер. с фр. / Изд. Подг. Вал. А. Луков. – СПб.: Союз, 1998. – 496 с.

8 Бородин С.В., А.С.Михлин Актуальные проблемы суицидологии. – М., 1984. - 374 с.

9 www.unicef.kz

10 Кудьярова Г.М. Основные закономерности распространенности психических расстройств в Республике Казахстан (клинико-эпидемиологическое исследование): автореф. дисс. ... доктора. мед. наук. – М., 2000. – 48 с.

UDC 372.881.111.1

МРНТИ 14.07.01

A. Zhuasbayeva¹, G.M. Kassymova²

¹MA 2nd course student of Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

²Doctor of Pedagogical Sciences, Associate Professor of Suleyman Demirel University, Kaskelen, Kazakhstan

THE INFLUENCE OF FOREIGN LANGUAGE TEACHERS ON LEARNER'S ATTITUDES AND ACHIEVEMENTS

Abstract

The aim of this study is to investigate the influences of foreign language teachers on learner's attitudes and achievements. The study has been carried out at the language center "Oxford Vision", Almaty. The data have been collected by means of a questionnaire and interview foreign language teachers and learners, the aim of which is to obtain information about the effects of teachers on students with different levels. The results of the study have revealed that, in a language class, all teaches can undoubtedly influence learners in so many aspects. So, teachers bring a big contribution to a learner's development. This study will define the role of foreign language teacher as a mediator and their influence on learners. Every teacher expects positive feedback from their learners. It depends not only on teacher, also it depends on learners. If students are motivated, the teacher can teach easily and professionally. Teacher can open each student as a personality; it means they can achieve good feedback in the future.

Keywords: attitude, achievement, EFL, teacher, learner.

Андатпа

ШЕТ ТІЛІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ ЖӘНЕ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНА ДЕГЕН ӘСЕРІ

Жуасбаева А.Р.¹, Кассымова Г.М.²

¹Сүлейман Демирел атындағы Университетінің екінші курс магистранты, Қаскелен қ., Қазақстан

²Сүлейман Демирел атындағы Университетінің п.ғ.д., ассоц. профессоры, Қаскелен қ., Қазақстан

Бұл зерттеменің мақсаты шет тілі мұғалімдерінің оқушылардың жетістіктері және қарым-қатысына деген әсерін анықтау. Зерттеме Алматы қаласындағы "Oxford Vision" тіл орталығында жүргізілді. Әртүрлі деңгейдегі оқушыларға мұғалімдердің ықпал етуі жайында ақпарат жинау мақсатында осы мәліметтер сауалнама және сұхбат алу арқылы жиналды. Зерттеменің нәтижесі бойынша, еш күмәнсіз, барлық оқытушылар оқушыларға көп жағынан әсер ете алады. Сонымен, мұғалімдер оқушылардың дамуына үлкен үлестерін қосады. Бұл зерттеме шетел мұғалімдерінің медиатр ретінде оқушыларға әсер ете алу рөлін анықтайды. Әр мұғалім өздерінің оқушыларынан оң нәтиже күтеді. Бұл тек мұғалімге байланысты емес, сонымен қатар оқушыларға да байланысты. Егер студенттерде мотивация болса, мұғалімдерге де оларды оқыту оңайға түседі. Мұғалім әр оқушыны жеке – тұлға ретінде аша алады; бұл дегеніңіз, оқушылар болашақта көрсететін нтижелері оң болады.

Түйін сөздер: қарым-қатынас, жетістік, EFL, мұғалім, оқушы.

Аннотация

ВЛИЯНИЕ УЧИТЕЛЯ ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА НА ОТНОШЕНИЕ УЧАЩИХСЯ И ДОСТИЖЕНИЯ

Жуасбаева А.Р.¹, Кассымова Г.М.²

²МА., Университет имени Сулеймана Демиреля, Алматы, Казахстан

² п.ғ.д., ассоц. проф., Университет имени Сулеймана Демиреля, Алматы, Казахстан

Целью данного исследования является исследование влияния учителей иностранного языка на отношение и достижения учащихся. Исследование проводилось в языковом центре «Oxford Vision» в Алматы. Данные были собраны с помощью вопросника и собеседования с преподавателями иностранных языков и обучающихся,

целью которого является получение информации о влиянии учителей на учащихся разного уровня. Результаты исследования показали, что в классе преподаватель иностранного языка может влиять на учащихся во многих аспектах. Таким образом, учителя играют большую роль в развитии учащегося. В этом исследовании будет определена роль учителя иностранного языка в качестве посредника и его влияние на учащихся. Каждый учитель ожидает положительных отзывов от своих учеников. Это зависит не только от учителя, но и от учеников. Если студенты мотивированы, учитель может легко и профессионально преподавать. Учитель может открыть каждого ученика как личность; это означает, что они могут добиться хорошей обратной связи в будущем.

Ключевые слова: отношения, достижения, EFL, учитель, учащийся.

Foreign language competence has become a widely respected feature of educated individuals. Learning a foreign language has recently become a popular and essential means for gaining prestige in social as well as professional milieu. It is generally believed that language teaching is meant to contribute to the learners' general education as well as knowledge about other cultures and civilizations. It is held that there are two major values in the study of a foreign language: extrinsic and intrinsic. The extrinsic value involves the practical use of the language. Learners in this case might want to learn a foreign language to read textbooks and articles in that language, to travel to a country where that target language is spoken, to get a job where the knowledge of the foreign language is essential, or for a more immediate purpose such as meeting the foreign language requirements for admission or graduation from educational institutions. A parallel term used from the students' perspective is 'instrumental orientation'. The intrinsic value refers to the value of learning the language itself. Knowing a foreign language has humanistic and intellectual benefits; it frees the individual from the linguistic limitations of one single language. A parallel argument is that depending on a translation for understanding the works of others is inadequate. English, more than any other language in the world, has gained the prestige of being the international language.

Language learning is considered as the basis of human existence that can help us to express our opinions, hopes, and even our dreams [1]. Crystal stated that attitudes are the feelings people have about their own language or the languages of others. Therefore, language attitude is a construct that shows linguistic behavior in particular [2].

Greenwald believed "attitudes are pervasive, predict behavior, are a force in perception and memory, and they serve various psychological functions." [3] From a psychological point of view, there are three components that construct individual's attitudes [4]. This model is known as the ABC model of attitudes that are Affective, Behavioral, and Cognitive components. According to Eagly and Chaiken, attitude is "a psychological tendency expressed by evaluating a particular entity with some degree of favor or disfavor" [5]. Bohner and Wänke reported "attitudes represent an evaluative response towards an object and can be defined as a summary evaluation of an object or thought." [6, p.]

Student's attitude is not separate from learning; therefore, it should be the crucial part of foreign language learning. Based on Schibeci and Riley, attitudes influence achievement, rather than achievements influencing attitudes. Therefore, both negative and positive attitudes have numerous influences on the success of language learning. Studies show that affective variables have significant influence on language success [7].

The relationship among teachers' attitude and behavior and the students' academic achievement has been endorsed by a large body of research. Bowie and Bond along with Tauber approved that teachers' negative attitude and behaviors are precisely related to students' failure in learning a language [8]. Sarwar claimed that high academic achievers have better study habits and more positive study attitudes than low academic achievers [9].

There are different hypotheses about attitudes and achievement. In this study, we can describe attitude in terms of learners' attitude, teachers' attitude, and also learners' achievement in learning process. Stipek investigated that those students who perceived a more nurturing relationship with teachers tended to have better attitude towards academia and often did better than their peers who lacked the same support system. Furthermore, Marzano & Kendall argued, "the quality of teacher-student relationship is the keystone for all other aspects of classroom management". However, it is the teacher who plays the greatest role in setting the atmosphere [10].

This study seeks to discover the relationship among attitudes of English language teachers and students towards each other and students' achievement. It is said that language teachers, researchers, and students should acknowledge that high motivation and positive attitude of students facilitate second language learning. Thus, if a learner does not have the interest and tendency in acquiring the target language to communicate with others, this learner will possess a negative attitude and will not be motivated and

enthusiastic in language learning. Therefore, learners' attitudes could incorporate in language learning because it may influence their performance in acquiring the target language. Students' attitude, i.e. feelings, beliefs, likes, dislikes, needs, should be considered, since their attitudes influence language learning. This study looks into the concept of attitude as one of the major affective factors for success in learning a foreign language.

Thus the purpose of this study aimed at exploring the Kazakhstani EFL teachers' attitudes towards TEFL and the factors which contribute to the building of these negative and positive attitudes. While research we attempted to answer the following questions:

1. How foreign language teachers influence on learners' attitudes and achievements?
2. How do students feel about learning from native speakers?

We believe that since there is a profound need to explore Kazakhstan teachers' attitudes toward teaching English as a foreign language and to what extent there is a relationship between these attitudes and their classroom practices, it is hoped that the findings of the study may provide teachers with insights into their performances and achievement in the classroom. In addition, this study will also shed light on the importance of changing teacher's attitudes toward teaching English, because one of the main requirements of professionalized teaching involves changes in the attitudes of teachers. Moreover, this study should open venues for further research in attitudes as problems in pedagogy.

The generalization of the results of the study is limited by these factors:

1. This study is conducted on EFL Kazakhstani teachers and learners of Educational center Oxford Vision, Almaty.
2. The number of the participants of the study (15 teachers and 40 learners) is relatively small because of using educational center.

- *Full analysis of teachers' questions:*

- a. "Can foreign language teachers influence on learners' attitudes and achievements? How?"

Questions had taken from 15 teachers and their answers were positive. Yes, any teacher will influence on learners'. Teachers are indispensable to learners' attitudes and success; the impact they yield on every learner's life is undiscounted. This reality supports that definitely foreign language teachers can influence on learners' attitudes and achievements. How is it possible? Firstly, being foreign language teachers, they inspire and motivate the learners to do all they can to learn the language. They deliver them the idea that if they have been able to learn the foreign language (English), they are able too. Secondly, the enthusiasm that they exhibit as they teach them triggers their desire to cope with the challenges they meet in the course of their studying and learning the language. Thirdly, as they instill in them the reasons why it is essential to learn the language, they employ teaching methods that lead them to achieve their targets. Finally, they guide them until evident results are seen in them.

- b. "How do students feel about learning from native speakers?"

(These questions were asked from native speakers in Oxford Vision, Almaty)

A foreign language teacher equally shares with the challenges a native speaker or any language teacher has about teaching foreign students. Based on answers of native speakers, it is not a matter of whether you are a native speaker or not but rather how you perform your duties that affect the learners' behavior towards you. The students can feel and see if their teacher is qualified to teach them. Certainly they will trust their teachers who show their capabilities and sincerity in teaching them. It is therefore imperative teachers showcase what they have and prove that they are ready and capable so that their students will respect them.

- *Full analysis of learners' questions:*

- a. "Can foreign language teachers influence on your attitudes and achievements? How?"

Questions had taken from 40 learners and their answers were positive. For instance 5 of them:

- Ms. Gulim "I strongly have to say that all my achievements which I was reached depend on my teachers' works. I didn't know anything about this language but my teachers give me opportunity to learn language and get the high level. I think FL teachers give or show us the foreign culture and information about them."

- Mr. Arman "FL teachers possess a big influence on our attitudes and achievements. With the help of them you can effectively learn English. First of all, you will think in English more fast and work productively with this language. You will not feel any fear and you will become more confident while discussion with others."

- Ms. Zhuldyz “Foreign language teachers influence on my attitude greatly. By their way teachers motivate me to know more and to learn hard. Teachers motivate me to do homework and projects, so now my English becomes better...”

- Mr. Dauren “The teachers’ role in the development of society has always been extremely important for teacher-carriers of knowledge that is transmitted to future generations. The teacher has a direct impact on the achievement of their students.”

- Ms. Dana “The role of teacher in the educational set up is very important. My teacher took time to listen to me. She asks about my plans and dreams and encourages me to follow them. A great teacher makes learning fun. She possesses a passion for the subject. She inspires us to think deeply about the English. I want to say that teachers can have a huge positive influence on their learners.”

According to these questionnaires, you can conclude that any teacher is a person who shows directions of development to their learners. English Foreign Language Teachers will influence positively on learner’s attitudes and achievements.

While research we needed also to answer three questions:

1. Are foreign language teachers aware of their role in motivating a positive attitude and good achievements toward learning by learners?

Yes, they are conscious of their role in motivating learners. Most foreign language teachers always influence positively to learners. Any teacher will feel their responsibility and role in class; they will try to show themselves in the best way. It does not depend on a teaching a subject for motivating learners. More important thing is who you are as a teacher and a human. If your words coincide with your actions, students will learn and consider your advices. FL teachers can have a direct influence in motivating learners, because they contribute a lot in building their self-confidence and especially in communication. There are some list of FL teachers and their answers to interviews:

- Ms. Bessie: “If the teacher is motivating the learner to learn, the learner will be motivated. But the teacher needs to be serious on how to motivate. She needs different engaging activities that so the student feel and know that her/his teacher really wants the best for him/her, so he/she will be touched and emotions will affect the students attitude and achievement.”

- Ms. Tolebike: “Obviously, any teacher has influence on learners’ attitudes and achievements. Because, the teacher is a person who wakes interest to the subject. Almost 50% percent of learners achievements and attitudes toward the language depends on teacher, depends on how teacher presents knowledge, how teacher attracts and motivates.”

- Ms. Sahlee: “As an English Foreign Language teacher, I am aware of the individual attitudes of my students and that I should meet also their individual needs. But, learning will also depend on the learners. Learning will not take place if the learners were not motivated. On the other hand, if learners are really eager to learn, they will gain confidence and be rewarded from knowing and understanding another language.”

- Ms. Altynay: “Foreign Language teachers can influence the learners’ attitude and achievements. We all know that attitude refers to our feeling. And this feelings shape our behaviors towards learning. So, if the learner likes his/her foreign language teacher, it will be easy and enjoyable for him/her to learn the foreign language and achieve the goal in learning.”

2. Are students aware of good attitudes in class and their achievements in learning language? Are there any examples?

Timur Koval: “In Oxford Vision I am getting more knowledge and practice learning foreign language, because our teacher only speaks in English. I think it is very well for learners. Thanks.”

Sabina Alyahassova: “In Oxford Vision I came with low knowledge foreign language, but now my level is upper-intermediate. I have been studying for a one year; we have learned with course book English File ‘Oxford Press’ and we have improved our four skills. Every lesson, our teacher made different activities, games and gave some projects. I like English language and I am going to choose this language to my future.”

Gulim Yerbolkyzy: “In Oxford Vision, we have just spoken in English without using L1 and it was difficult for first time. I have improved my language; I have lost my barrier and fear. My achievements I recognized when I have passed my final examination at school and I was very happy. I will continue to learn this language and I hope to achieve more...”

3. Do native speakers always have a positive impact on learners? Are there any learners who feel uncomfortable in communication?

Yes, they do. They bring with them their culture, they explain their experience and bring knowledge and share it with their learners. It is really interesting to our learners. As normal behavior of the student, at first

they will feel shock and uncomfortable because this is native speaker and this is not their language. They will also feel shy towards the native speaker, because they will think that this teacher knows (about) everything about the language that he/she is teaching. Anyway, with native speaker they can speak only L2, because we need to understand each other. So, it makes them huge practice and easy to remember and increase their knowledge of foreign language. Anyway there are, we can see two things:

a. Learning with native speaker will help to improve your knowledge and this is better for you. Native speaker will represent their culture with foreign language, they can influence to your attitudes and achievements. You will respect this language, this culture and your language skills will become to increase.

b. However, we have still problems in learning foreign language with native speaker for learners of 'beginner to pre-intermediate levels'. Because, they will not understand native speaker and when this teacher will describe new material and learners cannot understand this new topic well. They would like to ask some questions, but they cannot ask in their native language.

At the end of research, we recognized that a student's opinion doesn't reflect the totality of all. To sum up, there are three possible kinds of students in a foreign language class. The first are the students who consider foreign language learning as a common requirement asked by the school. These kinds of students would normally perform in a fairly manner and would make satisfactory scores in their tests. The second are the ones who deeply understand its significance in today's society. They see learning a foreign language as an instrument that could open new opportunities which could be useful in the industry. These students deeply take the subject seriously that they would study hard and make high grades with massive level of dedication. Lastly, the third kind of student in a foreign language class is the ones who simply consider it as part of the dominating pop-culture. They would probably see a foreign language as a tool that could determine one's social status in the society. They may or may not take the subject seriously based on how they see themselves on a different spectrum.

Conclusion

To conclude this research work, for all obvious reasons we can think of, all teachers and not just foreign language teachers can undoubtedly influence learners in so many aspects. In school, students spend a huge amount of time absorbing new ideas from their teachers. Throughout the learning process, they both consciously and unconsciously make use much of their senses as they communicate, listen and interact with their teachers. In the same degree, it stands to reason that teachers bring a contribution to a student's development. There are many skills applied as they use numerous tools, both traditional and non-traditional, to educate learners to a great degree, not to mention their own personality and natural talents that they could put on through their course of teaching. Therefore, as students go on and move forward from one level to the next throughout their years in school, they would most probably apply what they have learned from their teachers in the real world. In accordance to what has been mentioned above, foreign language teachers are no different from others. Looking at the bigger picture, they could influence even more as teaching a foreign language involves culture. Letting students learn more about culture and diversity could increase their level of understanding of the world. This could take them to new possibilities as they gradually see the reality we all live in. As a consequence, they would inevitably foresee the feasible opportunities they would more likely to gain, the way of life they might decide on, and what lies ahead.

References:

- 1 Tavit, Z. (2009). *Parental attitudes towards English education for kindergarten students in Turkey. Kastamonu Education Journal*. 17 (1), 331- 340.
- 2 Crystal, D. (1997). *English as a global language. Cambridge: Cambridge University Press.*
- 3 Greenwald, A.G. (1989). *Why attitudes are important: Defining attitude theory 20 years later. In Partkanis, A. R., Breckler, S. J., & Greenwald, A.G. (Eds.), Attitude structure and function. The third Ohio State University volume on attitudes and persuasion (pp 429-440) xiv, 462pp.*
- 4 Cherry, K. (2012). "What is motivation?" *About.com "Psychology, [Retrieved 05/2013 From] 'http://psychology.about.com/od/mindex/g/motivation-definition.htm.*
- 5 Eagly, A. H. & Chaiken, S. (1993). *The psychology of attitudes. Orlando, FL: Harcourt Brace.*
- 6 Bohner, G. & Wanke, M. (2002). *Attitudes and attitude change. Hove: Psychology Press*
- 7 Schibeci, R. & Riley, J. P. (1986). *Influence of students' background and perceptions on science attitudes and achievement. Journal of Research in Science Teaching, 23 (3), 177-187.*
- 8 Tauber, R. T. (1997). *Self-Fulfilling prophecy: A practical guide to its use in education. West Port, CT: Praeger.*
- 9 Sarwar, M. (2002). *A Comparison of study habits and attitudes of low and high achievers at secondary level. Unpublished Thesis University of A.I.O.*
- 10 Eveyik, E. (1999). *Development of an attitude scale to investigate Turkish EFL teachers' attitudes. (Boğaziçi Üniversitesi Sosyal Bilimler Enstitüsü. Basılmamış Yüksek Lisans Tezi). İstanbul.*

УДК 78 (075.8)
МРНТИ 14.25.09

А.Қ. Ахметова¹

¹*п.ғ.к, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің
профессоры, Алматы қ., Қазақстан*

ҚАРАПАЙЫМ БАЛАЛАР АСПАПТАРЫН МУЗЫКА САБАҒЫНДА ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада мектептегі музыка сабағында және сыныптан тыс жұмыста қарапайым аспаптардың пайдалануы қарастырылған. Олар балалардың ынтасын арттырып, қуанышқа бөлейді, сонымен қатар оқушылар әртүрлі музыкалық әрекеттерге белсене қатыса бастайды, ал ол өз кезегінде балалардың эстетикалық талғамының өсуіне жәрдемдеседі. Сондықтан олардың шығу тарихын, ерекшеліктерін, ойнау тәсілдерін педагогикалық тұрғыда ұғындыру қажет. Аспаптарды меңгерудің ең алғашқы қадамы ретінде оқушылардың ырғақтық қабілетін дамытатын қарапайым жаттығулар жасау, әр аспаптың ерекшеліктерін ескеру, орындалатын жаттығудың балалардың меңгеруіне жеңіл әрі түсінікті болуын қадағалайды.

Түйін сөздер: музыка сабағы, сыныптан тыс жұмыс, қарапайым аспаптар, қызығушылық, шығармашылық, ырғақ, дағдылар, іскерлік, жаттығулар.

Аннотация

ВОПРОСЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ПРОСТЫХ ДЕТСКИХ ИНСТРУМЕНТОВ НА УРОКЕ МУЗЫКИ

А.К. Ахметова¹

¹*к.п.н, профессор Казахского Национального педагогического университета им. Абая,
г. Алматы, Казахстан*

В данной статье рассматривается использование простых инструментов на уроке музыки и внеклассной работе. Они развивают у детей интерес, эстетический вкус, также учащимся дается возможность участвовать на разных музыкальных деятельности. Поэтому надо давать информацию детям о исторических возникновениях, особенностях инструментов и методов игры. А также учитывая особенности инструментов для развития ритмических способностей дается простые упражнения.

Ключевые слова: урок музыки, внеклассная работа, простые инструменты, интерес, творчество, ритм, навыки, умения, упражнения.

Abstract

THE USE OF SIMPLE CHILDREN'S INSTRUMENTS IN MUSIC LESSONS

Akhmetova A.K.¹

¹*c.p.s., professor of Kazakh National pedagogical university after Abai,
Almaty, Kazakhstan*

This article discusses the use of simple tools in music lessons and extracurricular activities. They develop children's interest, aesthetic taste, and students are given the opportunity to participate in various musical activities. Therefore, it is necessary to give information to children about historical origins, features of tools and methods of play. And taking into account the peculiarities of the instruments simple exercises are given for the development of rhythmic abilities.

Key words: music lesson, extra-curricular work, simple instruments, interest, creativity, rhythm, skills, skills, exercises.

Қазіргі таңда оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мәселесінің өзектілігінің артуына мектептегі оқу-тәрбие үрдісіне жаңаша тұрғыда қарап, бойындағы дара мүмкіндіктерін, интеллектуалдық қабілеттерін өз іс-әрекетінде шығармашылық дамыта отырып, әлемдік өркениет пен ұлттық мәдениеттің үздік үлгілері арқылы шығармашыл жеке тұлға қалыптастыру мәселесі себеп болып отыр.

Әсіресе, белсенді де шығармашыл жеке дара тұлға тәрбиелеуге үлкен көңіл бөліну, жалпы білім беретін мектептердегі бастауыш сынып оқушыларын өзінің туған халқының рухани байлықтарымен, оның ұлттық мәдениетін, дәстүрлерімен терең таныстыру қажеттігі туындайды.

Бастауыш сынып оқушыларын аспаптық музыка негізінде оқытудың өзіндік ерекшеліктері мен мүмкіндіктері бар.

Мұғалімді тәрбиелей келе П.П.Блонский: «оқушының әрқайсысының жеке ерекшеліктерін көруге үйрету керек», - дейді [1].

Бастауыш сынып оқушыларының жасын балалықтың шыңы деп атайды. Себебі бала әлі күнге дейін балалықтың көп қасиеттерін сақтайды – жеңіл ойлау, аңқаулық. Оқу ол үшін – маңызды іс-әрекет.

Жалпы білім беретін музыка сабағы мен сыныптан тыс жұмыстар шығармашылық барысынан тұрады. Онда оқудың түрлерімен әдістері неғұрлым мол болса, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту үшін алғышартта солғұрлым көп екен. Ал мектеп оқушыларымен музыкалық жұмыстың неғұрлым белсенді де оңайырақ түрі қарапайым музыка аспабында ойнау.

Осы орайда, сабақта балаларды музыкалық аспаптық музыкасына қызықтырып, мәдениетті азамат тәрбиелеу көзделген. Әрине, осы бағытта жұмыстардың жүргізілгенін, яғни біраз еңбектерін барлығын, олардың тәрбиелік мәнінің зор екендігі ескергеніміз жөн. Бұған негіз ретінде Р.Жәрдемәлиеваның, М.Балтабаевтың, А.Райымбергеновтың, Ш.Құлманованың бастауыш сыныптарына арналған әдістемелік бағдарламасын атап өтуге болады. Ол оқушының талғамын, эстетикалық тәрбиесін, көркемдік қызығушылығы мен шығармашылық қатынасын арттыруға ықпалын тигізуде.

Ал музыкалық аспапты ұнату, оған қызықтыра отырып, сезімдерін ояту арқылы балаларға музыкалық аспаптың нағыз кереметтігін, кездесетін көркем үлгілерін, олардың шығу тарихын, ерекшеліктерін, ойнау тәсілдерін педагогикалық тұрғыда ұғындыру қажет. Сабақта немесе сыныптан тыс жұмыстарда музыкаға ойнауға қоса қатысып отыру балалардың ынтасын арттырып, қуанышқа бөлейді. Оның үстіне мұндайда музыкалық бейімділігі нашар балалардың өздеріне де іштей жатырқау сезімі біртіндеп жоғалып, олар әртүрлі музыкалық әрекеттерге белсене қатыса бастайды, ал ол өз кезегінде балалардың эстетикалық жағынан өсуіне жәрдемдеседі.

Оқушылардың сүйіп ойнайтын аспабының қатарын жататын, ұрып және сілкіп ойнайтын музыкалық аспаптардың бірі – **асатаяқ**. **Асатаяқты** бұрын көбінесе диуана-бақсылар қолданған. Оның бірнеше түрі бар. Басына бұршақ салып, металл сылдырмақтары басына ілінеді. Олар қоңыраулы, сакиналы асатаяқ болып бөлінеді. Олардың құрылысына қарай үндері де өзгеше. Мысалы, алты қоңыраулы асатаяқтардың үні сыбызғының дыбыс қатарына сәйкес келеді. Асатаяқтың барлық түрін ансамбльдерде, оркестрде қолдану оның өзге аспаптармен жақсы үндестігін тәжірибе көрсетті [2]. Асатаяқ бүгінде мектеп оқушыларының сүйіп ойнайтын аспабына айналды.

Қоңырау – ерте заманда қылқобызшылар мен қобызшылар және басқа да бақсылардың қолданған музыкалық аспабы. Күйшілер қоңырауды қылқобызбен домбыраның жоғарғы мойын жағына байлап алып, кейбір ән-күйлерді тартқан кезде, әрлі-берлі шайқап, шылдырлатып отыратын болған екен. Ал шаңқобыз тартатын әйелдер қоңырауды саусақтарына киіп алып, анда-санда қағып отырып шылдырлатқан [3].

Тұяқтас – үру арқылы үн шығаратын аспаптар тобына жатады. Ол аттың тұяғынан жасалады, оны өңдеп музыкалық аспап ретінде қолдану үшін бір немесе бір жарым жыл уақыт келтіру қажет. Сонда ғана соққанда анық, таза үн шығады. Тұяқтасты бес саусақтың ұшымен алақанға жеткізбей ұстап, екі шеткі жиегін кезекпен жартылай дөңгелетіп, алмастыра отырып соғу керек [3].

Ұрып ойнайтын аспаптарды қолдану барысында балалардың ырғақ сезімін дамытатын қарапайым жаттығулар жасаған тиімді.

Ырғақ – қозғалыс элементтерін пайдалану мен дыбыстың динамикасы, ансамбльдің сипаты жөнінде алғашқы түсініктер береді.

Жоғарыда айтқанымыздай ұрып ойнайтын аспаптар қатарына дабыл, даңғыра, кепшік, дауылпаз, шындауыл жатады.

Ұрып ойнайтын аспаптың бірі – **дабыл**. Дабылдың шанағының екі жағы да терімен қапалады. Ерге іліп қою үшін бүйіріне ағаш сап орнатылады немесе қайыс ілгешек тағылады.

Студенттердің оқу үрдісінде, мектеп оқушыларымен практикалық жұмыс кезінде жиі пайдаланып жүрген аспаптардың біразына тоқталайық.

Ксилофон – грек тілінен аударғанда “дыбыс шығаратын ағаш”. Ксилофон қаз-қатар тізілген, қысқалы-ұзынды ағаштан жасалады. Ұзын ағаштар – жуан дыбыс, қысқа ағаштары – жіңішке дыбыс шығарады.

Ксилофонның дыбысы басы жұмыр келген екі таяқшалармен соғып ойнау арқылы шығады. Дыбысы құрғақ, сақылдап, сыңғырлап шығады. Ксилофон жеке соло ретінде ойнағанда керемет әсерлі болады, әрине басқа аспаптар тобының сүйемелдеуінде.

1874 жылы француз композиторы Сен-Санс “Өруақтар биі” атты шығарма жазады. Оны алғашқы рет орындағанда тындаушыларын әбден шошытады, оларға сүйектердің сықырлаған дыбыс, бас сүйегінің склетімен үңірейген көздің орны көрінгендей болады. Ал бүгінде бұл аспап ешкімді

корқытпайды, балалар үлкен ынтамен үйреніп ойнайды, оны жеңіл меңгеруге болады. Балаларға арналған ксилофонның диапазоны бірінші октаваның “до” дыбысынан екінші октаваның “ля” дыбысына дейін қамтылған.

Металлофон – латынша “металл дыбысты” деген мағынада, металл тілік-терінінен құралатын музыкалық аспап, кішкентай, басына жұмсақ мата оралған таяқшалармен ойналады. Оның тембрі қатты ойнағанда үні ашық естіледі, ақырын ойнағанда – таза, мөлдір, сыңғырлар естіледі.

Румба – тегі Латын Америкасынан шыққан сәнді би. Екпіні орташа болып келеді де, кенеттен соңғы бөлімінде жылдам екпінге ұласады. Бишілер қолдарына қос-қостан сылдырмақ тағылған ағаш аспапты ұстай жүріп билегендіктен бұл аспап “**румба**” болып аталынып кеткен. Оны сілкілеп немесе оң қолға ұстап сол қолдың алақанына ұру арқылы ойнауға болады.

Маракас - әлеуметтік тегі Латын Америкасынан шыққан, бос кокос жаңғағы сияқты формада, ішіне тастың, зәйтүн ағашының дәндері салынады. Бүгінде маракас металдан, ағаштан, пластмасадан жасалынады да ішіне әртүрлі ұнтақтар салынады. Оны сілкіп ойнайды.

Үшбұрыш – ұрмалы музыкалық аспап, темірден үшбұрыштап иіп жасайды. Дыбысы нәзік және ашық болады. Оны металл таяқшамен ұру арқылы ойнайды.

Бубен – Ежелгі Шығыс елдерінде пайда болған ұрмалы аспап. Ағаштан істелген дөңгелек шанақтың үстіне жұқа былғары керіледі, шанақтың жан-жағына екіден темір шылдырауықтар тағылады. Бубенді сілкілеу арқылы қолмен соғу немесе саусақтармен дірілдетіп ойнауға да болады.

Бубен симфониялық оркестрде ХІХ ғасырда қолданыла бастаған. Сосын ол Италия мен Испанияның халық аспабы болып келеді. Бір би бубеннің сүйемелінсіз биленбеген.

Тамбурин – сылдырмақ пен қоңырауы бар бубен. Оңтүстік Еуропада қағып ойнайтын музыкалық аспап. Ерте замандағы Испания мен Франциядағы халық биінің аты, бишінің қолында тамбурин (бубен) болады, ол оның ырғағына билейді.

Трещетка – сылдырмақ ойыншық. Орыстың халық аспабы. Оны жоғарғы жағынан жіпке тізілген жұқа тақтайшалар құрайды.

Ойнаушы жіпті екі жағынан ұстап сілкіу арқылы құрғақ дыбысты әртүлі ырғаққа салады.

Балалар үшін сабақта қолданылатын музыкалық аспаптардың көлемі, салмағы жағынан ыңғайлы, құрылысы қарапайым, әрі мықты болуы керек. Шығармашылық әрекет кезінде музыканы сергек қабылдау, бірігіп орындау яғни ансамбль құру арқылы оқушылардың сезімі және дағдысы дамиды.

Аспапта ойнау кезінде балалардың тұрып ойнау немесе отырып ойнау қалпын қадағалау қажет. Аспаптарды меңгерудің ең алғашқы қадамы ретінде оқушылардың ырғақ сезімін дамытатын қарапайым жаттығулар жасау, әр аспаптың ерекшеліктерін ескеру, орындалатын жаттығудың балалардың меңгеруіне жеңіл әрі түсінікті болуын қадағалайды [2].

Сонымен мектепте бастауыш сынып оқушыларымен қарапайым музыкалық аспаптарды қолдану, балалардың сол сабаққа деген ынтасын, сүйіспеншілігін, белсенділігін, жауапкершілігін арттырады. Олардың музыкалық қабілетін дамытуға, шығармашылық дербестігін қалыптастыруға ықпалын тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Блонский П.П. *Избранные педагогические произведения.* – М.: АПН РСФСР, 1961. – С.266-267.

2 Сарыбаев Б. *Қазақтың музыкалық аспаптары.* – А., 1978. – 78 б.

3 Физатов Б. *Қазақша музыкалық-терминологиялық сөздік.* – Алматы, 1981. – 86 б.

УДК 37.013
МРНТИ 14.07.05

Садықова М.К.¹, Абилова Г.А.²

¹педагогика ғылымдарының кандидаты

²педагогика ғылымдарының магистрі

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУДІҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтау проблемасы педагогикалық-психологиялық мәселелердің бірі болып табылады. Кәсіби өзін-өзі анықтау проблемасы іргелі сипатқа ие немесе бұл жалпы жеке тұлғаның өмірлік мақсатына жету мәселесімен байланысты. Мамандық барған сайын өмірде табысқа жету құралы ретінде, қоғамдағы өз орнын табу құралы ретінде, және жеке тұлғаның жоспарларын іске асыру құралы ретінде қарастырылады. Өзін-өзі анықтау проблемасы оқушы үшін және қоғам үшін де өзекті болып отыр. Адекватты кәсіби өзін-өзі анықтау кәсіби қызметінде жетістікке жетудің негізі болып табылады. Қазіргі уақытта жалпы білім беретін орта мектеп бітірушілеріне индивид пен қоғамның өзара іс-әрекетінің негізгі кезеңдері көрініс табатын арнайы талаптар қойылуда. Жоғары мектеп жасы - психикасы ең елеулі өзгерістер орын алатын кезең. Сондықтан, кәсіп таңдауда жоғары сынып оқушыларын ынталандыру - өзекті мәселе.

Бұл мақалада, кәсіби бағдарға сипаттама берілген. Кәсіби бағыттылықты қалыптастырудың маңызы мен процесіне әсер ететін проблемалар келтірілген, себебі, болашақ кәсіпті таңдауда оқушылар айтарлықтай қиындықтарды бастан кешіреді. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауының ерекшеліктеріне теориялық тұрғыдан талдау жасалды. Кәсіби таңдауды негіздеу үшін мамандық тарапынан болатын талаптар адам мүмкіндіктеріне сәйкес болу қажет. Ал керісінше жағдайда адам санасында теріс өмірлік тәжірибе жинақталады, алдында тұрған міндеттерді әртүрлі шешу жолдары қалыптасады: проблемаларды болдырмау, елеулі және т.б. Қоғам жоғары сынып оқушыларының өмірлік өзін-өзі анықтау мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Сонымен, дұрыс таңдау жолында кәсіби еңбек қызметі қазіргі заман адамының өмірінде көп нәрсені анықтайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Түйін сөздер: кәсіп, мамандық, кәсіби бағдарлау, өзін-өзі анықтау, қызығушылық, бейімділік, қабілет, мамандық түрлері.

Аннотация

ЗНАЧЕНИЕ ПРОФОРИЕНТАЦИОННОЙ РАБОТЫ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛАХ

Садықова М.К.¹, Абилова Г.А.²

¹кандидат педагогических наук

²магистр педагогической наук

Казахский государственный женский педагогический университет,
г. Алматы, Казахстан

Проблема профессионального самоопределения старшеклассников относится к числу активно разрабатываемых психолого-педагогических проблем. Это связано с тем, что проблема профессионального самоопределения носит фундаментальный характер, ибо она затрагивает общую проблему жизненного становления личности. Профессия все больше начинает рассматриваться и как средство для достижения жизненного успеха, и как средство для нахождения своего места в обществе, и как средство самореализации личности. Проблема самоопределения становится актуальной как для самого ученика, так и для общества. Адекватное профессиональное самоопределение – это главное достижение успеха в профессиональной деятельности. Именно в ней отражаются основные моменты взаимодействия индивида и общества, которое в настоящее время предъявляет к выпускнику средней общеобразовательной школы особые требования. Старший школьный возраст – период, в который происходят наиболее значительные изменения в психике. Поэтому актуальным является вопрос мотивации старшеклассников в выборе профессии.

В этой статье дана характеристика профессиональной ориентации. Приведены роль и проблемы влияющие на процесс формирования профессиональной направленности, которые школьники испытывают значительные затруднения при выборе будущей профессии. Теоретически проанализированы особенности профессионального самоопределения старших школьников. Для обоснованности профессионального выбора необходимо также, чтобы требования со стороны профессии соответствовали возможностям человека. В противном случае в самосознании человека накапливается отрицательный жизненный опыт, формируются своеобразные способы решения встающих

перед ним задач – уход от проблем, их игнорирование и т.д. Общество расширяет возможности жизненного самоопределения молодежи.

Таким образом, профессиональная трудовая деятельность, которой предшествует правильный выбор, один из важнейших факторов, определяющих многое в жизни современного человека.

Ключевые слова: профессия, специальность, профессиональная ориентация, самоопределение, интерес, склонность, способность, типы профессий.

Abstract

THE VALUE OF CAREER GUIDANCE IN SECONDARY SCHOOLS

Sadykova M.K.¹, Abilova G.A.²

¹pedagogy alimarina candidates

²pedagogy alimarina Magistr

Kazakh state women's pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

The problem of professional self-determination of high school students is one of the actively developed psychological and pedagogical problems. This is due to the fact that the problem of professional self-determination is of a fundamental nature, for it affects the general problem of the life-formation of the individual. The profession is increasingly beginning to be seen as a means to achieve life success, and as a means to find its place in society, and as a means of self-realization of the individual. The problem of self-determination becomes relevant both for the student himself and for society. Adequate professional self-determination is the main achievement of success in professional activity. It reflects the main moments of interaction between the individual and society, which currently presents special requirements to the graduate of the secondary school. The senior school age is the period in which the most significant changes occur in the psyche. Therefore, the question of motivation of high school students in choosing a profession is topical.

In this article the characteristic of vocational orientation is given. The role and problems affecting the process of forming a professional orientation are presented, which students have considerable difficulties in choosing a future profession. Theoretically, the features of professional self-determination of senior schoolchildren are analyzed. For the validity of professional choice, it is also necessary that the requirements on the part of the profession correspond to the capabilities of the individual. Otherwise, a negative life experience accumulates in the person's self-consciousness, original ways of solving the tasks facing him are formed-avoiding problems, ignoring them, and so on. The society expands opportunities for youth self-determination. Thus, professional work activity, preceded by the right choice, is one of the most important factors determining much in the life of modern man.

Keywords: profession, specialty, professional orientation, self-determination, interests, inclinations, abilities, types of professions.

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», - деп атап көрсетті [1]. Жалпы білім беретін мектептерде жоғарғы сынып оқушыларының кәсіптік бағдарын бақылау, болжау және түзетулер енгізу Республикадағы нарықтық қатынастарды реттейді, оқушылардың мамандықты дұрыс таңдауына және қазіргі кездегі еңбек ресурстарындағы өнімді күштерді айқындайтын болады.

Кәсіптік бағдар жұмыстарының ғылыми әдістемелік негізі кәсіптік бағдардың саясаттық базасы, кәсіптік білім мен жалпы білім беруді біріктіру мәселелері П.Р. Атутов, С.Я. Батышев, М.Н. Махмудов еңбектерінде қарастырылды. Қазақстанда кәсіптік бағдар мәселелерімен Г.А. Уманов, А.П. Сейтешов, Б.Ж. Сыдықов, Б.А. Оспанов, К.Өстеміров, Н.Шәметов, И.Васильев, Л.К. Керимов, Л.Х. Мажитова және т.б.ғалымдар айналысты. А.П. Сейтешов мамандыққа баулу және кәсіби бағдарлау баланың дүниеге көзқарасының қалыптасуына негіз болады деп дәлелдеген [2].

Кәсіби бағдарлау қоғамдық процеске айналып, 19 ғасырдан бастап кәсіби диагностика, кәсіпке жарамдылықты анықтау аяқ ала бастайды. Сонымен қатар, кәсіби ағарту, кәсіби кеңес беру, әлеуметтік кәсіби адаптация және кәсіби тәрбиелеу ғылыми жағынан байыпталып зерттеле бастады.

1908 жылдың қаңтар айында Бостон қаласында жастарды кәсіби бағдарлау жұмысының алғашқы бюросы ашылып, мұнда талапкерлердің өмірлік еңбек жолын анықтауға көмек беретін әдістемелер қолданыла бастады. Бұл бюроның іс-әрекеттерін ғылыми тұрғыда негізделген кәсіби бағдарлаудың бастамасы деп айтуға болады. Көп ұзамай осыған ұқсаған бюрлар Нью-Йоркте ашылды. Оның міндетіне әртүрлі мамандықтардың адамға қоятын талаптарын зерттеп, мектеп оқушыларының қабілетін анықтау болды. Бұл бюроның негізін құрушылардың бірі Ф.Парсонс табысты мамандық таңдаудың үш негізгі факторларын бөліп көрсетті:

- әр адамның өзін-өзі дұрыс бағалауы, өзінің іс-әрекет түрлеріне бейімділігін, қабілетін, қызығушылығын, ұмтылысын, мүмкіндіктерін және шектеуліктерін дұрыс бағалауы;

- әрбір таңдаған мамандық бойынша қызмет атқарғанда табысты жұмыс істеу үшін ненің қажет екенін білуі;

- мамандықтың талабы мен байланысты білімді өзін-өзі бағалаудың нәтижесін үйлестіре алуы [3].

Әлемнің озық елдері мамандарды дайындау сапасы мәселесін тұрақты өзгермелі экономикалық жағдайларды, сонымен қатар қоғамның, ғылым мен техниканың даму деңгейін ескере отырып зерттейді.

Бүгінгі қоғам жоғары сапада дайындалған әрі қазіргі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маманды талап етеді. Мұндай маман кәсіби міндеттерді шешудің әдіс-тәсілдерін меңгерген, әртүрлі, өзгермелі жағдаяттарда қойылған мақсаттарға жете алатын қасиеттерімен бағаланады.

Бүгінгі таңда қоғам алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі- жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Қазіргі жаңа кезеңдерде ғылымдар жүйесінде, кәсіби өзіндік анықталу мәселесін зерттеу өзектілігі қоғам талаптарына орай еңбек сипаты мен мазмұнының аумақты, жылдам өзгеруіне байланысты кәсіби бағдар мен мамандық таңдауға психологиялық дайындықты қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық өңдеулерін жүзеге асыру мәнді сұрақтардың бірі. Кәсіби бағдарлану мен кәсіби анықталу, соған байланысты іс-әрекетті саналы өзіндік реттеу мәселелерінде дәстүрлі және диагностикалық зерттеуді қолдану, психологиялық, педагогикалық, практикалық кеңес беруді, мамандыққа дайындауды, еңбек субъектісі ретінде болашаққа бағыт-бағдар беруді кеңінен қолдануды күшейтіп негіздейді [4].

Кәсіби бағдар берудің негізгі ұғымдарына келер болсақ, кәсіп – профессия – латын сөзінен шыққан, “professio”- анықталған іс, мамандық, адамның білімі туралы тиісті құжаттармен расталған кәсібінің, еңбек қызметінің негізгі түрі болып табылады. Ал, мамандық – қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі. Мамандық таңдау – тағдырыңды таңдау деген сөз. Кейінгі өмірде өкінбейтіндей, өз қабілеті мен бейімділігіне сай кәсіп түрін таңдау. Бұл өте жауапкершілікті және маңызды іс. Мамандық таңдауда әр адам өзінің қызығушылығына, қабілетіне, бейімділігіне, қалауына сүйену керек. Сондай-ақ өз мамандығының 10-20 жылға дейін өз сұранысын жоғалтпауына көңіл бөледі. Бұл – мамандықтарға деген бірқалыпты тұрақты сұраныс деп аталады. Өзінің сұранысын, қызығушылығын жоймаған кең тараған мамандықтарға дәрігер, мұғалім және құрылысшы мамандықтарын атап өтуге болады. Ал, өзекті мамандықтар қатарына жоғары технология, байланыс, коммуникация, әлеуметтік орта, экономиканы басқару мамандықтары және еңбек сұранысына қажетті жаңа мамандықтар жатады. Қоғамның дамуында біздің өмірде қазба-байлықтарын игеретін мамандық иелері қажет.

Кәсіби бағдар беру – жас ұрпақты өзіне ұнаған тиісті мамандықты саналы таңдап алуға дайындауға бағытталған еңбек ұжымдарының іс-әрекеті. Кәсіби бағдар беру оқушыларды мамандықтар әлемінде, олардың мазмұны, ерекшеліктері, жеке тұлғаға қоятын талаптарын өз бойындағы қасиеттерімен ұштастырып, өндіріс, шаруашылық салаларының даму міндеттеріне, оның нарықтық экономика жағдайындағы рөліне сай саналы таңдалып алынған мамандыққа мүдделілігін тәрбиелеуді қажет етеді.

Кәсіби бағдар мақсаты жас ұрпақты саналы түрде мамандық таңдауға дайындау, үйрету екендігі белгілі. Ол үшін мына нәрселер қажет:

- оқушылардың бойында ішкі психологиялық-әлеуметтік мәнділікті реттейтін қызмет түрлерін тәрбиелеу;

- түрлі еңбек қызметтері мен сыйластық қатынастарын тәрбиелеу;

- кәсіпті өз бетінше, саналы түрде жеке қасиеттерін есепке ала отырып орындау бағытын жетілдіріп, тәрбиелеу;

- кәсіби бағдар беруге арналған кеңестерге келер болсақ, ондағы басты нәрсе – кәсіп таңдауда негізгі қоғамдық және идеялық сананы қалыптастыру;

- оқушылардың жеке қасиеттерінің кәсіп талаптарына сай келуі қажет. Мұндай кеңестерге қазіргі оқып жүрген жастардың тең жартысы зәру;

- өз бетінше мамандық таңдай алмаған оқушылар;

- мамандық таңдауда ата-аналармен келісе алмаған жастар;

- өзі таңдаған мамандықтың дұрыстығына көз жеткізгісі келген жасөспірімдер;

- тәртібі нашар, толқу үстінде жүрген жеткіншектер.

Кәсіби бағдар беруде оқушылардың ата-аналарымен бірлесіп атқаратын жұмыстары маңызды орынға ие. Мұнда педагог екі нәрсеге мән беруі керек: біріншіден – кәсіп таңдаудағы отбасының

дәстүр әрекет әсері, екіншіден – кәсіпті саналы түрде таңдау үшін қажетті педагогикалық және психологиялық негізгі шарттар [5].

Қазақстан әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру үшін үздіксіз білім беру жүйесінің кез-келген сатысындағы білім беру проблемаларын барынша жетілдіріп, инновациялық технологиялар мен әлемдік жаһандану мәселелерін бәсекеге қабілетті маман даярлауға бағыттауы тиіс.

Қорыта келгенде, оқушылар мамандықты таңдау кезінде өз қабілеттерін түгел жұмсай алатын, өздерін көрсете алатын, қоғамға орасан зор пайда келтіре алатын жақтарына көп көңіл бөлсе екен дейміз. Мамандық таңдаудың жетістігі – оқушының тұлғалық (жеке) және кәсіптік жоспарының еңбек аумағында қоғамдық талаптардың сай болуы. Сондықтан да, кәсіптік таңдау қазіргі қоғамдағы маман сұранысы құрылымына сай болса, соғұрлым кәсіптік бағдар жұмыстары жақсы жүзеге асады. Мұндай жағдайда мамандарға сұраныс тепе-теңдік өлшемі және шынайы таңдау кәсіптік бағдардың қарқындылығының басты критеріі болып саналады.

Бізге белгілі болғандай мамандықты дұрыс таңдау еңбек сапасы мен өнімділігіне әсер етеді. Мамандықты және жұмыс орнын дұрыс таңдап, өзінің таңдауына қанағаттанса, онда ол басты психологиялық критерий болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 14 желтоқсан, 2012 ж.
- 2 Сейтешов А.П. Мамандыққа баулу және кәсіби бағдарлау. – Алматы, Ғылым, 1990, – 332 б.
- 3 Парсонс Ф. Мамандық таңдау факторлары. – М., 1997.
- 4 Голомиток А.Е. Выбор профессии и воспитание личности школьника. – М., 1979, – 160 б.
- 5 Өтеміров К., Шәметов Н., Васильев И. Кәсіптік педагогика: колледж, университет студенттеріне арналған оқулық/ – Алматы, ТОО «Наз-9» ЖШС, 2006, – 280 б.

УДК 37.013

МРНТИ 14.07.07

А.С. Оразбаева¹

¹Аға оқытушы, пед.ғ.магистрі

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

АҒЫЛШЫН ТІЛІН А1-А2 ДЕНГЕЙІНДЕ ОҚЫТУДА ТАҚЫРЫПТАРДЫ ІРІКТЕУ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада қазіргі таңда шетел тілін кәсіби мақсатта оқытуда көптеген мектептерде білім алушының жалпы кәсіптік білімі, дағдысы, қабілеті мен дайындығы оның кәсіби біліктілігі арқылы анықталатынын жайлы айтылған. А1, А2 деңгейіндегі тақырыптық материалдарды іріктеу арқылы оқушылардың коммуникативтік дағдысын дамыту, яғни шетел тілін оқытуды тақырыптық материалдарды іріктеу арқылы жетілдіру және ағылшын тілін оқытуда тақырыптық жаттығуларды қолдану әдістері туралы сондай-ақ шет тілдік білім беруді интерактивтік әдістер арқылы жетілдіру жолдары көрсетіліп, оқушыларды ағылшын тілінде тақырыптар арқылы оқытудағы мақсаты көрсетілген. Осыған орай әр оқытушы шетел тілін оқытуда жаңа әдістемелік технологияларды қолданып жас ұрпақтың тілге деген ынтасын, көзқарасын, біліктілігін арттыру мақсатын алға қояды.

Түйін сөздер: Интеллектуалдық, эмоционалдық, Ұлыбританияның білім беру жүйесі, 21 ғасыр білім беру жүйесі, ресурстар.

Аннотация

ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ В УРОВНЕЙ А1А2 ПО ВЫБОРАМ ТЕМ

А.С. Оразбаева¹

¹Старший преподаватель, магистр пед.наук.

Казахский государственный женский педагогический университет

Алматы, Казахстан

В статье использованы для разработки модульных, изучение языка посредством выбора тем, интенсивные, критические, шаг за шагом информации и связи и других технологий, широко охвачены. А1, А2 по тематическому подбору материалов на уровне обучения иностранному языку с помощью тематического подбора материалов и использования английского языка преподавания упражнений для совершенствования методов,

упомянутых. Пути совершенствования иностранного языка образования с помощью интерактивных методов. Темы включали в себя использование специальных программ, с помощью подробных принципов и требований, улучшению познавательной деятельности студентов в процессе обучения.

В связи с этим, каждым новым методом изучения учителей иностранного языка технологий молодого поколения с использованием языка, который направлен на повышение квалификации, отношений, мотивации.

Ключевые слова: Интеллектуальная, эмоциональная, система образования, система образования в 21 веке в Великобритании, ресурсы.

Abstract

EFFECTIVE METHODS OF ENGLISH LANGUAGE TEACHING AT THE LEVEL A1A2 THROUGH THE SELECTION OF TOPICS

A.S. Orazbaeva¹

¹Senior teacher, Master of Pedagogical Sciences

Kazakh State womens teacher training University, Almaty, Kazakhstan

The article used to develop a modular, language learning through the selection of topics, intensive, critical, step by step information and communication and other technologies are widely covered.

A1, A2 for the thematic selection of materials at the level of teaching a foreign language with the help of a thematic selection of materials and the use of English language teaching exercises to improve the methods mentioned. Ways to improve the foreign language of education through interactive methods. Topics included the use of special programs, using detailed principles and requirements, improving the cognitive activity of students in the learning process.

In this regard, each new method of studying a foreign language teacher of the young generation technologies using language that aims to increase the skills, attitudes, motivation.

Key words: Intellectual, emotional, educational system, the education system in the 21st century in the UK, resources.

Сабақ жоспарында А1-А2 деңгейінде тақырыптарды іріктеу барысында қалыптастырылатын дағдылардың және сөйлеу біліктерінің түріне байланысты жаттығулардың әр түрлі типтері қарастырылады. Сабақтың мақсаты берілген сабақ үшін жаттығулар комплексінде жүзеге асу қажет.

Сонымен, тақырыптарды іріктеудегі объективті және жүйелік бақылау мұғалімнің тәрбиелік, коммуникативті оқыту әрекетіндегі ең негізгі фактор болып табылады. Ол оқушыға өз еңбегінің нәтижелерінің объективті бағасын, мұғалім қоятын талаптарға олардың сәйкестігін түсінуге мүмкіндігін береді.

Т.С. Назарова тақырыптық материалдардың ішінде грамматикалық материалдарды оқушыларға қоғамдағы жағдайларға қатысты қолданудың маңыздылығына тоқталған: «Танымдық білім беру ғылымының күшті талаптарының қатарында: тілді қолдану тілдік білімділікті, тілді қолданушының тыңдау-сөйлеу кезінде коммуникативтік құзыреттілігінің жетік болуы көзделеді, яғни, тілдік құрылымның тек қана грамматикалық дұрыс құрылуы ғана емес, ол қоғамдағы жағдайларды қалыпты баяндай алуымен сипатталады»[1]. Шынымен де шетел тілін қалыптастыру кезінде тілдік материалдар, яғни, қажетті лексиканы беру белгілі бір тақырыптың дұрыс таңдалып алынуына, және сол тақырып бойынша өрбіген мәселелердің, алынған тілдік материалдың білім алушының ой-өрісіне, сөйлей алу деңгейіне қарай таңдалып алынуы, берілген тілдік материалдар - лексиканың көлемі сол тақырыптар бойынша сөйлеу әрекетін қалыптастыра алуын қамтамасыз ету оқулық авторына өз алдына мақсат етіп қойылатын – бірінші талап болуы шарт. Бұған дәлел ағылшын тілі сабақтарында: «Саяхат», Білім беру жүйесі», «Менің мектебім», «Ұлыбританияның білім беру жүйесі», «21 ғасыр білім беру жүйесі» сияқты тақырыптар беріліп тұрады. Бұл сабақтарда білім алушылар барлық тақырыптар бойынша белгілі бір лексиканы меңгере және пайдалана отырып, өздері, мектептері, қоғам туралы коммуникативтік құзыреттіліктері мен мәдени білімдерін дамыта отырып, тілдік белсенділіктерін дамыта алады.

Қазіргі таңда шетел тілін кәсіби мақсатта оқыту да көптеген мектептерде көзделген. Өйткені, білім алушының жалпы кәсіптік білімі, дағдысы, қабілеті мен дайындығы оның кәсіби біліктілігі арқылы анықталады. Кәсіби біліктілікке білім алушының ғылыми-зерттеушілік, басқарушы-ұйымдастырушылық қабілеттері мен кәсіби және педагогикалық қызметі жатады. Арнайы кәсіби біліктілік оқу орнын бітірушінің белгілі бір мамандық бойынша кәсіби қызметті атқарудағы дайындығы мен оған ұмтылуы арқылы айқындалады. Кәсіби біліктілікті көп деңгейлі білім жүйесімен салыстыруға болады. Ол үнемі жетілдіруді, дамытуды қажет етеді.

Ол оқыту процесінде оқушыларды бірігіп белгілі бір мәселені шешуге, белгілі бір әрекетке өз жауапкершілігін сезініп, белсенді болуға және осы кезде өз қиялын, ой-өрісін, шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар бұл ұғым тәсіл ретінде төмендегідей талаптарға сай келеді.

- Ақпаратты терең игереді, өйткені оны ой елегіне өткізеді.
- Білім алушы өзін-өзі еркін және ыңғайлы сезінетін өрісті қалыптастырады, тілді оқып үйрену ниетін арттырады.
- Білім алушының жеке тұлғасына тікелей әсер етіп, танымдық, шығармашылық қабілетін оятады.
- Топ оқушыларымен жасалатын жұмысты түрлі формада (жұптық, топтық, ұжымдық) өткізуді қамтамасыз етеді.
- Ойлауды белсендіреді.
- Ынтымақтастықпен әрекет етуге үйретеді.
- Тыңдау дағдысын қалыптастырып, өзгені тыңдай алады.

Әрине мұндай тәсілді қолдануда кездесетін қиындықтар да жоқ емес. Себебі әр оқушылардың ойлау қабілеті, жылдамдығы, білім деңгейі, ақпаратты меңгеруі бірдей жағдайда емес. Осыдан келіп оқушылардың алдында шынайы және психологиялық қиындықтар туындайды.

Шынайы қиындық Рубинштейн С.Л. :

- берілген тапсырма дұрыс ұйымдастырылмаған жағдайда.
- жүріп жатқан әңгіме оқушыларға қызық емес болса.
- әңгімені тыңдамағандықтан сөйлей алмаған жағдайда туындайды [2].

Мұғалім алдымен білім алушыларды сөйлеуге үйретуде, соның ішінде тілді қарым-қатынас құралы ретінде меңгеруге ұмтылуын, оқушыларға өз іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру үшін оған сай қабілетін оятып әрі оқу атмосферасын орната білуі керек. Ал мұндай атмосфераның орнауына

А.А. Люблинскаяның төмендегі пікірлерімен толықтай келісуімізге тура келеді [3].

Біріншіден, ағылшын тілін оқытуда интерактивтік тәсілді қолдану кезінде қойылатын талаптың, жасалатын жұмыстың оқу процесіне сай болуы керек. Талап тым жоғары болса, оқуға деген қызығушылық жойылады, ал төмен болса, жалығуға әкеліп соқтырады.

Екіншіден, жұмыс түрлері, онда қолданылатын оқу құралдары, жаттығулар оқушылардың білім деңгейіне, жас ерекшеліктеріне сай болуы керек.

Үшіншіден, білім алушылар жіберген қателерін мұғалім көмегімен өздері табуы керек.

Қазіргі кездегі шетел тілін оқытуда қолданылып жүрген оқудың интерактивті әдістері мен үлгілері:

- «*Ми шабуылы*» хабарландыруды анықтау керек болғанда немесе қатысушылардың белгілі сұраққа қатынасы кезінде қолданылады. Жұмыстың бұл нысанын кері байланыс алу үшін қолдануға болады.

Өткізу алгоритмі:

1. Қатысушыларға талқылау үшін белгілі бір тақырып немесе сұрақ беру.
2. Осы мәселе бойынша өзінің ойын айтуға ұсыныс жасау.
3. Айтылғандардың барлығын жазу (олардың бәрін қарсылықсыз қабылдау керек). Егер сізге ол түсініксіз болатын болса, айтылғандарды қайталап анықтауға жол беріледі (кез-келген жағдайда идея қатысушының аузынан қалай шықса, солай жазылады).
4. Барлық идеялар мен талқылаулар айтылып біткеннен кейін, берілген тапсырма қандай болғанын қайталау керек, және қатысушылардың сөзінен сіз не жазып алдыңыз соның барлығын тізіп шығу керек.

- *Шағын топтардағы жұмыс*

Алдын ала сақтандыру оқуы процесін оқушыларға шамамен жобалап құру қажет. Аталған жағдайда ең тиімдісі топтарда жұмыс істеу. Мұндай жағдайда оқытушы диагностика мен мониторингті қамтамасыз етеді, оқу-жаттығу ортасын ұйымдастырады, алғашқыда басқа ресурстар болмаса қолдау (кеңес, нұсқаулар береді) көрсетеді.

Ұқсастығын немесе белгілі бір құбылыстардың айырмасын жариялау қажет болса, жұмыстың мұндай нысаны қолданылады, қатысушылардың әр түрлі топтарының бір және сол мәселеге қатынасын анықтайды.

Бұл, ең алдымен:

- Қарым-қатынас жасау және өзара әрекет ету машығын дамытады.
- Топтың бағалық-бағыттаушылық бірлігін қалыптастырады.
- Жағдайға байланысты әлеуметтік рөлдер сменасының икемділігін кеңейтеді.

Рөлдік ойын

Рөлдік ойын – бұл өмірлік жағдайлардың белгілі бір мінез-құлық немесе эмоционалдық жақтарын меңгеру ниетінде алдын-ала бөлінген рөлдер арқылы қатысушы топтардың сахналап ойнауы.

Рөлдік ойындар шағын топтарда (3-5 қатысушы) жүргізіледі. Қатысушылар карточка арқылы (тақтада, қағаз парақтарда және т.б.) тапсырма алады, рөлдерді бөледі, жағдайды ойнайды және барлық топқа ұсынады (көрсетеді). Оқытушы балалардың мінез-құлқын ескере отырып рөлді өздері бөледі.

Бұл әдістің артықшылығы сол, әрбір қатысушы өзін ұсынылған рөл жағдайында көрсетеді, сол не басқа жағдайды айтарлықтай шынайы байқайды, сол не басқа әрекеттердің салдарларын сезінеді және шешім қабылдайды.

Психолог Царков В.Б. оқу қарым-қатынасы жағдайында дәл қабылдаудың жоғарылайтынын қадағалаған, жарнама жұмыстарының нәтижелері артады, жеке тұлғаның – назар аудару тұрақтылығы, оны тарата білу сияқты интеллектуалдық және эмоционалдық өзіндік ерекшелігі дамиды; қабылдау кезінде қырағылығы; әріптесінің іс-әрекетін оның дәлелдері мен мақсаттарын талдау қабілеті артады [4].

Оқудың интерактивті әдістерінің артықшылығы қандай? Ең алдымен, интерактивті әдістер:

- оқушылардың қызығушылығын туғызады;
- әрқайсысының оқу процесіне қатысу белсенділігін кеңейтеді;
- әрбір оқушының сезіміне назар аударады;
- оқу материалдарын тиімді меңгеруге бейімдейді;
- оқушыларға көп жоспарлы әрекет етуге әсер етеді;
- кері байланысты (аудиторияның жауап беру реакциясын) жүзеге асырады;
- оқушылардың пікірлері мен қарым-қатынастарын қалыптастырады;
- өмірлік машықтарды қалыптастырады;
- мінез-құлықтың өзгеруіне көмектеседі.

Бұл үшін ең маңызды шарттар – интерактив бойынша тренингтік оқытушылардың жеке қатысу тәжірибесі. Оны ойынға жеке өзі қатысу «*ми штурмы*» немесе сөз сайыс жолымен ғана үйренуге болады.

А.Ф. Горбенко, кім өзінің оқытушы екенін ұмытса, сол жақсы оқытушы деген. Оқытушыға тәлімгерлік үнді тастап, негізгі ынталануын көрсетсе, өзінің «жоғарыда» тұрғанын ұмытып, «қасында тұрса», оқушылар ретінде үн шығарып, қарым-қатынас жасаудың шынайы қызығушылығын танытса, сол жақсы ұстаз [5].

Жалпы шетел тілі сабағында қолданылып жүрген рөлдік ойындар, іскерлік ойындар, пікір талас, оқушылардың баяндамалары мен ақпараттық хабарлары, дәріс-диалог, тренинг, дөңгелек үстелдер, ұжымдық – таныдық оқу, иммитация әдістері осы жоғары белсенділікті дамыту әдісінің интерактивті әдіс белгілері болып табылады. Сабақты ұйымдастырудың топтық-үлестірме түрлерін қолдану арқылы іс-әрекетті талқылау, қарама-қарсы қайшылықты мәліметтер беру арқылы пікір таласын тудыру оқушылардың пәнге деген ықыласын, ынтасын арттырады.

Белгілі бір өтілетін тақырыпты пысықтау мақсатында білім алушыларды үш топқа бөліп, оларға негізгі тақырыпқа байланысты (“Travelling” тақырыбын алайық) тақырыпшаларды береміз:

- 1 топқа : “Travelling by train”
- 2 топқа : “Travelling by bus”
- 3 топқа : “Travelling by plane”

Әр бір топ өздеріне берілген тақырыпшалар бойынша ассоциограмма жасайды. Ассоциограмманың көмегімен топ білім алушылары бірігіп, өздеріне берілген саяхат түрлері жайлы толық мағлұмат бере отырып оның тиімді және тиімсіз жақтарын ашып айта білулері керек. Сонымен қатар әр топқа қойылатын талап тақырыпқа байланысты жаңа сөздер мен сөз тіркестерін көбірек пайдалану және талқылауға топ оқушылардың түгелдей қатысуын қадағалау. Соңында оқытушы топтарға бірін - бірі бағалауға мүмкіндік беріп, өзінің қойған бағасымен қорытындылай отырып, әр топтың ортақ бағасын шығарады.

Осы тәрізді тәсілді грамматикалық жаттығуларды орындату кезінде де пайдаланған өте тиімді. Мұндай жағдайда топ білім алушылары әр бір ұпай үшін күреседі. Себебі грамматикалық тұрғыдан әрбір дұрыс жасалған сөйлем оларға ұпай әкеліп отырады. Тапсырманы орындау кезінде оқушылар

өздерінің бар білгендерін топ мүшелерімен бөліседі. Бұл кейбір грамматикалық материалдарды түсінбей жүрген оқушыларға үлкен көмегін тигізеді. Диалогты, әңгімелерді, мәтіндерді тыңдау шетел тілін түсініп үйрене білудің ең қажетті бөлігі болып табылады. Тыңдауға арналған мәтіндер оқылған тілдік материалдар негізінде құрылады. Оның ішіне 3-4% таныс емес лексикалық материалдар қосуға болады. Алғашқы рет тыңдауға арналған мәтінге жіберілген уақыт 1-1,5 минут көлемінде болуға тиіс.

Ал мәтіндермен жұмыс жасау кезінде оқушылардың берілген тақырыпты кемінде екі рет оқығандары дұрыс. Бастапқыда олар мәтінге тек көз жүгіртіп, жалпы идеяны немесе басты проблеманы түсіне алады, ал одан соң мұқият көңіл бөліп бастан аяқ оқып шығады. Мұндай әдіс талқылаудың алдында тұжырымды логикалық тұрғыдан қайта пысықтауға көмектеседі.

Сабақ уақытын мейлінше үнемді пайдалану үшін мәтінді үйден оқып келуді тапсырған дұрыс. Тағы бір көңіл аударма кететін жағдай интерактивті әдіс тәсілдің маңызды көрсеткіштері деп оның тәрбиелік жағын да айта кеткен жөн. Топпен жұмыс істеу оқушылардың бірін - бірі тануына, тыңдау мен пікір алысу мәдениетінің қалыптасуында да өз әсерін тигізеді.

Сондықтан да шетел тілін білу өмірдің өзекті мәселесіне айналды. Өскелең ұрпақты шетел тіліне оқытуда әр түрлі әдістерді түрлендіре, күрделендіре түсу қажеттілігі туындап отыр. Осыған орай әр оқытушы шетел тілін оқытуда жаңа әдістемелік технологияларды қолданып жас ұрпақтың тілге деген ынтасын, көзқарасын, біліктілігін арттыру мақсатын алға қояды. Шетел тілін оқытуда жаңа технологияларды пайдалана отырып әрі нәтижелі, әрі қызығарлық сабақ жүргізу, интерактивті тәсілді пайдалану – біздің басты міндетіміз.

Пайданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Назарова Т.С. Педагогические технологии: новый этап эволюции. Педагогика, 1997. № 3.
- 2 Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии. – М.: Учпедгиз, 1940.
- 3 Люблинская А.А. Язык в речевом общении. – М.: Просвещение, 1992.
- 4 Царковъ В.Б. Тілдік жаттығулар ағылшын тілінен. – М.: Просвещение, 1980.
- 5 А.Ф. Горбенко. Некоторые пути обучения самостоятельному иноязычному высказыванию // Иностранные языки в школе, 1985. - №2.

МРНТИ: 20.01.07

Исабаева Д.Н.¹, Исабаева С.Н.², І.Н. Ерсари³

¹п. э.к., қ.профессор, бақылау және бағалау бөлімі бастығы, Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
(Алматы, Қазақстан), e-mail: daraja_78@mail.ru

²п. э.к., қ.профессор, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті
(Алматы, Қазақстан), e-mail: sulu74@mail.ru

³5B011100 - Информатика мамандығының I курс магистранты,
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
(Алматы, Қазақстан), e-mail: inkarayarsari@gmail.com

GOOGLE СЕРВИС БҰЛТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ МҮМКІНДЕРІН ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада Google сервис бұлттық технология мүмкіндерін оқыту үрдісінде қолдану жолдары келтірілген. «Бұлттық технология» соңғы онжылдықтағы ақпараттық технологиялардың даму эволюциясының нәтижесінде пайда болды. «Бұлттық технология» термині ғылыми-техникалық әдебиеттерде жиі кездеседі. Бұл термин желілік қол жеткізу моделінің қолданушы талабы бойынша жалпы компьютерлік ресурстар жиынымен (желілер, серверлер, сақтау құралдары, қосымшалар, қызметтер), яғни жұмыс жасауға тез дайын бола алатын; сонымен қатар қолданушы мен қызмет ұсынушы арасындағы минималды өзара іс-әрекетті талап ететін, тек интернет желісіне қосылған компьютер немесе қалта телефонының болуымен түсіндіріледі. Бұлттық технологиялардың оқыту үрдісінде қолдану барысында барлық оқу әдістемелік құралдарды, практикалық және теориялық тапсырмаларды интернет желісіне салып қою «ауада қалқып» жүр десек те болады. Бұлттық технологиялардың оқыту кезінде қолдану көптеген мүмкіншіліктерге жол ашады: оқу процесіне қатысушылардың арасында бір бірімен on - және off-line режимінде хаттармен, тапсырмалармен, сұрақтармен өзара алмаса алуы (gmail, yandex, Rambler, mail.ru және т.б. сервистерді қолданады); дәрістер мен консультацияларды Skype, Gtalk сервистері арқылы жүргізу; дәрістер мен практикалық жұмыстарды on-line режимінде өткізу мүмкіндігі (Youtube, Omlet.ru сервис-тері қолданылады); жобалар мен зерттеу жұмыстарының топпен талқылануы (Facebook, "ВКонтакте" әлеуметтік желі сервистері, Google сервисі қолданылады). Бұлтты есептеудің болашағы зор, сондықтан ақпараттық технологиямен байланысы бар кез келген маман осы технологияны игеруі міндетті.

Түйін сөздер: google drive, бұлттық технология, информатика, google drive, яндекс.диск, dropbox, skydrive.

Аннотация

СПОСОБЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ВОЗМОЖНОСТЕЙ ОБЛАЧНОЙ ТЕХНОЛОГИИ GOOGLE СЕРВИС В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ

В статье приведены пути использования Google сервис облачных технологий в обучении. «Облачные технологии» появились в результате эволюции развития информационных технологий за последнее десятилетие. В научно-технической литературе часто встречается термин "облачные технологии". Этим термином обозначается модель сетевого доступа по требованию пользователя к общему набору настраиваемых компьютерных ресурсов (сети, серверы, хранилища, приложения, услуги), которые могут быть быстро подготовлены к работе; при этом со стороны пользователя требуется минимальное взаимодействие с поставщиком услуг, только наличие компьютерного устройства, имеющего доступ к сети Интернет. Идея использовать "облачные технологии" в процессе обучения, перенести учебно-методическую документацию, теоретические и практические задания в сеть Интернет буквально "витают в воздухе". При использовании телекоммуникационных "облачных технологий" в процессе обучения у всех участников образовательного процесса появляется возможность обмениваться сообщениями, заданиями, контрольными вопросами в режиме on- и off-line (используются сервисы gmail, yandex, Rambler, mail.ru и пр.); проводить занятия (лекции или консультации) с использованием программы Skype, сервиса Gtalk; получать доступ к просмотру лекций или практических занятий в on-line режиме (используются сервисы Youtube, Omlet.ru); проводить коллективное обсуждение проектных или исследовательских работ (используются сервисы социальных сетей Facebook, "ВКонтакте", сервисы Google). У облачных вычислений большое будущее, поэтому все кто близок к информационным технологиям должен освоить данную технологию.

Ключевые слова: google drive, облачные технологии, информатика, google drive, яндекс.диск, dropbox, skydrive.

Annotation

**METHODS OF USE OF CLASSIFICATION TECHNOLOGY OPPORTUNITIES
GOOGLE SERVICE IN THE TRAINING PROCESS**

The article presents the way of using the Google cloud service technologies in training. "Cloud technology" appeared in a result of evolution of information technology over the last decade. The term "cloud technology" frequently found in scientific and technical literature. This term denotes a model of network access on-demand to a common set of configurable computing resources (network, servers, storage, applications, services) that can be quickly prepared for work; wherein the part of the user requires minimal interaction with the service provider, just having a computer device having access to the Internet. The idea of using "cloud technology" in the course of training, transfer of educational-methodical documentation, theoretical and practical exercises in the Internet is literally "in the air". By using the telecommunication "cloud technologies" in the learning process for all participants in the educational process, it is possible to exchange messages, tasks, control issues in the on- time and off-line (using gmail services, yandex, rambler, mail.ru, etc.); to hold classes (lectures and consultations) using the program Skype, Gtalk service; have access to view the lectures or practical lessons in on-line mode (used Youtube services, Omlet.ru); brainstorming project or research work (using the services of social networks Facebook, "VKontakte", the Google services). Cloud computing has a great future, so all who are close to IT should master this technology.

Keywords: google drive, cloud technology, informatics, google drive, yandex.disk, dropbox, skydrive.

Қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды дамытудың алдыңғы қатарлы бағыттарының бірі - бұлттық технология болып табылады. Ағылшынша "Cloud technology" немесе "Cloud computing" (Cloud – бұлт; technology – технология; computing – есептеулер) "бұлт/бұлттық есептеулер" немесе "бұлт/бұлттық технология, қызметтер" деп те атайды [1].

Бұлттық технологияларды оқыту үдерісінде қолдануға көптеген шетелдік білім беру мекемелері көшкен. АҚШ-та жоғары оқу орындарында бұлттық технологияларды қолдану белсенді түрде қолға алынған. Сонымен қатар Хофстра университетінде GoogleApps ұсынған бұлттық сервистерді қолданады. Еуропалық университеттер бұлттық технологияларды қолданудан қалыс қалмауда, Литвадағы Каунасский технологиялық университеті соңғы бес жылдықта Microsoft Live@edu ұсынған бұлттық сервистерді қолдануда. ТМД елдерінде білім беру саласына бұлттық технологияларды қолдану енгізілуде, мысалға алатын болсақ, Мәскеу қаржылық-құқықтық университеті Office 365 технологиясын қолдануға көшті. Microsoft Office 365 мәлеметтері бойынша Плеханов атындағы РЭУ және РУДН бұлттық технологияны оқыту үдерісіне енгізген. Украинада Сум мемлекеттік және Донецк ұлттық университеттері украин жоғары оқу орындарының ішінен бірінші болып Microsoft Office 365 бұлттық офистік пакетін оқытушылар мен студенттердің біріккен жұмысын ұйымдастыру үшін, сонымен қатар қашықтықтан оқыту мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында енгізген [2].

Жоғарыда келтірілген шетелдік және ТМД елдердің тәжірибелері мен тұжырымдарын саралай келе, біз барлық білім беру мекемелері «Программалық қамтамасыз ету сервис ретінде» бұлттық моделін қолданатындығын байқадық. Бұл модельдің артықшылығы, білім беру мекемесі мәліметтерді өңдеу орталығын құруды және оған қызмет көрсетуді талап етпейтіндігімен, қаржылық және ұйымдастырушылық шығындарды қысқартуға көмектесетіндігімен айқындалады.

«Бұлттық технология соңғы онжылдықтағы ақпараттық технологиялардың даму эволюциясының нәтижесінде пайда болды. «Бұлттық технология» термині ғылыми-техникалық әдебиеттерде жиі кездеседі. Бұл термин желілік қол жеткізу моделінің қолданушы талабы бойынша жалпы компьютерлік ресурстар жиынымен (желілер, серверлер, сақтау құралдары, қосымшалар, қызметтер), яғни жұмыс жасауға тез дайын бола алатын; сонымен қатар қолданушы мен қызмет ұсынушы арасындағы минималды өзара іс-әрекетті талап ететін, тек интернет желісіне қосылған компьютер немесе қалта телефонының болуымен түсіндіріледі. Қазіргі уақытта, «бұлттық технология» бірқатар анықтамалар қалыптасқан. Олар бір-бірінен мазмұны мен мағынасы бойынша айрықшыланады. Әр түрлі жағдайда бұлттық технологияның анықтамаларының бірқатарын талдап көрейік.

Бұлттық технология – сыртқы есептеу ресурсына динамикалық масштабтау жолымен енуді ұсынады. Бұлттық технология – пайдаланушыға интернет немесе сервис түрінде берілген жергілікті желі арқылы берілетін, белгіленген ресурстағы ену үшін (есептеу қоры, программа, мәлімет) немесе ол ресурстарды пайдалануға мүмкіндік беретін ыңғайлы интерфейске негізделген программалық-аппараттық қамсыздандыру [3]. Тұтынушы компьютері бұл жерде терминал ретінде қарастырылады.

Бұлттық технологияларды жүзеге асыратын серверлерді «есептегіш бұлттар» деп атайды. Бұлттық технологияда жұмыс істеудің әдеттегі бағдарламалармен жұмыс істеудегі басты айырмашылығы –

тұтынушы өз компьютерінің ресурстарын емес, өзіне интернет-қызметі ретінде берілген шалғайдағы мықты серверлердің ресурстарын пайдалануында.

«Есептегіш бұлттар» мақсатына қарай мынадай төрт түрге бөлінеді:

- жеке бұлттар (private cloud) ;
- ортақ бұлттар (public cloud);
- қоғамдық бұлттар (community cloud);
- аралас бұлттар (hybrid cloud).

Тұтынушыларға қызмет көрсету моделі мақсаты мен құрамына байланысты мынадай негізгі үш түрге бөлінеді :

- ✓ Бағдарламалар сервис ретінде (Software as a Service, қысқаша SaaS)
- ✓ Тұғырнама сервис ретінде (Platform-as-a-Service, қысқаша PaaS)
- ✓ Инфрақұрылым сервис ретінде (Infrastructura-as-a-Service, қысқаша IaaS)

Бұлттық технологиялар деректердің тармақталған және қашықтықтан өңделуі мен сақталуын меңзейді. Бұлттық технологиялардың түп мағынасы мынада:

- компьютерде ешқандай программа болмауына да болады, бірақ Интернет желісі болуы қажет;
- тегін немесе ақылы болуы тұтынушының қажеттіліктеріне байланысты;
- шығысты азайту (жабдықтарға және бағдарламалық жасақтамаға қаржы салудың қажеті жоқ);
- сервиске қосылудың ыңғайлы мүмкіндігі (дүниежүзі бойынша және кез-келген құрылғыдан – дербес компьютер, планшет компьютер, смартфон, ноутбук)

Бұлттық құжат сақтау – бұл құжат сақтау моделі, интернетте ақпаратты көптеген серверлерде құжаттарды бөліп сақтау арқылы өзінің тұтынушыларына қалаған уақытта құжатпен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұл құжатты сақтау жүйесінде сіздің ақпаратыңыз бір серверді жалға алу немесе сатып алып меншіктеп сақтау емес. Бұнда сіздің құжаттарыңыз көптеген серверлерде бөлініп сақталынады. Ақпарат әр түрлі серверде сақталынғанмен бірақ тұтынушы түсінігінде үлкен бір виртуалды серверге жинақталынып ақпарат өңделініп, құжатыңыз сақталынып отырады. Бұлтта құжат сақтау жүйесі- Google Drive, бұл Google атты алпауыт компанияның шығарған бұлтты құжат сақтау жүйесі. Бұл бұлтты құжат сақтау сайтын қосу туралы ақпарат сонау 2006 жылдары шыққанымен, жақында ғана іске қосылды. Басқа бәсекелестеріне қарағанда бастапқы кезде Google Drive сізге тегін 5 Гб орын, қосымша одан бөлек Gmail поштасына 10 Гб, Picasa сурет сақтауға 1 Гб орын береді. Арнайы Google Drive-пен жұмыс жасау үшін PC, Mac, Linux немесе мобильді құрылғыларға арналған бағдарламасын жүктеп, орнатып, еркін бұлтты құжат сақтау серверіндегі құжаттармен жұмыс жасай беруіңізге болады. Басып атап көрсететіні бәсекелестерінің алдындағы артықшылығы сақтаған құжаттарыңыз Google-дің басқа да ұсынатын қызметтері арқылы құжатты өңдей беретіндігіңізде. Мысалы: Мәтіндік немесе кестелік құжаттарыңызды Google Docs арқылы онлайн өңдей беріледі. Өңделген құжат үлкен виртуалды бұлтты құжат сақтау жүйесі серверінде сақталынады. Одан бөлек құжатты қарапайым браузер арқылы құжатты жүктеп, өңдеп қажет болса өшіріп тастауыңызға болады. Барлық құжаттарды жүктелген, өңделген күні бойынша немесе құжаттың түрін кесте бойынша сорттауға болады. Google Drive-та сканерленген құжаттағы мәтіндерді автоматты түрде танып, мәтінге айналдырып беретін мүмкіншілігі қарастырылған [4].

Кез келген жаңа технологияның кемшіліктері мен артықшылықтары болады. Сол сияқты бұрынғы технологияларды жаңа технологиялар алмастырғанда адамдарды бұның қандай артықшылығы бар деген сұрақ туындайды. Бұлттық технологиялардың басты артықшылықтары:

- *қол жетімділік*, яғни қажетті құжаттарды немесе файлдарды қолында желіге қосылған компьютері немесе басқа да электрондық құрылғысы бар адам қол жеткізе алады.
- *ұтқырлық (мобильность)*, адамның бір орынға жіпсіз байланып қалмауы, яғни адам кез келген жерден файлдарды өңдеп, сақтап және көре алады.
- *аз шығындану*, тұтынушыға есептеу қуаты жоғары компьютерлерді сатып алмауға болады, сонымен қатар компьютерлерді тексеретін адам жалдамауға болады.
- *тиімділік*, тұтынушы өзіне қажетті көрсетілетін қызметтер пакетін ғана алып, қолданылған қызметтерге ғана төлейді.

Енді Google сервис бұлттық технологияларды оқыту үдерісінде қолданудың жолдарына тоқталатын болсақ:

- *сервистің тегін болуы*, веб-пошта қазіргі таңда тегін қызмет көрсетеді; лицензиялы офистық программаларды сатып алу арзанға түспейді, алайда Google Docs-пен интернетте жұмыс жасау тегін; Google Docs сервисі on-line режимінде желі арқылы пайдаланушыларға өзара іс-әрекет жасауға мүмкіндік

жасайды (құжатты бірнеше адаммен бірігіп өңдеу), бұл дегеніміз қазірдің өзінде бар оқыту мен оқу материалдарын қолжетімді нысанға айналдыруға мүмкіндік береді.

- *бірлесіп пайдалану жеңілдігі*, «Бұлттық технологияларды» пайдалану жана стильді қалыптастырады, оқыту жағдайында педагогикалық және ұйымдастырушылық шешімдер ұсынады, ол барлық қатысушылар үшін ашық оқу үдерісін құрайды, оқу процесі мен ғылыми зерттеу жобаларына қатысты жаңалықтарға, талқылауларға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

- *деректерді сақтау сенімділігі*, сынып қалған ноутбуктер, дисктер, флеш карталар және т.б. ақпаратты сақтау құралдары студенттердің үй тапсырмасын орындамаған немесе бақылау тапсырмаларды ала алмағанның бір сылтауы болып табылады; «бұлттық сервистерде» сақталған ақпарат мұндай келеңсіз жағдай туындауын біршама азайтады.

- *бағдарламалық қамтамасыз етудің қауіпсіздігі*, «бұлттық сервиске» жүктелетін барлық құжаттар арнайы антивирустық тексерістен өтеді, яғни құжаттарды вирус құртады деген қауіп жоқ.

- оқытушылар мен білім алушылардың ұжымының біріккен жұмысын ұйымдастыру;

- оқытушылар мен білім алушыларға әртүрлі түрдегі құжаттарды бірігіп қолдануға және өндеуге мүмкіндік беру;

- тұтынушының қай жерде тұрғанына тәуелсіз құрастырылған құжатты немесе программаны бірден білім беру үдерісіне жылдам енгізу;

- интерактивті сабақтарды және ұжымдық оқытуды ұйымдастыру;

- білім алушылардың өзбетінділік жұмыстарын орындауы, соның ішінде ұжымдық жобаларды, «аудиторияға», «уақытқа» тәуелсіз орындау;

Қорыта келе, бұлттық технологиялардың оқыту үрдісінде қолдану барысында барлық оқу әдістемелік құралдарды, практикалық және теориялық тапсырмаларды интернет желісіне салып қою «ауада қалқып» жүр десек те болады. Бұлттық технологиялардың оқыту кезінде қолдану көптеген мүмкіншіліктерге жол ашады: оқу процесіне қатысушылардың арасында бір бірімен on- және off-line режимінде хаттармен, тапсырмалармен, сұрақтармен өзара алмаса алуы (gmail, yandex, rambler, mail.ru және т.б. сервистерді қолданады); дәрістер мен консультацияларды Skype, Gtalk сервистері арқылы жүргізу; дәрістер мен практикалық жұмыстарды on-line режимінде өткізу мүмкіндігі (Youtube, Omlet.ru сервистері қолданылады); жобалар мен зерттеу жұмыстарының топпен талқылануы (Facebook, "ВКонтакте" әлеуметтік желі сервистері, Google сервисі қолданылады). Бұлтты есептеудің болашағы зор, сондықтан ақпараттық технологиямен байланысы бар кез келген маман осы технологияны игеруі міндетті.

Әдебиет:

1 Hassan, Qusay (2011). *"Demystifying Cloud Computing"* (PDF). *The Journal of Defense Software Engineering. CrossTalk*. 2011 (Jan/Feb): 16–21. Retrieved 11 December 2014.

2 Шекербекова Ш.Т., Несипкалиев У. Бұлттық технологияларды білім беру саласында қолдану және ендіру //Қолданбалы және фундаментальды ғылыми-зерттеу халықаралық журналы, 2015. – №. 6-1.

3 Газейкина А.И., Кувина А.С. применение облачных технологии в обучении школьников Педагогическое образование в России. – М.: МАНПО, 2012. – №6. – С. 53-55.

4 Rouse, Margaret. *"What is public cloud?"*. Definition from Whatis.com. Retrieved 12 October 2014.

УДК 37.03
МРНТИ 14.09.95

Иманбаева С.Т.

*педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ХПБГА - ның академигі,
Халықаралық КОНКОРД академиясының корреспондент мүшесі (Франция)
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Email: imanbaevast@mail.ru*

ҒЫЛЫМНАН БАҚЫТЫН ТАПҚАН ҒАЛЫМ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан Республикасы Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Ресей мемлекеті Халықаралық педагогикалық білім және ғылым академиясының академигі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Шәркүл Таубайқызының педагогика ғылымына қосқан үлестеріне ғылыми талдау жасалынады. Тұлғалық қасиеттердің дамуы, ұстаздардың білімін жетілдірудегі қолтаңбасы, Қазақстандағы ұстаздардың білімін көтеру мәселесі, этнопедагогика ғылымының дамуына қосқан үлесі, жас ғалымдардың жұмыстарына жетекшілік етуі, педагогика әдіснамасының дамуына қосқан үлестері, әлемдік білім кеңістігіндегі ғалымның алатын орны, парасат мектебінің дамуына қосқан үлесі айшықталып көрсетіледі.

Түйін сөздер: Педагогика ғылымы, тұлғалық қасиеттер, қолтаңба, ұстаздардың білімін көтеру, этнопедагогика ғылымы, педагогика әдіснамасы, әлемдік білім кеңістігі, парасат мектебі.

Аннотация

СЧАСТЬЕ УЧЕНОГО

Иманбаева С.Т.

*доктор педагогических наук, профессор, академик МАНПО, член-корреспондент
Международной академии КОНКОРД (Франция)
КазНПУ имени Абая*

В статье дан анализ вклада доктора педагогических наук, академика АПНК, академика МАНПО, профессора КазНУ имени аль-Фараби Шаркуль Таубаевны в развитие педагогической науки. Раскрыты пути развития ее личностных качеств, почерк в системе повышения квалификации учителей республики, вклад в развитие этнопедагогике, научное руководство поисками молодых исследователей, место ученого в мировом пространстве, роль в развитии университетского образования.

Ключевые слова: Педагогическая наука, личностные качества, почерк, повышение квалификации учителей, этнопедагогика как наука, методология педагогики, мировое образовательное пространство, школа мудрости.

Abstract

HAPPINESS OF THE SCIENTIST

*Imanbaeva S.T. - Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Academician of the IASP,
Corresponding Member of the International Academy of CONCORD (France),
Kazakh National Pedagogical University named after Abai*

The article analyzes the contribution of the doctor of pedagogical sciences, academician of PSKA, ISAPE academician, professor of Kazakh National University named after Al-Farabi Taubayeva Sharkul in the science teaching development. The way of her personal qualities development, script in republic teachers' training system, contribution to the ethnopedagogics development, scientific management of the search for young researchers, scientist place in the world space, role in the university education development are revealed.

Key words: Teaching science, personality, script, teachers' training advance, etnopedagogy as a science, pedagogy methodology, world educational space, wisdom school.

Ұлан байтақ өлкемізді ұрпақтан – ұрпаққа аманаттап отырған ұлы дала елінің ерлік дәстүрі ғасырлар бойы еліміздің мәртебесін Ұлы Дала Елін «Мәңгілік Ел» тұғырының биік шыңына көтеріп, тарихи сабақтастықпен жалғасып жатты. Осынау тарихи өлкеде тамырын тарихтың тереңінен тартып жатқан Ұмай анадан бастау алған, Томиристің ерлігін жалғастырған, Домалақ анамыздан даналық рухынан нәр емген, Гаухар, Назым, Әлия мен Мәншүктің ұлттық ерлік рухынан сусындаған т.б. қазақ елінің рухты қыздарынан тәлім алған қанша қазақ қызы бүгінгі тәуелсіз еліміздің көк туын өнер, мәдениет, ғылым, білім саласында әлемдік деңгейде асқақтата желбіреткенін көріп мәңгілік елдің мәңгілік ұрпағының мәрттігін көреміз. Осындай ұлы даланың ұлы қыздарының бірі Қазақстан Республикасы

Педагогикалық ғылымдар академиясының академигі, Ресей мемлекеті Халықаралық педагогикалық білім және ғылым академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Шәркүл Таубайқызы да тамырын тарихтың тереңінен тартып жатқан қазақ әлемінің талантты тұлғаларының бірі.

Бүгінгі күні Шәркүл Таубайқызының ғылыми еңбектері, идеялары, қағидалары мен көзқарастары, ұстазға тән кең жүректілігі мен парасаттылығы ұлттық педагогика ғылымының биік шоқтығынан көрінуде.

Тұлғалық сапалардың дамуы. Ғалымның бойындағы асыл қасиеттер өзін дүниеге әкелген, кіндік қаны тамған ұлы дала Сыр өлкесінен бастау алады. Атаның қанымен, ананың сүтімен келетін тума табиғаты Шәркүл Таубайқызының бойындағы адами қасиеттерді қалыптастыруға, оның болмысындағы адалдықты, мейрімділікті, шынайылықты, шыдамдылықты жанының мұратына айландырды. «Менің туған жерім, дейді ғалым, сыр өңірі, жыр өңірі – батырлар, би-шешендер, ақын-жазушылар, ғалымдар, әншілер мен композиторлар, қолөнер шеберлері, көрнекті партия мен совет қызметкерлері көп шыққан өлке»[1]. Расында да бұл киелі топырақтан, Ы.Жақаев, М.Көкенов, Ә.Тәжібаев, Ә.Нұрпейісов, З.Шүкіров, Р.Бағланова, С.Майқанова, К.Дүйсекеев, Ш.Сариев, Ш.Есенов, Ә.Құрышжанов, С.Сартаев, А.Жұмаділлаев, Ержановтар мен Исамбаевтар, өзі жақын араласқан Ә.Қоңыратбаевтар әулеті ұлы дала еліне өзіндік қолтаңбаларын қалдырған қазақтың бір туар майталмандары.

Ата-ананың рухани мектебінен адами құндылықтарды бойына сіңірген Шәркүл Таубайқызының бағына ұлтымызға белгілі ғылыми мектептің ортасына түсуі және Исабай Нұрмамбетұлы, Райхан Жұмағазықызы Ержанова, Яков Семенович Турбовской, Григорий Абрамович Умановтың ғылыми жетекшілігінде зерттеу жұмысын жүргізу оның ғылыми құзыреттілігін қалыптастыру мен даралығын ашуға үлкен мүмкіндік жасады. Расында да, ғалымды тәрбиелеу, оны әлемдік ғалымдар аты аламанның көшіне қосуда да жетекшінің орны ерекше екені белгілі.

«Жалғыз ағаш – орман емес», бұл – аксиома. Бір адам туралы толығырақ айтар болсақ, оның ата-анасы, туған-туыстары, өскен-өсірген ортасы, ұстаздары мен әріптестері, достары-қызметтестерінің есімдері еріксіз аталып жатады. «Бұл – заңды. Себебі, мен осы жасқа, осындай дәрежеге жетсем, сол есімдердің арқасы. Мені өсірген, қамқорлаған, шыңдап-шынықтырған, ынталандырып-қайраттандырған, сынап-түзеген – солар. Біреуін саяладым, кейбіреулеріне ұқсауға тырыстым, қайсыбірінен жәрдем алдым, біразына еліктедім, көбінен үйрендім. Мүмкін, кейбірінің тағдырына мен де ықпал еткен болармын», - деген пікірінен Райхан апайдың бойындағы руханилық пен бекзаттылықты, Яков Семеновичтің, Григорий Умановичтің бойындағы тектілік пен адами тұтастықты тұлға бойына сіңіргенін көреміз[1].

Әлемдік білім кеңістігіндегі ғалымның орны. Жоғарыда ғылыми жетекші болғандардың ішінде Ресейдің атақты ғалымдарының бірі Яков Семенович Турбовскойдың аты аталды. Расында да, Ресейдің ғылыми мектебінен білім алуы, ол ортаға еркін сіңісуі Шәркүл Таубайқызының бойындағы таланттылық пен дарындылықтың шынайылығын көрсетті.

«Ғылым – ол менің өмірім. Ғылыми жұмысқа тек ақыл аздық етеді, сол ақылды керегіне дәл уақытысында өз ретімен пайдалану да керек. ...ғылымда жүргенде адамгершілігің, арың, намысың қатысып шешетін мәселелер көп кездеседі. Бұл шешім өзінің дұрыстығын талай дәлелдеген, сондықтан, кейін ұялмайтындай тірлікке ұмтылған жөн. Әрбір ғалым – тылсым дүние, тұнып тұрған білім маржаны, ғылымның көкжиегіне көз жіберіп тұрған көреген»[1]. Міне, ғалымның кредосы осы. Осы бір сөйлем ғалымның бітім болмысын толықтай ашқандай.

Ұстаздардың білімін жетілдірудегі қолтаңбасы. «Нағыз ғалым ғылыми ортада жетіледі, әрі шыңдалады. Ол үшін кәсіби тұрғыда ғылыми қарым-қатынас қажет. Ғылыми пікірталасқа да үйрену көп жетілдіреді. Ғылымда: жариялылық, тіл табысушылық, өзара көмек деген үштік одақ болғанда ғана, ол еркін дамиды. Ғалым Республикалық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтында (қазіргі Өрлеу) қызмет атқара жүріп, Ресей ғалымдарынан көріп келген жаңалықтарын институтта әріптестермен тікелей бөлісе отырып, сырттан ғалымдар шақырып, пікірлестіріп, семинарлар, конференциялар ұйымдастыру арқылы ғылыми жаңалықтарды қабылдау, салыстыру, жаңалыққа жетелеу жұмыстарын табысты атқара алды. Мысалы, Ресейлік жаңашыл педагог В.Ф. Шаталов математиканы оқытуда дидактикалық бірліктерді ірілендіру тәжірибесімен бөліссе, педагогика ғылымдарының докторы Д.Ш. Матрос білім мазмұнын ақпараттандыру, педагогика ғылымдарының докторы В.И. Журавлев ғылым мен практиканы байланыстыру, психология ғылымдарының докторы В.В. Давыдов дамыта оқыту теориясын, оқу пәнін құру теориясының авторы И.К. Журавлев білім

мазмұны жөнінде ғылыми ойларын ортаға салу арқылы екі елдің ғалымдарының бірлесе жұмыстары елліміздегі педагогика ғылымына үлкен серпіліс әкелді.

Парасат мектебінің дамуына қосқан үлесі. Қазақ қыздарының парасат мектебі Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде педагогика және психология факультетінің деканы, оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі проректор болған кезде оның табысты жылдарының бірі болды. Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің төрайымы ретінде жоғары оқу орындарының мемлекеттік білім беру стандарттарының негізі қалануына ат салысты. Өз ойын үнемі ортаға салып, білім беру жүйесіндегі инновацияларға мұрындық болды.

Алғаш кредиттік жүйенің жоғары оқу орындарына енгізіліп жатқан тұста “Қазақстан Республикасы жоғары педагогикалық оқу орындарында кредиттік жүйені оқу-әдістемемен қамтамасыз ету» атты ғылыми жоба бойынша университет ғалымдарымен бірге іргелі ғылыми нәтижелерді білім беру тәжірибесіне, республикадағы жоғары оқу орындарына енгізілді. Университет ғалымдарының қатысуымен «Қазақстан Республикасы үздіксіз білім беру жүйесінде тәрбие тұжырымдамасын» жасауда да ғалым өзіндік үлес қосты.

Қазақ қыздарының парасат мектебінде ғалымның қолтаңбасы ғылымның дамуына уақытша ғылыми-зерттеу топтарының құрылуымен іске асырылды. «Педагогика тарихы», «Әлеуметтік педагогика» атты оқулықтары, «Әлеуметтік педагогика» түсіндірме сөздігі дайындалды.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» бағдарламасы аясында Мәскеу қаласында ғылыми тағылымдама нәтижесінде ұлттық білім беру жүйесіне «Педагогикалық өлшемдер» және «Әлеуметтік педагогика және өзін өзі тану» мамандықтарынан білім беру бағдарламаларын жазуға тікелей араласып, мамандықты енгізуге мүмкіндік жасалды. Аталған мамандықтар бойынша мемлекеттік білім беру стандарты, типтік бағдарламасы дайындалып, оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуіне тікелей араласты.

Диссертациялық кеңестегі ғалымның орны. Диссертациялық кеңес ғалымдардың шоғырланған ортасы. Ғылым атты киелі әлемге тұлғалардың қанатын ұштайтын, педагогика атты ғылымның алтын көпірі арқылы ғылым шыңына ұшырататын, самғататын кеңістікте қанша тұлғаның бағы сыналды. Осы ғылым кеңістігінде де ғалымның өзіндік орны, қолтаңбасы болды. Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіндегі біріккен докторлық кеңестің, Абылай хан атындағы Қазақ әлем тілдері және халықаралық университетіндегі, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетіндегі докторлық кеңестің ғылыми деңгейінің өсуіне септігін тигізді. Диссертациялық кеңеске келіп түскен ғылыми жұмыстарға қолы тимегені жоқ деп айтсам артық болмас. Әдіснамалық семинарларды да жүргізіп үлгерді. Ғылыми жұмысқа ең соңғы сөз ғалымның сөзімен нақтыланатын. Бұл ғалым үшін де, ізденуші үшін де үлкен мәртебе болып табылатын. Ғылымдағы оның шәкірттерінің де жетістіктері қомақты.

Этнопедагогика ғылымының дамуына қосқан үлесі. Ұлттың ұлттық қасиетінен нәр алған ғалымның бойындағы ұлттық рухани құндылықтары мен сезімі оның ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан мұраларды жинақтауға алып келді. «Әлемдік педагогикалық ой – сана» атты XX ғасырдағы педагогикалық ой-пікірлер антологиясын дайындауға ат салысты. Бұл әлемдік білім мен ғылымның, ұлттық сана мен сезімнің бірі бірімен сабақтасып жатқанын көрсетті.

Сонымен қатар, ғалымның «Жалпы және этникалық педагогиканың әдіснамасы логикалық-құрылымдық сызбаларда» атты оқу құралын жазуға араласуы да этнопедагогика ғылымының дамуына қосқан үлесі болып табылады. Бұл құрал этнопедагогика ғылымын кесте түрінде ұсынылған алғашқы еңбек деп бағалауға болады. Осы тұста Шәркүл Таубайқызы И.П. Пидкасистыйдың басшылығымен даярланған «Педагогика» оқулығын қазақшаға аударып, білім алушыларға ұсынған болатын Сондай-ақ авторлар ұжымы дайындаған «Педагогика» оқулығына да өз үлесін қосқан болатын.

Республикалық “Білім беру жүйесіндегі этнопедагогика” журналының “Зерттеушіге көмек” айдарымен жас ғалымдарға арнап жазған отыз бес мақаласы, ғылыми сұхбаттары олардың ғылыми өрісінің дамуына, зияткерлік құндылықтарының қалыптасуына, замануи жаңа ғасыр ұстазын тәрбиелеуге, бәсекеге қабілетті тұлға даярлауға мүмкіндік туғызды.

Әдіснама ғылымы және Шәркүл Таубайқызы. Қазақстандағы педагогиканың әдіснама саласын зерттеуші ғалымдардың арасында Шәркүл Таубайқызы көшбасшылар қатарында тұрғаны дау тұғызбас. Замандастары ғалымға қалжындап «Біздің Краевская» деп атауы да тектен-тек айтылмаса керек. Расында да, ғалымның қолынан шыққан «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы», «Педагогика әдіснамасы» т.б. еңбектері қазіргі таңда докторанттарды, магистранттарды дайындауда сұранысқа ие болған ғылыми еңбектер. Әсіресе, ғалымның «Методология и методика дидактического исследования»

атты еңбегінің Мәскеу мемлекеттік университетінде сұранысқа ие болуы, біздің еңбектерге де әлемдік ғылыми кеңістікте сұраныс бар екенін көрсететінін ерекше мақтан тұтуға болады.

Бақыт шыңында. Бақыт өте кең ұғым. Шәркул Таубайқызы жақсы келін, сүйікті жар, бақытты ана, мейірімді әже, жанашыр құдағи, жақсы әпке, дос, биік тұлғалы ғалым. Өзінің сөзімен айтсақ «тек жолдасымның жүріп өткен өмірлік және кәсіптік жолының өзі бір дастан. Ал қызым Жанардың мектепте, шетелде оқуы өз алдына жастарға тағылым, шет елде ұлы дала елінің ғылыми өрісін жалғастыруы, ұлымның мұсылман елінде және тұманды Альбион жерінде тәлім алуы да бір тәжірибе. Немерелерімнің таза қазақша сөйлеуінің өзі үлкен құндылық, күйеу баламның түсінігі мол, біздің отбасының бір баласындай болып сіңуі, келінімнің мейірімді болуы, әулетімнің қуанышына айналуы айрықша бақыт емес пе?»

Белгілі ғалым, әлемдік білім жүйесінің биік шыңында тұрған жоғары оқу орны әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, педагогика ғылымдарының докторы Ә. Табылдиевтың Шәркул Таубайқызының ерен еңбегін

Қолдан бермей қазақ қызы намысын,

Ортақ етті ғылымдағы табысын.

Бүгінгі ісін болашаққа межелеп,

Ғалым-тұлпар бәсеңдетпес шабысын, - деп бағалауы, бақыт деген ұғымының шыңына шыққан ғалымның қазақ деген ұлтты әлемге танытуы, оның ғылымын әлемдік біліммен қатар деңгейге көтеруі, ұлы дала елінің мәңгілік ел идеясын жалғастыруға қосқан үлесі деуге болады.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1 Таубаева Ш.Т. Ғылыммен өрнектелген ғұмыр-баян. – Алматы, 2007. – 68 б.
- 2 Педагогиканың философиясы және әдіснамасы. Оқулық. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі оқулық ретінде бекіткен. Алматы. Қазақ университеті, 2016. – 340 б.
- 3 Педагогика әдіснамасы. Оқу құралы. 2-басылымы. – Алматы: Қарасай, 2016. - 432 б.
- 4 Педагогикалық зерттеуде философияның қағидаларын пайдалану әдістемесі //«Қазақстан Республикасының әлемдік кеңістіктегі білім мен ғылымның даму тарихы және замануи тенденциялары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. 14 қазан 2016 жыл. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2016. – Б. 40-43.